

АКТАУЛОВА Б. Ж.

**Таяу Шығыс шиеленісі  
және Египеттің саясаты  
(1947-1981 жж.)**

Қарағанды 2014

УДК 94 (063)  
ББК 63.3 (0) 63  
А 35

**Пікір бергендер:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры, т.ғ.д. К.Қ.Қожахметов;

ҚР БҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының аға ғылыми қызметкері, т.ғ.к. Т. Қасабаев;

ҚР БҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының аға ғылыми қызметкері, PhD Ғ.А. Қамбарбекова.

**А 35 Актаулова Б.Ж. Таяу Шығыс шиеленісі және Египеттің саясаты (1947-1981 жж.):** монография.

– Қарағанды: ЖК «Ақнұр баспасы», 2014. - 198 бет.

ISBN 978-601-7508-09-8

Монографиядағы негізгі тұжырымдар мен ғылыми зерттеулер Таяу Шығыстағы араб-израиль шиеленісінің тарихы мен аймақтағы Мысыр мемлекетінің саясатын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысындағы дерек-мәліметтер жоғары оқу орындарында жүргізілетін дүниежүзілік тарих пен халықаралық қатынастар тарихы бойынша қажетті материал ретінде пайдалануға тиімді болып табылады.

Монография шығыстану, тарих, халықаралық қатынастар және саясаттану мәселелерімен айналысатын магистранттарға, докторанттар мен ғылыми қызметкерлерге және басқа да оқырман қауымға арналған.

УДК 94 (063)  
ББК 63.3 (0) 63

ISBN 978-601-7508-09-8

© Актаулова Б.Ж., 2014  
© ЖК «АҚНҰР», 2014

## **БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

АҚШ – Америка Құрама Штаттары  
АЕЛ – Араб Елдерінің Лигасы  
АРАМСО – Араб-Американдық Мұнай Компаниясы  
БААС – Араб Социалистік Қайта Өрлеу Партиясы  
БАР – Біріккен Араб Республикасы  
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы  
БҰҰ БА – Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы  
БҰҰ ҚК – Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі  
ДСҰ – Дүниежүзілік Сионистер Ұйымы  
ЖАК – Жоғарғы Араб Комитеті  
ЖАҰК – Жалпы Арабтық Ұлттық Конгресі  
ЕАР – Египет Араб Республикасы  
ЙАР – Йемен Араб Республикасы  
ЙХДР – Йемен Халық Демократиялық Республикасы  
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы  
КОКП – Кеңестер Одағының Коммунистік Партиясы  
НАТО – Солтүстік Атлантикалық Одақ  
ОАПЕК – Мұнайды Экспорттаушы Араб елдерінің Ұйымы  
ПАЕҰ – Палестинаны Азат Ету Ұйымы  
ПҰК – Палестинаның Ұлттық Кеңесі  
ФАТХ – Палестинаны Азат Ету Қозғалысы

## КІРІСПЕ

XX ғасырдағы дүниежүзілік тарихтың ең өзекті мәселелерінің бірі – Таяу Шығыста орын алған араб-израиль соғыстары. «Қырғи-қабақ соғыстың» салдарынан өрши түскен Таяу Шығыс шиеленісінің түйткілді мәселелері әлемдік тарихта кеңінен зерттеліп жүргенімен, қазақстандық зерттеулерден шеттетіліп қалған тың дүние.

1947 ж. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі Палестина жерінде екі тәуелсіз араб және еврей мемлекетінің құрылуы туралы шешім қабылдады. Аймақтағы өз мүдделерін көздеген алып державалардың саясатының қолдауымен құрылған Израиль мемлекеті Таяу Шығыс халықтарының өміріне түбегейлі өзгерістер енгізді. Адамзат пайда болғалы берлі әлем халықтарының діни, рухани өркениетінің ошағы болған қасиетті жер қанды қырғын соғыстың алаңына айналды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындағы біздің еліміздің сыртқы саясаттағы басымдықтарының қатарында Азия мен Таяу Шығыстың негізгі елдерімен өзара іс-қимылға зор маңыз беріледі деп атап көрсетілген [1, 43 б.].

Қазақстанның сыртқы саясатында араб елдерімен байланысының күннен-күнге артып келе жатқан тұсында Таяу Шығыстағы елдердің тарихы мен саясатын жетік зерттеудің маңыздылығы да артып отыр. Таяу Шығыс мәселесіне қатысты Қазақстан елінің ұстанымы Қасымжомарт Тоқаевтың “Қазақстан Республикасының дипломатиясы” атты еңбегінде былайша нақты көрсетілген: Араб-Израиль жанжалының өзекті мәселелерінің шешілмеуі (Иерусалимнің мәртебесі, Палестина проблемасы, Сирия мен Оңтүстік Ливанның басып алынған жерлерінің жағдайы) аталған аймақта мүдделер тепе-теңдігін мейлінше ескеруді және қолдауды талап етеді. Таяу Шығыс проблемаларын реттеу бойынша Қазақстанның қағидатты ұстанымы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тиісті қарарларын, атап айтқанда № 181, 242 және 338 қарарларын қолдау болып табылады [2, 195 б.].

Таяу Шығысқа біздің еліміз сыртқы саяси байланыстарымыз жүйесінде маңызды орын береді. Бұл үш ірі құрылық: Еуропа, Азия және Африка түйісінде орналасқан осы аймақтың бірегей геосаяси жағдайымен байланысты. Бұл жерде көмірсутегі шикізатының әлемдік қорларының үштен екісі жатқанын қоса алғанда, адамдық

және экономикалық елеулі ресурстар шоғырланған. Көрсетілген жағдаяттар қазіргі халықаралық қатынастарда Таяу Шығыстың барған сайын артып отырған заңды рөлін қамтамасыз етеді [3, 186 б.].

Таяу Шығыс шиеленісі тарихындағы араб-израиль қақтығыстары оның салдарларынан осы күнге дейін зардап шегуші тараптар талаптарының жүзеге асырылмай отырғандығымен ерекшеленеді, сол себепті де араб-израиль соғыстарының тарихын зерттеудің маңыздылығы әлі күнге зерттеушілердің назарынан түскен жоқ.

Таяу Шығыстағы аймақтық саясатқа және араб-израиль қақтығыстарының жүрісіне Египет мемлекеті жоғары дәрежеде ықпал етті. Египеттің араб-израиль соғыстарына тікелей тартылуы оның аймақтағы елдердің саяси көшбасшысы ретінде қалыптасуына және халықаралық қатынастардағы зор ықпалы мен беделінің артуына себеп болды. Жамал Абд Насыр /Гамал Абд Насыр/ тұсындағы Египет аймақтағы араб бірлігі үндеуінің жетекшісі бола отырып, кеңестік саясаттың қолдаушысына айналды. Ануар ас-Садаттың билікке келуімен Египеттің шиеленіске қатысты ұстанымы мен мемлекеттің сыртқы саяси бағыты да өзгеріске ұшырады. Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруде біржақты кеңестік жақтастықтан бас тартқан Ануар ас-Садат сыртқы саясатта батыстық бағытқа бет бұрып, араб елдерінің Израильді үзілді-кесілді мойындамау шарттарынан алшақтап, араб әлемі ішінде бірінші болып Израильмен бейбіт бітімге қол қойды. Кезінде бұл келісімге кеңестік саяси-идеологиялық саясат ықпалында көптеген пайымдаулар мен тұжырымдар берілді. Бүгінгі таңда тарих ғылымының түрлі идеологиялық қыспақтан арылуы зерттеушілердің алдына аталмыш кезең тарихын жаңа айқындамалар тұрғысынан зерделеу талабын қойды.

Қазіргі таңда шиеленісті реттестірудің бір ғана тиімді жолы бейбіт келісім екенін аймақтағы барлық елдер мойындап отыр. Бірақ, өкінішке орай әлі де болса жекелеген мемлекеттік басшылар мен саяси ұйымдардың ұстанымдарынан аймақтағы жағдай әлі де қарулы қақтығыстарға ұласып, мемлекеттердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілмей отыр.

Осыған орай, жер шарының түкпір-түкпірінде орын алып отырған шиеленістердің пайда болуы мен олардың реттестірілуіне кедергі түйткілдің себебін елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» атты ой-толғамдық еңбегінде былайша дөп

басып көрсетеді: «Әр түрлі ендікте лаулаған әлде тұтана бастаған сандаған шиеленістер мен теке тірестердің негізінде қарапайым ғана «жарастықта өмір сүре алмаушылық» жатыр. Дәлірек айтқанда, жарасымды қамтамасыз етуге икемсіздік пен бейбіт мәмілеге қол жеткізуге сендіре алмаушылық жатыр. Сол икемсіздік те, сендіре алмаушылық та іске қатысы барларға байланысты» [4, 9 б.].

XX ғ. аяғында халықтар арасындағы қарым-қатынастарда жаңа, сапалы өлшемдер қалыптаса бастады. Таразының басын әскери күштің басымдылығынан гөрі экономикалық қуаттылық көбірек тартып отыр. Ал, Таяу Шығыстағы мемлекеттер өмірінің өлшем бірлігі өкінішке орай әлі де қарулы қақтығыстар, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қарулану болып отыр.

Таяу Шығыс шиеленісінің көпқырлылығы, кейбір кезеңдерде оның халықаралық бейбітшілік үшін үлкен қауіп төндіретін дағдарысқа жетуі, соғыстың мұсылман мемлекеттерінің саяси-әлеуметтік ахуалына кері әсер етуі мен дүниежүзілік экономикалық байланыстар жүйесіне әсерін зерделеу маңыздылығы зерттеу жұмысының өзектілігін айқындай түседі.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері араб-еврей мәселесінің пайда болу алғышартынан, XX ғ. екінші жартысындағы Таяу Шығыста орын алған ең ірі 4 араб-израиль соғыстары кезеңдері мен Египет – Израиль бейбіт бітіміне қол жеткізілген тарихи аралықты қамтиды.

**Зерттеудің деректік қоры** маңыздылық деңгейлері бойынша төмендегідей сараланады.

**Зерттеу көздерінің бірінші тобын** мұрағат құжаттары, біржақты және көпжақты ресми, дипломатиялық іс-қағаздар мен құжаттар жинағы құрайды.

Дерек көздердің негізгі түрін Таяу Шығыс шиеленісіне қатысты Араб Елдері Лигасының (АЕЛ) қабылдаған қарарлары, Араб елдері басшыларының жоғарғы деңгейдегі саммиті қорытындылары, Египет Араб Республикасының мұрағат құжаттарынан алынған Египет және басқа да араб мемлекеттері, Египет-КСРО, Египет-АҚШ, Египет-Израиль екі жақты қарым-қатынастарын реттестіретін келісім-шарттар мен келісімдері, АҚШ Президенттік мұрағатының құжаттары, КСРО және Ресей Федерациясы Сыртқы істер мұрағатының құжаттары жинақтары құрайды.

Деректер Таяу Шығыс шиеленісінің пайда болуы мен даму тарихы үрдісімен ұштастыра отырып қарастырылды. Таяу Шығыс

шиеленісіндегі негізгі мәселе – палестиндіктер мәселесінің шешілуі көптеген жылдар халықаралық жалпыарабтық ұйым – Араб Елдері Лигасына мүше араб мемлекеттерінің іс-әрекеттеріне тәуелді болды. Мұның өзі, яғни палестиндіктер мен араб халықтарының күресі АЕЛ жұмыстарында айқын көрініп, негізгі орын алған. Араб елдерінің жоғары деңгейдегі кездесулері мен саммит қорытындыларындағы шешімдер шиеленісті реттестіруге қатысты араб елдерінің ұстанымдары мен саяси бағыттарын, дипломатиялық іс-әрекеттерін сарптап, зерделеуге мүмкіндік береді [5-9].

Таяу Шығыс шиеленісіндегі Египет Араб Республикасының ұстанымы Ұлттық Жиналыс шешімдері мен Египет Президенттерінің баяндамалары [10-12] арқылы дәйектеледі. 1970-ші жылдардағы Египеттің араб бірлігін алға тартқан насырлық кезеңнен ауытқып, Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру үрдісінде жаңа бағытын ашуда Ануар ас-Садат кезіндегі жасалынған дипломатиялық келісімдердің мұрағаттық қоры пайдаланылды. Олардың қатарында 1971 ж. 27 мамырдағы ЕАР-дың Ұлттық Жиналысы қабылдаған КСРО – ЕАР арасындағы достық және бірлестік келісімі, 1974-1975 ж.ж. Египет – Синай келісімдері, 1978 ж. Кэмп-Дэвид келісімі және 1979 ж. Египет-Израиль бейбіт бітімі кіреді [13-14].

АҚШ президенттерінің мұрағаттық құжаттары мен АҚШ конгресі шешімдерінің жинағы нақты мәліметтермен қатар саяси шешімдердің қабылдануына әсер етуші факторларды айқындауға және Таяушығыстық АҚШ саясатын зерттеп қарастыруға мүмкіндік береді [15-20].

Таяу Шығыс шиеленісіне қатысты КСРО ұстанымын анықтауда КСРО және Ресей Федерациясы мұрағат құжаттары дерек көзі ретінде пайдаланылды. Кеңес Одағы тұсында жарық көрген құжаттар жинағы Таяушығыстық мәселеге байланысты Кеңес Үкіметінің қатынасын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жинақтарға КСРО Сыртқы істер мұрағатының құжаттарымен қатар КОКП съездерінің шешімдері, кеңестік басшылардың ресми баяндамалары кірген. Кейінгі жылдарда жарыққа шыққан РФ-ның мұрағат құжаттары бұрын жабық сақталған біраз мәліметтерді жария етіп, кеңестік саясаттың құпия тұстарын жаңа тұрғыда бағамдауда біршама үлес қосып отыр. Олар КСРО-ның араб-израиль қақтығыстары кезеңіндегі дипломатиялық әрекеттеріне тың сипат беріп, жаңа қырларын ашып көрсетеді. Сонымен қатар іс-қағаздар жинақтары КСРО-ның Таяу Шығыс елдері мен Батыс елдеріне қатысты кеңестік саясаттан, саяси, дипломатиялық

қызметтермен таныстырып, хабардар етеді [21-25]. Жоғарыда аталған аса маңызды дипломатиялық құжаттарды зерделеу Египеттің және басқа елдердің өзара іс-әрекет механизмін, сонымен қатар ынтымақтастықтың өзара тәуелді сипатын көрсетеді. Сонымен қатар Таяу Шығыс ұстанымына қатысты бұл деректер жоғарыда аталған мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздік стратегиясына саяси деңгейде сұрыптама жасауға және әлемдік тәртіпті орнатудың әр түрлі концепцияларын қарастыруға мүмкіндік береді.

***Деректердің екінші тобына*** Таяу Шығыс шиеленісіне қатысты БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған қарарлары мен араб-израиль қайшылықтарының мәселелері қозғалатын халықаралық келісімдердің хаттамалары, аймақтық ұйымдар мен қозғалыстар шешімдері, Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруге бағытталған халықаралық және аймақтық конференция қарарлары мен қорытындылары кіреді.

Таяу Шығыстағы араб-израиль мәселелерін реттестіруге қатысты БҰҰ ҚК Бас Ассамблеясының қабылдаған №181/11, №242 және №338-ші қарарларының басты деректік құжат ретінде маңызы ерекше. Таяу Шығыс тарихына түбегейлі өзгеріс енгізген шешім Біріккен Ұлттар Ұйымының болашақ Палестинаның мемлекеттік құрылымы туралы 1947 ж. 29 қарашада қабылдаған № 181/11 қарары. БҰҰ-ның 1967 ж. № 242 қарары Халықаралық қауымдастықтың көптеген мемлекеттері шиеленісті реттестіруде халықаралық заңды негіз ретінде қабылданды. Дегенмен, қарарда палестиналық босқындар мәселесін әділетті шешу қажеттілігі туралы ғана ескертілді, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда қарар жан-жақты, мүлтіксіз болып көрінбейді, онда палестиналық араб халқының ұлттық құқықтарын қорғау және құрметтеу қажеттілігі нақты айтылмайды. БҰҰ ҚК қабылдаған қарарлары әлемдік қауымдастықтың ресми ұстанымын көрсетеді. Араб-израиль қайшылығы мен Палестина мәселесін зерттеп қарастыруда бұл құжаттар аса құнды деректер болып табылады [26-29].

Таяу Шығыс шиеленісінің жүрісіне аймақтық ПАЕҰ, ФАТХ сияқты ұйымдардың да ықпалы арта түсті. Шиеленістің даму үрдісінің тенденциялары мен шиеленісті реттестірудегі бұл ұйымдардың іс-әрекеттерінің орны мен қабылдаған шешімдері аса маңызды. Қарастырылған шешімдер қорытындысы негізінен, араб елдері ұйымдарының қатарындағы таптық әркелкілік пен олардың идеологиялық платформасының айқын еместігін көрсетеді. Бұл



мәліметтер әсіресе араб, ағылшын тіліндегі деректер мен фактілі материалдардан көрініс табады [30-32].

Бұл топтағы келесі бір дерек көздері – шиеленісті реттестіруге бағытталған халықаралық конференция деректері. 1967 ж. Хартум конференциясында араб елдері басшыларының “еврей мемлекетімен бейбітшілікке келмеу, қарым-қатынас орнатпау және еврей мемлекетін танымау” туралы қабылдаған қорытынды құжаты араб мемлекеттерінің Израильге қатысты ұстанымының басты өлшеуіші болды. Хартум конференциясының шешімі осы кездегі араб ұстанымын орнықтыруға және оны іске асыруға бағытталды [33].

Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруге арналған конференциялардың басты мақсаты – Таяу Шығыста бейбітшілік орнату болғанымен, оны іске асыру жолындағы реттестіру мәселесінде келісімге келу қиын да күрделі екендігін, көп жағдайда конференция барысы шиеленістің реттестірілуін әр ел алдымен өз мүддесі тұрғысынан қарастыратынын көрсетті.

Жоғарыда аталған деректер Таяу Шығыс шиеленісіне қатысты жекелеген ұйымдардың, елдердің шиеленісті реттестірудегі ұстанымдарын ашуда өте маңызды.

***Деректердің үшінші тобын*** сыртқы және ішкі саясат жөніндегі кейбір аса маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен заң актілері құрайды.

Бұл құжаттардың қатарындағы Палестина Азат Ету Ұйымының «Палестина Хартиясы» палестиналықтардың мақсат-мүддесінің заңнамалық көрінісі бола алды. Соғыс нәтижесіндегі Палестина босқындарының мәселесі, шекара дауы уақыт өте қазіргі кездегі халықаралық қатынастардағы күрделі мәселелер жиынтығы Таяу Шығыс шиеленісі деген атауға ие болды [34-36].

Зерттеу жұмысымыздағы Египеттің 1970 ж. басталған ішкі және сыртқы саясатындағы өзгерістерге талдау жасау негізінен насырлық кезеңмен садаттық кезеңді салыстыра отырып қарастырылды. 1971 ж. Египет Конституциясы [37], 1974 жылғы «инфитах-ашық есік» экономикалық реформасын көрсететін «Қазан құжаты» [38-39] Египеттің ішкі саясаты мен сыртқы саясатындағы түбегейлі өзгерістерді көрсетеді.

Деректердің бұл тобы аймақтық ұйымдар мен Египет мемлекетінің таяушығыстық саясатқа қатысты құқықтық және концептуалдық негізін айқындауға мүмкіндік береді.

*Деректердің төртінші тобына* ұлттық өкілдердің, жетекші мемлекет қайраткерлерінің сұхбаттары мен мемуарлық еңбектері кіреді. Деректердің бұл аталған тобы таяушығыс саясатына қатысты қазіргі өзекті мәселелер, басым бағыттар жөнінде пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді. Осы деректердің ішінде араб елдерінің басшылары: Жамал Абд Насыр, Ануар ас-Садат, Иордания королі Абдалла Хусейн [40-42], Израильдің мемлекет қайраткерлері Моше Даян, Голда Меир [43-45] еңбектері кірді.

Араб қайраткерлері Жамал Абд Насырдың, Ануар ас-Садаттың, Абдалла бен Хусейннің естеліктерінің ерекшелігі Кеңес Одағы саясатының шынайылығын тануға мүмкіндік беруінде. Израиль басшыларының еңбектері американ-израиль, израиль-кеңес қарым-қатынастарын, араб-израиль соғыстарын ашып көрсетуде маңызды деректер болып табылады.

Таяу Шығыстағы АҚШ саясатының мақсат-мүдделерін зерделеп, бағалауда Р. Никсон мен Г. Киссинджердің мемуарлық еңбектерінің маңызы зор. Бұл еңбектерден АҚШ-тың билік жүйесіндегі басқа елдерге деген өктемділік саясаты басым көрінеді [46-49].

КСРО-ның Таяу Шығыстағы саясаты мен шиеленісті реттестірудегі ұстанымын нақтылауда кеңестік дипломаттардың естелік-мемуарларының [50-52] деректік құндылығы жоғары. 1962-1986 жж. АҚШ-тың алты президенті тұсында Вашингтонда КСРО елшісі болған А.Ф. Добрыниннің, Египеттегі КСРО елшісі болған В.М.Виноградовтың естеліктеріндегі аса назар аударарлық тұс – КСРО-ның Таяу Шығыстағы дипломатиясының жоғарғы басшылықтан толық тәуелділікте болғандығы. Бұл еңбектерде шиеленісті реттестіру барысындағы Кеңес Одағы мен АҚШ басшыларының алмасуларына байланысты аса көп құжаттар саны бар.

Деректердің бұл төртінші тобы Таяу Шығысқа қатысты ірі державалар саясатының бағыт-бағдарларын айқындай түседі, мемлекет басшылары мен елшілік қызметкерлер өз еңбектерінде геосаяси жағдайды қозғай отырып, Таяу Шығыс шиеленісін халықаралық қатынастар саясатының ықпалы тұрғысынан қарастырады. Деректер маңызды оқиғаларға баға беруімен аса құнды.

*Деректердің бесінші тобын* кейбір сыңаржақ көзқарастарына қарамастан оқиғалардың шынайы болмысын айқындауда деректік мәні зор оқиға куәгерлерінің, саяси қайраткерлердің, әскери

адамдардың еңбектері құрайды. Араб-израиль қайшылығының қырсырынан көп мағлұмат беретін Қазан соғысы деректері т. б. құжаттық мәліметтер шиеленіске қатысты елдердің мүдделері мен саясатын ашып талдауда аса маңызды.

Таяу Шығыстағы араб-израиль соғыстарының барысы мен себеп-салдарларын нақтылауда Египет генералы Са'ад ад-Дин аш-Шазлидің естеліктері [53-54], Египеттің сыртқы саясатын зерделеуде “Әл-Ахрам” газетінің редакторы қызметін атқарған, белгілі публицист Мұхаммед Хасанейн Хейкалдың [55-58] еңбектері үлкен үлес қосады. Автор өз жұмыстарын палестина-израиль, араб-израиль қақтығыстары мәселелеріне, таяушығыстық дағдарыстан шығу мәселелері мен халықаралық қатынастарға арнаған.

Таяу Шығыс шиеленісін “қырғи-қабақ соғыс” салқынымен ұштастырып қарастыру зерттеу жұмысымызда негізгі орын алады [59-60]. Осы мәселе 1973 жылы КСРО сыртқы істер министрлігіндегі АҚШ бөлімінің бастығы қызметін атқарған Г.М. Корниенко [61] еңбегінде, КОКП Орталық Комитетінің Халықаралық бөлімінің бірінші орынбасары қызметін атқарған К.Н. Брутенц [62] еңбегінде де қарастырылған. К.Н. Брутенц 50-ші жылдардан бастап Таяу Шығыстағы кеңес саясатына жан-жақты талдау жасай отырып, оған нақты сипаттама береді. Зерттеушінің «сталиндік жеңіс», «хрущевтік жылымық», «брежневтік контрерформация», «горбачевтік қайта-құрулар» мен Ресейдің ельциндік тұсындағы бірнеше дәуір оқиғаларының куәгері ғана емес, сол заманның оқиғаларына белсенді түрде ат салысқан қайраткері ретінде жазған еңбегі КСРО саясатының кейбір тұстарын бағалауда маңызды дерек көзі болып табылады.

Деректердің бұл тобы өздерінің объективтілігімен ерекшеленеді, тақырыпты зерттеуде сыни көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

**Деректердің алтыншы тобын** мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған тақырыпқа байланысты құжаттар, мәліметтер, материалдар құрайды. Бұған кеңестік дәуір баспасөзі, ресейлік және шетелдік газеттер мен журналдардың әр түрлі жинақтары жатады. Деректердің осы тобы фактілі материалдарға бай, олар саяси және экономикалық заңдылықты ашуға, таяушығыстық күрес динамикасы мен эволюциясын бақылауға септігін тигізді. Деректер Таяу Шығыс шиеленісінің әскери-саяси және экономикалық үрдістерінің даму заңдылықтарын ашып көрсетеді. Олардың қатарында арабтық «Әл-Ахрам», «Аш-Шарқ әл-Аусат», «Тишрин», «Ад-Дублумасия» т.б. [63-

68] мерзімдік басылымдары, батыстық «The Middle and North of Africa», «The New York Times» т.б. [69-72] және кеңестік, ресейлік бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдары [73-74] бар. Айта кететін жайт, кеңестік деректерде ашық баспасөзде жарияланған мәлімдемелер өте аз мағлұмат береді, баспасөз беттерінде КСРО және араб елдерінің арасындағы әскери одақтастық туралы іс-қағаздар жоқ. Сонымен қатар, Кеңес Одағы басшыларының шешімімен Таяу Шығысқа жіберілген кеңес әскерлері туралы Қорғаныс министрлігінің де ашық іс-қағаздары жоқ.

Жұмыста қарастырылған деректердің барлық топтары ғылыми жұмысты жан-жақты зерттеуге, алға қойылған мақсат пен міндеттерді ашуға, сонымен бірге қорытынды тұжырымдардың ғылыми және объективті шынайылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі.** Зерттеу кезінде Таяу Шығыс шиеленісінің пайда болу мен даму тарихына, себеп пен салдарларына байланысты өз еңбектерін арнаған көптеген көрнекті ғалымдардың ой-желістері мен қорытындылары, сонымен бірге көлемді мәліметтер жиынтығы пайдаланылды. Нәтижесінде жинақталған қайнар көздер тақырыптық жүйелілікте байланыстырыла отырып батыстық, арабтық, кеңестік және ресейлік, отандық деп бөліп қарастырылды.

Таяу Шығыс шиеленісіндегі өзекті мәселе – Палестина-Израиль мәселесі тарихнамадан негізгі орын алады. Палестина мәселесінің туындауы мен оның өрбуі, Израиль мемлекетінің қалыптасуына себеп болған факторлар, араб-израиль қайшылықтарын айқындау, арабаралық қатынастар батыстық ғалымдардың назарынан тыс қалған емес.

Таяу Шығыс елдері тарихын араб-израиль соғыстарымен ұштастыра зерттеуде Батыстың зерттеуші ғалымдарының еңбектері үлкен үлес алары заңдылық. Зерттеу жұмысы барысымызда Л.Ж. Стейн (Stein L.J.), С. Флапан (Simha Flapan), еңбектері Бальфур декларациясы мен сионизм тарихын зерделеуге арналған алғашқы еңбектердің қатарында тұрса, Палестина халықтарының қасиетімен келген Израиль мемлекетінің 50 жылдық тарихындағы сионизмнің идеологиялық күші мен атқарған ролін айқындауда Р.Г. Джонның (John R. Gee), еңбегі пайдаланылды. Сонымен қатар, автор болашақ Палестинаның тарихи дамуы туралы өз болжамдары мен тұжырымдарын жасаған. [75-77]. А. Давиша (I. Dawisha) еңбегі Насыр мен Садат тұсындағы Мысырдың арабаралық қатынастардағы

жетекші рөлін айқындауға мүмкіндік береді [78]. Таяу Шығыс шиеленісіне қатысты Израиль мемлекетінің ұстанымдарын анықтауда Дж. Альфер [79] зерттеуіндегі Израильдің саяси партияларының шиеленісті реттестіруге қатысты ұстанымдары мен мемлекеттік қайраткерлердің жүргізген саясаты жан-жақты сипатталады. Италияндық зерттеуші Антони Рубби және неміс ғалымы Г. Концельманның еңбектерінде [80-81] Палестина мәселесінің даму тарихы Ясир Арафаттың іс-әрекетімен тығыз байланыстыра отырылып зерттелген.

Арабаралық қатынастар, ұлт-азаттық қозғалыстар, Палестина мәселесі, Таяу Шығыс мәселелерін қарастыруда араб тарихнамасы өте бай. Таяу Шығыс шиеленісін зерттеуші араб зерттеушілерінің ішінен алдымен Абд әл-Мажид Фарид еңбегін атап өту жөн [82]. Зерттеуші өз еңбегінде Г.А. Насыр тұсындағы Египеттің сыртқы саясатындағы кеңестік идеологияның ықпалын, сонымен қатар палестиндік-иорданиялық қақтығыстарды реттестірудегі Насырдың іс-әрекетін толық ашып жазған. Абд әл-Мажидтің мысырлық, арабтық және халықаралық қатынастарға байланысты зерттеулері қарастырылып отырған кезеңдегі таяушығыстық саясат туралы көп мағлұматтар береді және бұл материалдар араб елдерінің дағдарыс кезеңдегі ұстанымын ашып көрсетуге көмек береді.

Таяу Шығыстағы жағдайға, АЕЛ-ға мүше араб елдерінің саяси жағдайына сұрыптама жасауда араб ғылыми және публицистикалық әдебиетінің алатын орны зор. Тарихшылар, саясаттанушылар, әдебиетшілер еңбектері әрқашан объективті тұрғыда бола қоймайды. Дегенмен Палестина мәселесінің түйткілді мәселелерін нақтылауда Абд әл-Сафти, Хасан Хилал еңбектері неғұрлым шынайы және мазмұнды деректермен қамтылған [83-84]. Сонымен қатар египеттік ғалым Хусейн Шерифтің еңбегінде [85] Мысырдың ішкі, сыртқы саясатындағы Египет-АҚШ, Египет-КСРО, Египет-Израиль, АҚШ-Израиль қатынастарына және әрбір араб-израиль соғысына жан-жақты талдау жасалынған.

Монографияны жазуда кеңестік зерттеушілердің еңбектері маңызды үлес қосты. Кеңестік ғалымдар: Беляев И.П., А.Г. Князев Египет мемлекетінің даму тарихын, оның ішінде Жамал Абд Насыр мен Ануар ас-Садат тұсындағы тарихын зерттейді [86-87].

Кеңестік дәуір тұсындағы Таяу Шығыс мәселерін зерттеумен айналысқан және осы шиеленісті реттестіру үдерісіне ат салысқан

мемлекеттік қайраткер, әрі зерттеуші Е. Примаковтың [88-90] еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

Танымал ғалым және саяси қайраткер Е.М. Примаковтың еңбектері кейбір оқиғаларға бақылау жасап қоймай, өзі де қатысқан араб әлемінің даму үрдісіне арналады. Автор араб ұлтшылдығы ерекшеліктерін, таяушығыстық саяси сахнадағы басты ойыншылардың шынайы мақсат-мазмұнын, XX-шы ғасырдың екінші жартысындағы араб тәртіптері бастан кешірген эволюция себептерін ашып қарастырады. Араб әлемімен қарым-қатынастағы күштер мен мемлекеттердің саясатына, Израильмен қақтығыстың араб әлеміне ықпалына қазіргі заманғы сын тұрғысынан талдау жасайды.

Палестина мәселесінің халықаралық қатынастардағы орны, араб елдерінің даму жолдарына ықпал етуші факторлар, аймақтағы араб бірлігі мәселесінің үдерісі кеңестік тарихнамада идеологиялық реңкпен сипатталғанымен де бірқатар мәселелерге нақты сипаттама берген. Бұл тақырыптағы зерттеулердің ішінде Л.И. Медведко [91-93], А.В. Кудрявцев [94], В.И. Киселев [95] еңбектері де зерттеу жұмыстары қатарында өз құндылығын жоймайды. Бұл еңбектерде кеңестік идеологиялық сипат басым болғанымен де Таяу Шығыс шиеленісіндегі діни фактордың ролі, аймақтағы исламдық ұйымдардың ұстанымдары мен қызметтері, мақсат-мүдделері жан-жақты мазмұндалған.

XX ғасырдағы араб елдерінің қоғамдық саяси өміріне талдау жасау Левин З.И. зерттеулерінде аса үлкен орын алады [96]. Автор екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі араб елдеріндегі қоғамдық ой-санаға жан-жақты талдау жасайды, сонымен қатар тәуелсіздік жолындағы араб ұлт-азаттық қозғалыстары мен Араб Елдері Лигасының құрылуы туралы зерттеулер аса құнды.

Таяу Шығыс шиеленісіндегі халықаралық қатынастарды, араб елдері мен Израильдің, АҚШ-тың экономикалық, саяси және әлеуметтік өміріне қатысты мәселелерді зерттеуде А.Б. Борисов, А.В. Малашенко, А.И. Осипов т.б. еңбектеріндегі бірқатар статистикалық мағлұматтар тақырыпты кешенді түрде талдауға көмек берді [97-99].

Таяу Шығыстағы американдық саясатты зерделеуде И.Д.Звягельская, Р.С. Овинников, В.Х. Халилов т.б. ғалымдардың Таяу және Орта Шығыстағы АҚШ-тың саясатына қатысты зерттеулерінде т.б. кездеседі [100-103]. Ескерерлік мәселе бұл еңбектер негізінен идеологиялық сипаттағы, маркстік-лениндік методология және таптық күрес теориясына негізделіп жазылған. Сол

себепті де мұндай мазмұндағы еңбектерде болған оқиғаны бағалауда асыра сілтеушілік немесе бүркемелеушілік, оқиғаларды антисемиттік және кеңестік үгіт-насихат сипатында жазу көптеп кездеседі.

Зерттеу жұмысын жүргізудегі деректер мен зерттеулерді ғылыми тұрғыда жинақтау, сараптау, тарихи-салыстырмалы әдістерді қолдану қисынсыз айтылған ой-тұжырымдардың себептерін айқындауға, олардың қайталанбауына, халықаралық қатынастардағы, түрлі тарихи оқиғалардағы күрделі мәселелердің түйінін, заңдылықтарын, зерттелмеген қырларын ашуға, объективті тұрғыда талдауға көмек береді. Осы орайда зерттеу жұмысымызға соңғы кезде жарық көрген Таяу Шығыс шиеленісіне қатысты зерттеулер үлкен үлес қосты [104-106]. Шығыстанушы ғалым Е.Д. Пырлин өз еңбегінде [107] Палестина мәселесін шешу жолдарын, тарихи даму барысын жан-жақты қарастыра отырып, әсіресе Таяу Шығыстағы кеңес саясатының догматикалық қадамдарына сыни көзқараспен нақты баға береді.

Сонымен қатар кейінгі кезде таяушығыстық мәселелерді зерттеумен шұғылданып жүрген Л.И. Млечин [108-109], А.Ю.Олимпиев [110], О.А. Гриневский [111], Тарик Али [112] тәрізді зерттеушілер Таяу Шығыс шиеленісінің себеп-салдарларын соңғы кезде жария болған мұрағат құжаттарын пайдалану арқылы ашуға тырысып, жаңа мағлұматтармен толықтырады, ұтымды пікірлер мен түйіндер келтіреді. Бұл Таяу Шығыс мәселесін бүгінгі күн көзқарасы тұрғысынан қарастыруға көп мүмкіндік береді.

Отандық тарих ғылымында Таяу Шығыс мәселесін зерттеу қалыптасу үрдісі үстінде. Тарихта орын алған Таяу Шығыс шиеленісіндегі сан қырлы мәселелерді саралау мен бағамдауда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың салиқалы ойын басшылыққа алып қарастырдық. Елбасымыз «Сындарлы он жыл» атты еңбегінде: «Бүгінгі таңда қазіргі проблемаларды сөз ете отырып, өткенге бас изей салу сәнқойлық та сырбаздық та емес. Бірақ қазіргі замандағы ғаламдық және аймақтық проблемалардың басым көпшілігі «қырғи-қабақ соғыстың» яғни екі блок арасындағы қарама-қарсылықтың салдары деген факт факт болып қала береді» [2, 92].

Таяу Шығыс шиеленісіне қатысты Қазақстан Республикасының ұстанымын нақтылауда ҚР СІМ-нің ресми іс-құжаттары мен Қ.К. Тоқаевтың еңбектері көмек болды. Қасымжомарт Кемелұлы Қазақстан Республикасының Таяу Шығыс саясатына қатысты

ұстанымының асқан байыппен жүргізілетіндігін көрсетеді. Сарабдал дипломат бұл туралы «Қазақстанның Таяу Шығыстағы саясатының аса бір нәзік астары Израильмен де, араб елдерімен де қатынастарды қатар дамытуы болып отыр. Аймақта ірі державалардың мүдделері түйіскенін ескере отырып, мұндай саясаттың міндетті шарты Таяу Шығыс бейбіт процесінде барлық қатысушылардың пікірлерін ескеріп отыру болды. Кей ретте ол пікірлер мен көзқарастар бір-біріне қарама-қарсы келіп те жатты. Сондықтан Қазақстан дипломатиясы осы аймақтағы қатынас саясатына теңгерімділік пен тұрақтылық бере отырып, Таяу Шығысты реттеуге өз көзқарасын мұқият ойланып, таразылап отыруы қажет» деп түйіндейді [3, 188]

Мәселенің зерттелуі отандық зерттеушілердің еңбектерінде біршама өз көрінісін тапқан. Зерттеу жұмысымызда қазақстандық ғалым К.Қ. Қожахметовтың [113-115] еңбектері және ғылымдағы жас буын өкілдері Қ.Ә. Жүніс [116], А.М. Шыңғысбаевтың [117] ғылыми мақалалары мен еңбектері пайдаланылды.

Алғашқы болып араб елдерінің тәуелсіздік тарихын зерттеуді қолға алған қазақ ғалымы К.Қ. Қожахметовтың еңбектерінде Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруге қатысты Азия, Африка елдерінің Ынтымақтастығы Ұйымының ұстанымдары мен жекелеген араб елдерінің саясаты және көрсетілген аралықтағы аймақтағы халықаралық жағдай жан-жақты зерттелген. Отандық зерттеуші Таяу Шығыс соғыстарының мәселесін ұлт-азаттық қозғалыстар, ЕАР-дың аймақтық және арабалық қатынастардағы орны мен рөлін жан-жақты талдап қарастырады.

Таяу Шығыс шиеленісіндегі бір мәселеге екі тараптың объективті пікірін жинақтап, оны қалыптастыруға үлкен септігін тигізген араб және еврей зерттеушілері Дауд әл-Аламейн, Ден Кон-Шербоктың [118] біріккен зерттеу еңбектері кіреді. Таяу Шығыс шиеленісін, Египет Араб Республикасының шиеленісті реттестірудегі ролін зерттеуде пайдаланылған т.б. еңбектер тақырыптың өте ауқымды, күрделі екендігін көрсетеді.

Баспасөз беттерінде жарияланған Е.Я. Сатановский, Алек Эпштейн мен Михаил Урицкий, Д.М. Волкова, Н. Сурков, М. Рабаджинов, Марака Рами Абдел Хамид Рабаи, Ури Дэвистің [119-125] мақалалар жинақтары жаңа фактілер мен тың көзқарастарымен ерекшеленеді.

**Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі.** Зерттеу жұмысының теориялық-методологиялық негізіне тарих, халықаралық



қатынастар, саясаттану ғылымдарының қалыптастырған жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлері мен тұжырымдары, осы саладағы жетекші ғалымдардың, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің мемлекетаралық саясат, оның принциптері мен теориясы туралы жазған еңбектері алынды. Таяу Шығыс шиеленісі мен Египеттің сыртқы саясатын зерттеудің теориялық негізін қалауда отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері қолданыс тапты.

Зерттеу жұмысын жүргізуде қазіргі кезде халықаралық қатынастар теориясы мен сыртқы саясатта қолданылып жүрген «Мемлекеттердің сыртқы саясаттағы ұлттық және мемлекеттік мүдделері принципі» методологиялық негізіне айналды. Бұл әдістемелік принцип Таяу Шығыс аймағына қатысты АҚШ-тың, КСРО-ның мүдделерін және Египет пен Израиль мемлекетімен байланыстарының сан қырларын объективті тұрғыдан талдауға мүмкіндік туғызып, біржақты пікірден аулақ болуға жол ашады.

Теориялық-методологиялық негіз ретінде, тарих пен философияның іргелі тұжырымдары пайдаланылды. Зерттеу жұмысы барысында нақты – тарихи, салыстырмалы тарихи, талдау, жинақтау және қорыту әдістері қолданылды. Жиналған деректерге талдау жасай отырып тарихи салыстырмалық, тарихи-жүйелеу, хронологиялық, статистикалық әдістер қолданыс тапты.

Деректер мен зерттеулерге тарихнамалық талдауда салыстырмалы-тарихи әдіс тарихи еңбектердегі идеологиялық сипаттағы берілген тұжырымдардың себептерін айқындауда аса маңызды болып табылады.

# **1 ТАРАУ**

## **ТАЯУ ШЫҒЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ЕГИПЕТТІҢ АЙМАҚТАҒЫ ОРНЫ (1947-1970 жж.)**

### **1.1 Таяу Шығыс жанжалының пайда болу тарихы**

Палестина – Азиядағы көптеген ғасырлар бойғы тарихы бар Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы ел. Б.з.д. 3500 ж. Арабия түбегінің түпкі аймақтарынан қазіргі Египет, Сирия, Ливан, Ирак жерлеріне кейінірек Египет пен Ассирия мәдениетін қабылдаған арамей мен хананейлердің семит тайпаларының легі ағылып келе бастайды. Осы тайпалардың бір бұтағы хананейлер б.з.д. 3000 ж. қазіргі Палестина жеріне қоныстанып, өздерінің мемлекетін құрды. Б.з.д. 1025 ж. Израиль патшалығы құрылды. Соломон патшадан кейін Израиль патшалығы ыдырап, солтүстігінде – Израиль, оңтүстігінде – Иудей патшалығы құрылды.

Б.з.д. 722 ж. ассириялықтар Израиль патшалығын құлатады. Б.з.д. 586 ж. Вавилон патшасы II Навуходоносор Иудейді талқандап Иерусалимді алады. Иерусалим және барлық Иудей тұрғындары Вавилонға қоныс аударылады. Б.з.д. 539 ж. парсылықтар вавилондықтарды жеңгеннен кейін Кир патша еврейлерге Иерусалимге қайтуға рұқсат береді.

Б.з.д. III-IV ғғ. христиан дінінің пайда болуы Таяу Шығыста христиан дінінің таралуына әсер етті. Иерусалимге архиепископтың келуімен Иерусалим таза христиан қаласына айналып, еврейлердің орталығы болудан қалады.

VII ғасырлардан бастап Палестинаны арабтар елі деп қарастыруға болады. 637 ж. халиф Омар ибн әл-Хаттаб Иерусалимді және Палестинаны жаулап алады. 1099 ж. крест жорықшылары Иерусалимді жаулап алып, бұл жерде Иерусалим патшалығын құрды. Бірақ, Иерусалим Салах ад-Дин әл-Айубидің тұсында мұсылмандардың қол астына қайтарылды.

1516 ж. барлық Таяу Шығыс территориясын түріктер жаулап алып, Палестинадағы Осман империясының билігі 400 жылға созылды. Бұл кезеңде Палестина бірнеше аймақтарға бөлініп, Иерусалим, Ғаза, Наблус, Сидан, Бейрут уиалаттары қалыптасты.

Палестина жерінде Израиль мемлекетін құрудың негізін сионистер XX ғ. басында қалады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың ең қызған тұсында Англия, Франция және Ресей, кейінірек Италия

өкілдері арасында өткен келіссөздердің нәтижесінде 1916 ж. наурызда еуропалық державалар Түркияның арабтық территориясын ықпалды аймақтарға бөлісу туралы келісімге қол қойды. [16, 56 б.]

Бұл келісімнің шарттарына сәйкес Франция өз бақылауына қазіргі Сирия аумағының, Англия қазіргі Ирак жерлерінің бөлігінде әкімшілік бақылауға қол жеткізуге тиіс болса, Палестина алғашқыда халықаралық әкімшілік арқылы басқарылуы тиіс болды.

Сайкс – Пико келісімі Англия үкіметінің Мекке мен Хижаз билеушісі шериф Хусейн әл-Хашимиге берген уәдесіне қарама-қайшы келді, ол бір жыл бұрынғы уәде бойынша егер арабтар Түркияға қарсы одақтастар тарапында соғысар болса, соғыс аяқталғаннан кейін араб елдеріне тәуелсіздік береміз делінді. Мұндай міндеттемелер 1915-1916 жж. Египеттегі ағылшын жоғарғы комиссары Генри Макмагон мен шериф Хусейн әл-Хашими арасындағы хаттардың мазмұнында көрсетілді. Осы келісім бойынша арабтар 1916 ж. осман билігіне қарсы көтеріліске шығып, ағылшындар жағында түрік әскерлеріне қарсы соғысты [75, 54 б.]

1917 ж. қараша-желтоқсан айларында ағылшын әскерлері Палестинаны түрік жасақтарынан тазартып, бұл жерлерді ағылшын әскери басшылығының бақылауына енгізді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында және Париж бейбіт конференциясы қарсаңындағы тікелей дайындық кезеңінде де Англия өкілдері араб басшыларын өздерінің біртұтас араб мемлекетін құруға ықпал етуге даяр екендіктеріне сенімдеумен болды. Бірақ, бұл уағдаластықты бұза отырып, Сайкс-Пико келісіміне қол қойғаннан кейін, ағылшын үкіметі Палестина аумағында “еврей ошағын” құруды мақсат еткен Дүниежүзілік Сионистер Ұйымымен (ДСҰ) келіссөздер жүргізе бастады.

Сионистік қозғалыс XIX-XX ғғ. Палестина жерлері Ұлыбританияның отарлаушы экспансиясының объектісі бола бастаған кезде пайда болды. Бұл қозғалыс екі мақсатқа жетуді ойластырып, дами түсті:

1) Палестина жерлерін “империя жолдарының қиылысқан” жерінде орналасқандықтан отарлауға деген ұмтылыс;

2) 1897 ж. Базельдегі I сионистік конгресте “Палестина – еврейлердің ата-бабаларының жері” деп жарияланғаннан кейін, осы жерге еврейлерді қоныстандыру арқылы еврей мемлекетін құру [150, 134 б.].

ДСҰ басшыларының Палестинаны отарлау жоспары ағылшын үкіметінің тарапынан қолдау тапты. 1917 ж. ағылшын үкіметі Англия сыртқы істер министрі лорд Бальфурдың еврей банкирі Ротшильдке жазған хатын жария етті. Хат мәтінінде: “Англия үкіметі Палестинада еврей халқының ұлттық ошағының құрылуына ізгі ниетпен қарайды және осы мақсаттың орындалуы үшін барлық күш-жігерін салады, сионистік жобаның жүзеге асырылуы барысында Палестинадағы еврей емес басқа қауымдардың азаматтық және діни құқықтарына зиян келетіндей әрекет істелінбейді” деп көрсетілді. Осылайша, бір ұлт екінші бір ұлтқа басқа ұлтқа тиесілі жерді беруге салтанатты түрде уәде етті.

Палестина мәселесі тарихына “Бальфур декларациясы” деген атпен кірген бұл құжатты 1918 ж. ақпанда Франция, 1918 ж. 9 мамырда Италия және осы жылы 31 тамызда АҚШ президенті Вильсон қолдайтындықтарын мәлімдеді. 1922 ж. 30 маусымда АҚШ конгресі де “Декларацияны” ресми түрде құптады [75, 73 б.].

Бальфурдың жауапкершілік алған бұл міндеттемесі британ әкімшілігінің Франция үкіметі алдындағы да, арабтар алдындағы да бұрынғы міндеттерін жоққа шығарды. Декларацияның жарияланар уақыты Англияның стратегиялық мүддесіне ғана сәйкес анықталып қана қоймай, сонымен қатар, Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяғына таман Еуропада қалыптасқан әскери-саяси жағдайға да байланысты бекітілді.

Ұлыбританияның “Бальфур декларациясын” жариялауы Таяу Шығыстағы халықаралық қатынастардың бұдан кейінгі барысына кері әсер еткен дипломатиялық шара болды. Декларация Палестинадағы жағдайлардың өрбуінің бағыттарын айқындап берді. Оның жүзеге асырылуы арабтар тарапынан үлкен қарсылыққа ұшырап, көтерілістердің туындауына түрткі болды. Ол арабтар, еврейлер, ағылшындарды бір-біріне қарсы қойған толассыз қиыншылықтарға әкеп соқтырды. Осы себепті де Декларацияны Палестина мәселесінің бастауы деуге болады [77, 39 б.].

Палестина мәселесінің барлық кезеңдерінде “Бальфур Декларациясы” Израильдің Палестинаға заңды құқықтары туралы талаптарында басты негізге алынатын құжат болып келеді. Аталмыш құжатты қажетінше талқылай отырып, ДСҰ басшылары барлық уақытта еврейлердің Еуропадан Палестинаға қоныс аударуы мен бұл жерді отарлау саясатына “заңды құқықты” қамтамасыз етуде Декларацияны негіз етіп алды.

Париж бейбіт конференциясында одақтас державалар 1919 ж. 28 маусымда бекітілген Ұлттар Лигасы Жарғысының 22-ші бабына сәйкес, Түркияның барлық арабтық жерлерінде мандаттық жүйені енгізді. Араб елдерін бөлісу 1920 ж. 25 сәуірде Сан-Ремо келісімінде Антанта елдерінің Жоғарғы Кеңесінде шешілді. Келісім бойынша Сирия мен Ливан Франция қамқорлығына, ал Ирақ пен Палестина Англия «қамқорлығына» өтті, осылайша Араб Шығысы Еуропа елдері қарамағына өтті. Палестинадағы Заң шығарушы, Атқарушы және Сот билігі тұтасымен Англия құзырына бағынды, мандат мәтініне Бальфур декларациясы қосылды. Құжат кіріспесінде “мандатарий 1917 ж. 2 қарашада Ұлы Британ әкімшілігімен жарияланған және жоғарыда көрсетілген державалар қолдаған Декларацияны жүзеге асыруы тиіс” деп жазылды [30, 95 б.].

Палестинаға мандаттың 1-ші бабы: мандатарий-держава, яғни Ұлыбритания толық заңды және әкімшілік билікке ие; 2-ші бап: мандатарий елде еврей ұлттық ошағын құруды қамтамасыз ететін саяси, әкімшілік, экономикалық шараларды жүзеге асыруға міндетті; [30, 96 б.]. Осы баптарға сәйкес Палестина әкімшілігінде әлеуметтік-экономикалық шараларды жүзеге асыруда кеңесші орган ретінде Еврей агенттігі бекітілді.

Осы жердегі тұрғылықты халықтың 90%-ын құраушы палестиндік арабтардың мүдделері мен құқықтары ескерілмеді, құжатта олар туралы мүлде айтылмады, тек екі жерде ғана “тұрғындардың басқа тобы” деген тіркес кезігеді. “Бальфур декларациясы” Палестинадағы араб тұрғындарының арасында үлкен толқу туғызды. Сионистердің “жерсіз халыққа” ұсынған “халықсыз жері” Палестинаны отарлауға қарсы көтерілген – палестиндік арабтарға толы болатын.

1918 ж. басында “Бальфур декларациясы” жарияланғаннан кейін бір топ палестиндік ұлтшылдар Каирде “Декларацияға” және “Сайкс-Пико” келісіміне қарсы Комитет құрды. Ағылшын әскерлері басып алған Палестина қалаларында ислам-христиан ассоциациялары құрылып, олар 1919 ж. ақпанда Яффада Палестинаға тәуелсіздік беруін талап еткен конференция өткізді.

1919 ж. 5 маусымда Дамаскіде өткен Жалпы сириялық конгресс “Бальфур Декларациясын” жоққа шығарып, арабтарды Сирияның тәуелсіздігіне ұмтылуға шақырды. Конгресс қабылдаған қарарда: “Біз Сирияның оңтүстік бөлігі болып табылатын Палестинада еврей мемлекетін құру туралы сионистердің ұмтылыстарына және еліміздің

қай түкпірінде болмасын сионистердің қоныстануына қарсымыз, себебі біз олардың бұл жерге деген құқықтарын танымаймыз және ұлттық, саяси-экономикалық тұрғыдан алғанда бұл декларация біздің халқымызға қауіп төндіреді деп санаймыз” деп көрсетілді.

1920 ж. 14 қарашада Хайфада Палестина араб халқының барлық таптарының өкілдері қатысқан бірінші жалпыпалестиндік саяси конференция өтті. Конференция еврей иммиграциясына тиым салуды және елде ұлттық биліктің орнауын талап етті [150, 29 б.].

Британ мандатының жойылуы және еврей иммиграциясының тоқтатылуы туралы талаптар палестиналық арабтардың британ билігіне қарсы саяси күресінің алдыңғы қатарына шықты. Палестиналық арабтар іс жүзінде сырттан келіп қоныстанушы еврейлерге қарсы тұрды, ал ел ішіндегі еврейлерге этникалық немесе нәсілдік тұрғыда қысым көрсетпеді. Палестина халықтық қозғалыс құжаттарында: “Біз соғысқа дейін Палестина жерінде тұрған еврейлердің осы уақытқа дейін арабтық көршілерімен ешбір қиындықтарсыз, қатар өмір сүргенін атап көрсеткіміз келеді. Осман империясының кез-келген азаматы құқылы заңдар мен артықшылықтарға олар да ие болды және ешқашан “Бальфур декларациясын” құптаған емес. Декларацияны құптағандар Палестинадан тыс жерде өмір сүруші сионистер”, - деп жазылған [150, 37 б.].

Нәтижесінде “Бальфур декларациясына” сүйенген британ әкімшілігі еврейлердің Палестинаға иммиграциясының белсенді түрде жүзеге асуына ықпал етті. 1918 ж. күзде басталған үшінші “алия” кезеңінде Палестинаға 36000 еврей қоныс аударса, 1924-1931 жж. төртінші “алия” аралығында 84000 еврей көшіп келді. 1933-1939 жж. бесінші “алия” кезеңінде иммигранттардың рекордтық көрсеткіші 226 000-ға жетті. 1940 ж. басында Палестинадағы еврейлер саны 445000 болды, бұл жалпы халықтың 30%-ын құрады [154, 91 б.].

Осылайша, Палестинаның тұрғылықты халықтарының қарсылығына қарамастан, ағылшын үкіметінің көмегімен елдің демографиялық құрамы өзгертілді.

1920 ж. қазанда Палестинада үстемдік орнатқаннан кейін ағылшындар еврейлердің жер иеліктерін арттыруға мүмкіндік беретін, елде жерді еркін сату және сатып алуға негізделген “Жер туралы” Жарлық шығарды. Бұл Жарлық араб феодалдарының жер иеліктерін сионистердің сатып алуын заңдастырды. Осының

нәтижесінде Палестина өздерінің уақытша тұрақтау құқығын ғана емес, мемлекеттің құрылуын талап еткен мұсылман емес және араб емес қауыммен басып алынды. “Сионизмнің атасы” болып саналатын Теодор Герцль пікірінше: “бұл мемлекеттің аумағы Ніл мен Евфратқа және Парсы шығанағына дейін созылуға тиіс” болды [143, 6 б.].

Палестина экономикасындағы шешуші тетіктерге ие бола бастаған сионистер 1920-шы жылдарда басты күшті ірі жер иеліктерін иемденуге салды. Бұл сатылымдар АҚШ пен Батыс Еуропадағы еврей буржуазиясымен қаржыландырылды. 1920-шы жылдары 514 мың дунам, яғни елдің жер қорының үштен бір бөлігі сатып алынды. Дүние жүзілік экономикалық дағдарыс қарсаңындағы жағдай Палестинадағы ірі жер иеленуші араб феодалдарын құнсызданған өз жерлерін тым төмен бағаға сатуға мәжбүрледі.

Еврей иммиграциясының өсуі және сионистік трестердің араб жерлерін сатып ала бастауы Палестина қалаларында жұмыссыздар санын арттырды. Өздерінің жерлерінен қуылған кешегі жерді жалға алушы шаруалар мен маусымдық жұмысшылар көшіп келгендердің иелігіне ауысқан еврей қауымының экономикалық инфрақұрылымынан орын таппады, өйткені сионизм ұраны “еврей жерінде еврей еңбегі” болды. Осы тұрғыдан алғанда бұған 1925 ж. 14-тамызда Цюрихте қабылданған “Еврей агенттігінің” Жарғысы дәлел болады. Жарғының 3(А) бабында: Жер еврейлер меншігі ретінде иелікке өтіп, Еврей ұлттық қорының атына жазылуға тиіс; 3(Е) бап: Агенттік қабылдаған барлық жұмыс орындары мен іс-шараларда принциптік тұрғыда еврей еңбегі қолданылуға тиіс [90, 89 б.].

Араб еңбегін еврейлік еңбекпен алмастыру заңы сионистік ұйымдардың белгілі тактикалық саясатын көрсетті. Бұл саясат араб халқының Палестина аумағынан ығыстырылуына ықпал етті және осы мақсатта 30-шы жылдар басында В. Жаботинский бастаған ультраоңшыл сионистік ревизионистер одағы “Иргун цвай леуми” әскери ұйымын құрды.

Палестиндік арабтардың саяси ұйымдарының басшылары бірнеше рет Ұлттар Лигасына және Ұлыбританияға, мандатарий-мемлекет ретінде сионистік ұйымдардың әрекетіне тосқауыл қоюларын талап етіп өтініш жасады. Бірақ, бұл әрекеттері еш нәтиже бермеді. Осындай жағдайдағы арабтардың антисионистік пиғылдары ашық түрдегі араб-еврей қарулы қақтығыстарына ұласты [26, 54 б.].

Сионистік отаршылдық Палестина араб халқының тарапынан үлкен қарсылыққа кездесті. Екі дүние жүзілік соғыс аралығында

арабтар екі майданда: ағылшын отарларының билігіне және еврейлер отарлауына қарсы күрес жүргізуге мәжбүр болды. Араб қарсылық қозғалысын ұйымдастыруға 1920 ж. құрылған Араб Палестина Конгресі ұйытқы болды. 1921 ж. Иерусалимде мұсылман мүфтиі болып тағайындалған Әмин әл-Хусейн қажының жанына топталған палестиндіктер де британ үкіметі мен еврейлердің қауіпті қарсыластарына айналды.

Осы кезеңге күн сайын саяси істерге белсенді араласа түскен Шығыстық араб елдеріндегі ислам діни-қоғамдық ұйымдарының қызметінің жоғарылай түсуі тән. Неғұрлым кең ауқым алған бұл қызмет Египеттегі 1928 ж. құрылған “Ағайынды мұсылмандар” қозғалысымен де байланысты. Ұйымының жоғарғы басшысы Хасан әл-Банна мұсылмандарды дағдарыстан шығуға, бірлікке және бұрынғы күш пен даңққа жетуге шақырды [31, 68 б.].

“Ағайынды мұсылмандардың” сионистерге және Англия саясатына бірден күшті қарсылықты қатынас орнатуы Палестинадағы олардың барлық мұсылман елдерінің бірлігі мен тұтастығын қорғау және ислам жауларына қарсы жиһадта барлық әдістерді, қарулы күреске дейінгі тәсілдерді қолдану мақсатындағы идеялық платформаларынан туындады. “Ағайынды мұсылмандар” Палестина оқиғаларына иудейлік агрессияны туындатқан сионизм мен мұсылман елдеріне қарсы батыстық “жаңа крест жорықтары” себепкер деді. Саяси күрес діни фанатизммен ұштасты.

1929 ж. мамыр айында Яффада ірі араб толқулары болып өтті, арабтар еврей қоныстарына шабуыл жасап, нәтижесінде 100 шақты адам қайтыс болды. Ірі ұлт-азаттық көтерілістер барысында жаңа ұлттық ұйымдар қалыптасты, Әмин әл-Хусейн басшылығымен 1936 ж. құрылған Жоғарғы Араб Комитеті олардың ішіндегі ең ірісі болды [124, 75-77 бб.].

1936 ж. Ливандағы британдық Бас консулдың Ұлыбритания Сыртқы істер министрі Антони Иденге жазған хатында елдегі христиан мен мұсылман қауымының сионизмге қатысын сипаттай келе: “христиандар экономикалық мүдделерді басшылыққа ала отырып сионистерді қолдайды, ал мұсылмандар оларға түбегейлі қарсы. Ливандағы мұсылмандардың ішінде “араб бірлігі” ұстанымының жақтастары күннен-күнге артып келе жатқандығын ескеріп, ағылшын үкіметі бұл жағдайға үлкен мән беруі керек” - деп есеп береді.



1936 жылы сәуір айындағы араб толқуларының үшінші толқыны Палестина арабтарының еврей иммиграциясына шектеу қою, еврейлерге жер сатуды тоқтатуды талаптарынан туындады. Еврей отаршыларына қарсы күресті британ үкіметі 25000 әскер және сионистік көмекші күштер арқылы басты. 1936-1939 жылдардағы көтерілістер Палестина арабтарының барлық британ мандаты тарихындағы сионистерге және отарлаушылыққа қарсы ең күшті қозғалыс болды.

Отаршыл биліктің көтерілістер мен қозғалыстарды тоқтатуға мүмкіншілігі болмағандықтан Англия үкіметі түрлі айла-тәсілдерге жүгінді. 1936 ж. жағдайды анықтау мақсатында құрылған лорд Пиль бастаған арнайы комиссия араб-еврей шиеленісін Палестинада екі тәуелсіз мемлекет құру арқылы шешуді ұсынды. Иерусалим, Вифлеем және Яффа портына дейінгі дәлізді қамтитын бұл аумақ Англия бақылауында тұруы тиіс болды.

Бұл жобаның шығуы біріншіден, Англияның Палестинада бақылау жүргізуін сақтауға, екіншіден, ұлттық проблемаға айналып отырған қайшылықтарды шешуге ұмтылысын көрсетті. Алайда бұл ұмтылыс палестиналық арабтардың одан әрі қобалжуларын күшейтіп, араб және мұсылман әлемінде жаңа қарсылықтарды туғызды [90, 63 б.].

1920-1939 жж. аралығында Палестинада бес жалпы ұлттық көтерілістер өтті, өз кезегінде мандат жүйесінің тоқтатылуы мен еврей басқыншылығына қарсы шыққан арабтарды ағылшын отарлаушы үкіметі аяусыз басып-жаншып отырды. Ағылшын отаршыларына көмекке еврейлердің әскери ұйымдары мен экстремистік-шовинистік бағыттағы “Хаган”, “Иргун цвай леуми” және “Штерн” топтары келді. Белгілі ағылшын тарихшысы, философ А. Тойнби атап көрсеткендей: «отыз жыл бойына еврей иммиграциясы қажетті дәрежеде көбейіп, қаруланғанға дейін ағылшындардың әскери күші арқылы іске асырылып келді» [30, 31 б.].

1937 ж. Таяу Шығыстағы британ саяси қолдауына ие трасиорданиялық әмір Абдаллах болашақта «араб аймағын» әмірлікке енгізу үмітінде «Палестинаны бөлу» жобасын қолдайтынын білдірді. Ирақ бұл идеяға түбегейлі қарсы шықты. Ал, Уафд үкіметі басшылық еткен Египет қоғамдық ой-пікір мен баспасөз қысымына қарамастан Палестина оқиғасына араласуға асықпады және осынысы

арқылы ағылшындармен ара-қатынасын үзгісі келмейтіндігін байқатты.

Қасиетті мұсылман орталықтары Мекке мен Мединенің қорғаушысы – Сауд Арабиясы Палестинаның “сионизациялануына” қарсы белсенді шешуші қадамдарға бара қоймады. Мәлік Сауд мұсылман үлемдерінің “фатуа” шығару туралы өтінген ұсыныстарын қабыл алмады. Ибн Сауд Палестинаны қорғау ісіне қатысатындығын білдіргенімен де, Англиямен бірлесіп жұмыс істей беру керек екендігін жеткізді. Ал “фатуа” жариялауға қарсы болғандығының орнын толтыру мақсатында мәлік Сауд Лондонға Палестинаны екі бөлікке бөлуге қарсы екендігін білдіріп өзінің ресми өкілін жіберді [90, 65 б.].

1939 ж. мамырда Англия арабтарды және көрші елдерді тыныштандыру мақсатында өзінің бұрынғы бағытынан шегініс жасайтынын көрсететін “Ақ кітап” құжатын жариялады. Бұл құжат бойынша Англия Палестинаны бөлу идеясынан бас тартатынын, он жылдан кейін осы аумақта біртұтас араб - еврей мемлекетін құру туралы ұстанымын білдірді. Сонымен қатар бұл елге еврей иммиграциясының келуін және сионистік отаршыл трестердің араб жерлерін сатып алуын шектеді.

“Ақ кітап” құжаты екі ветоны көрсетті: арабтар еврей иммиграциясының өсуін шектеуге мүмкіншілік алса, еврейлер арабтардың тәуелсіз мемлекет құруына бөгет жасады. “Ақ кітап” келесі бес жыл ішінде елге 75 мың еврейлердің кіруін және 1944 ж. иммиграцияның толық тоқтатылуын қарастырды [130, 449 б.]. Британ саясатындағы бұл бетбұрыс Таяу Шығыстағы ағылшын ұстанымының жалпы әлсіреуін көрсетті. Бұл құжаттың жариялануы еврей агенттігі мен Британ мандаттық әкімшілігі арасын күрт шиеленістіріп жіберді. “Ақ кітаптың” жариялануы нәтижесінде гитлерлік қуғыншылықтан бас сауғалаған еврей босқындары Палестина жерлеріне келу құқығынан айрылды. 1939 ж. қыркүйекте басталған соғыс еврейлер жағдайын одан әрі мүшкілдендірді.

Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы қалыптасқан әскери жағдайды Дүниежүзілік сионистік ұйым және басқа да сионистік ұйымдар өздерінің саяси және экономикалық ұстанымдарын нығайтуда кеңінен пайдаланды. Сионистік басшылық отаршылық әкімшілікпен ынтымақтастықты жалғастырғанымен де, Англияны бұрынғыдай өзінің одақтасы ретінде қарастырудан бас тартып өз жоспарларын іске асыруда жаңа одақтас – АҚШ-пен байланыс

орнатуға ұмтылды. 1942 ж. Нью-Йорктің “Балтимор” қонақ үйінде өткен конференцияда Палестинаны тәуелсіз еврей мемлекетіне айналдыру және бұл елге еврейлердің келуіне қойылған шектеуді өзгертуге бағытталған американдық сионистік ұйымдардың бағдарламасы қабылданды. [118, 67 б.].

Рузвельт кезеңіндегі АҚШ-тың сыртқы саясаты бұрынғы отар елдерге қамқорлық ету жүйесі негізіндегі стратегиялық тұжырымдамаларға бағытталды. Латын Америкасы мен Еуропадан кейін екі ірі империялық держава – Германия мен Англияны ығыстырғаннан кейін Рузвельт дәуірінің американдық саясаткерлері орасан зор шикізат қоры шоғырланған Таяу Шығысқа назарын тікті. АҚШ-тың Палестинаға қызығушылығының артуы американдық мұнай монополияларының Сауд Арабиясында концессияларға ие болуы мен Арабиядан Палестинаға мұнай құбырларын тарту жобасын жасауына байланысты болды. 1930-шы жылдарда іске қосылған “АРАМСО” мұнай компаниясы Америкаға аса зор қаржы әкелді. Мұнайдың стратегиялық маңызын сол кезеңде-ақ пайымдаған Ақ Ұй дипломаттары елдің мұнай компанияларының әлемдік энергетикалық ресурстарды бақылауына алуына белсенді түрде көмектесті.

Президент Рузвельт Палестинадағы сионистік жоспарларға, қозғалысқа байланысты ресми пікір айтудан сақ болды, ол біржақты қадам АҚШ-тың араб елдерімен қарым-қатынасын бұзуы мүмкін екендігін білді. Мысалы, Рузвельт 1942 ж. 68 сенатордың сионистік қозғалысты жақтайтын шешімдерге қолдау көрсетуін сұраған өтінішін жауапсыз қалдырды, сонымен қатар 1944 ж. бір топ сенаторлардың Палестинада еврей мемлекетінің құрылуын тездетуді талап еткен нұсқауларын да қабылдамады [15, 340 б.]. Үлкен саясаткер болған Рузвельт еврей саясаткерлеріне бір бөлек, арабтарға бір бөлек жауап берді, ал Палестинада еврей мемлекетінің құрылуына күш салып әуре болмады.

1945 ж. Рузвельт қайтыс болғаннан кейін АҚШ президенті болған Трумэн өзінің сионистік көзқарасты жақтайтынын жасырмады. Тамыздың басында Трумэн ағылшын үкіметінен Палестинаға 100 мың европалық еврейлердің қоныс аударуына рұқсат беруді талап етті. Британ үкіметі еврей босқындарын қабылдаудан бас тартты. Аймақтағы беделінен айрылғысы келмеген ағылшындар енді АҚШ-ты ортақ империалистік мүдделеріне шақырып: “еврейлердің Палестинаға қоныстануына рұқсат бермеу

керек, олар Сталин аттандырып отырған коммунистік қастандық жасаушылар. Бұл Кеңес Одағының Таяу Шығысқа кіру операцияларының бір бөлігі”, - деді [108, 74 б.].

1945 ж. 22 наурызда Ұлыбритания бастамасымен Араб Елдері Лигасы (АЕЛ) құрылды. Мұндай ұйымның құрылуына ұйытқы бола отырып Ұлыбритания бір жағынан, араб әлемінде өзінің беделін сақтап қалуға, екінші жағынан, оны араб ұлт-азаттық қозғалысына қарсы күрес ретінде қолданғысы келді. Сонымен қатар Ұлыбритания үшін Лига көмегі арқылы АҚШ пен Францияның Таяу Шығыс аймағындағы ықпалын бәсеңдету басты мақсат болды. Алайда бұл жоспарлардың іске аспағаны белгілі. АЕЛ-ға алғашқыда 7 араб мемлекеті – Иордания, Сауд Арабиясы, Сирия, Ирак, Ливан, Египет, Йемен мүше болды. АЕЛ – Лигаға мүше елдер арасындағы қатынастарды тығыз байланыстырып, олардың саясатын, экономикасын, мәдениеті мен қорғаныс күшін ұйымдастыратын, ұлттық қауіпсіздікті қорғау, тәуелсіздік пен егемендікті сақтау мақсатында бірлесіп қызмет ететін ұлттық және аймақтық ұйым [6, 116.]. АЕЛ-дың штаб-пәтері Каирде орналасты, ондағы басты қызметтердің басым орындарын египеттіктер иеленді, осы және басқа да себептер Египеттің ұйым қызметінде жетекші орын алуына ықпал етті. Осылайша Египет ірі мемлекеттер жоспарында ғана емес, араб әлемінде де аса маңызды орын алды.

АЕЛ-дың 1945-1952 жылдардағы кезеңін өзіндік саяси күш болып қалыптасу кезеңі деп қарастыруға болады. Осы жылдардағы өткізілген Лига кеңесі сессияларынан араб елдерінің бұл ұйымды Таяу Шығыс саясатындағы жаңа өзіндік фактор ретінде түсініп, қабылдауларын байқаймыз. Палестиндіктер құқығы үшін күрес, өз қатарындағы әр түрлі экстремистік тенденцияларға тойтарыс бере алу т.б. саяси әрекеттері Лиганың араб әлемінде және халықаралық сахнада беделін өсірді. АЕЛ-дың 1952-1967 жылдардағы екінші кезеңі араб елдерінің барлығы дерлік, сонымен қатар БҰҰ-ның Ұйымды Таяу Шығыстағы шиеленісті реттестірудегі жетекші күш деп таныған және Ұйымда Египет мемлекеті басты орын алған кезең болды.

1940-шы жылдардың соңына таман араб әлеміне АҚШ экспансиясының кеңінен жол ашылуына мүмкіндік туды. Америка Израильді қажетті жағдайда кез келген араб мемлекетіне қарсы қояр әскери стратегиялық плацдарм ретінде пайдалануға тырысты. 1946 ж. жаңадан құрылған американ-ағылшын комитетінің жұмысында

АҚШ-тың өкілдері Палестинаны екі мемлекетке – араб және еврей мемлекетіне бөлуді ұсынды. Бұл ұсыныс ағылшындар тарапынан қолдау таппады, олар төрт аумақтан тұратын Палестина федерациясын құруды ұсынды. АҚШ-ты ағылшындардың бұл ұсынысы қанағаттандырмады, себебі жалпы ағылшын билеушілері бұл төрт аумақта да өз биліктерін орнатар еді.

Президент Трумэн ағылшын саясатымен келіспеді, сол себепті де болашақта Палестинаның еуропалық еврейлер үшін бас қорғалайтын мекенге айналуы туралы мәселеде ағылшын-американ қатынастарында алауыздық туғызды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі британ империясының билігі әлсіреуінің нәтижесінде пайда болған вакуумның орнын толтыру үшін АҚШ пен КСРО арасында бақталастық басталды. Бұл екі держава арасындағы Таяу Шығыстағы “қырғи қабақ соғыстың” басталуы болды [132, 140 б.].

Кеңес Одағы ағылшындарға қарсы күрестің барлық түрін – Палестинадағы еврейлер мен арабтар, Ирақтағы күрдтер мен шииттер күресін, Египеттегі, Ливан мен Сириядағы саяси оппозицияны да қолдады. Мәскеу Англияның Палестина мәселесін КСРО-ның араласуына мүмкіндік беретін халықаралық форумға ұсынуын күтті. Себебі сол кезде ғана Кеңес басшылығы Палестина мәселесіне және басқа шығыстық араб мәселесіне ықпал ете алатын еді. Палестинадағы еврей агенттігі саяси департаменті араб бөлімінің басшысы Эльяху Сассон былай дейді: “Меніңше бұл мәселенің шындығының ашылуы өте жақын. Кеңестер бізді жақсы көріп немесе арабтарды жек көргеннен емес, ағылшындармен саяси есеп айырысу мақсатында осылай әрекет етіп отыр. Бұл жерде жеңілісте қалатындар болса, олар ең бірінші арабтар және Ұлыбритания болмақ” [71].

1947 ж. қаңтарда Палестина мәселесі бойынша Лондонда өткен конференция нәтижесіз аяқталды. Конференция соңында Англияның сыртқы істер министрі Э. Бевин министр Э. Джонс бірлескен меморандум ұсынды. Онда Палестина үшін 5 жылдық өтпелі кезең жоспары ұсынылды, бұл уақытта халықаралық қорғау жүйесі болса Палестина экономикасын дамытуға арналған көптеген іс-шараларды жүзеге асыруды көздеді. Алайда меморандум авторлары бес жылдық мерзімде Палестинада ағылшын әскерилерінің сақталатынына кепілдік бермеді, бұл қарарды британ жоғарғы әскери топтары да қолдамады.

“Бевин жоспары” арабтар тарапынан да қолдау тапқан жоқ. Екі жақтан да қолдау таппаған Англия 1947 ж. ақпанда Палестина мәселесін БҰҰ-ға ұсынатындығын жариялады. Талқылау барысында мәселені шешуде әр түрлі жобалар ұсынылды. Осы кезде Египет, Ирак, Сирия, Ливан, Сауд Арабиясы мемлекеттерінің делегациясы Палестинаның тәуелсіздігін жариялау туралы ұсыныс жасады. Араб елдерінің ұстанымдары бұл аймақта араб мемлекетін құру болды. Алайда оны ағылшын-американ одағы қолдаған жоқ [79, 93 б.].

1947 ж. 15 мамырда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында Палестина мәселесін бақылап зерттейтін, құрамына 11 мемлекет - Австралия, Гватемала, Үндістан, Иран, Канада, Нидерланды, Перу, Уругвай, Чехословакия, Швеция, Югославия өкілдері енген арнайы комиссия құрылды. Оның құрамына ұлы державалар енген жоқ. Бес араб мемлекеті бұл комиссияның құрылуына қарсы дауыс берді. Арнайы комиссия осы жылдың 26 мамырында өз жұмыстарын бастап, 31 тамызда қорытынды тұжырым жасады. Комиссия қорытындысында қысқа мерзім ішінде Палестинаның тәуелсіздігін тану ұсынылды. Ауыспалы кезеңде елдегі жағдайға оның экономикалық тұтастығын сақтауға және діни орындарды және т.б. қорғауға жауапкершілікті БҰҰ өз мойнына алсын делінді.

Палестинаның мемлекеттік құрылымына байланысты мәселелерде комиссия ортақ пікірге келген жоқ. “Көпшілік жоспары” елді араб және еврей мемлекеттеріне бөліп, Иерусалимді халықаралық бақылауға алуды ұсынды. Бұл жоспар Канада, Гватемала, Нидерланды, Перу, Швеция, Уругвай тарапынан қолдау тапты. Азшылық дауысқа ие болған мемлекеттер (Үндістан, Иран, Югославия) араб және еврей екі автономиялық бөліктен тұратын бірыңғай федеративті мемлекет құрып, астанасын Иерусалим етуге ұсыныс жасады.

Арнайы комитет отырысында Жоғарғы Араб Комитеті өкілдері “көпшілік жоспарына” қарсы шығып, Палестина жерінде араб мемлекетін құруды ұсынды. Израиль мемлекетінің құрылуына қарсы күресте Жоғарғы Араб Комитеті тек палестиндіктерге сүйенсе, АЕЛ палестиндіктерді қорғауды жалпыарабтық міндетке жатқызды. Әмин әл-Хусейн қажы 1948 ж. қазанда Ғаза аумағында Палестина Үкіметінің құрылғанын жариялады. Алайда аталған мемлекеттің бұл жерде орналасу мүмкіндігі жоқ еді және кейбір палестиндік қайраткерлер Трансиорданиямен одақ құруды қалады. 1949 ж.

құлаған Палестиндік Үкімет шын мәнісінде ешқашан маңызды саяси институт болған емес [5, 151 б.].

1947 ж. 29 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы Арнайы комитеттің баяндамасын тыңдап, болашақ Палестинаның мемлекеттік құрылымы туралы № 181/11 қарарды қабылдады. Қарарда араб мемлекетіне Палестинаның 43 % жер аумағы, яғни 11,1 мың шаршы шақырым бөлінді, араб Палестинасына төмендегі үш бөлік: елдің орталық және шығыс бөлігі, Батыс Галилея, Ашдода мен Ғазаның оңтүстігіне қарай бағытталған жағалау бөлігі, сонымен қоса Яффа қаласы кірді. Еврей мемлекетіне берілетін 14,1 мың шаршы шақырым (56%) аумаққа үш бөлік кірді: Шығыс Галилея және Хайфаның жағалауымен Яффаның оңтүстігіне қарай созылып жатқан Эздрелон жазығы және Негев шөлінің басым бөлігі. Иерусалим қаласы және Вифлеем БҰҰ юрисдикциясының бақылауындағы халықаралық аймақ болып жарияланды. Екі мемлекеттің құрылуы Палестинадан ағылшын әскері шығарылғаннан кейін екі айдан соң жариялануға тиіс болып, мемлекеттердің демократиялық дамуын демократиялық конституция қамтамасыз ету керек деп көрсетілді [28, 5-29 бб.].

КСРО, Америка, Франция бастап қатарында Палестинаның бөлінуін қолдап дауыс берген қарар жобасын 33 мемлекет қолдады, ал 13 мемлекет қарсы шықты және 10 ел қалыс қалды, оның бірі – Англия. Қарсы шыққан 13 мемлекеттің қатарына Египет, Сирия, Ирак, Ливан, Сауд Арабиясы, Йемен, Түркия Иран, Пәкістан, Ауғанстан, Греция және Куба кірді.

АҚШ пен КСРО жаңа мемлекетті алғашқылырдың бірі болып таныды. Израиль мемлекеті алғаш құрылған кезеңінде АҚШ-тан гөрі КСРО көмегіне арқа сүйеді, бірақ 50-ші жылдар басына таман жас мемлекет үшін көбірек қаржылай көмек пен қару-жарақ алуда АҚШ-пен одақтасу тиімді болды. Сол жылдары Израиль 1940-шы жылдарда Ирактан қашқан еврейлерді паналатып, 1950 ж. Иранмен ынтымақтастық байланыс орнатты.

Палестина оқиғасына сол уақытта әлем елдері аса үлкен назар аудара қоймады. Алғаш тәуелсіздік алған мұсылман елдері – Пәкістан мен Индонезия үшін өз мәселелері жеткілікті еді. Иран үшін бәрібір болды. Ал араб әлемі бұл жағдайға бейғам қарай алмады. Сионистік қоныстардың Палестинаны басып алуы олардың бәріне кері әсер етті. Египеттік, ирактық, саудтық, сириялық арабтар палестиндік арабтар тәрізді жоғалтуда қатты күйзелмегенімен, олардың әрқайсысы үшін бұл жерден айрылудың өзіндік әсері болды. Бұл құбылыс араб

әлемінде “әл-Накба” – стихиялық ауыртпалық, апат, үмітсіздік, рухы сөну деген атауға ие болды [146, 158 б.].

Еуропада солшыл күштер мен либералды күштер Үндістанның тәуелсіз мемлекеті мен Қытай коммунистерінің жеңісін құп алғанымен, Израиль мәселесінде күрделі келіспеушіліктерге кезікті. Сонымен қатар Батыс әлемі ХХ-шы ғасырдағы еврейлерге көрсетілген геноцид саясатына өздерін кінәлі сезініп, еврей ошағын құруға қолдау көрсетті. Ал Еуропа мен басқа елдердегі коммунистік партиялар Сталиннің жаңа мемлекетке қамқорлық танытуын, оның ішінде қару-жарақпен көмектесу шешімін қолдады.

Шешім жарияланғаннан кейін Палестина еврейлерін бірінші кезекте БҰҰ Израильдің қауіпсіздігін қамтамасыз ете ала ма деген сұрақ мазалады. Еврейлер болашақта өз мемлекетінің құрылуын қалағанымен, араб мемлекетінің құрылуын қаламады, сол себепті арабтарға бөлінер жерлерді аннексиялау туралы Трансиордания әмірі Абдалламен жасырын келісімге барды. БҰҰ жоспары бойынша Палестина жері тиісті дәрежеде бөлінгенімен, бұл жоспар тез арада-ақ шетте қалып, еврейлер өз мемлекетінің шекарасын жаулаушылық тұрғыда қайта бекітті [112, 137 б.].

Тәуелсіздіктің ресми түрде жариялануын күтпестен сионистер еврей мемлекетіне бөлінген жерді “тазартуға” кірісіп кеткен болатын. Жалпы Палестинаны сионистердің отарлауы әр түрлі жолмен іске асырылды. Егер бірінші кезеңдердегі британ мандаты тұсында сионистік қорлардың ірі араб жер иеленушілерден жер сатып алуы кең түрде іске асырылса, келесі кезеңдерде, әсіресе Израиль мемлекетінің жариялануы қарсаңы мен одан кейінгі жылдарда сионизм отарлауы мемлекеттік саясаттың бір бөлігіне айналып, әскери-күштеу әдістері кең қолданылды.

1948 ж. 9 сәуірде Израильдің “Иргун” әскерилері Иерусалим жанындағы Деир-Ясин араб елді мекенінде қанды қырғын орнатты. 107 палестиндік араб еврей террористерінің алғашқы құрбандары болды. Осы оқиғадан кейін палестиналық босқындар тағдыры басталды. Бұл қанды соққы арабтардың Палестинадан жаппай кетуіне ықпал еткен психологиялық шешуші фактор болды. Мамыр айының ортасында көрші араб елдеріне кеткен босқындар саны 300 мыңға жетті. Кейіннен Израиль премьер-министрі М. Бегин өз жазбаларында: “Деир-Ясиндегі жеңіссіз Израиль мемлекеті болмас еді!”- деп атап көрсетеді [107, 72 б.].



1948 ж. 14 мамырда Палестина жерінде Еврей мемлекетінің тәуелсіздігі жарияланып, Бен-Гурион Израильдің Тәуелсіздік декларациясын оқыды: “БҰҰ Бас Ассамблеясының 1947 ж. 29 қарашадағы қарары негізінде біз еврей тұрғындарының өкілдері британ мандатының уақыты біткен күнде тарихи құқықтарымызға сүйене отырып, Израиль мемлекетінің құрылғанын жариялаймыз” [26, 104]. Сионистік қозғалыс көсемі Хайм Вейцман елдің бірінші президенті болып тағайындалды.

1948 ж. 15 мамыр күні Таяу Шығыс шиеленісіндегі 1-ші араб-израиль соғысы басталды. Палестина жеріне 5 араб мемлекетінің әскерлері кіргізілді. Иордания 6 мың, Ирак 9 мың, Египет 5 мың, Сирия 1 мың, Сауд Арабиясы 3 мың әскер енгізді. Сонымен қатар, олардың қатарына басқа да араб елдерінен 3 мың еріктілер қосылды. Шекарада Иорданияның 4 мың, Ирактың 1 мың, Египеттің 8 мың, Сирияның 1500, Ливанның 1800 қосымша күші және 3 мың еріктілер әскері тұрды. Барлық араб күштері 46 мың адам болды. Израиль қарулы күштерінің барлық саны 97800 адам болды [7, 316 б.].

Соғыстың алғашқы күндерінде араб әскерлері жеңіске жеткенімен, соғыс барысы тез өзгерді. Еврейлердің Иерусалимдегі сәтті қорғанысы Иордания әскерлерінің алға жылжушылығын тоқтатты және араб әскерінің қатарында бірліктің болмауы Израиль жеңісін қамтамасыз етті.

22 мамырда Ұлыбритания БҰҰ-ға соғысушы екі тараптың өзара талап қоюынсыз 36 сағат ішінде әскери қимылдарды тоқтатуы туралы ұсыныс жасады. Египет өзінің бір егеменді мемлекетпен соғыс жүргізіп отырмағандығын, тек террористік басқыншылардан бейбіт тұрғындарды қорғау мақсатында соғыс жүргізіп отырғандығын айтып, оқ атуды тоқтатуға келісімін бермеді. 27 мамыр күні Араб жоғарғы саяси комитеті де осы мазмұндағы Декларация жариялады. Декларация БҰҰ-дан еврей террористері қалыптастырған дағдарысты шешу үшін тиісті шаралар қабылдауды талап етті.

29 мамырда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі уақытша оқ атуды тоқтату туралы шешім қабылдады. Ал 27 шілдеде Швед корольдігі жанұясының мүшесі, БҰҰ-дағы арнайы елші граф Фольк Бернадот мәселені шешу туралы өзінің ұсыныстарын жария етті. Бұл жобада еврей және араб мемлекетінің құрылуы қарастырылды. Араб аумағына Трансиордания, Иерусалим және Негев шөлінің бөлігі, ал Израильге Батыс Галилея және басқа да еврей аудандары кірді. Сонымен қатар Иерусалимде өзін-өзі басқаратын тәуелсіз еврей

аумағын құру қарастырылды. Лиддадағы әуежай және мұнай терминалы мен қоса Хайфа порты еркін аудан болуы тиіс еді. Иммиграция мәселелерін екі мемлекет өздері шешуге тиіс болды. Бұл ұсыныстары Бернадоттың өмірін қатерге тікті, ол 1948 ж. 17 қыркүйекте террористер қолынан қаза тапты. Террористік актіге жауапкершілікті сионистік “Штерн” ұйымы алды. Екі тарап та – Араб Лигасы және еврейлер Бернадот ұсынысын қабыл алмады [118, 217 б.].

Негев үшін соғыс 1948 ж. 11 мамырдан 1949 ж. 6 қаңтарға дейін созылды. Араб әскерлері Палестинада жеңіліске ұшырады. 24 ақпан күні Египет, одан кейін Ливан, Сирия, Иордания елдері Израильмен уақытша бітімге қол қойды. Ең басты мәселе – босқындар мәселесі шешілмей қалды. БҰҰ-ның делдалдық етуімен қақтығысушы екі жақтың бірнеше рет бітімге келулерінен кейін екі жылдық соғыс аяқталды. 1949 ж. 12 мамыр күні араб елдері Израиль қойған шарттармен келісіп, хаттамаға қол қойды.

Нәтижесінде арабтардың әскери жолмен Израиль мемлекетінің құрылуына бөгет жасау әрекеттері жеңіліспен аяқталды. Соғыс нәтижесінде Израиль Палестинадағы араб мемлекетіне ұйғарылған жердің 6,7 мың шаршы шақырымын тартып алды. Осы орайда Израильдің премьер-министрі Давид Бен-Гурионның: “Еврей мемлекетінің жер көлемі тек соғыс нәтижесінде айқындалмақ”, -деген сөзі бұл әрекеттер – еврейлердің жаулаушылық саясатының бастамасы ғана екенін анық көрсеткендей. [9, 361 б.]. Бен-Гурион және басқа да ымыраға келмейтін Израиль басшылары Израильді тануға ниет білдірген палестиндіктерден басқа арабтардың ұсынысын қабыл алмай тек соғыстағы әскери басымдылығынан ұтыс іздеді. Алайда жаугершілік саясат Израильдің қауіпсіздігі мен мемлекеттігін таныту мақсаттарына жеткізбеді.

Соғыстың ең басты қорытындысы – палестиналық араб халқының ұлттық трагедиясы болды. Палестиндік арабтардың тәуелсіз мемлекет құру жоспары іске асырылмады, өз жерлерін тастап, босып кеткен 750 мың палестиналық арабтардың саны 1949 ж. 1,25 млн. жетті. Израиль мемлекетінің құрамына енген жерлердегі “екінші сортты” араб азаматтарының құқығы нәсілдік кемсітушіліктерге ұшырады. Араб елдері Израильді мойындаудан бас тартты. Израильді қоршаған араб мемлекеттері еврей мемлекетінің жауы болып қала берді. Олар Израильге жалпы экономикалық бойкот жариялады. Израиль мен араб елдері арасындағы саудаға тыйым

салынып, Израиль үшін әуе және шекара кеңістігі жабылды. Бұл бойкотты жеңуге ұмтылған Израильге АҚШ пен Батыс Еуропаның қаржы капиталы көмек берді.

Қорытындылай келе, Палестина мәселесінің тууы – Дүниежүзілік сионистік ұйым мен Англия, АҚШ-тың еврей мәселесіне қатысты ұстанған саясаттарының нәтижесі деген тұжырым жасаймыз. Таяу Шығыс аймағының маңызды стратегиялық орны осы аймаққа ықпал етуге тырысқан державалар саясатында ерекше орын алды. Өз кезегінде Таяу Шығыстағы арабтық отарларынан айрылғысы келмеген Англия, мұнай көзіне ие болуды көздеген АҚШ, коммунистік лагерьге жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттерді тарту және ең бастысы АҚШ-пен арадағы қауіпсіздік шекара сызығын айқындау, оған қарсы тұрар күшті аймақ елдерінің есебінен шешуді көздеген КСРО-ның саясаты аймақта әлі күнге жалғасып отырған Таяу Шығыс шиеленісін туындатты.

Таяу Шығыстағы өз мүдделерін көздеген мемлекеттер аймақтағы халықтардың діни наным-сенімі мен ұстанымдарына әсер ететін факторларды есепке ала отырып, аймақта бітіспес жанжалдың негізін қалады. Жер үшін қасиетті соғыс жүргізу мақсатында және оның заңдылығын дәлелдеу үшін құрылған ұйымдар, аймақтағы халықтың қоғамдық ой-санасына ықпал етуші түрлі саяси оқиғалардың барлық жиынтығы, аймақта өз кезегінде діни радикалистік, фундаменталистік топтардың лаңкестік әрекеттерінің жүзеге асыруына мүмкіндік туғызды.

1948-1949 жж. Палестина соғысының нәтижесінде Палестина мәселесінің шектері кеңі түсті. Ол өзінің бастапқы сионизм және палестина-израиль халықтарының қақтығысы кезеңінен араб-израиль шиеленісі кезеңіне өтті. Уақыт өте осыған байланысты туындаған мәселелердің жиынтығы қазіргі кездегі “Таяу Шығыс шиеленісі” деп аталатын шиеленіске ұласты.

## **1.2 Таяу Шығыста “қырғи-қабақ соғыстың” басталуы және Суэц дағдарысы**

Ежелгі заманнан бері Таяу Шығыс адамзат дамуына үлкен ықпал етіп отырды. Маңызды халықаралық сауда жолдарының қиылысқан жерінде орналасқан бұл аймақ шет мемлекеттер мен халықтардың ұдайы қызығушылығын тудырған. Адамзат тарихында алғашқы өркениеттер ошағының бірі, үш ірі монотеистік діннің тарихи отаны болған Таяу Шығыс аймағындағы маңызды стратегиялық орталықтарды басып алуға ежелгі гректер мен римдіктер, кресшілерден бастап, қазіргі француз, ағылшын, орыс және американдық саясаткерлер де бар күшін салған.

Өткен тарихта халықтар арасындағы қарым-қатынастар мемлекеттердің жер көлемдері, табиғи байлықтары, халқының тығыздығы, географиялық орналасуы тәрізді көрсеткіш факторларға тәуелді болды.

XX ғ. екінші жартысында басталған қайта отарлау саясаты барысында ұлы державалар үш кұрлықтың жол торабында орналасқан және қойнауы табиғи ресурстарға толы, әлемдік мұнай қорының 60 пайызы шоғырланған Таяу Шығыс ресурстарын иеленіп, өз бақылауында ұстауға тырысты. Мемлекеттер арасындағы бақталастық көп жағдайда қарулы қақтығыстарға ұласты. Таяу Шығыс Батыс елдерінің жоспарлары мен экономикасында үлкен маңызға ие болып, аймақ үшін күрес одан әрі күшейді.

Екінші дүние жүзілік соғыс халықаралық аренадағы күштер арақатынасын өзгертті. Орасан зор қақтығыс бұрынғы ірі еуропалық империяларды әлсіретіп өтті. Германия, Италия, Жапония уақытша ұлы державалар қатарынан шығып қалды. 1945 ж. ақпандағы Қырым конференциясында Германия аумағы – кеңестік, америкалық, ағылшындық, француздық төрт елдің басып алу аймағына бөлінді. Ондаған тәуелсіз мемлекеттер өмірге келді. АҚШ, КСРО, Ұлыбритания Еуропаны ықпал ету аймағына келісті. Сталин Шығыс Еуропаны иемденіп, ағылшын-американ империясы ықпалына өткен Батыс Еуропа аймақтарында келісім бойынша коммунистік қозғалысты шектеді. АҚШ соғыс нәтижесінде әлемдегі ең күшті экономикалық державаға айналды. АҚШ-тың 1945 ж. Жапонияға атом бомбасын тастап, осы елді басып алуы Шығыс әлемінде ретсіздік, дүрбелең туғызды. Осындай жағдайда революция толқынынан қауіптенген АҚШ британ және француз отарларының

тез арада тәуелсіздік алуын қалады. 1947 ж. британдықтар Үндістаннан кетті, Жапонияның соғыста жеңіліс табуы Үндіқытай, Малайзия, Индонезия елдерінде жаңа революция толқынын туғызды. Қытай құрлығында коммунистердің әскери шебі ұлтшылдарға соққы берді. 1948 ж. БҰҰ Палестинадағы Британияның мандатын тоқтатып, онда Израиль мемлекетін құруға келісті.

БҰҰ-ның Таяу Шығыста Израиль мемлекетін құру туралы шешімі қабылданғанда Сталиннің: “Енді бұл аймақта бейбітшілік болмас”-деген сөзі сәуегейлік болды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Таяу Шығыс жер бетіндегі араб елдерінің ұлт-азаттық қозғалыстары мен империалистік мемлекеттер саясаты қайшылығымен байланысып тоғысқан ең ыстық нүктеге айналды. Шиеленістердің шығу табиғаты неше түрлі болғанымен, негізгісі – АҚШ, КСРО, Ұлыбритания, Франция арасындағы бақталастық саясаттан болды. Дәстүрлі отарлаушы державалар Франция, Англия бұл уақытта бұрынғы ұстанымдарын қайтару мүмкін еместігін түсінді. Алайда барлық алауыздықтарға қарамастан олардың араб әлеміне қатысты жүргізген саясатының басты мақсаты - арабтарды Батыс бақылауында болатын әскери одақтарға енгізу болды. Бұл ұмтылыс “қырғи-қабақ соғыстың” Таяу Шығыс аймағында тамырлана түсуіне түрткі болды.

Америкалық зерттеуші Брюс Кунихольм Таяу Шығыста “қырғи-қабақ соғыстың” шығу себептерінің бірін “бұрыннан келе жатқан ағылшын-кеңес бәсекелестігінің жалғасы болған, британ империясының аймақта биліктен айрылып, соның орнында билікке ұмтылған КСРО мен АҚШ арасындағы бәсекелестік” деп қарастырады [132, 142 б.].

Мұны екінші дүниежүзілік соғыстан кейін аймақтағы Британ империясының құлауы нәтижесінде пайда болған вакуумның салдары ретінде қарастыруда толық негіз бар. Сол уақыттағы Американың құжаттары мен деректеріндегі фактілерді негізге ала отырып, мынадай қорытынды шығаруға болады: “1944-1946 жж. Таяу Шығыста Сталин аймақтағы өз ықпалын кеңейту үшін АҚШ және Ұлыбританиямен дипломатиялық қақтығыстарға баруға, ал әскери қақтығыстар қаупі туғанда тоқтауға дайын болды. Ол: неғұрлым демократиялық тұрғыдағы құрылған үкімет соншалықты басқарылуы қиын болады, ал осы жолдағы бұрынғы одақтастар оның саясатына ұзақ қарсыласуға қабілетті бола алмайды деп үміттенді [71].

“Қырғи-қабақ соғыстың” алғашқы кезеңдерінде 1944-1947 жж. Таяу Шығыста “Азия қауіпсіздігін” қамтамасыз ету мақсатындағы Кеңес саясаты халықаралық қауымдастық құптайтындай шеңберден шығып кетті және Кеңес Одағының өзінің күші мен ықпал етуін күшейтуге ұмтылысы Шығыс пен Батыс арасындағы қақтығысқа негіз болды. Осыған орай, 1990-шы жылдардың басына дейінгі араб-израиль қақтығыстарының тарихы тікелей екі ұлы державаның аймақтағы ықпалын арттыруға деген күресі мен өзара бақталастығымен тығыз байланысты деп тұжырымдауға болады.

Екі ұлы держава – АҚШ пен КСРО “қырғи-қабақсоғыс” жылдарының бастапқы кезінде еврей мемлекетін сол уақыттағы аймақта әлі де отарлық иеліктері бар еуропалық державаларға қарсы одақтас мемлекет ретінде қалыптастырғысы келді. Америка үшін бұл аймақта Британ империясын ығыстырып, халықаралық маңызы жоғары Суэц каналы аумағында өз ықпалын арттыру маңызды еді. Ол үшін аймақта “күшті, ақылды және бұл жерді тастап кетпеуге бекінген”, яғни арабтарға қарсы тұрарлық “өз адамы” қажет болды.

Ал, Израиль мемлекетін алғашқылардың бірі болып таныған Сталин “еврейлердің ұлт-азаттық күресіне” қарсы соғысушы араб мемлекеттерінің басшыларын империалистік державалардың қолшоқпары деп айыптап, Израильге Чехословакия арқылы қару-жарақ тасымалдап, бірінші араб-израиль соғысында Израильдің жеңісін қамтамасыз етті. Сталиннің ойынша бұл Кремльге бағынышты жұмысшылар мен шаруалардың мемлекеті болуы тиіс еді [61, 53 б.]. Олай ойлауға негіз де бар. Еврейлік Палестинада социализм және коммунизм идеяларымен жақсы таныс Ресей мен Польшадан шыққан еврейлер өте көп еді. Сонымен қатар, Палестина еврейлері үшін Еуропаны нацистерден азат еткен КСРО-ның беделінің жоғарылығы да есепке алынды.

Сталин Израильді АҚШ бастаған әлемдік империализмге қарсы күресінде одақтас еткісі келді. Сталин үшін Израильді қай жағынан болсын пайдалану ұтымды болып есептелді. Егер, еврейлік Палестина жерінде “қызылдардың” туы тігілсе, КСРО Израильді аймақтағы әлемдік революцияның жетекшісіне ал, қарсылықты жағдайда, барлық араб мемлекетін КСРО одақтасына айналдыруды көздеді. Бірақ, жағдай Сталиннің қалауындай қалыптаспады. Израильдегі кнессетке сайлауда кеңестік бағыттағы партия көпшілік дауысқа жете алмады, олар тек көптің “бірі” болды. Израильде Батысқа бетбұрыс бағыты айқын байқала бастады. Сталин

еврейлердің бұл “сатқындығын” бос қалдырмады, Кеңес Одағында антиеврейлік репрессия басталды [154, 69 б.].

“Қырғи-қабақ” соғыс Сталинге өз бақылауы мен басқаруындағы аймақта жүргізіліп отырған қатаң саясатын ақтауда оңтайлы болды, ал Батыс болса оны құптамады және енді тағы да басқа елдердің КСРО ықпалына түсуіне жол бергісі келмеді.

АҚШ араб елдерін әскери-саяси одақтарға енгізу мақсатында бір жоспардан кейін бір жоспар ұсынды. 1950 ж. 25 мамырда АҚШ Ұлыбритания, Франция “үштік декларация” қабылдады. Декларацияның негізгі мазмұны – Батыс мемлекеттерінің 1949 ж. Израиль шекараларының сақталып қалуына кепілдік беруі, еврей және араб елдерінің тепе-теңдігін сақтау мақсатында қарулану салаларына бақылау жасауы, сонымен қатар “коммунистік қауіппен” күресуді күшейтуі болды.

Осы мақсатта батыстық одақтастар Орта Шығыста “антикеңестік”, НАТО сияқты коалиция құруға тырысты. АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Түркия Орта Шығыс аймағында өз мүдделерін қорғау және мұнай өнімдерінің тұрақты тасымалын қамтамасыз ету мақсатында “Орта Шығыс Қорғаныс Ұйымын” (МЕДО) құру жобасын жасады. Ұйымға Египетті және Суэц каналы ауданындағы базаны енгізу көзделді. Бұл базаны ағылшындар тастап шыққаннан кейін, оның орнын одақтастар күші иеленуін қарастырды. Суэц каналы ауданына шетел әскерлерін енгізу Египеттің британ отаршылдарына қарсы күресі кезеңінде елдің тәуелсіздік мүддесіне қарама-қайшы келді. Египет үкіметі бұл жобаға қарсы болды. Сонымен бірге 1951 ж. Египет 1936 жылғы “ағылшын-египет” келісімінің мерзімінен бұрын күшін жоятындығы туралы жария етті [100, 148-151 бб.].

Египетте ағылшындардың кетуін талап еткен ереуілдер мен толқулар жиілеп, 1946-1951 жж. Суэц каналы мен Дельта аудандарында қарулы қақтығыстар орын алды. Бұл қозғалыстардың ұйымдастырушылары – “Ағайынды мұсылмандар” ұйымы, “Ерікті офицерлер” ұйымы, “Жас Египет”, “Уафд” партиясы және коммунистер болды.

1952 ж. 23 шілде күні Египетте “Ерікті офицерлер” ұйымы мемлекеттік төңкеріс жасап, елдегі монархиялық тәртіпті құлатты, билікті өз қолдарына алды. Көп ұзамай “Ерікті офицерлер” солшылдарды 1948 ж. Израильмен соғыста қолдау көрсетпегендіктері үшін айыптай отырып, олардың зайырлы ұйымдарын биліктен

ығыстырды. “Ағайынды мұсылмандармен” уақытша біріге отырып билік басына Жамал Абд Насыр келді. “Ағайынды мұсылмандар” мен “Ерікті офицерлер” арасындағы достастық ұзаққа созылмады. Ағайынды мұсылмандардың билікке ұмтылуы, шариғат заңдарын басқаруға енгізіп, Ислам мемлекетін құру, аграрлық реформаны жүргізбеу сияқты талаптары Насыр үкіметі тарапынан қарсылыққа ұшырады. Г.А. Насыр саналы түрде исламды билік құралы ретінде қарастырудан бас тартты. Елде “Ағайынды мұсылмандар” ұйымының жұмысына тыйым салынды. 1954 ж. қазанда “Ағайынды мұсылмандар” ұйымының бір мүшесі Г.А. Насырдың саяси өлімін ұйымдастырмақшы болды. Дегенмен, Насыр өміріне қауіп төндіргендер ұсталынып, түрмеге жабылды. Египеттегі осы оқиғалардың барлығы халықаралық жағдайдың шиеленіскен кезінде өтті [11, 126-130 бб.].

Билік басындағы алғашқы жылдарда “Ерікті офицерлер” ұйымы алдында бірінші кезекте Египетті ағылшын әскерлерінен толық азат ету міндеті тұрды. Сонымен қатар олар Египеттің араб әлеміндегі, Азия және Африка аймағында алатын орнын анықтауға және “қырғи-қабақсоғыс” жағдайында тұрақты ұстанымын орнықтыруға тиіс болды, яғни Египеттің Батыс елдерінің қатарында Кеңес Одағына қарсы күрес жүргізуі, болмаса КСРО жағында Батысқа қарсы шығуы немесе екі жақты да қолдамау саясатын анықтау қажет болды. Египет төңкерісінің билеушілері ағылшын әскерінің елден толық шығарылуы шартын қоя отырып, олармен келісім жасауға дайын болғанымен, оларды батыспен бірігу идеясы қызықтыра қоймады. Насыр “қырғи-қабақ” соғысы жағдайында Үндістан премьер-министрі Джавахарлал Неру ұсынған “позитивті бейтараптылық” бағытын ұстауға тырысты. Насыр үкіметінің 1955 ж. кейін батыстық бағыттан ауытқуына ең алдымен Батыс мемлекеттерінің жүргізген саясаты себепкер болды.

1954 ж. АҚШ мемлекеттік хатшысы. Дж. Ф. Даллес арабтарды “қырғи-қабақ соғысқа” тартқаннан гөрі КСРО шекарасына жақын орналасқан елдерді әскери одақтарға енгізуге күш салуды жөн көрді. 1954 ж. 4 сәуірде Түркия мен Пәкістан арасында, 21 сәуірде Иракпен, 10 мамырда Пәкістанмен американдық әскери көмек келісімдеріне қол қойылды. Бірақ, Американың Иракты “солтүстік белдеуге” тарту саясатын Каир “араб бірлігін бұзушылық және араб әлеміндегі Ирак ұстанымының күшеюі”, ал Үндістан “Пәкістанның қарулануы Кашмирдегі өз мүдделеріне қауіп төндіреді”-деп қарастырды. Египет публицисі Мұхаммед Хасанейн Хейкалдың ойынша, Даллес КСРО-



ны әскери және саяси одақтар арқылы қоршауға ұмтылды [55, 163 б.].

1954 ж. қазан айында Суэц каналы ауданынан британ әскерлерінің шығарылуы туралы ағылшын-египет келісіміне қол қойылды. Насыр бұл кезеңде екі мәселені: қару-жарақ сатып алу мен Асуан су бөгетін салуға көмек алуды шешуі қажет еді. Бұл екі мәселе де Египет үшін аса маңызды болды.

Қару-жарақ сатып алуға ең алдымен Израильмен қақтығыстың күш алуы себеп болды. 1952 ж. жаңа биліктің алғашқы жылдарында араб-израиль жанжалы ішкі саяси және ішкі экономикалық мәселелер – өз билігін күшейту, “ағайынды мұсылмандар” қарсылығын жою, аграрлық реформаны жүргізу, ағылшын әскерлерін шығару мәселелерінен кейінгі орында болды. Египет басшылары – “Ерікті офицерлер” әскери бюджетті қысқартып, босатылған қаражатты орта және кіші шаруашылықтарға бөлді [86, 63-65 бб.].

Дәл осы кезде Насыр арабтармен арадағы шиеленісті реттестіру мақсатында Израильмен құпия байланыс орнатуға ұмтылды. Бен-Гурион Насырдан жоғары дәрежедегі кездесу өткізуді талап етті, бірақ Насыр оған дайын болмады. 1954 ж. желтоқсанда Бен-Гурионның орнына келген премьер-министр Моше Шарет Израильдің Таяу Шығыс аймағының тіршілік кеңістігіне етене сіңісіп кетуі үшін Египетпен байланыс орнатудың маңыздылығын түсінді. Насыр мен Шарет арасында хат алмасулар басталды. Шарет Насырдың Суэц каналы мен Ақаба түбегі арқылы Израиль кемелері үшін қойылған тосқауылды алуын қалады, ал Насыр палестиндік босқындар мәселесін шешуге тырысты. “Палестина соғысынан” кейінгі алғаш рет ұйымдастырылған Израиль-Египет кездесулері АҚШ-тың ат салысуымен Вашингтонда өтті. Кездесуде Израиль тарапынан Хаим Герцог, дипломат Гидеон Рафаэль, египеттіктер тарапынан Абд әл-Хамит Галеб өкілдік етті. Бірақ, бұл кездесулер еш нәтиже бермеді. Келіссөздер тұсында египет-израиль шекарасына да байланысты келіспеушіліктер болды. Келіссөздер Насыр мен Иерусалим мүфтиі, Жоғарғы араб комитетінің жетекшісі - Мұхаммед Ахмед Хусейн қарым-қатынасына ықпал етіп, қарым-қатынасты нашарлатты [82, 97 бб.].

Францияның 1950 ж. “үштік декларация” келісіміне қарамастан Израильді қару-жарақпен қамтамасыз етуге келісім беруі Египетті қатты алаңдатты. Француздардың Израильмен келісімге келулеріне бірнеше фактор себеп болды: Египеттің 1954 ж. Алжир

көтерілісшілерін қолдауы француз үкіметінің наразылығын туғызды, А. Иденнің Насырды Гитлер тәрізді қауіпті етіп көрсетуі Франция мен Египет арасындағы қарым-қатынасқа ықпал етті, Француз үкіметі «Насырға моральды тұрғыдан соққы беру – Алжир мәселесін шешуге мүмкіндік береді» деп болжады. Сонымен қатар, екінші дүниежүзілік соғыста еврейлерге көрсетілген геноцид саясаты үшін еуропалықтардың белгілі-бір дәрежеде өздерін кінәлі сезінуі, жаңадан құрылған Израиль мемлекетінің жетістіктеріне ризашылық пен таңдану сияқты қоғамдық идеология қосымша факторлар болды. Франция 1954 ж. Израильге тікұшақ- истребительдер беруге келісім берді [59, 191-195 бб.].

Коммунистік тәртіппен байланыс орнатуға асыға қоймаған Насыр әлі де болса Вашингтонға арқа сүйеп, саяси ойынын жалғастырды. Вашингтон қару-жарақ сату мәселесін әдейі соза отырып, Египетті табанды түрде әскери одақтарға енгізуді қалады. 1955 ж. 25 ақпанда АҚШ түрік-ирақ әскери одағын құруға қол жеткізді, кейіннен Бағдад пактісі деп аталған Ұлыбритания, Пәкістан, Иран елдері қосылды. Бағдад пактісі Қорғаныс одағы болып айтылғанымен оған кейбір елдер, атап айтсақ, Египет, Сирия, Ливан, Үндістан қосылмады. Египеттің Бағдад пактісіне қарсы шығу себептерінің бірі - Ирактың АҚШ-тан әскери көмек алуы болды. Ирак пен Египет арасындағы араб әлеміндегі жетекшілікке ұмтылу тартысына байланысты Египетті ирак-ағылшын қатынастары ғана емес, Ирак-Сирия одағының құрылу қаупі де алаңдатты. 1955 ж. наурыз айында Бағдад пактісіне қарсы Египет, Сирия, Сауд Арабиясы мемлекеттерінің Одағы құрылды. Бұл Насырдың Ирак басшысы Нури Саид пен ағылшындарға қарсы жеңісі болды. Египет пен Батыс елдері арасындағы қарым-қатынастардың нашарлауымен араб елдері арасындағы өзара қатал жаулық басталды. 20 қазанда Египет-Сирия қорғаныс одағы құрылды.

1955 ж. Насырдың отаршылдыққа қарсы көзқарасының қалыптасуына аса ықпал еткен, 29 афро-азиаттық ел қатысқан Бандунг конференциясы өтті. Конференцияда сөз алған Насыр “ежелгі өркениет пен ғылым орталықтары” болған Африка құрлығы халқының азаттығы мен бостандығын қолдайтындығын білдірді. Мұның өзі оның қосылмаушылық принциптері жолына түскендігін көрсетті және бұған себеп, жоғарыда айтып өткеніміздей, батыстық саясат болды. Бандунг конференциясынан кейін Қытайдан, Лондон мен Вашингтоннан қару ала алмаған Насыр конференция кезіндегі

ҚХР сыртқы істер министрі Чжоу Энлайдың берген ақыл-кеңесін ескере отырып, Кеңес Одағынан қару-жарақ сатып алуға тоқталды. 1955 ж. Насыр мен КСРО сыртқы істер министрі Д.Т. Шепилов кездесуінен кейін КСРО Египетпен келісім жасады. Д.Т. Шепилов алғашқы болып Египет басшыларын Батысқа қарсы тұруда өздеріне қолайлы одақтастар ретінде көре білді. Бұл идеологиялық бағыттағы шешуші өзгеріс болды. Мәскеу енді жаңа араб басқару құрылымдарының коммунистерді аяусыз жазалауларына көз жұмып қарады.

1955 ж. Кеңес Одағының сыртқы істер министрі Д.Т. Шепиловтың Насырмен кездесуінен кейін Орталық комитет отырысының барысы былай деп түсіндіріледі: “Египеттен оралған Шепиловтың іс-сапары талқылануда. Мәселе өте маңызды. Таяу Шығыстағы біздің саясатымыздың принциптері өзгертілуде, бұдан кейін біз енді араб ұлтшылдығын қолдайтын боламыз. Ондағы мақсат арабтардың Еуропамен, АҚШ-пен қалыптасқан қарым-қатынасын бұзу, мұнай дағдарысын қалыптастыру. Мұның барлығы Еуропаны бізге тәуелділікке түсіреді”. 1955 ж. 12 қыркүйекте Чехословакия, Польша және Египет арасында қару-жарақ сату туралы келісімге қол қойылды. Бұл міндетті орындауға Польша да тартылды. Польша Египет флотын модернизациялауға міндеттенді. Мәскеу араб әлемін қару-жарақпен, қаржымен, әскери кеңесшілермен, мамандармен қамтамасыз етуге кірісті [108, 286 б.].

Чехословакиямен келісім бойынша Египеттің қару-жарақтың әр түрін алуы, оның ішінде 80 МиГ-15 ұшағы, 45 бомбалаушы ИЛ-28 ұшағы, 115 ауыр танк алуы қарастырылды. Бұл келісімнен қауіптенген Израиль француз үкіметінен 1954 ж. келісімді қайта қарауды, неғұрлым жаңа үлгідегі Мистер-4 реактивті истребительдерін тасымалдауды талап етті. Израильге бұл қарулар 1956 ж. сәуір айында жеткізілді.

Египеттің Чехословакиядан қару-жарақ сатып алуы Батыс елдеріне ұнамады. Чехословакия қаруымен келісім Кеңес Одағының үгіт-насихатының жеңісі болды. Бұл келісім Кеңес Одағының “қырғи-қабақ соғысында” жаңа майдан ашты. Н.С. Хрущевтің Египетпен қару-жарақ тасымалдау туралы келісімге келуі Америка тарапынан Кеңес Одағының аймақтағы ықпалын күшейтуге бағытталған қадамы ретінде бағаланып, АҚШ-тың Таяу Шығысқа деген қызығушылығын одан әрі арттырды. Г. Киссинджер мұны “Хрущев АҚШ-тың КСРО айналасында орнатқан “санитарлық шекарасын” бұзды және

осынысымен Вашингтонның алдына Батыс жартышарындағы бұрын қауіп тудырмаған аймақтарда Кеңес үкіметіне қарсы тұру міндетін қойды”, - деп жазды [49, 472 б.].

Израиль мен Египет арасындағы жанжалдың негізгі бір себебі – Қызыл теңіздегі Израиль кемелерінің еркін кеме жолы болды. Қызыл теңізге шығу үшін Жерорта теңізіндегі Хайфа портынан шыққан Израиль кемелері Суэц каналы арқылы өтуі керек. Египет Израильге теңіз байланысын жабық етті. 1953 ж. Египет Израильден әкелінетін тауарлар мен Израильге апаратын тауарларға тыйым салды. Израильдің БҰҰ-ға кеме жолын ашуға ықпал ету өтініші 1954 ж. КСРО-ның вето салуымен тұйыққа тірелді. 1955 ж. ақпан айында Израиль Ғаза аймағына шабуыл жасады. Египет әскери бөлімдері қиратылып, Египет жауынгерлері мен офицерлерінің 38-і қаза болып, 30-ы жараланды. Ғаза операциясының жасалуы Израильдің Египетке ашық соғыс жариялауы болды.

1955 ж. қыркүйекте Египет Израильге қарсы қысым шараларын одан әрі күшейте түсті, Египет Тиран бұғазын жауып, оның үстінен өтетін әуе жолын да жабық етті. Тиран бұғазы мен Шарм аш-Шейхте артиллерия орналастырылды. Осылайша Израильдің оңтүстік байланыстары толық кесілді.

1956 ж. мамыр айында Насыр Пекин коммунистік тәртібін мойындады. Мұның өзі американ конгресінің наразылығын тудырды. Насыр бұл әрекетті “егер КСРО, АҚШ, Ұлыбритания, Франция тағы да Таяу Шығысқа кезекті қару-жарақ тасымалдануы туралы эмбарго жариялаған жағдайда қару-жарақ алудың басқа қорлары болуы керек” - деп түсіндірді [40, 155 б.].

1956 ж. 19 наурызда Египетке экономикалық қысым көрсету мақсатында Батыс мемлекеттері Асуан гидроэлектр станциясын салуды қаржыландырудан бас тартатындықтарын мәлімдеді. АҚШ-тан кейін Англия және Халықаралық Даму және Қайта құру Банкі де Асуан құрылысы жобасын қаржыландыруға несие бөлуден бас тартты. Бұған жауап ретінде, каналды пайдалану үшін төленетін салық бірнеше жыл ішінде қажетті қаржыны береді деген есеппен, Египет үкіметі Суэц каналын ұлттандырды. Асуанды қаржыландыру американ конгресінде қайшылықты пікірлер тудырғанымен, бұл келіспеушіліктер қаржыландырудан бас тартудың негізгі себебі болмады. Асуан жобасын қаржыландыру келіссөздері Каирдің 1955 ж. қыркүйектегі Чехославакия, Польшамен жасасқан қару-жарақ сату туралы келісімінен кейін де жүргізілді. Шын мәнісінде АҚШ-ты

өзінің тәуелсіздігін сақтап қалғысы келген Насыр ұстанымы қанағаттандырмады. Жамал Абд Насырдың, “Ерікті офицерлердің” империализмге қарсылығы бастапқыдағы бағыт болмады, ол бірте-бірте кейбір үзілістермен, Египеттің алғашқыда Ұлыбритания, кейіннен АҚШ саясатымен қақтығысқа ұшырауы барысында дамып бекіген бағыт болды.

Суэц каналын ұлттандыру мәжбүрлілік болғанымен, заңды шара еді, енді Египет каналдан түсетін қаржыны ұлттық экономиканы дамыту мақсатында жұмсауға мүмкіндік алды. Оның шетелдік пайдалануы жылына 35 млн. египет фунты көлемінде таза кіріс беретін, ал компания иелері осы қаржыдан Египетке 1 млн. ег. фунтын ғана беретін. Осындай үлкен қаржы қорынан айрылу, әсіресе Азия, Африка, Латын Америка елдерінде инвестициясы бар қаржы капиталы өкілдеріне ұнамады. Империалистерді олардың талан-таражына тоқтау салатын Египет үлгісі шошытты. Баспасөз беттерінде Насырды жазалауға, әскери күш қолдануға шақырған үндеулер көбейді. Англия және Франция үкіметін “америкалық” одақтастар көмектескісі келмесе немесе көмектесе алмаса да батыл әрекет етуге шақырды. Батыс баспасөзі: “Каналды алып алу халықаралық тонауды, қарақшылықты көрсетеді. Егер Насыр батыстық меншікті жазалаусыз тартып ала берудің үлгісін көрсетсе, басқалар да оның соңынан ереді” – деп жазды [92, 21 б.].

Суэц каналы Египет мемлекетінің бір бөлігі болғанымен, оған екі құжат: концессия келісімі мен халықаралық келісім құжаттары қатысты болды. Бірінші құжат бойынша Суэц каналы 1869 ж. түрік сұлтанының расталуымен Египет билеушісі Саид пашаның сыйлық етуімен Фердинанд Лессепске 99 жылға басқаруға берілді. Концессия Лессепстен штаб-пәтерлері Париж бен Каирдегі Египет акционерлік қоғамы болып табылатын теңіздік Суэц каналының Жалпы компаниясына өтті. Компания акциялары Ұлыбритания билеушілерінен бастап қарапайым француз рантьелеріне де тиесілі болды. Бұл құнды концессияның мерзімі өтуіне он екі жыл қалған болатын. Бұл уақыттан соң канал пайдаланылуы қайтадан Египет мемлекетіне өтуге тиіс болды. Насырдың компенсация төлейміз деп уәде бергеніне қарамастан компания құқықтарын ұлттандырумен тең болды. Суэц каналына қатысты екінші құжат 1888 ж. Осман империясын қосқанда (ол кезде Египет Осман империясы басқаруында болған) тоғыз мемлекет арасындағы конвенция болды. Конвенция мүшелері каналды бейбіт және соғыс жағдайында да

барлық коммерциялық және әскери кемелерге ашық ұстауға міндеттенді. Шетелдік державалар қысымымен лоцмандар жұмыстан алынды. Соған қарамастан Суэц каналы жұмыс істеуін тоқтатпады [135].

Суэц дағдарысы бірнеше кезеңдерден өтті. Соғысты бастамас бұрын Египетке жасалған экономикалық санкциялар, дағдарыстан шығудың жолын іздестірген саяси дипломатиялық реттеулер соғысқа дайындық шараларымен бірге жүргізілді. Көптеген деректер Египетке жасалған агрессия жеңілісін АҚШ ұстанымымен байланыстырады. АҚШ Таяу Шығыстағы Англия мен Франция орнын басуға ұмтылғанымен, делдалдық етуі арқылы өзін отарлаушылық әдіске қарсы етіп көрсеткісі келіп, содан ұтып шыққысы келгендігі де белгілі. Бұл тұрғыда Г. Киссинджер: “Трумэн де, Эйзенхауэр де Иран мен Египеттегі британдықтардың әскери қимылдарына қарсы болды, олар мұндай таластарды БҰҰ шешу керек деп есептеді. Шын мәнінде олар өздерінің саясатын британ отарлау саясатының жалғасы іспеттес көрінуін қаламады, бұл саясат тиімсіз деп санады, тіпті Таяу Шығыстағы ұлт-азаттық қозғалыстарды АҚШ-тағы американдық тәуелсіздік соғысына теңеді” - деп жазды [48, 139 б.].

1956 ж. АҚШ қолдауымен Англия және Франция үкіметтері Лондонда Суэц мәселесі бойынша кеңес өткізді. Кеңеске каналды пайдаланушы елдердің тек жартысы ғана қатысты, ал Египет шақырусыз қалған араб мемлекеттерінің қатарын толтырды. АҚШ өкілдері Суэц каналына халықаралық басқаруды енгізу жоспарын ұсынды. Жоспар толық қолдауға ие болмады. Даулы мәселе 5 қазанда БҰҰ ҚК қарауына берілді. Жоспар тағы да Египеттің қарсылық етуімен, КСРО-ның вето салуымен іске асырылмады.

Суэц мәселесін бейбіт жолмен шешу қадамдары сәтсіз аяқталды. Лондон мен Париж мәселені әскери жолмен реттестіру шешімін қабылдады. Израиль Египетпен соғысқысы келгенімен, соғысқа дайын болмады. Египетке кеңес қаруларының әкелінуі күштер тепе-теңдігін түбірлі өзгертті, сонымен қатар Израильдің тағы бір жауы – Ирақ СЕНТО шеңберінде қаруланып жатты. Бұл қару Израильге бағытталмайды деп айтылғанымен, сенімсіз болды. 1956 ж. 24 қыркүйекте Египет-Сирия әскери одағына Иордания қосылды [135].

Израильге үш майданда соғыс жүргізу қаупі төнді. Оған Египет кеңес әскери техникасын толық меңгергенінше, әскерді ұйымдастырғанша соққы беру тиімді болып есептелінді. Израильдіктердің араб қоныстарын шабуылдауына наразылық

ретінде АҚШ 1953 ж. қазанда оларға көмек беруді тоқтатты, АҚШ үкіметін Израиль мемлекетінің арабтарға қарсы тұра алуы күмәндандырды. Израиль Франциядан қару алу арқылы тәуелділікке түсті, алған қару-жарақтың төлемі ретінде соғысқа тартылды. Египетке соғыс ашуда өздерінің әуежайларында француз авиациясының базалық орналасуы арқылы олар қалаларын қорғайтындай француздармен әскери ынтымақтастықта болуға ұмтылды. Сонымен қатар Кипрдағы ағылшын бомбалаушы ұшақтарының Египет әуежайларын бомбалатуы арқылы Англияны да соғысқа тартпақ болды. Нәтижесінде ағылшын үкіметінің Израильмен байланысын құпия сақтағысы келгеніне қарамастан, Бен-Гурионның табандылық көрсетуі арқылы 24 қазан күні Англия, Франция, Израиль үштік агрессиясын бастауға келісімге келді.

1956 ж. 29 қазан күні Израильдің танк батальонымен күшейтілген әуе-десант бригадасы Египет шекарасынан өтті, одан әрі Суэц каналынан шығысқа 110 шақырым жердегі Некль ауданына орналасты. 30 қазан күні таңертең Израиль әскерлері Суэц каналынан 30 шақырым жердегі елді мекенді шабуылдады. Синайдағы шешуші ұрыстарды әуе күштері шешті. Бірінші күннен-ақ Израиль ұшқыштары Египет қалалары Каир, Александрия, Порт-Саид, Суэц елді мекендерін тікұшақпен атқылады. Синайда египеттіктер терең эшаланды қорғаныс жүйесімен қорғалды, өздерінің траншеяларын тікенек сымдармен, миналанған аудандармен қорғады. Алайда Египет танктері әуеден қорғалмады, Ил-28 ұшақтарын бақылайтын кеңес ұшқыштары ұрыс алаңын тастауға бұйрық алды.

Англия мен Франция халықаралық кеме қатынас жолына қауіп төнді деген сылтаумен әскери қимылдарды тоқтатуды талап етті. 31 қазанда одақтастар Египет әуежайларын бомбалап, Египет авиациясын істен шығарды. 2 қарашада БҰҰ ҚК Египетке Ұлыбритания мен Францияның теңіздік және құрлықтық күштерінің шабуыл жасауына жол бермеу үшін және қауіпті жағдайды бақылауға алу мақсатында аймаққа халықаралық күштер енгізуді ұсынды. 2 қарашада соғыс қимылдарының барысында Газа аймағындағы Египет күштері талқандалды, Шарм аш-Шейх гарнизондары мен Тиран тізе бүкті, Эйлат бұғазы ашылды. 5 қараша күні ағылшын-француз әскери күштері Египет жеріне әуе десантын түсірді. Бұл әуе күштерінің күшті қорғалуымен жүргізілді [72].

Үштік агрессияны жүргізуші мемлекеттер БҰҰ және АҚШ қысымымен соғысты тоқтатуға мәжбүр болды. Осыған дейін

Венгриядағы Кеңес әскерлеріне қарсы қимылдарды күшпен басумен айналысқан Кеңес Одағы 5 қараша күні соғысты тоқтату талабына қосылды. Алайда КСРО-ның ракеталық қарумен соққы беру туралы жалған қысым көрсетуі бұл кезде маңызды болмады. Дегенмен өздерінің бұл араласуы арқылы Кеңес Одағы араб әлемінде беделін нығайтты.

Соғыс Англия, Франция экономикасына үлкен шығын мен дағдарыс әкелді, әлемде Батыс ықпалы төмендеді. АҚШ үшін Суэц дағдарысы өзінің келеңсіз салдарларына қарамастан әлемдік жетекшілікке апарар баспалдақтың негізі болды.

Израильдіктер әскери мақсаттарына толық жетпесе де Суэц түбегін толықтай дерлік басып алды. Израиль палестиндіктердің партизан соғысын тоқтататынына кепілдік ала отырып, өзінің әскерлерін Синай түбегінен әкететініне келісім берді, сонымен қатар Тиран бұғазына Израиль кемелерінің өтуіне рұқсат алды. Әлемдік қауымдастық алдында Израиль ұстанымы батысеуропалық жаңа отаршылдықпен байланыстырылды. Насыр ұрыста жеңілгенімен, соғыстан саяси ұтыс жинап, жеңімпаз болып шықты, мұның өзі оның әскери жеңілістерді саяси жеңістерге айналдыра білетін сирек кездесетін шеберлігін көрсетті. Суэц соғысы Египет үшін екі мүмкіндікке: Британия, Франция, Түркия елдерінің өнеркәсіптерін секвестрлеуге және жоспарлы экономикаға жол ашты. Египет көшбасшысы болған Насыр империализмге қарсы күрес жетекшісіне айналды.

“Қырғи-қабақ соғыстың” Таяу Шығыстағы әсерін қорытындылай келе келесідей тұжырым жасаймыз. “Қырғи-қабақ соғыс” жағдайында Таяу Шығыс аймағын өз ықпалында ұстап, осы байлық көзінен айрылып қалмау үшін тырысқан державалар тартысы араб-израиль қолымен қарулы қақтығыстар жүргізіп, аймақ елдерінің тұрақты саяси-экономикалық дамуына кедергі келтірді.

Суэц дағдарысынан кейінгі араб мемлекеттері мен Израиль арасындағы қатынастар ретсіздігі Таяу Шығыстағы барлық саяси ахуалға ықпал етті. 1960-шы жылдар ортасында араб-израиль қақтығысы дағдарыстық шегіне жетті. Бұл кезең әлемнің АҚШ пен КСРО үстемдік еткен екі әскери саяси топқа (НАТО және Варшава шарты ұйымы) бөлінуімен, қырғи-қабақ соғыс рухындағы қақтығыстар мен әлемдік саясаттағы дағдарыстарды әскери саяси тәсілмен шешу басымдылығымен сипатталады.



Кеңес Одағы мен АҚШ-тың өзара бәсекелестік күресі осы аймақта одақтастарды, достарды іріктеп таңдау бағытында жүргізілді. Бұл ретте кеңестік басты өлшем – араб жетекшілерінің империализмге қарсы бағыт ұстанулары, олардың “империализмнің тіміскі әрекеттерімен” ашық күрес жариялауы болды және олар бұл мемлекеттерде уақыт өте келе империализммен байланысы жоқ жаңа әлеуметтік саяси күштер басшылыққа келеді деп пайымдады. Бұл жоспарда әсіресе, барлық Таяу Шығыс аймағына социализм идеясын таратуы мүмкін насырлық Египетке үлкен үміт артты. Ал, АҚШ үшін Израиль аймақтағы батыс саясатының қолшақпары болды. Таяу Шығыстық қақтығыстарға байланысты араб елдерінің ұстанымы 50-ші жылдары қалыптасқан әлемдік тәртіптің ерекшеліктерімен тығыз байланысты болды.

### **1.3 Аймақтағы араб бірлігі мәселесі және Палестина қарсыласу қозғалысына қатысты араб елдерінің ұстанымдары**

Араб әлемі арқа тұтқан Египеттің Суэц соғысынан кейінгі саяси-әлеуметтік дамуы басқа араб елдеріне үлкен ықпал етті. Араб елдерінің тәуелсіздік үшін ұлт-азаттық күресі, саяси дамудағы таңдау жолы арабаралық қатынастарды күрделендірді. Аймақтағы бұл өтпелі кезеңге ірі мемлекеттер саясаты да өз үлесін қосты. АҚШ, Англия, КСРО-ның әскер төгуі аймақтағы жанжалды одан әрі өршітіп, қырғи-қабақ соғыстың күш алуын көрсетті. Англия мен Францияны Орта және Таяу Шығыстағы тарихи ролінен айыра отырып, АҚШ бұл аймақта күштердің орналасуына жауапкершілікті өз мойнына алатынын түсінді. 1956 ж. 29 қарашада АҚШ үкіметі Бағдад пактісінің басшыларын (Пәкістан, Ирак, Түркия, Иран) қарсы ала отырып: “Пактіге мүше елдер аймағының тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қауіп тудыру АҚШ тарапынан шындап қаралады”-деп жариялады. Бұл АҚШ-тың Бағдад пактісіне кіретін мемлекеттерді өзінің қорғауына алатындығын білдірген дипломатиялық әдіс еді. АҚШ-тың соғыстан кейінгі аймақтағы бағыты “Эйзенхауэр доктринасынан” айқын көрінді. Доктрина үштік бағдарлама: АҚШ-тың Таяу және Орта Шығыс елдеріне экономикалық көмегі, әлемдік коммунизм тарапынан болар агрессияға қарсы қорғану және әскери қатынастарда бірігіп әрекет ету бағдарламасы ұсынылды. 10 қаңтардағы жолдауда АҚШ: «алдына барлық ерікті әлемді қорғау міндеттілігін қойғанын» жариялады [59, 145 б.].

1957-1958 жылдарда “Эйзенхауэр доктринасы” Сирия төңірегіндегі шиеленістер, Алжирдегі Францияның соғысы, 1958 жылғы Ливандағы қақтығыстар, монархияны жойған Ирак төңкерісі Таяу Шығысқа үлкен өзгерістер әкелді. Араб елдеріндегі қозғалыстар нәтижесіндегі билік басына келген революциялық ұлтшылдардың жалпы араб бірлігіне қатынасындағы менталитеті әр түрлі мағыналы болды. Араб әлемінің бірлігін сақтау және оны қорғауға дайынбыз деген мәлімдеулеріне қарамастан, отарлық тәуелділіктен құтылған араб елдерінің арасындағы қайшылық тереңдей түсті. Іс жүзінде араб әлеміндегі “мемлекеттік ұлтшылдық” “жалпыарабтық ұлтшылдықтан” жоғары тұрды [88, 16-18 бб.].

Бұған Египеттегі Насырдың алғашқы билік кезеңіндегі жүргізген саясаты да дәлел. Араб бірлігі үндеуі шынайы саясаттан алшақтай түсті. Империализмге қарсы күрес жетекшісі ретінде Насыр

беделі өсе түскенімен, оның әрекетін барлық араб тәртіптері қолдамады. Араб бірлігі үндеуінің негізін 1943 ж. құрылған Сирия араб социалистік партиясы (БААС) қалаған. БААС-тың барлық бағдарламалары араб әлемі мен араб ұлтының бірлігіне сүйенді. 60-шы жылдары БААС екі ұлттық партияға – Сирия және Ирақ БААС партиясы болып бөлінді. Соған қарамастан осымен бір мезгілде, ұлт-азаттық қозғалыс пен араб-израиль қақтығысының өршуі жағдайында араб бірлігі жалпыарабтық ұлтшылдықты дамытуға ықпал етті. Сондықтан да отаршылдықтан кейінгі араб әлемінде біртұтас араб қоғамдастығы құрылу мүмкіндігі туды және арабтарды біріктіру тенденциясы мемлекеттік дәрежеде де қарастырылды.

1958 ж. қаңтар айында Сирияның БААС партиясының панарабтық ұлтшыл бір топ офицерлері Дамаскіде Насырға Египет пен Сирияны біріктіріп басқаруға өтініш жасады. 1958 ж. ақпанда Сирия мен Египеттің бірігуі нәтижесінде Біріккен Араб Республикасы (БАР) жарияланды, мемлекет президенті Г.А. Насыр болды. БАР-ға наурыз айында Йемен қосылды. Насыр Сирия коммунистік партиясы мен Египеттегі солшылдарға қарсы күресті күшейтті, мұның өзі Кеңес Одағымен байланыста алауыздықтар тудырды. АҚШ Египет-Сирия одағына қарсы болмады. Одаққа жауап ретінде ағылшындар қолдауымен Иордания мен Ирақ бірігіп, Араб Федерациясын құрды, алайда бұл одақ ұзаққа бармады. 1958 ж. Ирақтағы монархиялық тәртіпті жойған шілде төңкерісі аймақтағы халықаралық қатынастарға аса ықпал етті [98, 127 б.].

Ирақтағы шілде төңкерісінде генерал Қасым және Ареф басшылығымен мәлік Фейсал II және Нури Саид өлтірілді. Революционерлер арасында коммунистердің болуы Батысты қатты алаңдатып, американдықтар Ливанға, ағылшындар Иорданияға әскерлерін енгізді. Ливан мен Иорданиядағы ішкі жағдай шетелдік араласуды тұрақтандыру факторы ретінде қарастыруға негіз болды.

Арабтардың Бағдад пактісіне наразылығы, қару-жарак келісімі, Асуан су бөгетін қаржыландыру, 1957 ж. желтоқсандағы Каирдегі афро-азиаттық елдер конференциясы, Насырдың КСРО-ға сапарынан кейін Ирақ төңкерісі Кеңес Одағының Таяу Шығыстағы ықпалының артуының тағы бір мүмкіншілігі болып көрінді. Алайда Ирақ 1959 ж. Бағдад пактісінен шығып, Кеңес Одағымен дипломатиялық қатынас орнатқанымен бейтараптық бағыттағы ел болып қалды. Дәстүрлі монархиялық елден республикаға айналған Ирақ көптеген жылдар

әскери билік пен азаматтық саяси қоғам бір-бірімен жауласқан тұрақсыз мемлекет болды.

1961 ж. 28 қыркүйекте Сирия Қарулы күштері төңкеріс жасап, Сирия БАР-дан бөлініп шықты. Сирия мен Египетте ортақ шекараның болмауы Насыр мен БААС партиясы арасындағы көзқарастар қайшылығы, Насырдың аграрлық реформаны жүргізу саясаты және барлық саяси партияларды ортақ партияға, ортақ қозғалысқа айналдыру әрекеті БАР-дың құлауының негізгі себептері болды. БААС партиясының басшысы Мишель Афляк Египет-Сирия одағының тұрақтылығы жолында көп істер атқарды. Насыр мен Афляктың әрқайсысының өз идеяларын табандылықпен қорғауы, өзара бәсекелестігі Сирияның автономия құруға, ал Насырдың билікте монополиялыққа ұмтылуын туғызды. Осы да тағы басқа жағдайлар БАР-дың ыдырауына әкелді. Бұл жолы жалпы араб ұлтшылдығынан “елдік ұлтшылдық” басымдылық көрсетті. Сирия ұлтшылдары жеңіске жетті. Коммунистік партия жетекшісі Халед Багдаш: “Египет пен Насыр Сирияны “ішкі отар елге” айналдыруды көздеді және сол жолда тирандық, рақымсыздық әрекеттерді орнатып, халықты кедейшілікке ұшыратты” деп айыптады. Сонымен қатар Х. Багдаш: “Египет пен Сирияның ыдырауы – араб бірлігінің құлауы емес, бұл демократияға қарсы саясаттың күйреуі” - деді [117, 27 б.].

Араб елдеріндегі дамуға халықаралық қатынастардың аса ықпал етуін аймақтағы жағдайдан анық байқаймыз. 1962 ж. 27 қыркүйекте Йеменде республикалық құрылымды орнату мақсатында төңкеріс жасалып, елдегі имамат билігі жойылды. Йемен араб елдерінің отарлаушылыққа ұшырамаған елдерінің бірі болғанымен онда реакциялық, деспотиялық тәртіп орын алды. Қыркүйек оқиғасы жай ғана сарай төңкерісі емес, орта ғасырдан XX ғасырға, әлеуметік үрдіске жол ашқан төңкеріс болды. Империалистік күштер мен араб реакциясы бірден Йемен революциясына қарсы күш біріктірді. АҚШ пен Ұлыбритания қолдауы арқылы Сауд Арабиясы Йемендегі монархиялық тәртіпті қайта орнату үшін соғысса, Насыр республикалық тәртіпті орнату мақсатында 10 қарашада Йеменге әскерлерін енгізді. Осылайша Йемендегі азамат соғысы екі ірі араб елінің қақтығысуына ұласты [78, 96 б.].

Кеңес Одағынан қолдау алған Насыр Йеменге Египет әскерлерін түсір үшін Мәскеуден АН-12 әскери-транспорт ұшақтарын сұрады. 1962 жылы 11 қарашада КОКП Орталық Комитеті отырысында

маршал Әмірдің Египетке бомбалаушы ТУ-16 ұшақтарын беру өтініші қаралды. Н.С.Хрущев египеттіктердің өтінішін орындамағанымен, кейіннен рұқсат берді. 1963 ж. маусымда Египетпен қару-жарақ тасымалдау туралы жаңа келісім жасалды. Енді Египет екі брондытанк дивизиясы мен Т-54 танктерін, авиация МИГ-12 тосқауылшы-истребительдерін және орта бомбалаушы ТУ-16 ұшақтарын алды.

Насырдың Йеменге 50-60 мыңға дейін әскер енгізуі, Египеттің өзінің қорғанысы мен экономикалық дамуына аса қажет әскер мен қаржының Йеменде тұралауы Египет мемлекетіне көп кері әсерін тигізді. Осы кездегі АҚШ-тың Йемендегі мақсаты Египетті мүмкіндігінше Йемендегі істерге көбірек тартып, осы арқылы оны Израильге қарсы араб елдері күресінен оқшауландыру болды. АҚШ Египеттегі “шілде төңкерісінің” ықпалын Арабия түбегіндегі басқа да елдерге таралуын қаламады. Таяу Шығыстағы ұлт-азаттық көтерілістер нәтижесінде араб елдерінің социалистік бағыт ықпалындағы елдерге айналуы Батысты қатты алаңдатты.

XX ғ. екінші жартысында өз тәуелсіздіктерін алған бірқатар араб елдерінің өзіндік социалистік бағытта даму жолына түсулері бірнеше жағдайларға байланысты болды. М. Афляктің пікірінше, бұл біріншіден, XX ғасырдың екінші жартысындағы араб ұлтшылдығының мәні жат жерлік басқыншылардан ұлтты азат ету күресі болғанымен, оның ұлттық мемлекеттік құрылым бағдарламасы болмады. Екіншіден, бұл кемшілік отаршылықтан құтылған кезде ауыртпалық орталығы әлеуметтік-экономикалық салаға ауысуы кезінде қатты білінді. Үшіншіден, осы кезде әлемде күш алған социализм ұраны ықпал етті. Алайда араб ұлтшылдығының бір санаты – араб социализмі Насыр және басқа да араб жетекшілерінің ұғымындағы “таптық ұғыммен” де, “пролетариат диктатурасымен” де, “дінді жоққа шығарумен” де қатысты болған жоқ. Араб елдеріндегі социалистік таңдау “біртұтас жанұя” құру мүддесімен тығыз байланыста іске асырылды [96, 163 б.].

1965 ж. Насырдың Эр-Риядта мәлік Фейсалмен кездесуі араб әлеміндегі қарама-қайшылықты шешуге, социалистік және дәстүрлі тенденциялы елдерді жақындастыруға ықпал етті. Мұндай араб бірлігі мәселесінің қайта туындауына себеп Израильдің Иордан өзенінің суын бұруы мен Йемендегі соғыс салдарлары болды. 1955 ж. американдықтардың Иордан өзенінің суын әділ бөлісу туралы жоспары арабтар тарапынан қабылданбады. Израиль Иордан өзенінен

алынатын су 1955 ж. жоспар бойынша берілген үлестен аспайтындығына және өзеннің төменгі ағысының мөлшерден тыс тұзданбайтындығына сендіре отырып, солтүстіктен, Галилея ауданынан Негев шөліне су жеткізу мақсатында инженерлік құрылыстар сала бастады.

Арабтар бұл құрылыстардың 1964 ж. іске қосылуы мүмкін екендігін ескере отырып, сол жылы қаңтар айында қайтарымды шаралар қабылдау жөнінде Каирде конференция шақырды. Бұл шаралар Иордан өзенінің екі тармағы: Ливандағы Хасбани мен Сириядағы Баниас су арналарын бұруды қарастырды. Сонымен қатар конференцияда біріккен араб жоғарғы әскери басшылығын құру жоспарланды, мұндағы мақсат – Израиль Баниас құрылысына шабуыл жасаған жағдайда тойтарыс беру және Сирияның қандай да бір өзіндік қадамдар жасауына жол бермеу болды.

Араб шараларының тағы бірі – палестиндік арабтарға егемендік статусын беруді қарастырулары болды. Араб бірлігі бұл істерде де көріне алмады. Мәлік Хусейн палестиндіктерден Иордан мемлекетіне қауіп тудырады деп сескенсе, Сирия, Ливан өз жерлерінде Египет әскерлерінің орналасуынан шошыды. Фейсал Иран шахымен, Хусейнмен кездесіп, Батыстан ірі көлемде қару алуға келісті. Осылайша 1964 ж. Александриядағы, 1965 ж. Касабланкідегі жалпыарабтық кеңестерге қарамастан, бұл жылдар араб бірлігі мен Насыр беделінің төмендеу жылдары болды [84, 29 б.].

Араб әлемі Палестинадағы саяси ахуалды, Палестина болашағы туралы БҰҰ талқылауларын ыждаһаттылықпен бақылады. Пікір-таластар мен кеңестер барысында Палестина мәселесі олар үшін араб және еврей қауымдары арасындағы ішкі саяси қайшылықтар ғана емес екенін көрсетті. Араб елдерінің ресми ұстанымы Александриядағы бас қосуда Англия үкіметі кеткеннен кейін Палестина қай елдің құрамына кіретінін талқылаған кеңесте көрінді.

Араб елдерінің Палестина мәселесін шешу мақсатында қарастырылған шаралары 1963 ж. қыркүйектегі АЕЛ-дың қабылдаған ұсыныстарына негізделді. Араб әлемі палестиндіктердің заңды құқықтарын орнатудың тиімді шешімі палестиндік қарсыласу қозғалыстарының біртұтас ұйым шеңберінде саяси бірігіп күшеюі екендігін түсінді. Сонымен қатар, араб елдері басшылары, әсіресе Египет, Сирия, Иордания мұндай бірігудің салдарларын түсіне отырып, палестиндік қарсыласу қозғалысын өздерінің саяси-идеологиялық ықпал ету аясына тартуға ұмтылды. Палестина

қарсыласу қозғалысына деген мұндай екі жақтылық “Палестина құрылуы” жобасында да көрінді [7, 376 б.].

“Палестиндік құрылу” жобасы Палестина араб халықтарының өзіндік құрылымын, ұлттық-саяси бірлігін көрсеткенімен, онда нақты территориялық негіз болмады. Өзінің егемендігін ешқандай бұрынғы мандаттық Палестина бөлігіне тарата алмаған бұл “құрылу” құрылымдық жоспарда палестиндік қарсыласудың саяси және қарулы күрес үрдісінің өзіне байлаулы болды. Бұл күрес Иордания және басқа да Израильмен көрші араб елдері жерлерінен ұйымдастырылып іске асырылуға тиіс болды. “Палестина құрылуының” мұндай жағдайы оның бақылауда болу мазмұнын көрсетті. Осылайша, араб елдері бұл жобаны ұсына отырып, палестиндік қарсыласу қозғалысының ішкі-сыртқы саяси міндеттерінің мазмұны мен бағыттарына, атап айтқанда, арабаралық саясаттарына, Израильмен қақтығысы мәселесіндегі нақты ұстанымдарына қарай отырып, олардың қарулы күресінің өрісі мен дамуын реттестіріп отыруға ұмтылды.

1964 ж. 28 мамырда Шығыс Иерусалимде Палестин Ұлттық Кеңесінің (ПҰК) 1-ші сессиясы шақырылды. Кеңеске Египет, Иордания, Сирия, Ливан, Ирак, Парсы бұғазы жағалаулары елдерінің жергілікті комитеттерінен жіберілген барлығы 388 делегат қатысты. Осы кеңесте Палестинаны Азат Ету Ұйымының (ПАЕҰ) құрылғаны туралы жарияланды [9, 346 б.].

ПАЕҰ-ның бағдарламалық құжатына айналған Палестина Ұлттық Хартиясының 4-бабында: “барлық палестиналықтар – ПАЕҰ-ның мүшесі, Палестина халқы –осы ұйымның тірегі”-деп жазылған. Хартияның 26-бабында: “ПАЕҰ Палестина халқының азаттығы жолындағы қозғалысқа жауапты, Палестина азат ету күресін арабтық және халықаралық форумға шығарылуы қажет етілген жағдайда оны қолдайды және оған жауапты болады”, - делінді. Кеңес ПАЕҰ-ның әскери таралымы – Палестина Азат Ету Армиясын (ПАЕА) құру шешімін қабылдады. Насыр ықпалымен құрылған ПАЕҰ-ға Израильдің Иордан өзеніне байланысты жоспарына қарсы тұру міндетін атқару да жүктелді. ПАЕҰ-ның құрылуымен палестиналық қарсыласу қозғалысы өзінің тәжірибелік қызметі мен дамуында неғұрлым сапалы жаңа кезеңге өтті [9, 349 б.].

ПАЕҰ-ның құрылуын қарсыласу қозғалысының топтары қолдағанымен, оларды араб жетекшілерінің саяси аспектіге баса назар аударуы, араб жетекшілерінің қысымы объектісіне айналу

мүмкіндігі алаңдатты. ПАЕҰ-ны құра отырып, Египет өзінің ұстанымындағы жауапкершілікті палестиндік саяси ұйыммен бөлісуге ұмтылды, алайда бұл кезде Жоғарғы араб комитеті жұмысын тоқтатып, қарсыласу қозғалысындағы тәуелсіз ықпалды ұйым – ФАТХ қарулы күресті қолдады. Ал Жамал Абд Насыр Палестина мәселесін шешуде Израильмен ірі соғыс ашуды авантюристік әрекетке балап, экономикалық және саяси күрес әдісін ұсынды. Ол: “қазіргі кезеңде шиеленісті саяси реттестіру келіссөздерін жүргізу арқылы шешу емес, Израильдің Палестинаға байланысты БҰҰ қарарын орындауы маңызды” - деп атап көрсетті [81, 136 б.].

ПАЕҰ-ны құруға радикалды бағыттағы Иордания мәлігі Хусейннің келісім берудегі мақсаты – аймақтағы Сирия ықпалының күшеюіне жол бермеу, сонымен қатар Египет ұстанымын радикалды талаптарға қарсы қоя отырып, Египет беделін төмендету болды. ПАЕҰ-ның басқару құрамына кандидатураларды ұсынуда ұстамдылық бағыттағыларды күшейте отырып, Хусейн өзі үшін екі маңызды мәселені шешті. Біріншіден, ұстамдылық бағытындағы ПАЕҰ-ны басқа палестиндік қарсыласу ұйымдарына қарсы қоя отырып, өзі билеп отырған тәртіпке қауіп тудырап Палестина қарсыласу қозғалысының бірігу үрдісіне кедергі келтірді. Екіншіден, Египет-Сирия алауыздығына байланысты Палестина факторында Египет беделінің өсуі Сирия ұстанымының әлсіреу есебінен жүргізілді. ПАЕҰ-ның алғашқы төрағасы А. Шуқейри: “ПАЕҰ өзінің алдына Иордан өзенінің Батыс жағалауын Иорданиядан бөлу мақсатын қоймайды, ПАЕҰ сионистер бақылауындағы Палестина бөлігін азат етуді қамтамасыз етеді” деп мәлімдеді [35, 25 б.]. Мұның өзі ПАЕҰ-ға кірмеген палестиндік ұйымдар мен ПАЕҰ-ның барлық Палестина жеріне егемендігін орнатуды қалаған сириялықтар тарапынан қатты сынға алынып, қарсылыққа ұшырады. Сирия ПАЕҰ-мен тығыз байланыс орнату және Палестина қарсыласу қозғалысына өзінің идеологиялық және саяси ықпалын күшейту мақсатында ПАЕҰ-ға ресми кірмеген ұйымдарға қолдау көрсету бағытына көшті.

ПАЕҰ-ның көзқарастарымен келіспеген ФАТХ ПАЕҰ-ға кіруден бас тартты. ФАТХ-ты құрушылар өздерінің бастамасын іске асыруда жалғыз болған жоқ. Палестина қарсыласу қозғалысының алғашқы ұйымдары 1948 ж. соғыс кезінде құрылған болатын. Олардың ішіндегі ең ірілері – әл-Жиһад әл-Муқаддас және Абтал әл-Ауда ұйымы болды. Алғашқыда ұйым мүшелері аймақтағы



сионистік топтарға қарсы шықса, соғыс аяқталғаннан кейін қалыптасқан жағдайға байланысты олардың міндеттері өзгерді. 1950-ші жылдарда алғашқы партизандық топтар құрылды. Араб елдерінде палестиналық партизандарды көбінесе фedaиндар деп атайды, яғни, өзін-өзі құрбандыққа шалуға даяр адамдар дегенді білдіреді.

Осы кезде палестиналық босқындардың ең аз санын қабылдаған Египетте Палестина ұлттық қозғалысының дамуына қолайлы жағдайлар туған болатын. 1950 ж. Египетте 7 мыңнан 10 мыңға дейін палестиндіктер өмір сүрді. 1952 ж. шілде төңкерісінен кейін Египет елдегі палестиндіктердің адвокат, дәрігер болып жұмыс істеуіне және университетте төлемақысыз оқуларына мүмкіндік жасады. Осындай мүмкіндіктерді пайдаланушылардың қатарында болашақ Палестинаны Азат ету Ұйымының жетекшісі Ясир Арафат та болды. 1952-1956 жж. Каирдегі Палестина студенттері одағының президенті болған Ясир Арафат 1957 ж. Кувейтке келіп құрылыс фирмасын ашты. Ол Кувейт палестиндіктеріне арқа сүйей отырып, мұнай өндіруші араб елдерімен байланыс орнатуға, олардан қолдау табуға тырысты. Дамып келе жатқан мұнайлы Кувейт белсенді палестиндіктерге саясатпен де айналысуға мүмкіндік берді. Арафат және оның төңірегіндегілер 1958 ж. Палестинаны Азат ету Қозғалысын (ФАТХ) құрды. Басқарушы орган – Бас секретариат, ұйым төрағасы Ясир Арафат болды. ФАТХ ұйымы өзіндік демократиялық институттарын құрды, оның ішінде ең үлкен өкілеттік етуші 1200 адамнан тұратын ФАТХ Конгресі болды [95, 123 б.].

Ұйым жетекшілері ФАТХ базаларын көбінесе араб елдерінде құрды, алғашқы оқу-тәжірибелік лагерь Алжирде орналасты. ФАТХ ұйымының таптық әркелкілігі оның идеологиялық платформасының айқын еместігін көрсетті. ФАТХ-тың сол қанаты жұмысшы табынан шыққандардан, кедейленген шаруалардан, кәсіподақ қызметкерлерінен тұрды. Я. Арафат, Ф. Қаддуми өкілдері болып табылатын орталық қанатқа ұсақ буржуазия мен орта топ жатқызылды. Көбісі шетелде тұратын жағдайы жақсы палестиналықтар ФАТХ-тың оң қанатын құрды. Күрес қорытындысы ретінде ФАТХ Палестина мемлекетінің құрылуын санады. 1961 ж. Израильге шабуыл жасауда Сирия, Иордания, Ливан шекаралары жақын болғандықтан ФАТХ өз орталығын Дамаскіге ауыстырды [96, 169 б.].

Египеттегі шілде төңкерісі, Ирак революциясы, БААС партиясының ықпалы араб әлемінде қайтадан Палестинаны азат ету идеясына жалпыарабтық сипат бере бастаған еді. Алайда палестиндіктердің Египетке қарап бағыт ұстануы 1961 ж. кейін өзгерістерге ұшырады. Араб елдері бірлігінің рәмізі болып саналған Египет-Сирия Бірлестігі ыдырады. Бұл араб бірлігі идеясының өміршендігін жоққа шығарды. Араб елдері күштері мен социалистік ынтымақтастық елдері қолдаған Алжирдің көп жылдар бойғы тәуелсіздік үшін күресі Алжир халқының өзінің тікелей күресінің нәтижесінде жеңіспен аяқталды. Осы оқиғалар, әлем оқиғалары қайтадан палестиндіктерді және Палестина көсемдерін дербес палестиндік ұлт-азаттық қозғалысты дамытуға ұмтылдырды.

ПАЕҰ Араб елдері Лигасына тәуелді болды, АЕЛ оның іс қимылын бақылап отырды, кейіннен ұйым басшысы Ахмед Шукейри айтқанындай: “әрбір маңызды шешім мен саяси қадам алдында ол Насырмен ақылдасуға тиіс болды”. Ғаза аймағының палестиндіктерге өтуінен қауіптенген Египет оларды диверсиялық әрекеттер арқылы да өз мақсаттарына пайдалана отырып, күн өткен сайын Ғаза аймағындағы палестиндіктердің наразылығын өршітті. Баспасөз беттеріндегі палестиндіктердің құқықтарын орнату туралы жарияланымдар жиі жазылды. [35, 105 б.].

ФАТХ ПАЕҰ-ны Насыр мүдделеріне қызмет ететін Египет жетекшісінің құралы ретінде сынай отырып, өздерінің олардан тәуелсіз екендігін көрсетуге тырысты. Екі ұйымды мұндай салыстыру Насыр ықпалының күшеюінен қауіптенген араб тәртіптерін қанағаттандырды және олар ФАТХ-ты қаржыландыруда көмек берді. Бұл кезеңде ФАТХ Батысқа қарсы көзқарастағы ұйым болмады, мұндай бағыттағы ұйым - Палестина құқықтарын орнатуды ең алдымен араб елдеріндегі Батысты қолдаушы араб үкіметтерін құлатудан бастағанды жөн көрген Ж. Хабаш бастаған – Палестинаны Азат етудің Ұлттық Майданы (ПАЕҰМ) болды.

ФАТХ ұйымына өзінің өмір сүруін, өзінің күшін кең түрде жариялау өте қажет болды. 1964 ж. 31 желтоқсанда ФАТХ ұйымы өзін қоғамға жария ету қажеттілігінен төрт акция жүргізуді жоспарлады: 1) Иордан өзенінің батыс жағалауынан, Ливан мен Ғаза секторы жағынан Израильге соққы беру үшін әскер енгізді. Бұл үшін Иордан өзенінен суды тартуға байланысты жұмыстар үшін объектілер қарастырып алынды. 2) Ливан территориясынан басып кіруге арналған бір топты Ливан қауіпсіздік күштері тұтқындады.

Египет полициясы кіріскендіктен Ғаза аймағындағы партизандық акция да іске асырылмады. Екі топ өздерінің мақсаттарына жетті. Олардың жарылыстары үлкен зиян әкелмесе де, осы соққылар арқылы ФАТХ өзінің өмір сүруін жария етті [81, 60 б.].

1965 ж. 1 қаңтарда ұйым өзінің осы алғашқы екі жемісті акциясынан хабардар етер әскери коммюникесін жариялады. Акцияға жауапкершілікті ФАТХ “Әл-асифа” деген атпен өз мойнына алды. Израиль әскери басқыншыларына қарсы алғашқы жемісті қарулы күресті ФАТХ әскери ұйымы жүргізді, сондықтан бұл күн Палестина қарсыласу қозғалысының (ПҚҚ) туған күні деп аталды.

ФАТХ ұйымының мұндай әрекеттері араб мемлекеттері басшылары тарапынан қолдау таппады, олар мұндай әрекеттер Израильді қайтарымды соққы беруге итермелейді және ол араб елдерінің әскери күші мен соғысқа даярлығын әлсіретеді деп ойлады. Ахмед Шуқейри ПАЕҰ атынан ФАТХ-ты араб әскери күштерінің қатарын ыдыратумен айналысады деп ашық айыптады. 1965 ж. 27 мамырда Израиль қарулы күштері шекарадан өтіп ФАТХ базаларын атқылады. Бұл қайтарым соққы Иордан басшылығына ФАТХ мүшелерін тұтқындауға сылтау болды, кейін жүздеген ұйым мүшелері Хусейннің түрмелерінде отырды. ФАТХ ұйымының диверсиялық әрекеттерінің айқын бір қорытындысы - араб елдерінің Израильмен соғысқа тартылуы болды.

1966 ж. ақпан айында А. Шуқейри Мәскеуге келді. Қару-жарақпен, қаржымен көмек көрсетуді өтінген Шуқейриге Мәскеу жауап беруге асықпады. Басты мақсаттары Израильді құрту, экстремистік әдістерді қолданушы, Қытаймен достық қарым-қатынаста болуға тырысқан бұл ұйымға Мәскеу сақтықпен қарады. 1966 ж. 12 қараша күні А.А. Громыко Орталық Комитетте: “Қытаймен байланысы бар ПАЕҰ-ның басшысы А. Шуқейри соңғы кездері араб елдерінде белсенді түрде әрекет етуде”-деп, атап көрсетті. Шуқейри Алжирдегі пресс-конференцияда: “Палестина мәселесін әскери жолмен шешу мақсатындағы күресте ПАЕҰ өздеріне қару-жарақ тасымалдап, әскери кадрлар дайындауда көмек көрсетіп отырған ҚХР қолдауына сүйенеді”- деп мәлімдеді. Көптеген қиыншылықтар тудыруына қарамастан, ПАЕҰ Сирия, Ирак, Иордания аймақтарында олардың ықпалды топтарының қолдауына ие болып отыр. Айта кететін жайт, осының барлығының артында Таяу Шығыста палестиндік партизандарды дайындаудағы қытайлар

белсенділігі тұр, олар “екінші Вьетнамды” ашуға ұмтылып отыр”-деп хат жолдады [107, 185 б.].

Қытай Таяу Шығыстағы шиеленісті күшейте отырып, КСРО мен АҚШ байланысын қақтығысқа жеткізуге тырысты. Мәскеу сонымен қатар ПАЕҰ-ны есепке алмау оларды “жеңіс билік және партизандық соғыс арқылы келеді” деп сендіруге тырысқан Қытай құшағына итермелейтінін түсінді. Кремльдің ПАЕҰ-ға қатынасы 1967 ж. соғыстан кейін өзгеріп, олармен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.

ПАЕҰ басшылығындағы Шуқейри кезіндегі жікшілдік 1966 ж. соңында айқын бола түсті. Шуқейридің ерікті және еріксіз әрекеттер арқылы Палестина қарсыласу қозғалысы күресінің белсенділігін шектеуі оған белсенді қайраткерлер: ПАЕҰ-ның Бейруттегі басшысы Шафиқ әл-Худ пен ПАЕҰ қолбасшысы генерал Уаджих әл-Маданиді де тікелей қарсы қойды. 10 қарашада ФАТХ әскерілерінің ұйымдастыруымен Хеброн жанында израильдіктердің қаза табуынан кейін, оған қайтарымды жауап ретінде 25 қарашадағы израильдіктердің Иорданияның Самуа бейбіт тұрғындарына қарулы шабуылы израиль-палестин-иордан қайшылықтарын күшейтіп, дағдарысқа тіреді. Ахмед Шуқейри ПАЕҰ Атқару комитетін таратып, Революциялық кеңес құрды. [80, 64б.] Бұл арқылы Шуқейри Иорданиядағы Палестина қарсыласу қозғалысы мен Иордан үкіметі арасында қалыптасқан қайшылықты жойғысы келді. Сонымен қатар бұл қадам араб елдерінің қарсыласу қозғалысының Израильге қарсы қарулы күресіне селқостық танытуын өзгертуге бағытталған, оларды нақты, батыл қадамдар жасауға мәжбүрлеудің тағы бір әрекеті болды. Сирия басшылығы Шуқейридің бұл әрекетін қолдамады. Палестинаны азат ету күресінде Сирия басты орында тұрғанымен де, олар Израильмен ірі масштабты қақтығысқа бару – араб әлемінің бірігу үрдісі арқылы ғана іске асырылуы мүмкін деп қарады. Ахмед Шуқейри әрекеті нәтижесіз аяқталып, ол 1967 жылы биліктен кетуге мәжбүр болды.

Палестинаны азат ету ісінде жан-жақты қолдау іздеген ПҚҚ өзінің күш ала бастаған алғашқы жылдарында екі қиялдың тұтқынында қалды. ПҚҚ Израиль жаулап алған жерлерде ауқымды партизан соғысын жүргізуге үміттенді және бұл соғыста Израильмен шекаралас араб елдерінің қайсы болса да, әсіресе Иордания мен Ливан партизандық отрядтардың орталығы бола алады деп сенді. Бірақ, олардың бұл сенімдері шынайы жағдаймен қақтығысқанда-ақ

жоққа шықты. Палестина қарсыласу қозғалысының қозғаушы күштері Палестинаны азат ету ісінде біртұтастық идеологиясын сол кезде неғұрлым беделді болған насырлық және араб ұлтшылдығынан да іздеді. Осылардың барлығы палестиндіктерді және олардың көсемдерін өздерінің күшіне сенуге, жоспарларын өзгертіп отыруға итермеледі. Жаңа азат ету топтары құрылды. Алайда бұл топтар арасындағы қайшылықтар, іс-қимыл бірлестігінің болмауы оларды көп қиындықтарға кезіктірді. Дегенмен күнделікті объективті және субъективті тұрғыда туындап отырған қарсылықтарға қарамастан палестиналық қарсыласу қозғалысы өзінің дамуына жол таба білді. Саяси және басқа да күш салу арқылы Таяу Шығыстағы жағдайды реттестіру шеңберінде палестиналықтар жеке саяси қадам жасай бастады және уақыт өткен сайын бұл қадам шындала түсті [80, 91 б.]

Таяу Шығыс мәселесіне қатысты араб елдерінің ұстанымына Египеттің әсерін зерделей отырып келесідей тұжырым жасаймыз. 1956-1965 жылдар араб-израиль қақтығысында салыстырмалы түрде тыныштық кезеңдері деп саналғанымен араб әлеміндегі жағдай тұрақсыз болып қала берді. Суэц дағдарысынан кейінгі араб мемлекеттері мен Израиль арасындағы қатынастар ретсіздігі Таяу Шығыстағы барлық саяси ахуалға ықпал етті. Г.А. Насырдың араб бірлігі мәселесі араб елдерінің сыртқы саяси ұстанымдарына әсер етті.

XX ғасырдың екінші жартысында өз тәуелсіздігін алған бірқатар араб мемлекеттерінің даму бағытында өзіндік исламдық социализм тенденциясы басым болды. Араб қоғамдық ой-санасында панарабтық идеологияның орнын насеризм идеологиясы алмастырды. Бірақ, насырлық бірігудің үлгісі болған БАР-дың тоқырауға ұшырауы 1960-шы жылдардағы араб бірлігінің осал тұстарын айқындап өтті. Араб елдерінің әкімшілік-экономикалық біртұтастығы ғана емес, ортақ саяси мәселелерде де ортақ ұстанымдарының жоқтығы байқалды. Бұған дәлел, Палестина қарсыласу қозғалысының қалыптасуына ықпал ете отырып, араб елдерінің оны өз саясаттарына қолайлы етіп пайдалануға және оны бақылауға ұмтылуы. Ал бұл өз кезегінде ПАЕҰ-ны, Палестина қарсыласу қозғалысының іс-әрекеттерін белгілі дәрежеде араб мемлекеттік тәртіптері мен саяси басшыларына тәуелділікке түсірді.

#### **1.4 1967 ж. «алты күндік» соғыс. Шиеленісті реттестіру жолындағы халықаралық күрес**

1967 ж. маусымдағы араб-израиль соғысы Таяу Шығыс тарихының даму кезеңі мен араб-израиль қарым-қатынастарының дамуында үлкен орынға ие. Соғыс салдарларының Таяу Шығыстағы кейінгі бейбіт үдерістер ағымына тигізген әсері үлкен болды. Таяу Шығыс шиеленісінің жиынтығына жаңадан жаулап алынған жерлер мен Иерусалимнің статусы секілді күрделі мәселелер қосылды. «Алты күндік соғыс» палестиналық босқындардың ахуалын Палестина халқының ұлттық құқықтары деңгейіне дейін жеткізіп, оны әлемдік саясаттың өзекті мәселелерінің бірегейіне айналдырды.

Араб-израиль қақтығыстарының осы уақытқа дейін толастамауы, Таяу Шығыс жанжалының реттестірілмеуі, соғыстың халықаралық бейбітшілікті дағдарыстық деңгейге жеткізуі, мұсылман елдеріндегі ахуал мен әлемдік экономикалық жүйеге әсер етуі – Таяу Шығыстың саяси картасын өзгерткен алты күндік соғыс тарихын қайта қарастырудың маңыздылығын айқындай түседі. Соғыстың басталуы мен барысына, одан кейінгі аймақтағы халықаралық жағдайдың қалыптасуына басты ықпал еткен факторлар: екі алып империяның, олардың аймақтағы одақтастарының ұстанған саясаты мен мүдделері болды. «Қырғи-қабақ соғыс» шарттары мен толассыз кеңес-американдық қақтығыстар аймақтағы жағдайды одан әрі күрделендіре түсті.

«Алты күндік соғыс» себептері араб-израиль тарихнамасындағы даулы мәселелердің бірі. Соғысты бастаған Израиль әскери қимылдарды бастауға мәжбүрлілік себеп болды деп ақталса, араб елдері барлық кінәні Израильге аударады. Соғыс алдындағы жағдайды толық бақылау мүмкін болмағанымен, соғыс кейдейсоқ болған жоқ. Соғыс араб-израиль қақтығысындағы араб және израиль басшыларының шынайы мүдделерінің үйлеспеушілігі, египеттік амбиция, Сирия радикализмі, Израиль басшылығының айлакерлігі, арабтық өзара араздық, американдықтарды вьетнамдық мәселелердің қобалжытуы, кеңестік қауіптену сияқты тізбектелген реакциялар нәтижесі болды [151, 364 б.]

Израильдіктердің көпшілігі арабтар тарапынан кек қайтарудың болатынын және Израильдің қауіпсіздігі арабтарға қарсы жүргізіліп тұрар кезеңдік әскери қимылдарға байланысты екенін түсінді. Израиль аймақтағы американдық мүддемен санасқанымен, өз мақсат-

мүдделеріне қарай әрекет етті. Дегенмен олар толық тәуелсіз күш бола алмады. Өзінің өмір сүруінің алғашқы жылдарында-ақ Израиль билеушілерінің “батыстық бағытқа” сүйенуі оларды араб елдерінің тәуелсіздігі жолындағы күрестеріне қарсы тұрар Таяу Шығыстағы батыстық аванпостыға айналдыруға мүмкіндік берді [76, 231 б.]. Сонымен қатар, Израиль әлсіз экономикалық жағдайына байланысты ірі сионистік ұйымдардың қаржылай көмегіне тәуелді болды. Экономикалық тәуелділік Израильдің ішкі саясатына, мәдениетіне үлкен шығын мен кедергі келтірді. Израиль билеушілері “мемлекеттік мүдделерінің сақталуын” талап ете отырып, араб елдерінің артта қалуы мен бытыраңқылығын қалады. Арабтардың Батыстан азаттық алу әрекеттерін қолдамау – Израиль саясатының аксиомасына айналды.

Израиль Сирия мен Египетке жасалар агрессия Батыс тарапынан моральдық, саяси және экономикалық қолдау табатынына сенімді болды және олар қателеспеді. Ақ Үй және Пентагон американдық мүддеге қайшы келер араб тәртіптеріне қарсы шығушы елдерді бағалай білді. Израиль Қорғаныс министрі Абба Эбан естелігі бойынша, КСРО-ның да әскери араласпау ұстанымы олардың соғысты бастауларына ықпал етті [149, 67 б.]. Израильдің өз күшіне сенуі қарсыластарының жікке бөлінушіліктері арқылы және Франция, АҚШ, Ұлыбритания қолдауы арқылы бекіді.

1956 ж. кейінгі он жыл шамасында феодиндарды қуу нәтижесінде Израиль-Египет шекарасында қарулы қақтығыстар болмады, израильдіктер жаулап алған жерлерге өз құқықтарын бекітпей-ақ ол жерлерді пайдаланды. 13 мың тұрғыны бар Эйлат портты қалаға айналып, Израильді Суэц каналы блокадасының салдарларынан қорғады. 1953 жылдан елді әскерилендірудің арнайы жоспарын іске асыра бастаған Израиль 1960-шы жылдардың ортасына қарай үлкен экономикалық жетістіктерге жетті. Экономиканы қаруландыруда 1965-1966 жж. ашық әскери шығын бюджеттің 40-46% құрады және олар қосымша құпия қаражатпен толықтырылды. Израильге Америка қару-жарағы Джонн Кеннеди кезінен сатыла бастады. 1962 ж. желтоқсанда Голда Меирдің Палм-Бичтегі (Флорида штаты) Дж. Кеннедимен кездесуінен кейін Израильге жаңа “Хок” реактивті снарядтары, “Скай-хок” бомбалағыштары, “Паттон М-48” танктері, Англиядан әскери теңіз кемелері мен “Центурион” танктері сатылды [79, 178 б.].

Батыс Германияның екінші дүниежүзілік соғыс кезінде еврейлерге жасалған қысымдары үшін репарация төлемі негізінде 1967 ж. 2 млрд доллар көлемінде бөлген несиесін Израиль әскери тікұшақ, танк, суасты қайықтары, басқа да қару-жарақ сатып алуға және әскери зауыттар мен шеберханалар салуға жұмсады. Сонымен қатар Германия Федеративті Республикасында Израиль әскери мамандары арнайы даярлықтан өткізіліп отырды. Шетел әскери мамандарының берген бағамына қарасақ, 1967 ж. Израильде 1100 қазіргі заманғы американдық және ағылшын танкісі, 450 әскери тікұшақ, ал әскер саны 1956 ж. салыстырғанда 50 мыңнан 1967 ж. 250 мыңға дейін өскен [134, 165 б.].

1967 ж. Израильге әртүрлі саладағы мыңдаған американдық “ерікті” әскери мамандар келіп жатты. Олардың көбі Вьетнам соғысына қатысқан, әскери тәжірибесі мол мамандар болды. Осындай әскери техникамен, материалдық және қаржылай көмекпен жан-жақты қамтамасыз етілген Израиль араб елдеріне қарсы басқыншылық әрекетке дайындықтарын жандандыра түсті.

1957 ж. Франция, АҚШ, Ұлыбритания елдерінің Тиран бұғазын халықаралық су жолы деп және ол арқылы Ақаба түбегіне еркін өтуді қамтамасыз етуге шаралар қолданатынын жариялаулары кезекті араб-израиль қақтығысын біраз бәсеңдеткендей болғанымен, 1966-1967 жж. Сирия және ФАТХ ұйымдарының қарулы қысымдарының күшеюінен жағдай күрт өзгерді. Иордания мен Ливан жерлерінен жасалған бұл әрекеттерге Израиль 1966 ж. 14 шілдеде Сирияның Алмагор, 25 қарашада Иорданияның Самуа жерлеріне қайтарымды соққылар берді. 1967 ж. 7 сәуірде Израиль механизаторының атылуына байланысты Израиль оқ атумен жауап берді. Оқиғаға Сирия артиллериясы қосылып нағыз шайқас басталды. Израиль армиясы Сирия артиллериясына әуеден де, жерден де шабуыл жасап, оны жоюға тырысты. Сириялықтар әуе ұрысында кеңестік 6 истребительді жоғалтты. БҰҰ мәліметтеріне қарағанда Израиль мемлекетінің құрылуынан кейін, Израиль әскерилері Сирия шекарасында 4600 әскери қақтығыс пен арандатушылық әрекеттерді іске асырған екен [107, 158 б.].

Сирияны одақтас болуда маңызы басым ел деп қарастырған КСРО оларға төнген қауіптің алдын алу мақсатында шаралар қарастырды. Мамыр айының 12-сі күні Мәскеуге келген Ануар Садатқа КСРО сыртқы істер министрінің орынбасары В.С. Семенов «Израиль әскерлері Сирия шекарасына орналасуда, соғыс 5 күннен



кейін басталуы мүмкін» екендігін ескертті. Кеңестік сыртқы барлау резидентурасы Израиль күштерінің шабуылға дайындығы туралы ескертулерді жасауда фактілік деректерге сүйенді. Израиль тарапынан Тель-Авивтегі кеңес елшісіне мұндай мәліметтердің негізсіз екендігі айтылды, Сирия шекарасына барып жағдайды көру ұсынылды. Кеңес елшісі мұндай жағдайда бәрібір Израиль әскери техникасы және жауынгерлері шоғырланбаған жерлер көрсетілетін болғандықтан бұл ұсынысты қабыл алмады [22, 267 б.].

Осы ескертулермен қатар, Кеңес Одағы Египет басшылығына соғысты бірінші болып бастауға қарсылық білдірді. Нәтижесінде Израильдің тұтқиылдан жасалған шабуылы арабтарды осы соғыста жеңіліске әкелді. Кеңес Одағы араб елдерінің Израильмен ірі соғыс ашуларын қаламады, олар ең алдымен АҚШ-ты тағы бір вьетнамдық арандатушылыққа ұрындырғысы келді. Көптеген адамдар Кеңестер Одағы әрқашан Израильге арабтарды қарсы бағыттаған алабөтен саясат жүргізіп отырды, кеңес дипломатиясының қызметі біржақты болды, Таяу Шығыстағы қақтығыстардың әскери әрекеттерге ұласуына дәл Кеңес Одағы себепкер болды деп есептейді. Кеңестер Одағы 1967 ж. болған қанды соғыстың жақтасы, тіпті ұйымдастырушысы ретінде жиі айыпталады. Осы орайда ғалым К.К. Қожахметов: «КСРО шиеленісті тереңдетуге тырысып, арабтардың тағы да бір соққыға жығылғанын күтті. Сонда оларды одан әрі өз ықпалына тарту жолы ашылар еді» - деген пікір білдіреді [114, 95 б.].

Израиль Қарулы Күштерінің мүмкіншіліктеріне шек келтірген КСРО Қорғаныс министрлігі «Египет Израильді талқандамаған күнде де Кеңестік қарудың күшін көрсетеді, ал бұл Кеңес Одағының Таяу Шығыстағы беделі мен ықпалын нығайтады» деп есептеді. КСРО басшылары 1967 ж. соғыстың кең көлемде жүргізілуіне жол бермеуге тырысты, сондықтан оларға Насырдың осы кездегі Израильге қысым көрсету әдісі тиімді болып есептелінді.

Насыр Израильге ескерту соққысын беру алдында кеңестік достарымен ақылдасып, олардың келісімін алу үшін Мәскеуге өзінің әскери министрі Шамс Бадранды жіберді. Кеңестер Одағы жағынан келіссөзді А.Н. Косыгин жүргізді. Келіссөзге сонымен қатар Сыртқы істер министрінің орынбасары мен Сыртқы істер министрлігі Таяу Шығыс бөлімінің басшылары қатысты. Египеттің басты мақсаты – Израильді Сирияға басып кіргізбеу үшін ескерту соққысын беруге Кеңестер Одағының келісімін алу болды. А.Н. Косыгин бірден мұндай келісім бере алмайтындығын, Кеңестер Одағы қандай түрдегі

болмасын агрессияны қолдамайтындығын және әскери жолмен мәселені шешу мүмкін еместігін қадап айтты. Келесі күні Шамс Бадран Насырдың келісім беру туралы өтінішіне тағы да “жоқ” деген нық жауап алды. Кездесудің үшінші күні Насыр Шамс Бадранға: “Кеңестік достар мұндай көзқарасты құптамаса, онда шабуыл болмайды” деп жауап қайтарды [23, 84 б.]

Кеңес құжаттарына сүйене отырып зерделесек, біріншіден Кеңес басшылары Израильді АҚШ-тың қолшоқпары деп біліп, оны дербес ойыншы ретінде санамады. Екіншіден, болуы мүмкін соғыстың барлық ауыртпалығын Израильге жүктеді. Сонымен қатар Кеңес басшылығы соғыстың болуына аса мүдделі болмағанымен, оны әскери қарымта қайтаруды аңсаған араб одақтастары итермеледі. 1967 ж. мамыр айында Кеңес Одағы Сирия мен Египеттік араб шебін біржақты және ретсіз қолдау арқылы арабтармен тығыз байланыста болуға тырысты. КСРО араб одақтастарын толық бақылауда ұстай алмады, Израиль мен арабтар арасындағы қарым-қатынастарға байланысты өз одақтастарына қысым көрсете алмады, оларды қақтығыстық емес, бітімгершілік қадам жасауға мәжбүрлеуге мүмкіншілігі болмады.

Арабтардың әскери мүмкіншілігінің шектеулігін көре білген АҚШ Кеңес Одағының шығыстық араб одақтастарын талқандау – Египет пен Сириядағы биліктің ауысуына әкеледі деген сенімде болды [43, 176 б.]. АҚШ үкіметі египеттіктерді БҰҰ әскері шығарылып, Тиран бұғазы жабылғаннан кейін Израиль соғысты бастамайды, әзірше дипломатиялық жолмен келіссөздер жүргізіле береді деп сендірді, өзінің қамқорлығындағы Израильден соғысты бастамауды талап етті. Алайда соғыс басталғаннан кейін Вашингтон – Тель-Авив арасында Израиль мен АҚШ күштерінің үйлесімді әрекеті туралы жоспар болғаны мойындалды.

Египет әскери бас қолбасшысы А.Х. Әмір талаптарына қарамастан, Насыр алғашқы кезде Израильге бірінші болып соққы беруді қаламады. Насыр өз әскерінің Израильді жеңе алатынына сенімсіз болды. Оның Синайдан БҰҰ әскерін шығару, Тиран бұғазын жабу әрекеттері Израильмен ірі соғыс ашу мақсаттарын көрсетпейді, ондай жоспар болса, оны БҰҰ күштерін елемеу арқылы да іске асыру мүмкін еді [56, 152 б.]. Соғыстың басталуына Кеңес Одағының ескертуі түрткі болғанымен, алты күндік соғыстың қарулы әскери қақтығысқа ұласуына Насыр әрекеттеріне жауап ретіндегі әлемдік қауымдастықтың реакциясы себеп болды.

Насырды өзінің билігіне қауіп тудырушы Абд әл-Хакім Әмірдің ұстанымы мен беделі, Сириядағы билік үшін ішкі талас сияқты жағдайлары да алаңдатты. Израиль әскерлерінің Египет шекарасына шоғырлануы туралы ескерту Насырға өз жағдайын түзеуге, араб елінің құтқарушысы ретіндегі беделін қалпына келтіруге мүмкіндік беретіндей болды. Қырғи-қабақ соғыс шарттары мен толассыз кеңес-американдық қақтығыстар аймақтағы жағдайды одан әрі күрделендіре түсті. Ішкі және сыртқы саяси дағдарыс оны тез арада күрт шешімдер қабылдауға итермеледі. Египет басшылығы соғысқа дайындықты бастау туралы стратегиялық шешім қабылдады.

«Алты күндік соғыс» алдындағы жағдай сонымен қатар өз елдеріндегі шиеленісті бәсеңдету мен жеке дербестіктерінің сақталуы жолында әскери және сыртқы саяси соқыр тәуекелділікке баруға бейім авторитарлық тәртіптердің аса қауіпті екендігін көрсетті.

Насыр алғашқыда БҰҰ-дан Египет шекарасындағы 3400 адамдық БҰҰ күштерін Ғаза аймағына орналастырылуын талап етті. БҰҰ Бас хатшысы У Тан “жартылай” шараларға келіспейтінін, БҰҰ күштері орнында қалатынын немесе бұл аймақтан біржолата әкетілетінін хабарлады. Бұл талаптарды орындау Насыр үшін тізе бүгу болғандықтан, БҰҰ күштерін толық әкету талаптары қойылды. 18 мамыр күні БҰҰ-ның Бас Хатшысы У Тан Каирден ресми нота алды: “Біріккен Араб Республикасы үкіметі өз аймағында орналасқан БҰҰ төтенше күштерінің жұмысының тоқтатылатынын хабарлайды. Тез арада БҰҰ әскерлерін шығару шараларын қолдануды сұраймын”. Осыдан кейін бес күн ішінде БҰҰ-ның күштері Египеттен шығарылды [107].

22 мамыр күні Г.А. Насыр Тиран бұғазы арқылы Израиль кемелерінің өтуіне және басқа кемелердің Израильге стратегиялық тауарларды апаруына тыйым салды. Бұл мәлімдеме араб-израиль қақтығысын алға жылжитты. Халықаралық су жолы деп қарастырылған Тиран бұғазының жабылуы Батыс тарапынан қарсылыққа ұшырады. Олардың талаптары – блокаданы алу болды. 26 мамыр күні Насыр: “Соғыс басталған жағдайда Израиль біржолата құриды, араб елдері соғысқа дайын”- деп мәлімдеді. Соғыс алдындағы әрекеттерден араб елдерінің Израильге қарсы бірлескен әрекетін көреміз. 1966 ж. қарашада Сирия мен Египет Израиль тарапынан басқыншылық әрекеті болған жағдайда “Бірлесіп қорғану” келісіміне қол қойды. Сонымен қатар осы айда Каирде өткен Сирия, Египет, Алжир басшылары кездесуінде осы мемлекеттер

ынтымақтастығының нығайтылуы мен кеңейтілуі туралы мәселелер қарастырылды. Араб елдері соғыс жағдайында бірлесіп әрекет ету келісімдерін жасай отырып, соғыс алдында әскерлерін мобилизациялады. 17 мамырда БАР, Сирия, Иордания әскерлері мобилизациялануда деп мәлімделді. 21 мамырда А. Шуқейри 8 мыңдық ПАЕА-ның соғысқа әзірлігін, 23 мамырда Сауд Арабиясының басшысы мәлік Фейсал, 28 мамырда Судан, 30 мамырда Ирак өз әскерлерінің дайындығын жариялады [151, 162 б.].

Таяу Шығыстағы үшінші араб-израиль соғысы 1967 ж. 5 маусымда басталды. Арабтарды тәуекелге итерер әрекеттерге жігерлендіре және оларға көмек көрсетуге уәде бере отырып, Кеңес Одағы Насырдың аяқ-қолын байлады. Египет жағы әскери қимылдарды бастамақ түгілі сақтандыру шараларын да дұрыс жүргізбеді, әуежайлар қорғансыз қалды, сақтық үшін Тиран бұғазын миналандыру да іске асырылмады. Соғыс басталған күні-ақ екі держава қақтығысқа әскери тұрғыда араласудан бас тартып, арабтар мен израильдіктерді қақтығысудан сақтандыруға келісті. Кеңес Одағының мұндай қарама-қайшылықты саясаттары, біріншіден Кеңес басшылары халықаралық статус-квоны сақтауда - ұлттық қауіпсіздік пен “бейбіт өмір сүру” доктринасы жетістігін көрді. Сондықтан олар шетелдік мемлекеттердегі қауіпті таптық қақтығыстар орталығынан “қауіпсіздік шегін” сақтауға тырысты. Екінші жағынан, олар идеологиялық және мемлекеттік-саяси себептерге байланысты мұндай жағдайдан қалыс қала алмады. Мәскеуге дос және қорғаушы ретінде қараған латынамерикалық, афро-азиаттық елдердің американдық ықпалға, отаршылдыққа тартылған жағдайларында КСРО қауіпсіздік шегін ұстай алмады. Тыныш уақыттарда бұл қайшылық ашық көріне қоймағанда Мәскеу АҚШ-пен жақындасуға және қайшылықты бәсеңдетуге ұмтылды және сонымен бір мезгілде афро-азиаттық елдерді қаруландырып отырды. Алайда ерте ме, кеш пе дағдарыс болуы мүмкін еді. Кеңес Одағы “алты күндік соғыс” дағдарысында статус-квоны бұзатын өзінің одақтастары мен өз жеке мүдделері арасында таңдау жасау керек болды. КСРО статус-квоны таңдады [112, 507 б.].

Әлемдік соғыс пен ядролық қақтығыстан қауіптенетіндіктен мұндай таңдау АҚШ алдында да тұрды, алайда мұндай жағдай олардың еркін әрекеттерін КСРО әрекеттерін шектегендей шектей алмады. 6 күндік соғыс араб-израиль мүддесі ғана емес, екі ірі держава – КСРО мен АҚШ-тың Таяу Шығыста орнығу үшін геосаяси

ойындары арқылы ерікті және еріксіз түрде соғыстың басталуына ықпал етулерінің нәтижесі болды.

Израиль министрі Абба Эбан “Маусым шешімдері күндері” естелігінде шешім қабылдау мен араб әскерлерінің күші туралы мынадай деректер келтіреді: Синайда 7 дивизияға біріктірілген 10000 египеттік жауынгер және оның артында қосымша күш – 60000 әскерилер тұрды, 80000 египеттіктер әлі Йеменде болды. Египет әскери-әуе күштері израильдіктердікінен әлдеқайда басым болды, Синайда әскер 1000 танкті иеленді. Сирия әскері 50000 адамды қамтып, 200 танк, 100 кеңес ұшақтарын иемденді. Иордания әскерінің санаты 250 “Паттон”, “Центурион” танктері мен 50-60 мың адамды біріктірді. Осы күштер және әр мемлекеттің ұстанымы ескеріле отырып, Израиль үкіметі Біз үшін айқын да анық жол – ең алдымен Египет әуе күштерін жою деп шешті» [149, 90 б.].

1967 ж. 5 маусымда Израиль Египет әскери әуежайларына тұтқиылдан шабуыл жасады. Израиль ұшақтары радиолокациялық құрылым бақылай алмайтындай өте төмен ұшқандықтан және арабтар күтпеген теңіз жақтан ұшып келгендіктен қарсылыққа ұшырамады. Ұшақтарының Египетке қарай ұшуы туралы жалғыз ескерту египеттіктерге Иордан радар станциясынан ғана түсті, бірақ олар сол күні өздерінің кодын айырбастағандықтан жіберілген құпия кодты хабарламаны шеше алмады. Тұтқиылдан жасалған шабуыл нәтижесінде израильдіктер жердегі барлық дерлік Египет әскери ұшақтарын жойды. Генерал Са'ад аш-Шазли былай деп еске алады: фельдмаршалл А.Х. Әмір әскери әуе күштерінің қолбасшысы Азиз Сидки Махмудке “Фахадты”, яғни қарсы шабуылдауға арналған жоспарымызды қолдануға бұйрық бергенде Азиз Сидки: “Бізде енді әскери ұшақтар жоқ болғандықтан енді мұны орындай алмаймыз” - деп, жауап берді [53, 159 б.].

Египет әскери әуе күштері қатардан шыққаннан кейін Израиль әскері Синай шөліне қарай жылжыды. Египеттің танктері мен жаяу әскері әуеден қорғалмағандықтан Израильдің әуе күштеріне оңай нысанаға айналғанын түсінген Г.А. Насыр мен А.Х. Әмір Революциялық Комитет басшыларын шақырды. А.Х. Әмір штаб басшысы Махмуд Фаузиге Суэц каналының батыс жағалауына әскерді шегіндіру жоспарын жасауға бұйрық етті. Бұл бұйрық туралы хабар Египет әскерлерінің ішінде тәртіпсіздік тудырды. Жауынгерлер Суэц каналының батыс жағалауына қарай қаша бастады. Египеттіктердің тәртіпсіз, ретсіз шегінуін білген израильдіктер

олардың соңынан куды. Куәгерлер айтқандай, мыңдаған Египет танктері мен басқа да техника әуеден және жерден атқылауға ұшырап істен шықты. Египет әскерлері Синайдан өз техникасын шығарып ала алмады. Көптеген жауынгерлер ол жақтан жаяу қайтты. Шөл арқылы өткен олардың көбісі Суэц каналына жете алмады. Осы шегіністің куәгері және қатысушысы болған Египет генералы Абд әл-Ғани Гамаси былай деп еске алады: “Бұл өте сұмдық көрініс еді. Синайда жол өте аз болғандықтан, мыңдаған танк, машина, мыңдаған Египет жауынгерлері Синай шөлі арқылы Израиль әскери әуе күштеріне оңай нысана болған жолдармен жүрулеріне тура келді. Осының нәтижесінде Египет зор шығынға ұшырады”.

Египет әуе күштерінің талқандалуына қарамастан арабтық майдан шебінде Египет әскерлерінің жеңісі туралы жалған ақпарат таратылды. Бұл хабарлар Сирия, Иордания, Ирак әскерлерінің соғысқа араласып, көп қателіктерге ұрынуларына себеп болды. Иордания соғыс барысында батыл қимылдар көрсеткен ел болды. Израильдіктердің Иорданияның барлық әскери әуе базаларын талқандауынан кейін 7 маусымда бірінші болып Иерусалим, одан кейін Иерихон, Хеброн, Наблус, ақырында Иордан өзенінің батыс жағалауы да алынды. Шығыс майдандағы қарсылық көрсету аяқталды. Бірнеше күннен кейін Иордания әскері толық талқандалды. 8 маусымда БҰҰ Бас хатшысына мәлік Хусейн өзінің соғысты тоқтатуға келісім беретінін айтып, бұл жайлы Қауіпсіздік Кеңесі шешім қабылдады [42, 162 б.].

9-шы маусым күні Каир теледидары арқылы Г.А. Насыр сөз сөйлеп, бұл іске оның өзінен басқа ешкім де жауапты емес екенін айтып, өзінің отставкаға кететінін мәлімдеді. Оның билікте қалуын талап еткен мыңдаған адамдардың шеруінен кейін ғана Г.А. Насыр президент қызметін атқаруға қайта оралды.

Соғыс басталмас бұрын Израильді құрту жоспарын белсенділікпен жасаған Сирия соғыс барысында Голан жоталарынан түсіп, Шығыс Галилеяны алып, Хайфаға жылжу керек еді. Алайда Сирия соғыс қимылдары басталған уақытта Израильмен шекаралас қоныстарды атқылаумен ғана тоқталып, аңысын аңдау ұстанымында болды. 5 маусым күні түнде Израиль авиациясы Сирия әскери-әуе күштерін істен шығарды. 9 маусымда Сирия қорғанысы болып есептелетін Голан биігіне шабуыл жасалды. Вашингтон және БҰҰ-ның қысымына қарамастан М. Даян сириялықтардың шегінуіндегі жағдайды пайдаланып қалуға тырысып, оқ атуды тоқтатуға бұйрық

бермеді. Ол генералдарға: “Алға жылжи беріндер, Кунейтранны алу израильдіктерге Голан жоталарын бақылау жасауға мүмкіндік береді және Сирия әскерін жеңу бізге жеңіс әкеледі”, - деді [43, 166 б.].

КСРО Дамаскінің талқандалып, БААС тәртібінің құлауына мүдделі емес еді. 9 маусымда Мәскеуде социалистік Еуропа елдері өкілдері жиналды. Олар араб елдеріне көмек беріп, басқыншыларға тойтарыс беруге уәде берді. Бұл келісімге Румыния Коммунистік партиясының Бас хатшысы Николай Чаушеску ғана Израильмен саяси қатынастарды үзуді жөн санамағандықтан қол қоймады.

10 маусымда КСРО сыртқы істер министрінің орынбасары В. Кузнецов Израиль елшісі Катриэль Кацты қабылдап, Кеңес Одағы Израиль үкіметімен дипломатиялық қатынасты үзетінін жеткізді. КСРО мәлімдемесінде: “Кеңес Одағы Израиль үкіметін басқыншылықтың барлық салдарларына жауапты екендігін ескертеді. Егер Израиль тез арада соғыс қимылдарын тоқтатпаса, Кеңес Одағы басқа бейбіт сүйгіш елдермен бірге Израильге қарсы шараларды қолданады” делінді [21, 273 б.]. Израильге Мәскеу, Вашингтон, БҰҰ тарапынан қысым көрсетіле түсті. Израиль әскері Сирия астанасы Дамаскіге жақындап қалғанда ғана өз жорықтарын тоқтатты. 10 маусымда сағат 6.30-да оқ атуды тоқтату туралы шешім күшіне енді. Соғыс қимылдары барысында Синай мен Ғазада - 338 израильдік, 9800 египеттік, Голан жоталарында 141 израильдік, 500 сириялық жауынгер, Иордан майданында 300 израильдік, 800 иордандық жауынгер қаза болды. Араб елдері 452 әскери-әуе күштерінен, Израиль 46 ұшағынан айрылды [145].

Алты күндік соғыс нәтижесінде Израиль Египеттің Синай түбегін (аумағы 60000 шаршы км), Газа аумағын (1200 шаршы км), Иордан өзенінің Батыс жағалауын (6000 шаршы км) Суэц каналының шығыс жағалауын, Сирияның Голан қыраттары мен Шығыс Иерусалимді жаулап алды. Нәтижесінде Израиль көршілес араб мемлекеттерінің есебінен жалпы аумағы 68,7 мың шаршы шақырым жерді басып алды. Егер 1948-1949 жылдардағы Палестина соғысының нәтижесінде Израиль күшпен Палестина араб мемлекетіне бөлінген жерді бөліске салған болса, 1967 ж. соғыста Израиль барлық ежелгі Палестинаға тиесілі жерлерді басып алды.

1967 ж. 27 маусымда Израиль Кнессеті Иерусалимде барлық конфессия өкілдерінің діни-нанымдарына бостандық құқығын сақтауға кепілдік беретін қасиетті орындарды қорғау туралы Заң қабылдады. 28 маусымда Иерусалим Израильдің біртұтас астанасы

болып жарияланды. Соғыс аяқталысымен Иерусалим еврей мемлекетінің бақылауына өтті. Қаланың батыс және шығыс бөлігіне қайта жөндеу жұмыстары жүргізілді, еврейлерге де, арабтарға да діни бостандық берілді, әлеуметтік қызмет көрсету белсенді түрде жүзеге асырылды. Осы шаралар арқылы Израиль билеушілері әлемдік қауымдастық алдында Иерусалимді біртұтас астана етіп көрсетуге тырысты.

1967 ж. 4 шілде күні БҰҰ-ның “Иерусалим статусының біржақты өзгертілуі заңды емес” деп жарияланған 253-ші қарарына Израиль Сыртқы істер министрі Абба Эбан: “Бұл жағдайда аннексия терминінің қолданылуы орынсыз. Израильдің қолданып отырған шаралары Иерусалимді әкімшілік-муниципалдық жоспарда интеграциялауға бағытталған және бұл шаралар Иерусалимдегі қасиетті орындарды қорғауда мықты тіреулер болады” - деп, жауап берді [104, 134 б.].

Иордан өзенінің Батыс жағалауы мен Ғаза аумағын жаулап алу арқылы Израиль ерікті және еріксіз түрде тәуелсіз Палестина мемлекеті құрылуына қарсы жалғыз мемлекетке айналды. 1948-1949 жж. кейін бұл жерлерге ие Иордания мен Египет те бұл мәселені шешуге мүдделі болмады.

Соғыс нәтижесіндегі жаулап алған араб жерлерінде 1 млн, Иордан өзенінің Батыс жағалауында 600 мың, Ғазада 350 мың, Иерусалимде 70 мың араб халқы тұрды. Иордан өзені арабтарының жағдайы Ғаза арабтарының жағдайынан өзгеше болды. Батыс жағалаудағы арабтар бұрын Иордания қарамағында болғандықтан, Иордания азаматтығын ала отырып, еркін жүріп тұруға, жұмыс істеуге мүмкіндіктер алды. Ғазадағы арабтарға Египет жеріне кіруге рұқсат берілмеді, олар БҰҰ тарапынан болар гуманитарлық көмекке сүйенді. Ғаза аумағы палестиндіктердің Израильге қауіп төндіретін негізгі орталығына айналды. Израиль Батыс жағалау мен Ғаза аумағында Израиль билігін – әскери әкімшілікті енгізді. Муниципалдық, сот органдары және қауымдық, діни, оқу-ағарту ұйымдары бұрынғыдай Египет және Иордан билеушілерінің ықпалында болды [38, 131 б.].

Израильдіктердің әскери күшінің соғыстың алғашқы күндерінде-ақ басымдылыққа жетуі Египет әскери әуе күштерінің дұрыс басқарылмауынан болды, ал мұның өзі Израиль барлаушыларына белгілі болды. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық фактордың да маңызы зор болды: БАР Израильден



өнеркәсіптік күш-қуаты жоғары болғанымен экономикалық жағынан төменгі дәрежедегі қоғам болды. Араб Республикасының әскері шаруалардан, яғни заманға сай техниканы толық пайдалана білмейтін жауынгерлерден тұрды. Кеңес қару-жарағымен жарақтандырылған араб одақтастарының бір артықшылығы - адам ресурстарының көп болуында болды. [141, 129 б.]. Таза әскери тұрғыда Израиль мен БАР-ды салыстырғанда Египет әскері күрделі техникамен жұмыс істеу, тылдағы нақты жұмыстар сапасы сияқты салаларда да кешендеу қалды.

Соғыстан кейінгі кезеңде Израиль басшыларының басты талабы – араб елдерінің Израильді тануын қамтамасыз ететін және басқа да екі жақты келісімдерге қол жеткізетін арабтармен тікелей келіссөздер жүргізу болды. «Мұндай келіссөздер болған жағдайда Израиль соғыстан кейінгі әскери басымдылығын пайдаланып, басқа да белгілі бір саяси артықшылықтарға қол жеткізеді» деп білген Кеңес Одағы Израильді «АҚШ-ты Таяу Шығыста жеңіске жеткізер күш» деп есептеді. Олар араб-израиль қатынастарын американдық көмек арқылы реттестіру Кеңес Одағын Таяу Шығыстағы ықпалынан айыратындығына сенімді болды. Бұған Кеңес басшылығы жол бере алмады, сондықтан да ол Израиль мен араб елдері арасындағы тікелей, оңаша келіссөздерге қарсы болды. Мұндай қадамды аймақта Израиль ықпалының күшеюінен қауіптенген кейбір араб басшылары да қолдады [151, 175 б.]. Кеңес басшылығы өзінің серіктестерімен Таяу Шығыстағы одақтастарына бұл аймақта Мәскеумен достық қатынастардағы тәртіптердің құлауына жол бермейтінін және бұл жолда барлық күштерді қолданатынын көрсетті. Бұған мұның соңынан жүргізілген іс жүзіндегі әрекеттері дәлел. Кеңес Одағы Египет пен Сирияға соғыстан кейінгі жағдайды қалпына келтіруде ғана емес, әскери күшті арттыру мақсатында да кең көлемде әскери көмегін күшейтті. Бұл үдерістің екінші жағы аймақта қаруландыруды арттырған АҚШ-тың Израильді қаруландыруы болды. Кеңес-араб өзара қарым-қатынастарында әскери ынтымақтастықтан басқа экономика, саясат, мәдениет салада да байланыстар дамыды. Кеңес Одағының қатысуымен Евфраттағы су бөгеті, Асуан су бөгеті, Хелуан металлургиялық комбинаты сияқты ірі құрылыстар салынды, көптеген египеттіктер, сириялықтар, ирақтықтар Кеңес Одағында білім алды.

Алайда, сол кездегі Кеңес саясатының жағымсыз түрде сипатталған сәттері де болды. Алты күндік соғыстан кейін кеңес

бұқаралық ақпарат құралдары антисионистік, антисемиттік күрес жүргізді. Ғылыми айналымға “халықаралық сионизм” сөз тіркесі мықтап енді. «Алты күндік соғыс» араб-израиль қатынастарының жаңа кезеңінің басталуын ғана айқындамайды, бұл соғыс барлық халықтар үшін әділеттілік принципі сақталу қажеттілігіне негізделген таяушығыстық реттестіру күресінің ұзақ та қиын кезеңінің басталғанын көрсетті. Бұл кезеңде араб-израиль қақтығысына әр деңгейде тартылған елдер жеңіске жетті немесе жеңіліске ұшырады. Аймақтағы көптеген елдер, қақтығысушылар бір-бірімен қатынастарындағы жылдар бойы қалыптасқан стереотиптен шегінулеріне мәжбүр болды. Қақтығыс барысы оларды өздерінің әдеттегі тұрақтанып қалған саясаттарына сай емес болып көрінген бітімгершілік қадамдар жасауға итермеледі [154, 236 б.].

Соғыстан кейін Кеңес Одағынан және басқа да социалистік елдерден қолдау алған Египет президенті 1967 жылы жаулап алынған араб жерлерінен израиль әскерлерін шығаруды талап етті. Дегенмен соғыстан кейінгі Египеттің жағдайы қиын болды. Египеттің Израиль әрекеттеріне қарсы соғыс қимылдарын жүргізу мүмкіншіліктері жоқ еді. Египеттің дағдарысты 1967 ж. 4 маусым күнгі шекараны мойындау арқылы реттестіруге деген қадамы басқа араб елдерінің қарсылығын туғызды.

Оқ атуды тоқтатқаннан кейін Египет сыртқы істер министрлерінің Кеңесін шақыру бастамасын жасады. Кеңеске АЕЛ-ге мүше барлық ел қатысты. Күн тәртібінде Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру, барлық араб елдерін Израильмен күреске жұмылдыру мәселелері қаралды. Араб елдерімен ынтымақтастықта болуды іске асыруда алдымен Сауд мәлігі Фейсалмен келісімге келу қиынға соқты. Насыр 1965 ж. Жиддадағы келісімді орындауға міндеттенді. Екі ел бір-бірінің ішкі істеріне араласпауға, Каир Йеменнен әскерлерін әкетуге тиіс болды [78, 170 б.].

Араб бірлігі идеясы, оған жетер жол әрқашан әр кезеңде әртүрлі болғаны белгілі. Сондықтан да Таяу Шығыс дағдарысы жағдайында араб ұстанымын іске асыру мақсатында Египет сыртқы істер министрі Махмұд Риад Хартумда жоғары дәрежедегі төтенше жалпыарабтық кездесу шақыруды ұсынды. Египет монархиялық араб елдерімен келіспеушілікте болғанша, уақытша олармен бітімгершілікте болуды дұрыс көрді [38, 351 б.].

Хартум кездесуі Таяу Шығыс дипломатиясының тарихына «қаталдық бітімгершілігі» болып енді. 1967 ж. 19 тамыз-1 қыркүйек

арасындағы Хартумда болған араб елдерінің конференциясы “еврей мемлекетімен бейбітшілікке келмеу, қарым-қатынас орнатпау және еврей мемлекетін танымау” туралы шешім қабылдады. Израиль барған “жеңілдіктерге” қарамастан араб елдері келіссөздерге келуден бас тартты [35, 25 б.].

Хартум келісімінің нәтижесінде Йеменге байланысты египет-сауд дауы шешілді. Египеттің Йеменнен әскерлерін шығаруына жауап ретінде Фейсал Израиль басқыншылығының құрбан елдеріне (Египет, Иордания, Сирия) көмек ретінде жалпыарабтық қор құруға келісті. Сирия кездесуге келмегендіктен бұл көмектен құр қалды. Сонымен қатар ресми түрде араб-мұнай эмбаргосы жойылды. Хартум кездесуінен кейін Таяу Шығыс дағдарысын шешу Египет үшін үш бағытта, яғни: армияны күшейту, Кеңес Одағымен және басқа да социалистік елдермен байланысты нығайту бағыттарында жұмыс жүргізілуі тиіс болды [78, 174-175 бб.].

Қалыптасқан жағдайда Израиль басшылығы уақыт өте қаталдықпен ырыққа көнбестік көрсетіп, жаулап алған жерлерін сақтап қалуға тырысты. Сондықтан реттестіру кейінгі уақытқа қалдырылып отырды, ал бәсекелесуші КСРО мен АҚШ бейбіт үдерісті ұйымдастыруда келісімді саясат жүргізуге дайын болмады. КСРО мен АҚШ-тың өздерінің “тұтынушыларына” қаншалықты ықпал еткеніне қарамастан, Таяу Шығыстағы саяси үдеріс өз заңдылықтарымен дами берді және ол ұлы державаларға әрқашан тәуелді болмады. Таяу Шығыс дағдарысын реттестіруде соғыстан кейінгі айлар қақтығысушы тараптардың ешқайсысының да реттестіруге дайын емес екендігін көрсетті. Араб елдері Израильді танудан бас тартса, Израиль өз кезегінде осы талапқа қол жеткізуге тырысты.

Соғыс аяқталысымен БҰҰ Таяу Шығыста баянды бейбітшілікке қол жеткізу жолдарын талқылауға кірісті және бұл мақсатта Бас Ассамблея мен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі 1967 ж. соғыста Израильдің жаулап алған жерлерден шығуы мәселесінде кең консенсусқа қол жеткізді. Сол кездегі БҰҰ-дағы қарама-қайшылықтарға қарамастан БҰҰ ҚК-нің маусым соғысына қатысты қабылдаған шешімдері араб-израиль қақтығысын реттестіруде мықты халықаралық-құқықтық негіз болды [104, 140 б.].

1967 ж. 22 қарашада соғыстан кейінгі араб-израиль қақтығысын реттестіруде маңызды қадам болған БҰҰ ҚК № 242 қарары қабылданды. Ол қысқаша былай мазмұндалған: “Барлық жаулап

алынған араб жерлерін Израиль әскерлерінің босатуы, аймақтағы соғыс қимылдары тоқтатылуы қажет, әр ел өзінің аумақтық құқығын сақтай отырып, бейбітшілікте және қауіпсіздікте өмір сүруі, өзара тәуелсіздігін мойындауы және қастерлеуі қажет”. Сонымен қатар БҰҰ ҚК соғысушы және оған тікелей қатысы бар елдерге осы аталған аймақтағы халықаралық су қатынас жолдарында еркін кеме қатынасын қамтамасыз ету, босқындар мәселесін әділетті жолмен шешу т.б. шешімдерін қабылдады [29, 157-158 бб.].

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің № 242 қарарын көптеген мемлекеттер болашақтағы реттестіруге сай келер халықаралық заңды негіз ретінде қабылдады және ол бұл тұрғыда өзінің ролін көрсетті де. Алайда бұл қарарда палестиналық араб халқының ұлттық құқықтарын қорғау туралы бір сөз айтылмады, тек палестиналық босқындар мәселесін әділетті шешу қажеттілігі туралы ғана ескертілді, сонымен қатар бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда қарар жан-жақты, мүлтіксіз болып көрінбейді, онда палестиналық араб халқының ұлттық құқықтарын қорғау және құрметтеу қажеттілігі нақты айтылмады, сондықтан да бұл қарар ПАЕҰ басшылығы тарапынан сынға ұшырады.

«Алты күндік» соғыстың себеп-салдарларын зерттей келіп, соғыстың басты салдары болып Таяу Шығыста геосаяси баланстың түбегейлі өзгеруін айтуымыз керек. Соғыстың тағы бір қорытындысы – палестиндік ұлтшылдықтың өсуі, ПАЕҰ беделінің өсуі болды. Соғыстан кейін Палестина халқының бірден-бір заңды өкілі болып танылған ПАЕҰ таяушығыстық сахнада дербес ойыншыға айналды. “Маусым соғысындағы” Израильдің жаулаушылық жеңісі оған аймақта жедел түрдегі саяси басымдылықты әкелмеді, тұрақты араб әскерлерінің күйрей жеңілуі, босқындар мәселесінің шиеленісуі палестиналық қозғалыстың одан әрі дамуына әкелді. Иорданияға тағы 250 мың палестиндік босқындардың ағылуынан палестиндік партизан құрылымдарының күшеюі бұл жерді израильдіктердің негізгі атқылау нысанына айналдырды. Егер қозғалыс бұрын ұйымдаспаған болса, шілде басқыншылығынан кейін ол өзінің даму жолында жаңа кезеңге аяқ басқанын көрсетті.

«Алты күндік» соғыс нәтижесінде палестиналық арабтар үш санатқа бөлінді: Израильде тұратын арабтар, жаулап алынған жерлердегі арабтар және басқа араб елдерінде тұратын палестиналық босқындар. Израильде тұратын 100 мыңнан астам арабтарға азаматтық берілді. 1967 ж. дейін Израильдегі араб тұрғындарының

мемлекетке деген шынайылығы мен арабтық тектеріне деген берілгендік бір-бірін теңдестіріп тұрды. Бұған себеп, бір жағынан қорқыныш пен үміт үзгендік болса, екінші жағынан 1950-1960-шы жылдардағы араб тұрғындарының экономикалық жағдайларының жақсарғандығы болды. Алайда 1970-ші жылдарда сайлауда коммунистер мен араб ұлтшылдарының көптеп дауыс жинауы жергілікті палестиндіктердің сана-сезімінің күш алуына ықпал етті [84, 129 б.].

1968 ж. шілдеде Каирде өткен 4-ші Палестина Ұлттық Кеңесінің конгресі негізгі принцип ретінде “әскери күрес әдісі – Палестинаны азат етудің жалғыз әдісі” деген хаттамаға негізделді. 1969 ж. қаңтарда ПАЕҰ Атқару комитеті Палестина Ұлттық Кеңесінің 5-ші сессиясында ФАТХ көзқарасын қолдаған 33 делегат бұл ұйымға жеңіс әкелді. Ясир Арафат ПАЕҰ-ның төрағасы болып сайланды. Палестиндік топтар арасында іс-қимыл бірлестігі болмады, террор мен күштеуді негізгі күш деп санаған кейбір ұйымдар өздерінің әрекеттері арқылы Израильдің палестиндіктерді айыптауына мүмкіндік берді және араб елдерінің Израильмен бейбіт бітімге келу жолдарына бөгет жасады [32, 68 б.].

1968 ж. қыркүйекте Египет артиллериясы Суэц каналының шығыс жағалауындағы израильдіктерді күнделікті атқылады, бір айдан соң израильдіктер Египет тылына соққы жасады. Бұл соққы израильдіктерге төрт айға үзіліс жасауға мүмкіндік берді. Осы үзілісте олар канал жағалауында қорғаныс салумен айналысты.

1969 ж. көктемнен бастап қайта басталған египеттік оқ жаудыруға Израиль әскерлері Египет территориясына теңіздік, әуе және құрлық күштерін қолдану арқылы ірі акциямен жауап қайтарды. Бұл шайқастар 1967 ж. соғысқа дейінгі және одан кейінгі жағдайды айқын көрсетті. Синай түбегі Израильге бұрынғы египеттіктердің қолындағы артықшылықтарға ие болуға мүмкіндік берді. Израиль каналда тұрып, ескерту жүйесін қолдана отырып Египет ұшақтарын әуеге көтерілген бетінде білулеріне, сонымен қатар патрульдік ұшақтар көмегі арқылы түкпірдегі Египеттік әскери объектілеріне бақылау жасай алды [109, 123 б.].

Араб-израиль қақтығысына қатысушы елдердің алдында осы кезде өз одақтастарын айқындап, шиеленісті реттестірудегі көздейтін мақсаттарын анықтау міндеттері тұрды. Суэц каналы жағалауындағы қайта тұтанған соғыс Азия, Африка әлемін де бейжай қалдырмады. Шиеленісті реттестіру жолында Азия, Африка елдерінің

Ынтымақтастық Қозғалысы (ААЕЫҚ) Таяу Шығыстағы жағдайды реттестіруде үлкен рөл атқарды. Осы уақыттардағы жалпы ААЕЫҚ ұстанымы мына бағыттарды көрсетеді:

- Араб елдеріне қарсы Израиль басқыншылығын айыптай отырып Израильмен қарым-қатынасты үзу, басқыншылық құрбандарына қолдау көрсету;

- Жаулап алынған араб жерлерінен Израиль әскерлерінің кетуін талап ету арқылы шығындарды орнына келтіре отырып, оның зардаптарын жою;

- Араб халықтарының басқыншылықпен күресін қолдау, олардың мұнайды ұлттандыруына қолдау көрсету және осы күресте мұнайды тиімді қару ретінде пайдалануларын іске асыру;

- Палестиналық араб халқына өз отанының құрылуына және заңды құқықтарының орнауына толық қолдау көрсету;

- Израильдің афро-азиаттық елдерге кіруінің барлық түрлеріне тойтарыс беру [115, 119-120 бб.].

Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру мәселесінде Израиль алған бетінен қайтпайтындығын білдірсе, АҚШ араб мемлекеттерінің жеке-жеке Израильмен келісімге келуін көздеді, ал Египет бұл мәселеде тек КСРО-мен ғана одақтасып қана қоймай, Вашингтонмен де тіл табысуға ұмтылды.

70-ші жылдары АҚШ-тың Таяу Шығысқа қатысты дипломатиялық қатынасында “Роджерс жоспары” басты орын алды. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Уильям Роджерстің жобасы бойынша мына мәселелер жүзеге асырылуы тиіс болды:

- 1967 ж. қақтығыс барысында басып алынған араб жерлері босатылуы; Суэц каналы мен Тиран бұғазында еркін халықаралық кеме қатынас жолының қалыптастырылуы;

- Иерусалимнің статусы Израиль мен Иорданияның өзара келіссөздері барысында анықталуы;

- Палестина босқындарының мәселесі олардың қалауы бойынша иә қазіргі тұрып жатқан жерлерінде, иә болмаса Израильге қайтып келуіне мүмкіншілік жасау негізінде шешілуі, Израиль қауіпсіздігін ескере отырып араб мемлекеттері мен Израиль мемлекеті шекараларының нақтылануы;

- Израиль мен араб мемлекеттері арасында тікелей араб-израиль келіссөздерінің жүргізілуі; арабтар мен израильдіктердің шектеулі мерзімге дейін оқ атпай, соғыс қимылдарын тоқтатуы [101, 158 б.].

АҚШ-тың бұл делдалдық ұстанымы шиеленіске қатысушы жақтардан бірден қолдау тауып кете қоймады. Роджерс ресми түрде Египеттің сыртқы істер министріне Таяу Шығыс шиеленісінің тұйыққа тірелгенін айтып және оны БҰҰ-ның № 242 қарары бойынша біртіндеп шешу туралы хат жолдады. АҚШ-тың шиеленісті шешуге қатысты жаңа ұстанымы араб елдерімен арадағы байланыста жұмсақтық таныту және Израильдің әскери артықшылығын қамтамасыз етумен қарастырылды. Бұл бағыттың шығуы оның араб-израиль шиеленісінде делдалдық етуге деген ұмтылысын көрсетті. АҚШ-тың мұндай бағыт ұстануына КСРО-ның Египеттің әуе қорғаныс күштеріне үлкен көмек көрсетуі де себеп болды. Кеңес Одағының көмегі араб елдеріне 1967 ж. Израиль агрессиясының салдарларын жоюда үлкен мүмкіндік берді [82, 125 б.].

Ұлттық конгрестің ашылу салтанатында Г.А. Насыр: “АҚШ сыртқы істер министрі Роджерстің бейбіт бастамасымен келісетіндігін, қандай да болсын бейбітшілікке жеткізер қадам тіпті жемісін бермесе де іске асырылуы керек екендігін” атап көрсетті. Бұл туралы Мұхамед Хасанейн Хейкал: “шілде айының басынан бастап-ақ біз АҚШ-пен тығыз байланыс орнаттық, барлық келіссөздер өте кұпия түрде жүргізілді, тіпті Арафат үшін де біздің Роджерс бастамасын қолдауымыз күтпегендік болды. Арафатқа да біз еш нәрсені айтуға құқымыз жоқ болды”деп жазды [58, 186 б.].

Г.А. Насыр Роджерс бастамасын қолдауы себептерін Суэц каналы аймағы мен Ніл атырауының аса маңызды орталықтары арасында ракеталық тосқауыл орнатқысы келетінімен түсіндіруге тырысты. Ол «израильдіктер әуеде үстемдік етіп тұрған жағдайда қорғаныс жүйесін құруға, Синай бағытында шабуыл жасауға мүмкіндік жоқ. Ал ракеталық тосқауыл Египеттің соғысқа дейінгі қарулануында қалқан болады» деп есептеді. Сонымен қатар Израильмен келісімге келу шиеленісті реттестіруде үлкен орын алатынын айтты [58, 203 б.].

1970 ж. тамыз айында Израиль мен Египет оқ атуды тоқтатуға, Суэц каналының екі жағалауынан 50 шақырым жерлерде әскери ұрыстарды жүргізбеуге және БҰҰ ұсынған Швеция елшісі Гуннар Яррингтің делдалдық етуі арқылы келіссөздерді бастауға келісті. Палестиндіктер бұл келіссөздер Египет пен Израиль, одан кейін Иордания мен Израиль арасында келісімдер жасауға негіз болады деп қорықты. Сондықтан бұл үдеріске жол бермеу керек деп шешті. Тамыз бен қыркүйек арасында Иорданиядағы жағдай шиеленісе түсті.

Палестиндіктер әскери әкімшілікке де, тәртіп сақшыларына да бағынбай өз-өздеріне заң орнатты. Иордания жеріндегі палестиндік босқындар лагерьлеріне бөгде адамдарға кіруге тыйым салынды. Мәлік Хусейн палестиндіктердің бағынбауына көнбейтіндігін ескертті. Амманда тәртіпсіздік орнады, палестиндіктерге бақылау орнату үшін қандай да бір шаралар қолдану керек болды.

1970 ж. 24 тамызда Иордания королі Хусейн үш күндік сапармен Каирге келді. Осы кездесудегі келіссөздер барысында Египет президенті арабтық шығыс майданындағы тұрақтылық сақталып қалу үшін Иорданиядағы билік тек мәлік әкімшілігінің бақылауында болуы тиіс екендігін нақтылап өтті. Египет президенті: “ПАЕҰ-ға толық сенім білдіруге, үміт артуға болмайды. Ол әлі мұндай жауапкершілікті алып жүруге әзір емес” - деп ескертті.

Мәлік Хусейннен кейін Каирге үш күндік сапармен Ясир Арафат келді. Арафат өзінің үш күндік сапарына мәлік Хусейндей риза бола алмады. Насыр ПАЕҰ-ның жетекшісіне оның Иордан әскерімен қақтығысқа бармауын баса тапсырды, егер мұндай жағдайға жол берілсе Египет тарапынан қолдау болмайтындығын ескертті [81, 115 б.].

Каирдегі кездесуден келе салысымен Арафат Палестина Ұлттық Кеңесі өкілдерімен кездесіп, кезектен тыс жиналыс шақырды. Осы мәжіліске қатысушылар: «Г.А. Насыр өзінің Роджерс ұсынған бейбіт бітімді қабылдауымен палестиналықтардың арқасына қанжар қадады. Ол біздің Палестина халқынан босқындар тобына айналғанымызды қалайды» деп айыптады. Египетпен арадағы байланыстың үзілуін Арафат: “Бір туған ағайындар арасында да келіспеушілік болады. Біз жалғызбыз, бірақ жалғыз болған күнде де біз Палестина революциясының жеңісіне жетеміз” - деп атап өтті [80, 85 б.].

16 қыркүйек күні Иордания басшысы Хусейн елде заң мен тәртіп, қауіпсіздік орнатататын әскери жағдай жариялап, әскери үкімет құру туралы үкім шығарды. Араб басшылары ПАЕҰ-ны Хусейнмен келісімге келуге шақырды, алайда ПАЕҰ-ның бұл кезде өз жоспарлары болды. 24 сағат ішінде иордан әскері Аммандағы палестиндік қарулы отрядтарды атқылап, қантөгіс жасады. 1970 ж. 28 қыркүйекте Каирдегі кездесуде 14 баптан тұратын келісімге қол жеткізілді. Келісім оқ атуды тоқтатуды, Амманнан барлық қарулы жасақтарды шығарып, оларды қайта жасақтап, белгіленген аудандарға орналастыруды, сонымен қатар Израильмен партизандық күресті одан әрі жалғастыруды қарастырды [82, 178 б.].



1970 ж. Иордан-палестиналық әскери құрылымдарының қақтығыстары араб халқына үлкен ауыртпашылықтар әкелді. Палестина әскери құрылымдары Сирияға, Ливанға кетуге мәжбүр болды. 1970 ж. 13 қазанда Амманда жаңа палестин-иордан келісіміне қол қойылды. Оның кіріспесінде “Иордания қарулы күштері мен Палестина революция күштері сионистік жау алдында шешуші жеңіске жетудің кепілі” делінді. Келісімде “құрамында Палестинаны азат ету әскерінің күштері мен партизан жасақтары бар палестиналық революция күштері ПАЕҰ Атқару Комитеті сайлаған бас қолбасшылыққа бағынышты” деп көрсетілді [55, 386 б.].

Иордания басшылығы «егер партизан қозғалысы елдің егемендігі мен заңына қайшы келмесе оларға бостандықты қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етеміз» деп кепілдік берді. Сонымен қатар Палестина революциясының әскери тәртіптік ережелерге сай келмейтін істерін Палестина революциялық басшылығы қарастырады және партизандар Иордания сотының азаматтық юрисдикциясына (заңына) бағынышты делінді. Иордания қоғамы Қауіпсіздік басқармасы Палестина басшылығына ұсталған партизандар туралы хабарлап отыратындығы және Иордания қарулы күштеріне байланысты істерді бірлесіп жүргізу туралы келісім берді. [42, 168 б.].

Екі келісімнің де сөзсіз үлкен саяси және тәжірибелік маңызы зор болды. Өкінішке орай, Каир және Амман келісімдері орындалмады. Иорданиядағы 1970-1971 жж. жағдайдан кейін көптеген палестиндіктердің Ливан жеріне өтуі баспасөз беттерінде “Ливанды иорданизациялау” басталды деп жазуға мүмкіндік берді. Ливан жерінің Израиль тарапынан жиі шабуылға ұшырауы ливан-палестин қатынастарын шиеленістіріп, үлкен қақтығыстарға әкелді. 1970 ж. күзгі “қаралы қыркүйек” деп аталған Иорданиядағы қайғылы оқиғалар кезінде-ақ палестиналық лаңкестік ұйымдардың болғаны мәлім болды. Израильдің террорлық әрекеттері бастапқы кезден-ақ араб жерлеріндегі аймақтық басқыншылық пен отарлау саясатының ажырамас бөлігі болса, “Палестина терроризмі” деп аталатын лаңкестіктің шығуы ең алдымен Палестина халқының, қуғындалған, бірнешеге бөлінген, тіршілік үшін күнделікті күрескен халықтың өмірімен байланысты.

Египет президенті Жамал Абд Насыр 1970 ж. 28 қыркүйекте Каирдегі таңертеңгі иордан-палестина бітімінен кейін жүрек ауруынан қайтыс болды.

Осы бөлімді тәмамдай келесідей қорытынды жасаймыз. Египеттегі саяси дамуды барлық әскерилер тобы қолдамайтыны соғыс кезінде айқын көрінді. “Әскери буржуаларды жою” оқ атуды тоқтатудан кейін-ақ іске асырылды. 1967 жылы 10 шілдеде әскер қатарынан бір мың адамдай генералдар мен жоғары офицерлер шығарылды, айыптылар жазаға тартылды. Сыртқы саясатта жіберілген қателіктер 1967 ж. соғыста барлық арабтарды тізе бүгуге алып келді.

1967 ж. «алты күндік маусым соғысының» себептері мен салдарын ашып көрсете отырып, Таяу Шығыс шиеленісін реттестірудегі КСРО мен АҚШ-тың әскери-дипломатиялық әрекеттері Таяу Шығыста өздерінің түпкілікті орнығуы мақсатында жүзеге асырылды, Кеңес Одағы араб одақтастарына әскери, саяси, дипломатиялық қолдау көрсету арқылы оларды тірек етті, өз кезегінде АҚШ одақтасы Израильге қатысты осындай саясат ұстанды деп тұжырымдауға болады. «Маусым соғысы» екі қарама-қайшылықты саяси және стратегиялық қадамдар күресі ғана емес, ол екі ұлы державаның қырғи-қабақ қатынасының «сенімді» жақтастары арқылы жүргізілген соғыс болды.

Таяу Шығыстағы халықаралық жағдайды күрделендіріп, бейбіт үдерісті тығырыққа тіреген «алты күндік соғыс» араб елдері мен Израильдің арасында осы күнге дейін жалғасып келе жатқан бітіспес жанжалдың негізін қалады. Ол біріншіден, Израиль мемлекетінің соғыста басып алған араб мемлекеттерінің жерлерін қайтармауы мен Иерусалимнің мәртебесіне байланысты болса, екіншіден, Хартум кездесуіндегі араб елдерінің Израильге қатысты «үш жоқ» принципіне де тікелей қатысты.

Таяу Шығыс шиеленісіндегі «алты күндік соғыстың» халықаралық қатынастарға тигізген әсері зор болды. Израиль мемлекетінің араб елдеріне қарсы басқыншылық әрекеттері аймсақтағы жағдайды ғана күрделендіріп қана қоймай, жалпы шиеленісті реттестіру үдерісіндегі халықаралық қауымдастық шараларын да тығырыққа тіреді. Таяу Шығыс шиеленісінің түйіні болып отырған Палестина мемлекетінің егемендік алу мәселесі Палестинаны азат ету ұйымы, Фатх, Палестина қаорсыласу қозғалысы ұйымы кеңестерінде талқыланып, жекелеген палестиндік партизандық топтардың Израильге қарсы шабуылдарының артуын жеделдетті.

«Алты күндік» соғыстан кейінгі аймақтағы халықаралық жағдайдың шиеленісінуіне «қырғи-қабақ соғыс» қатынасындағы АҚШ пен КСРО-ның шиеленіске қатысты ұстанымдары мен аймақтағы саясаты бірден-бір себеп болды. Араб-израиль қақтығыстарын реттестіруге бағытталған АҚШ-тың «Роджерс жоспары» мен «Аллон жоспары» палестиндіктер тарапынан қолдау таппаса, КСРО-ның «маусым соғысынан» кейін Израильмен дипломатиялық байланысын үзуі шиеленісті реттестірудегі бітімгершілік әрекеттері екі тараптың да ұстанған бағыттарының сыңаржақты болғандығынан еш нәтиже бермеді. Сонымен қатар, Египеттің «Роджерс жоспарын» қабыл алуы араб әлемі ішінде кезекті жіктелістерге жол салып, Палестина мәселесінің шешілуін одан әрі қайшыландырып жіберді.

1967 ж. «алты күндік» араб-израиль соғысынан кейін Палестина мәселесі Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберіндегі реттестірілу аясынан шығып, көптеген халықаралық және аймақтық конференциялардың күн тәртібіндегі XX ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық саясаттың ең маңызды аспектілерін қамтитын маңызды тақырыпқа айналды.

Араб елдерінің Палестина мәселесін шешуге бағытталған іс-әрекеттері ең алдымен өз мақсат-мүдделеріне сай құрылып, көп жағдайда палестиндік қозғалысты бақылауда ұстауға ұмтылған саясаттары палестиндік ұйымдардың саяси бірігуіне және өз күштеріне ғана сүйенуге итермеледі. ФАТХ-тың бастамасымен шақырылған конференцияға жиналған бірнеше палестиндік ұйымдар өз мақсат-мүдделеріне жету үшін қарулы күштерін біріктіру, Палестина азат ету ұйымының іс-әрекетінің бағытын өзгерту мәселелерін көтерді. Палестиндік ұйымдар «Палестина халқының қарулы күресі бағдарламасын» жасап, Палестинаны азат етудің бір ғана тиімді жолы – тек қарулы күрес деген ұйғарымға келді.

Палестиналықтардың іс-әрекеттері сыртқы күштерден жан-жақты қолдау таппады және ұйымдасқан сионистік қозғалысқа қарсы төтеп бере алмады. Бұл туралы Мұхамед Хасанейн Хейкал былай деп тұжырымдайды: «Біз XX-шы ғасырға тиесілі сионистік жобадан жеңіліс таптық, себебі біз бұл уақытта әлі ХҮІІІ ғасырда өмір сүрдік».

Таяу Шығыс шиеленісін реттестірудегі мемлекеттер ұстанымы мен әрекеттерін қарастыра отырып, араб-израиль қақтығысына қатысушы елдердің алдында осы кезде шиеленісті реттестіруде ең

алдымен мемлекеттік мүддеге жауап беретін өз мақсаттарынын анықтау міндеті тұрды деп тұжырымдаймыз.

Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруге бағытталған БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қабылдаған № 242-ші қарары әлі күнге дейін қақтығысқа тартылған мемлекеттер тараптарынан толық жүзеге асырылмай отыр. Біздің пікірімізше бұл әлемдік қауымдастық елдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуші жалғыз жоғарғы ұйымның қауқарына күман тудыратын көлеңкелі тұсы.

Қазіргі таңға дейін шешімін таппай отырған Таяу Шығыс шиеленісінің негізгі мәселелерінің астарында осы «алты күндік соғыс» барысында Израиль жаулап алған бірқатар араб жерлерінің қайтарылмауы, атап айтқанда Сирияның Голан қыраттары, Оңтүстік Ливанның жерлері мен Иерусалимнің мәртебесі, Палестина босқындарының тағдыры секілді күрделі түйіндердің шешімі таппауы жатыр.

## **2 ТАРАУ**

### **ЕГИПЕТТІҢ ІШКІ, СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ БАТЫСТЫҚ БАҒЫТ (1970-1976 жж.)**

#### **2.1 Египетте Ануар ас-Садаттың билікке келуі және ішкі, сыртқы саясаттағы өзгерістер (1970-1973 жж.)**

Мұхамед Ануар ас-Садат 1918 ж. Каирден солтүстікке қарайғы Мит-Абул-Кум қалашығында дүниеге келіп, ауқатты жанұяда өсіп тәрбиеленген. Өз айтуы бойынша оның көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен төрт адам: ағылшын отаршыларына қарсы күрескер Захран, түрік мемлекетінің тәуелсіздігі жолындағы қайраткер Кемал Ататүрік, Үндістан жетекшісі Махатма Ганди және “британ отаршылдығына қарсы тұра алатын жалғыз әлемдік басшы” деп білген Адольф Гитлер болды. 1936 ж. Каирдегі әскери училищеге түсіп, оны тәмәмдаған Ануар ас-Садат Каирден шалғай жатқан әскери базаға барып қызмет етті. Осы жерде ол Г.А. Насырмен танысты [137, 15 б.].

Г.А. Насыр сияқты Ануар ас-Садат та “Ерікті офицерлер” мүшесі, 1952 ж. шілде төңкерісінде белсенді түрде атсалысқан қайраткерлердің бірі. Ортақ өмір жолдары болғанымен де екеуінің саяси көзқарастары онша үйлесе қоймайтын. Насыр өлімінен кейін 1969 жылдан вице-президент қызметін атқарушы Ануар ас-Садаттың мемлекет басшысы болып сайлануы көптеген адамдарға күтпегендік болды. Бұрын Ануар ас-Садат елдегі шынайы билікпен байланысы жоқ қызмет орындарында істеген болатын. Ол “Әл-Жумһурия” газетінің редакторы, Ислам Конгресінің Ұлттық Одағының Бас хатшысы, Ұлттық Жиналыстың төрағасы қызметтерін атқарды. Алайда Ануар ас-Садат Египет саяси аренасындағы кездейсоқ тұлға емес еді. Ол билік басында Египет қоғамындағы әлеуметтік топтардың, дәлірек айтсақ, ұлттық-діни көзқарастарға сүйенген ауыл буржуазиясының бір бөлігінің мүддесін көздеді. Вице-президент қызметін атқара отырып-ақ Ануар ас-Садат билік басындағылардың жоғарғы тобынан өзіне тірек орнату мақсатында батыл қадамдар жасады. 1970 ж. басында Ануар ас-Садат сыртқы істер жөніндегі саяси комиссияны басқарды, мұның өзі оған әр губернаторлықтарда жиі-жиі жиналыстар өткізуге, кеңестер құруға мүмкіндік берді. Жиналыстарды өткізе отырып, Ануар ас-Садат Араб Социалистік Одағы (АСО) басшылығында көпшілігінің, әсіресе секвестрлар

саясатына наразы ауыл буржуазиясының, либералды топтардың назарын өзіне аударып отырып, олардың сүйіспеншілігіне бөленіп, беделі арта бастады. Мемлекеттік аппарат деңгейінде ол Г.А. Насыр саясатына қарсы біраз топтың қолдауына ие болуға қол жеткізді [138, 35 б.].

Насыр бағытынан бөлек көзқарастағы адамның үкімет басына келуі жаңа кезеңнің, ең алдымен билікте бюрократиялық буржуазия кезеңінің басталғанын көрсетті, мұның өзі мемлекеттің ішкі, сыртқы жағдайларына елеулі өзгерістерді енгізді. Осы кездегі үкімет басына билікке талас барысында ел ішінде екі түрлі бағыттағы топ байқалды. Олардың бірі – Насыр саясатын толық қолдаушы топ болса, екіншілері – жеке меншікті жақтаушы ірі буржуазия өкілдері болды. Кейінгі топ Ануар Ануар ас-Садаттың бойынан өз мүдделеріне сәйкес келетін қасиеттерін танып, оның үкімет басында билікте тұрақтап қалуына ықпалдарын тигізді [87, 31 б.].

Насыр кезінде басталған реформаларды тереңдету жөніндегі мықты ұстанымдар, Египет қоғамындағы күштердің орналасуы, Насырдың зор беделі алғашқы кезде Ануар ас-Садатты 1952 ж. төңкеріс жетекшісінің ісін жалғастыруға мәжбүр етті. Сондықтан да сөз жүзінде ол Насыр ісін жалғастырушы, демократия мен прогресті қолдаушы болса, іс жүзінде басқаша әрекет етті. Ануар ас-Садат әр оңтайлы сәтте өзінің социализмде демократияны бағалайтынын, ал билік пен демократия – қоғамның жалғыз жүрер жолы екендігін атап көрсетіп отырды. Буржуазия өкілдерінен қолдау алған оның “демократия барлығы үшін” идеясының астарында 1962 ж. қабылданған негізгі Заң – Ұлттық Хартияны да сынға алып, оны “түзеу” мақсаты да болды.

Ануар ас-Садат бірте-бірте “өткендегі қателіктерді түзеу” мақсаттарын өз сөздерінде ашық айта бастады. Өзінің “Бахс ‘аниззат” (“Өзімді іздеу”) атты кітабында былай дейді: “Мен билікке келген алғашқы күндерімнен бастап-ақ өзіндік саяси бағыт ұстануға тырыстым және бұл бағыт Насырдікінен өзгеше болмақ. Әрине, біз бұрынғы қағидаларды ұстанамыз, бірақ мақсатқа жету жолында бұдан ауытқуымыз мүмкін” [41, 86 б.].

Бұл өзгерістерді қолдамағандардың қатары ел ішінде аз болмады. Алға қойылған мақсаттарға жету жолында ең алдымен насырлықтар бөгет болды. Ануар ас-Садат солшылдар тарапынан күшті бәсекелестікті көріп президент билігінің шектелуінен қауіптенгеніп, Египет қоғамында олармен күресуді ұсынды. Осыған

байланысты Ануар ас-Садат “Бахс ‘аниззат” кітабында: “бұл күштер Насыр ісін жалғастыру ұранын жамыла отырып, шиеленісті одан әрі ушықтырды”, - деп жазды [41, 124 б.].

Египет басшылығындағы осы кездегі жағдайды сипаттай отырып Хасанейн Хейкал: “шын мәнісінде солшыл қайраткерлер мен президентті қарсыласушы екі лагерьге бөлген қақтығыс Либиямен бірігу, Кеңес Одағымен қарым-қатынас немесе басқа мәселелерге байланысты болған жоқ. Бұл күрес өзін орнықтыруға тырысқан жаңа президент пен оның бұрынғы әріптестері арасындағы күрес және осы мақсатқа жету жолында олар не нәрсеге болса да даяр болды”, - деп жазады [55, 124 б.].

Өзінің билік үшін күресінде “орталық күштермен” қақтығысын Мұхамед Ануар ас-Садат оппозиция қайраткерлері – әскери министр, ішкі істер министрі және әлеуметтік істер бастығына “жеке іс” жүргізуден бастады. Ануар ас-Садат өзі күдіктенген адамдарына жасырын бақылау, тыңдау аппараттарын қойды. Бұл АСО басшыларының Ануар ас-Садат жайлы жағымсыз пікірлері жазылған ұнтаспаның президент қолына табысталуымен тынды. Ұнтаспадағы мәтін бойынша жасырын түрде мемлекеттік төңкеріс дайындалуда деген мағлұмат алынды. Осыған байланысты президент ұйғарымымен Араб Социалистік Одағының мүшелері, белгілі бір мемлекет қайраткерлері 1971 ж. 15 мамырда тұтқынға алынды. Оның ішінде Али Сабри, Шариф Гомаа сияқты саясаткерлер болды. Осы кездердегі оқиғалардың куәсі болған Египеттегі КСРО елшісі Виноградов В.М.: “Ануар ас-Садат барлық осы оқиғаларды Кеңес Одағымен байланыстырғысы келді” деп жазды. “Жоғарыдан ойластырылған” мемлекеттік төңкерістен кейін Египеттегі басты министрліктердің билігі Ануар ас-Садаттың қолына көшті. Бұл оның билікте тұрақтап қалуына басты ықпал еткен факторлардың бірі болды және Египеттегі бар билікті өзінің қолына жинауына мүмкіндік туғызды.

1971 ж. 27 мамыр күні Каир қаласында КСРО және ЕАР арасындағы достық және бірлестік келісіміне қол қойылды. Бұл қадам – КСРО тарапынан “империализм мен отаршылдыққа қарсы, халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы екі ел арасындағы бірлескен ой-пікірден туындаған іс деп бағаланды [73].

Ануар ас-Садат ЕАР-дың Ұлттық жиналысында сөйлеген сөзінде: “КСРО мен Египет арасындағы достық қарым-қатынас туралы келісім, алдағы 20 жыл бойына маңызын жоймақ емес. Біздің

халқымыздың күрес жолында жеңіске жетуіне көмектесіп келе жатқан елмен достығымыз уақытша, тактикалық достық емес. Біздің экономикамызды көтеруге, жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуымызға көмектесушілермен достығымыз біздің стратегиялық жүйеміз”, - деді. Ануар ас-Садаттың билік басындағы алғашқы жылдарында КСРО-Египет қарым-қатынасы туралы осы сияқты сөздер жиі айтылатын. Алайда, Ануар ас-Садат кейіннен өзінің “Өзімді іздеу” атты естелігінде бұл келісім жайлы былай деп жазды: «Келісімге қол қойған мақсатым – Кеңес Одағын тыныштандыру болатын» [41, 131 б.].

Осы бағытта 1972-1974 жж. жаңа президент Насыр кезеңінде сотталған көптеген саяси қайраткерлер мен “Ағайынды мұсылмандар” мүшелеріне рақымшылық жасады. 1967 ж. соғыста кінәлі деп танылған бірнеше генералдар мен офицерлер билік басына қайта келді.

Өз билігін өте сақ және ұтымды пайдалана білген Египет президенті Ануар ас-Садат алғашқы әрекеттерін діни-мұсылмандық топтармен де байланыстырды. Бұл жөнінде президент өз арнауларында былай деп көрсетті: “Насыр ұстанған социализм бағыты – маркстік бағыт, ал ол құдайсыз социализм”. Бұл мәлімдеу оның Египет қоғамын Кеңес Одағынан алшақтатқысы келгендігін көрсетеді. Өзін халыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бұрынғы елбасы бейнесінен бөлек, халықтық, демократияшыл, діндар тұлға ретінде таныстыруға тырысқан Ануар ас-Садат дінді дәріптеп, ескі әдеп-ғұрыптарды да қастерлейтіндігін көрсетті. Жаңа президент тарапынан “Ағайынды мұсылмандар” ұйымы ресми қолдау тапты. Олар елде көптеген студенттік ұйымдармен тығыз байланыс орнатып, өздерінің басылымдарын шығарды. Радио, теледидар бойынша діни уағыздар жиі жүргізіле бастады. Олардың мақсаты шариғат заңына сәйкес діні мен өркениеті ұштасқан, әлеуметтік жағдайы үйлесім тапқан, экономикасы дамыған “мұсылман мемлекетін” құру болды. “Ағайынды мұсылмандар” ұйымының бұл талаптары тұтас орындала қоймағанымен де біразы үкімет тарапынан қолдау тапты [139, 97 б.].

1971 ж. мұсылман дінінің үстемшілігі артып, шариғат заң шығарушы бастаулардың бірі болып конституциямен бекітілді. Конституцияның 1-ші бабында: Ислам – мемлекеттік дін, араб тілі – ресми тіл. Мемлекеттің Заң шығарушы органының негізі, мұсылман қағидалары – шариғат болып табылады [37, 7 б.]. Ануар ас-Садаттың



билік басындағы алғашқы жылдардағы аса қатты “діндарлығы” өзінің кейінгі жылдардағы саясатына тұзақ болып өміріне қауіп төндіргеніне тарих куә. Дегенмен бұл әрекеттер Ануар ас-Садаттың дінді Насырдың саяси бағытын әлсірету жолында да, өз реформаларын іске асыруда да қолдана білгендігін дәлелдейді.

1971 ж. 4 қыркүйекте Египет Араб Республикасы – демократиялық, социалистік мемлекет болып жарияланды. Жаңа Конституция меншіктің мемлекеттік, кооперативтік және жеке меншіктік түрін бекітті. Экономикада орталықтандыру, диверсификациялауды қолдай отырып Ануар ас-Садат елге шетел инвестициясының тартылуына көптеген мүмкіндіктер туғызды. Шетел және басқа араб елдерінің капиталдары Египет ішінде де, Египеттен тыс аймақтарда да әрекет етулеріне мүмкіндік алды және Египет мемлекеті тарапынан оларды тәркілемеуге, шетел жеке меншіктерін ұлттандырмауға кепілдік берілді. Шетелдіктерге жер иелену құқығы қайтарылды, сонымен қатар осы кезде сыртқы саудаға мемлекеттік монополия жойылды. Ішкі нарықта қалыптасқан жағдайға байланысты жоспарлы түрдегі салынған шектеулер: шетел капиталымен бағаны реттестіруге арналған шарттар, экспорт пен импорт операцияларын жүргізу кезіндегі өнімді таңдау ережелері т.б. алынып тасталды [37, 64-74 бб.].

Ануар ас-Садат саясатына баға бере отырып, оның алдында тұрған таңдаудың шектеулі болғанын ескеру керек. Ішкі қайшылықтардың ішінде ең қиыны, уақыт күттірмесі - тұрақсыз экономика мен күн артқан сайын саны артып келе жатқан тұрғындарды асырауды қамтамасыз ету болды. Ануар ас-Садаттың Египеттегі бетбұрысты, өзгерістерді іске асыруына түрткі болған себептердің бастысы да осы елдің әлсіз экономикалық жағдайы мен демографиялық өсімі болды. Дағдарыстан шығарар бір жол – американдық қолдауға ие болу деп санаған Ануар ас-Садат: «АҚШ әлемдегі ең күшті мемлекет және оның Кеңес Одағынан гөрі әлемдегі рөлі жоғары, Египет үшін дағдарыстан шығуда экономикалық көмек көрсете алады» деген тұжырымға келді. Сонымен қатар, «АҚШ Израильге әсер ете алатын бірден-бір күш және БҰҰ-ның қарарларын орындауға, жаулап алынған араб жерлерін, Мысыр жерлерін босатуға қатысты Израильге қысым көрсете алатын жалғыз мемлекет» деп ұйғарды. Мұндай шешімге келуге Ануар ас-Садатты АҚШ-тың Таяу Шығысқа қатысты саясаты да итермеледі [69].

Дамудың жаңа түріне өту қиындықтар мен қайшылықтарға толы болды. Ануар ас-Садат мемлекет ішіндегі қарсылықтарды сезінгенімен, мемлекет үшін ең басты қауіп – Израильмен соғыс екенін түсінді, әрдайым орасан зор қаржыны талап ететін әскери шығындар мемлекетті күйреуге ұшырататын еді. Тоқтаусыз соғысты Египет экономикасы да, халқы да көтермейтін болды, сондықтан да Израильмен қатар бейбіт өмір сүру қажеттілігі тұйықтан шығарар жол ретінде есептелді. Ануар ас-Садат бұл мақсаттың іске асырылуы өте қиын екенін де білді, бітімгершілікке ел ішіндегі ортодоксальды мұсылмандар, араб әлеміндегі соғысуға даяр тұрған көңіл-күйлер, сонымен қатар оған “ықпалды дос” – Кеңес Одағы да қарсы болды [139, 118 б.].

Осы кездердегі Таяу Шығыста АҚШ және КСРО ықпалының артуы араб елдерінің ірі мемлекеттер арасында бөлініске салынуына, әр араб мемлекетінің ішінде өзіндік саяси партиялардың, басқару элитасының, жергілікті бюрократияның пайда болуына себеп болды. Ұлт-азаттық көтерілістер нәтижесінде бірқатар саяси-экономикалық, идеологиялық факторлардың әсер етуімен Таяу Шығыста 1970 ж. басты үштік құрылым пайда болды. Оның құрамында Египет, Сирия, Сауд Арабиясы болды. Бірақ, Таяу Шығыс шиеленісіне қатысты мәселелерге бұл басты үш мемлекеттен басқа Израильмен қақтығысқа түскен Иордания мен Ливан да тығыз араласты. Сондықтан да араб-израиль қақтығыстарының реттестірілуі мәселесінде бұл мемлекеттердің ұстанымдары үлкен орын атқарды [110, 107 б.].

Таяу Шығыс шиеленісінің өзегі болып табылатын Палестина мәселесіне қатысты араб елдерінің көзқарасы мемлекет басындағы қайраткерлердің ауысуына және араб халықтарының ұлт-азаттық көтерілістеріне байланысты өзгеріп отырды. Ал мұның өзі араб-израиль мәселесінде Израиль басқыншыларына қарсы күрестегі жалпыарабтық стратегияның қалыптасуына кері әсер етті. Сонымен қатар, 1973 ж. ортасында Палестина Қарсыласу Қозғалысы (ПҚҚ) қиын да, күрделі кезеңді басынан кешірді. 1970 ж. Иорданиядан қатігездікпен қуылған, ешкімнен дерлік көмек ала алмаған палестиндіктерді ашу-ыза кернеді. ПҚҚ-ның өз ішінде де тәртіпсіздік пен торығушылық орнады. 1974 ж. палестиндік қарсыласу қозғалысы қатысуымен 39 теракт жасалды, мұның өзі әлемдік қауымдастық алдында олардың беделін төмендетті. Саяси және дипломатиялық істерде де қозғалыс тұйыққа тірелді [9, 439 б.].

1971 ж. сәуір айында Либияның Бенгази қаласында Египет, Либия, Судан, Сирия мемлекеттері басшыларының кездесуі өтті. Аталған мемлекет басшыларының отырысында мемлекеттік өзара ынтымақтастық, экономикалық, сауда-саттық және ақпараттық хабарлар саласында одақтасу және сыртқы саясатта Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру жолында ортақ ұстанымда болу мәселелері кеңінен талқыланды. Кеңестің соңында қабылданған коммюникеде: “Израиль басқыншыларына қарсы, басып алынған араб жерлерін босату жолындағы күресте күш біріктіреміз” делінді. Сонымен қатар, төрт мемлекет басшысы Палестина арабтарының мәселесіне толық қолдау көрсететіндіктерін атап көрсетті. Осы жылдың қараша айында Египет астанасы – Каирге Африка мемлекеттері Сенегал, Камерун, Нигерия және Конго мемлекет басшылары арнайы сапармен келді. Олардың іс-сапарларының басты мақсаттары – Таяу Шығыстағы жағдайды реттестіру және әскери, саяси қақтығыстардың шектелуіне ықпал ету болды [8, 212 б.].

Египет президенті Таяу Шығыс қақтығысы араб әлеміндегі ірі және дамушы Египеттей елдің қатысуынсыз шешілмейтіндігін жақсы түсінді. Египетсіз басқа араб елдерінің Израильмен күресуі өте қиынға түсер еді. Араб әлемінде “арабтарға Египетсіз соғыста жеңіске жету, ал палестиндіктерсіз бейбітшілікке жету мүмкін емес” деген сөз қалыптасқан. Израиль басқыншылығының салдарларын жою мәселесі Ануар ас-Садаттың қарсыластарымен ішкі саяси күресінде саяси алыпсатарлық құралына, сыртқы саясатта шиеленісті реттестірудің шешімін таппағандықтан жауапкершілікті Кеңес Одағына арту арқылы оған қысым көрсетудің, сонымен бір мезгілде әдеттегіден өзгеше көмек алу туралы өтініш жасаудың немесе АҚШ-қа елдің саяси бағытындағы өзгерістерді көрсету мақсатында Ақ Үй назарын аудартып, сол арқылы одақтас табудың құралы да болды. Таяу Шығыс мәселесі АҚШ қолында деген пікір ұстанған Садат “Египет үшін араб-израиль қақтығысының тікелей әсері аз, ал біз ол үшін шамадан тыс шығын шығарамыз. Ендігі жерде Египет үшін бұл мәселені жаңа тұрғыда қарастыру қажет”, - деді [85, 78 б.].

1971 ж. 2 ақпан күні Ануар ас-Садат Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру туралы өзінің бастамасын Ұлттық Қорғаныс Кеңесіне ұсынды. Билік басындағылардың көпшілігі жаңа Роджерс ұсынысын саяси реттестіру ісінде негіз етіп қарастыруды қаламады. А. Сабри және басқа АСО мүшелері Суэц каналын ашу ұсынысы Египетке ешқандай кіріс әкелмейді, Батысты Египет жерінің босатылуы емес,

тек Суэц каналының ашылуы ғана қызықтырады деп қарсылық білдірді. Ахмед Исмаил Али: “АҚШ саясатының мақсаты арабтарды Кеңес Одағынан оқшауландыру және оны Таяу Шығыстан алшақ ұстау”, - деп атап көрсетті [34, 63 б.]

Осы кездегі Ануар ас-Садаттың жалтақтауын пайдалана отырып АҚШ Таяу Шығысты реттестіруде “тұйыққа тіреу” дипломатиясын жүргізді. АҚШ президентінің Ұлттық Қауіпсіздік істері жөніндегі бұрынғы көмекшісі, одан кейін мемлекеттік хатшы қызметін атқарушы Г. Киссинджер өз естеліктерінде: “Таяушығыстық АҚШ саясатының мақсаты – мәселені тұйыққа тіреу және оны Вашингтон ғана шешкенше сақтап тұру болды”, - дейді. Вашингтон Египет Кеңес Одағынан немесе Кеңестер Одағы араб елдерін қолдаудан бас тартпайынша тұйықтан шығудың жолын іздестіруге асықпады [49, 354 б.].

Вашингтон Таяу Шығыс мәселесінде мынадай қағидаларға сүйенді:

1) Мүмкіндігінше Кеңес Одағын бұл аймақтан алшақтау ұстау және олардың Таяу Шығыс мәселесін шешу жолында белсенді араласуына жол бермеу;

2) Шиеленісті толық түрде шешу емес, біртіндеп келісімге келу арқылы, яғни екі жақты араб-израиль келіссөз тұрғысында шешу;

3) Жалпы келіссөздерді біртіндеп, яғни екі жақты келісімдер арқылы жүргізу;

4) 1967 ж. шекараға қайту мүмкін емес;

5) Палестина мәселесін Палестина босқындарының мәселесіне жатқызу;

6) Шиеленісті реттестірудегі американдық саясат АҚШ-тың осы аймақтағы мүддесін қамтамасыз етуі қажет [60, 113 б.].

Осы қағидалар өз кезегінде АҚШ-тың бұл аймақтағы барлық саяси және әскери мақсаттарын айқындады. Алайда бұл талаптардың барлығын орындау дәл сол кезде Ануар ас-Садаттың қолынан келер іс еместін. Бұл алдағы жылдардың ісі болды.

Ануар ас-Садаттың Батыспен жақындасу әрекеті Г.А. Насыр қайтыс болғаннан кейін-ақ Сауд патшасының арнайы кеңесшісі Кәміл Адхаммен кездесуінен басталды. Кәміл Адхам Фейсалдың сенімді адамы және американдықтармен арадағы сенімді байланысшы болды. Бұл кездесудегі қозғалған мәселелер – египет-кеңес қарым-қатынастары, елдегі кеңес адамдарының көбеюі және олардың ықпалы болды. 1970 ж. қарашада Кәміл Адхам Каирге келді.

Мысырлық зерттеуші М.Х. Хейкалдың пайымдауынша, Кәміл Адхам орыстардың Египетке қатынасы туралы айта отырып, бұл мәселе американдықтарды қатты алаңдататынын жеткізді. Ануар ас-Садат Израиль әскерлерін алып кетудің бірінші кезеңі аяқталған жағдайда, орыстарды қуып жіберетіндігіне уәде берді және мұны американдықтарға хабарлауды өтінді. Осы тәріздес кездесу АҚШ әкімшілігінің өкілі Ричардсон мен Ануар ас-Садат арасында өтті. Кездесуде Египет президенті өзінің Таяу Шығыс мәселесін бейбіт жолмен шешу жолын ұстанатынын және осы орайда АҚШ-пен бірігіп қызмет жасауға әзір екендігін білдірді [58, 126 б.].

1970 ж. 24 желтоқсанда АҚШ президенті Никсонға жолдаған хатында ЕАР президенті Ануар ас-Садат былай дейді: “Егер, Сіз, Египет КСРО-ның ықпалында деп санасаңыз, онда қатты қателесесіз. Біз Вашингтонмен Насыр тұсындағындай Кеңес үкіметі арқылы емес, өз атымыздан жеке келіссөз жүргізе алатындығымыз анық. Егер АҚШ Египетке қарай бір қадам аттаса, біз жауап ретінде он қадам жасауға әзірміз” [41, 108 б.].

АҚШ Египеттің сол кездегі саясатын қаншалықты қанағаттандырарлықтай болғанымен, Израиль мүддесіне қарама-қайшы келетін келіссөзге келе алмайтындықтарын білдірді. Оған тағы бір дәлел – Ануар ас-Садаттың БҰҰ-ға Суэц каналының шығыс жағалауын Израиль әскерлерінің босатуын және ондағы соғыс қимылдарын тоқтату туралы жолдаған хаты АҚШ тарапынан қолдау таппады.

1967 ж. соғыста арабтардың күйрей жеңілуінен кейін Таяу Шығыста КСРО-ның беделі күрт түскені белгілі. Аймақта КСРО ықпалының кемуіне жалпы кеңестік жүйенің дағдарысқа ұшырай бастауы Араб Шығысындағы, жалпы бүкіл әлемде Мәскеу саясатына деген сенімсіздіктің күшеюі мен Батыс елдерінің экономикалық қуатының артуы да себеп болды. Кейінірек, “тоқырау кезеңі” деген атауға ие болған кезең КСРО-ның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани жақтарын тұтас қамтыды. Социалистік елдердегі әлеуметтік жағдай Батыс Еуропа, АҚШ, Жапония елдерінен артта қалушылық, кеңестік көсемдердің ұстаным, пікірлеріне деген сенімді жоғалтты. Дегенмен КСРО әлі де болса Азия, Африка, Латын Америкасында өзінің әскери белсенділігін танытып, Үндіқытай, Оңтүстік Азия, Африкалық мүйістегі аймақтық шиеленістерге араласуын тоқтатпады.

Кеңес Одағы өзінің Таяу Шығыстағы беделін күшейтуде біршама қиындықтарға да кезікті, өйткені көптеген араб елдері коммунизмді исламға қарсы саяси құрылым деп есептеді. Бұл Мәскеудің Иран, Сауд Арабиясы, Оман, Біріккен Араб Әмірліктері елдеріне ықпал ете алмау себептерінің бірі болды. Осы аймақта жетекші рөлді өздері иемденгісі келетін Таяу Шығыс елдерінің біразы КСРО-дан көмек алатындықтарына қарамастан оны “жоғары амбициялы ірі мемлекет” санап, ішкі істеріне араластырғысы келмеді. Кеңес Одағының араб елдерімен қарым-қатынас орнатуында олардың “социалистік ориентацияға” өтуіне баса назар аударылды. Алайда кеңес басшылығының “социалистік жолға түскен араб елдері енді бұл жолдан қайтпайды” деген үмітін бұл елдердегі қалыптасқан жағдай жоққа шығарды [77, 121 б.].

Египет үшін Кеңес үкіметімен байланыстың мәні аз болған жоқ. Нақты деректерге сүйенер болсақ, 1972 ж. дейін КСРО Египетке 137 өндіріс орнын салып берді. Оның ішінде ең қомақтысы 1972 ж. Асуан су бөгетінің іске қосылуы болды.

1972 жылы 2 ақпан күні Египет Араб Республикасының президенті Ануар ас-Садат Мәскеуге келді. Кездесу барысында Ануар ас-Садат Кеңес Одағының жоғарғы саяси басшыларымен жүздесіп, олармен Египеттегі саяси-әскери жағдайларды талқылады және алдағы жылдардағы Израиль агрессиясына қарсы бірігіп күресер іс-әрекеттері жөнінде кеңесті. Бұл іссапардың басты мақсаты алдағы Израильмен болар соғысқа Кеңес Одағынан қару-жарак сұрау болатын. Алайда Ануар ас-Садаттың бұл өтінішінің іске асырылуын Мәскеу кейінге қалдыра берді. Осы жылдың мамыр айында Египетке КСРО Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының маршалы А.А. Гречко келді. Бұл кездесуде Таяу Шығыстағы бейбітшілік туралы Египет-КСРО қарым-қатынасы жөнінде мәселелер қозғалды. Осы сияқты кездесулер екі ел арасында жиі болып тұрды [111, 134-136 бб.].

АҚШ-пен ойдағыдай байланыс жасай алмайтындықтан Ануар ас-Садат КСРО-дан біржола қол үзіп кетуге асықпады. КСРО-дан қол үзіп кету оңай шаруа емес еді. Ануар ас-Садаттың мұндай әрекеттері бір жағынан, АҚШ-пен жақындасуға ұмтылысынан туса, екінші жағынан Судандағы 1971 ж. жазда болған коммунистерге қарсы бүлікпен де біршама дәрежеде байланысы бар. Ануар ас-Садат Судан президенті генерал Жафар Нимейри жағына шығып, оған елдегі бүлікті басуға көмектесті. Египет пен Судандағы билік бірден

коммунистік тәртіпке қарсы бағыт ұстанды, бұл Египеттің КСРО-мен қатынастарына әсер етпей қоймады.

1972 ж. Л.И. Брежнев пен Р. Никсон кездесуінен кейін 17 шілде күні Ануар ас-Садат КСРО үшін күтпеген жерден Египеттегі Кеңес Одағының әскери кеңесшілері мен мамандарын елдеріне қайтару туралы шешім қабылдады. Кеңес әскерилері Египетте 1968 ж. қазан айынан бастап Египет қарулы күштерін жаңа техникаға сай өзгертіп, жаңарту жолында қызмет етіп келе жатқанды. Бұл келісімді сыңаржақты түрде жоққа шығарған Ануар ас-Садат Каирдегі КСРО елшісін шақырып, оған Кеңес үкіметі басшылығына мына мәселелерді:

- екі апта ішінде Кеңес әскери мамандары мен кеңесшілерінің елдеріне қайтарылуы;

- Египеттегі барлық кеңестік әскери объектілер Египет бақылауына өтуі;

- Египеттегі барлық кеңес қарамағындағы қару-жарақтың Египетке сатылуын, болмаса бірден олардың тұрған жерінен әкетілуі;

- Барлық Египет-КСРО келіссөздері осы күннен бастап Мәскеуде емес Египетте өткізілетіні туралы хабарлауды талап етті [41, 129 б.].

Осы шешімді хабарлау барысын В.М. Виноградов: “Садат Кеңес әскерлерінің ерен еңбегіне ешбір алғыс айтпастан, керісінше оларға орынсыз ескертулер жасап, тіпті осындай шешімнің қабылдануының қандайда бір себептерін түсіндірместен Мәскеуге Кеңес әскерлерінің қызметінен бас тартатынын хабарлауды өтінді”, - деп еске алады. Осыдан кейін барлық кеңес әскери мамандары қайтарылды, ал кеңес-египет қатынасы тұйыққа тірелді. «Осылайша Ануар ас-Садат арабтардың қолындағы Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруге ықпал етіп отырған күшті тетіктен бас тартты» [51, 85 б.].

Бұл шешімді Ануар ас-Садат ресми түрде былай деп түсіндірді: “Алдағы болатын Израильмен шайқас тек таза египеттік мазмұнда болуға тиіс, ал Египет территориясында Кеңес әскери мамандарының болуы, Израиль үкіметіне АҚШ-тың және басқа да Батыс елдерінің шамадан тыс көмек көрсетуіне әкеп соғады” [7, 130]. Кеңес әскери мамандарының Египет территориясынан шығарылуы, Батыстың Таяу Шығыс мәселесі жөніндегі саясатының өзгеруіне ықпал етер деген үмітпен жасалған болатын.

Ануар ас-Садат өзінің бұл қадамына АҚШ тарапынан қолпаштау күткен еді. Бірақ, дәл мезетінде американдықтар бұл

шешімге лайықты сияпат байқата қоймады. Дегенмен, АҚШ Египеттен Кеңес Одағы мамандарының шығарылуы үшін Израиль әскерлерін Синайдан шығаруға ықпал етуге дайын болды.

Таяу Шығыстағы АҚШ-тың еуропалық серіктестері шиеленісті реттестіруде әртүрлі саясат ұстанды. Сөз жүзінде олардың біразы БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған №242 қарарының іске асуына ат салысатындықтарын айтқандарымен қайта оған кедергі келтірді. Мысалы, Англия 1972 ж. желтоқсан айында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында өткен қосылмаушылық саясатын ұстанушы жиырма мемлекеттің «Израильдің басып алған араб жерлерін қайтаруын талап еткен» мәжілісінде “жұмсақтық” танытты. 1973 ж. 4-ші араб-израиль соғысы басталардың сәл аз уақыт алдында ағылшынның “Виккерс” фирмасы Израильдің Теңіз Қарулы Күштерімен су асты қайықтарын жасау туралы келісімге отырды [39, 126 б.].

Израильмен байланысын бекіте түскенімен, Англия араб елдерінен де біржола қол үзіп кете қоймады. Өзінің бұрынғы отар елдерінен айрылып қалғанымен де, кезінде жеңіл байлықтың көзінен аз пайда көрмеген Англия араб елдерімен қарым-қатынасын жалғастырды. Англия үшін Кеңес Одағының араб елдеріндегі беделінің артуы мен тығыз байланысы тиімді емес еді. Лондон араб елдеріне ағылшын қару-жарағы мен әскери техникасын сатып алу үшін несие бөлуге даярлығын білдірді. Оның бұл ұсынысын Египеттің жаңа басшылығы қабыл алды. Батыс елдерімен ынтымақтастықты жақсартуды көздеген Ануар ас-Садат Англия, Франция сияқты мемлекеттермен мүмкіндігінше келісімді саясат ұстауға тырысты [11, 136].

Таяу Шығыстағы шиеленіскен жағдай саяси жағынан да, әскери қақтығыстары жағынан да өзінің шегіне жеткен еді. Вашингтон тарапынан болатын үнемі қолдауға сүйенген Тель-Авив басқыншылары БҰҰ-ның Израильді айыптаған қарарларына қарамастан Ливанға, Египет пен Сирияға, Иорданияға қарсы басқыншылық әрекеттерін күшейтті. Бұл қауіпті жағдай бүкіл әлем тарапынан алаңдаушылық туғызды. 1967 ж. жаулап алған жерлер үшін Израильді айыптау, сонымен қатар ол жерлерді босату туралы Израильге қойылған талаптар орындалмағандықтан өз күшінде тұрды. Араб елдеріне Мәскеуге мәжбүрсіз өмір сүру мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкіндігін көру үшін қарулы қақтығыстан басқа да жолдар іздестіру қажет болды.



Осы бөлімді қорытындылай келе, Ануар ас-Садаттың билік басына келуімен байланысты мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатындағы өзгерістерге келесідей себептер түрткі болды деп тұжырымдаймыз.

Өзгеріске басты себептерді төрт топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, билік басындағы алғашқы жылдардағы ішкі себептер, осыған байланысты діни факторды пайдалану, дінге сүйену әрекеттері. Ануар ас-Садат билік басында тұрақтап қалуы үшін алғашқы өзгерісті мемлекеттік аппараттағы кеңестік ықпалдағы Насыр жақтастарынан арылудан бастады. Бұл қадамы халықтың қарсылығына ұшырамас үшін ол діни-мұсылмандық топтардың қолдауына сүйенді. Ануар ас-Садаттың Кеңес Одағы дамуының бағыттарын осы тұрғыда сынауы Египет қоғамыны КСРО-дан алшақтатқысы келгендігін көрсетті.

Екіншіден, 1967 ж. соғыстан кейінгі елдің әлсіз экономикалық жағдайы мен халықтың демографиялық өсімі себеп болды. Мемлекет басшысы Египеттің дағдарыстан шығуы үшін экономикалық көмек көрсете алатын АҚШ-қа сүйену керек деген шешімге келді. Ел экономикасын көтеру үшін мемлекетке шетелдік инвестициялар тарту мәселесін көтере бастады. Оның бұл бастамалары 1974 ж. «инфитах», яғни «ашық есік» саясатында орын алды. «Инфитах» саясаты өз дамуында кедергілер мен қайшылықтарға толы болғанымен, көптеген нәтижелерге жетті.

Үшіншіден, араб-израиль қақтығысына қатысты ұстанымындағы өзгерістер. Ануар ас-Садат: «біріншіден, Мысыр – перғауындар елі, сосын барып, Мысыр – араб ұлтының өкілі» деген үндеуді көтерді. Әрине, мұндай бетбұрысқа қатысты мемлекет ішіндегі қарсылықтарды сезінгенімен, Садат мемлекет үшін ең басты қауіп – Израильмен соғыс екенін түсінді. Әрдайым орасан зор қаржыны талап ететін әскери шығындар мемлекетті күйреуге ұшырататын еді. Тоқтаусыз соғысты Египет экономикасы да, халқы да көтермейтін болды. Бұл дағдарыстан құтқарар бір жол «шектеулі түрдегі, саяси соғыс» жүргізу болды.

Төртіншіден, Таяу Шығыс мәселесін реттестірудегі өзгерістер. 1967 ж. жаулап алынған жерлерді босату туралы БҰҰ-ның Израильге қойылған талаптары орындалмады. Ануар ас-Садат бұл мәселені шешуде КСРО-дан гөрі АҚШ-тың беделі жоғары деген байламға келді. Осы себепті де Ануар ас-Садат шиеленісті реттестіруде Кеңес Одағымен бұрынғы одақтастығынан бас тартты. Оған 1972 ж. Египеттен Кеңес Одағының мамандарын шығару туралы шешімі

дәлел бола алады. Бұл шара Таяу Шығыстағы КСРО беделіне үлкен нұқсан келтіріп, оның социалистік идеологиясының өміршеңдігіне күмән тудырды.

1970-ші жылдардың басындағы Египеттің ішкі, сыртқы саясаттың өзгере бастауы Таяу Шығыс аймағындағы халықаралық жағдайдың жаңа кезеңіне жол ашты. Осы кездегі аймақтағы жағдай бұл шиеленіске тікелей тартылушы елдердің де, оны реттестіруші тараптардың да өздерінің аймақтағы саясаттарындағы ұстанымдарын қайта қарастыру қажеттілігін туындатты.

## **2.2 1973 ж. Қазан соғысы және аймақтағы халықаралық жағдайдың өзгеруі**

Ануар ас-Садат Египеттің Таяу Шығыс шиеленісін шешу жолындағы реттестіру бағытын жаңа арнаға бұрды. Бірақ, мәселені бірден бейбіт жолмен шешудің сәті түспеді. Жаулап алынған жерлер мәселесінің шешілмеуі әлеуметтік-экономикалық қиындықтар туғызып қана қоймай, Ануар ас-Садат үкіметінің өмір сүруіне де қауіп-қатер туғызды. Ел ішіндегі наразылық арта түсті, әсіресе 1972-1973 жылдары студенттер толқулары өте күшті өтті, президент бұйрығы бойынша бірнеше жоғары оқу орындары жабылды. Сонымен қатар, билік басындағылар ортасында да “қалыптасқан жағдай Египеттің беделіне нұқсан келтіреді, одан шығар жол – соғыс” деген ұстаным күшейе түсті. Ануар ас-Садат халықтың Израильмен соғысты ұлттық, мемлекеттік және егемендік құқықтарын орнату жолындағы әділетті соғыс деп қабылдайтынын түсінді. Сонымен бір мезгілде ол, соғысты ішкі және сыртқы саясаттағы мақсаттарға жету жолы деп білді. 1973 ж. соғыстан Египет билігі ішкі қайшылықтардан шектеулі соғыс арқылы шығуға тырысты.

Қақтығысушы екі жақтың бітімге келмеу ниеттері, шешуші жеңіске жету мақсаттары, оларды белгілі бір алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қолдауы, аймақтағы бірнеше жылдар бойы қалыптасқан не бейбітшілік емес, не соғыс емес тұрақсыздық жағдай сөзсіз жаңа жарылысқа – Қазан соғысына әкелді.

Алдағы болар соғысқа даярлық 1972 ж. 24 қазан күні Каир қаласындағы президент үйінде Египет Қарулы Күштерінің Жоғарғы Кеңесінің мәжілісінен басталды. Египеттің ірі әскери басшылары қатысқан мәжілісте Ануар ас-Садат: «алдағы соғыс “шектеулі соғыс” болатынын және егер бұл соғыста Израильдің қол астындағы жаулап алынған жердің, яғни, Суэц каналының шығыс жағалауының ең болмаса 10 милі босатылса, онда, Таяу Шығыс жөніндегі дипломатиялық келіссөзде Египеттің беделі нығаяры сөзсіз» деген пікірін білдірді. Бірақ, президенттің бұл пікіріне соғысты шектеулі шеңберде ұстау мүмкін екеніне күмән келтірген әскери министр Садық бастаған көптеген генералдар қарсы шықты. Екі күннен кейін Ануар ас-Садат әскери министр Садықтың қызметтен босатылуы туралы шешім қабылдады. Ақырында “Гранит” жоспары өзгертіліп, “Бадр” атты жаңа жоспар қабылданды. Жоспар бойынша соғысқа

қатысушы бірлескен екі жақ – Египет пен Сирия бекітілген келісім бойынша соғыс қимылдарын бірге бастауы тиіс болды [57, 79 б.].

Әскери іс-қимылдар дайындығы кезінде араб әскери басшылығы тұтқиылдан соққы беру тәсіліне баса назар аударды. Бұл үшін бүркемелеуден жалған ақпаратқа дейін қамтылған барлық жағдай қарастырылды. Соғыс қимылдарының басталу күні шабуылға екі күн қалғанда анықталды және ол туралы тек Египет пен Сирия басшылығы ғана білді.

Соғысқа даярлықтың құпия түрде өткендігі туралы сол кездегі Египет армиясының қолбасшысы генерал Са'ад ад-Дин аш-Шазли де дәлелдейді: “Құпиялықты сақтау операциясы өте қиын болды, соғысқа дайындықты жасыру мүмкін емес болды десе де артық емес. Дегенмен біз соғысты бастау шешімін және соғыстың басталу мерзімін белгілі дәрежеде құпияда ұстадық” [54, 73 б.].

Израильді түбегейлі құрту мүмкін еместігін түсіне отырып, Египет пен Сирия басшылығы өз алдарына шектеулі міндеттер қойды. Египет майданында – Суэц каналынан өтіп, Митла-Гидди-Мелес асуларынан 25-30 шақырымдай ішкерілей ену, ал Сирия майданында – Голан жоталарын босату және Иордан өзеніне шығу жоспарланды.

Соғыстың басталу мерзімі туралы Александриядағы Қорғаныс Күштерінің Жоғарғы Кеңесі отырысында талқыланды. Соғысты бастау шешімі түптеп келгенде саяси басшылыққа тәуелді болғандықтан, ендігі міндет Сирия мен Египеттің соғыс басталар кездегі әскери дайындығын айқындау болды. Екі жақ та соғысқа дайын деген шешімге тоқталып, екі мерзімді: 1973 ж. 7-11 қыркүйек және 5-10 қазан күндерін белгіледі. Александрия кеңесінде сонымен қатар екі жақты құпиялық, қауіпсіздік, қарсыластарды стратегиялық және саяси жалған ақпаратпен хабарландыру туралы координациялық жоспарлар қарастырылды [53, 91 б.].

21 қыркүйектен бастап күндерге санақ жүргізу басталды. Он бес күн ішінде әскерді белгіленген орналасу шептеріне шығару, артиллерияны, әскери-инженерлік бөлімдерді, қосымша күштерді, су асты қайықтарын өз орындарына жіберуді іске асыру қажет болды. Ануар ас-Садат 1 қазан күні Қорғаныс Күштерінің Жоғарғы Кеңесінің мәжілісін өткізді. Жиналыста Әскери Күштер бөлімдерінің қолбасшылары қандай да болсын тапсырманы орындауға даяр екендіктерін мәлімдеді, әскери қимылдар қазанның 6 күні сағат 14.00-де басталады деп шешілді. Соғыс доңғалағын тоқтату енді мүмкін

емес еді. Кейбір әскери бірлестіктер үшін соғыс басталып та кетті. Су асты қайықтары 1 қазан күні-ақ әскери қимылдарды мерзімінде бастау үшін белгіленген нүктелерге орналасуға кеткен болатын. Қауіпсіздікті, құпиялықты қамтамасыз ету мақсатымен оларға соғыс басталғанға дейін радиостанцияны қолдануға тыйым салынды. Осылайша, 1973 ж. 6 қазан күні күшіне енген “күтпеген жағдай” алдын-ала жоспарланған, ойластырылған іс-шаралардың дайындығы нәтижесінде басталды. Сағат 13.30-да Каир радиосы Қызыл теңіздегі Египет порты Зафранға Израильдің шабуыл жасағаны туралы және бұл арандатушылық туралы Египет басшылығы БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне хабарлағанын айтты. Ал сағат 14.30-да соғыс басталғаны жарияланды. Кейін белгілі болғандай, Израиль шабуылы туралы ақпарат өтірік айтылды. Бұл ақпарат дәл сол кезде Араб Египет Республикасына әскери қимылдарды бірінші болып бастауына сылтау болды [52].

1973 ж. 6-шы қазанда, еврейлердің Иом-Киппур мейрамы күні Египеттің 222 реактивті ұшағы аспанға көтеріліп, Барлев шебі мен Синай түбегіндегі Израиль әскерлерінің бақылау бекеттерін нысанаға алып, оқ жаудырды. Дәл осы мезетте Сирия ұшақтары Израильдің солтүстік шекарасына соққы бере отырып, ізінше 700 зеңбіректен оқ жаудырды. Ал кешқұрым Египеттің бес жаяу әскер дивизиясының құрамындағы 2000 офицер мен 30 мың жауынгер Суэц каналының шығыс жағалауына өтті.

Сонымен бірге бірінші ауыр понтонды қалқымалы көпір даяр болды. Келесі сағаттарда әскери-инженерлік бөлімдер осындай бірнеше сал өткелдер салып, 31 паромдық ауыр әскери ұрыс техникасы сегіз көпір арқылы шығыс жағалауға ұмтылды. Сонымен қатар Суэц каналы мен Барлев шебін бұзуда кеңес мамандарының көмегімен Египет әскери инженерлік қызметкерлері құмды жоталарды қауқарлы су қысымымен шайып, танкілер жүретін жол да жасады.

7 қазан күні таңертең Египет әскерлері канал үшін шайқаста түбегейлі жеңіске жетті. Әлемдегі ең қиын су бөгеті мен Барлев шебін бұзу 15 сағатта іске асты. Бұл шайқаста Египет – 5 ұшақтан (жалпы ұшақ санының 2,5%), 20 танк (жалпы танк санының 2%) пен 280 адамнан (жалпы әскер санының 0,3%); израильдіктер – 30 ұшақ, 300 танк, мыңдаған жауынгерлерінен айрылды. Барлев шебі құлады [109, 93 б.].

Осы жеңіс туралы Са'ад ад-Дин аш-Шазли өз естелігінде: “1973 ж. 7 қазан күні біздер үшін қуаныш пен бақыт күні болды. Біз Суэц каналын ойдағыдай кешіп өтіп, шығыс жағалауда ауыр қару-жарақпен қаруланған жаяу әскер дивизиясын, танктерді, мыңдаған жауынгерлерді орналастырдық. Қарсыластар лагерінде тәртіпсіздік орнады. Оның әскерлері жалпы алғанда толығымен талқандалды. Алайда бұл қуанышты көрініс бізден шындықты жасыра алмады. Бұл ұрысты біз стратегиялық, яғни кенеттен шабуыл жасаудың арқасында ғана ұттық” - деп жазады [53, 93 б.].

Айта кететін жайт, бұл жеңіске жетуге 1970 ж. бері каналдың батыс жағалауында орналасқан кеңестік әуе қорғаныс күштері аса зор ықпал етті. Кеңестік зениттік тікұшақтардың Израиль ұшақтарын дәлме-дәл атқылап жоюына байланысты египеттіктерге Суэц каналының шығыс жағалауына өтуіне мүмкіндік туды. Сонымен қатар египеттіктер мен сириялықтар “Луна-М” тактикалық тікұшақтар арқылы бірнеше израильдік аэродромдарды істен шығарды. Осылайша соғыстың алғашқы күндерінде Египет, Сирия авиациясы әуеде басымдылық көрсетті [110, 118 б.].

Израильдіктер тез арада алғашқы күнгі шығындардың орнын толтыру үшін Египет майданына бес брондытанк бригадасын, содан кейін 300 танкті аттандырды. 8 қазан күні таңертең египеттіктерге қарсы үш дивизияға топтастырылған 8 брондытанк бригадасы жұмылдырылды. Олар – солтүстік майданда генерал Б. Адан басқарған үш брондытанк бригадасы, орталық бөлімде генерал Ариэль Шарон басқарған үш брондытанк бригадасы, оңтүстік бөлімде генерал А. Мандлер басқарған екі брондытанк бригадасы.

7-8 қазандағы израильдік 162-ші (қолбасшысы А. Адан) және 252-ші (қолбасшысы А. Мандлер) бронды танк дивизияларының египеттіктерге қарсы соққысы сәтсіз аяқталды, ал Израильдің 401-ші бригада Египеттің 18-ші жаяу әскер дивизиясы құрған тосқауылына түсіп, ірі көлемдегі танк шығынына ұшырады. Қалыптасқан жағдайда Израиль басшылығы американдықтардан тез арада авиация шығынының орнын толтыруды және қосымша әскери күш сұрады. Никсон израильдік ұрыс техникасының орнын толтыруға бұйрық берді [45, 126 б.].

АҚШ-тың шиеленісті реттестірудегі қызметі алғашқыда Израильдің әскери талқандалуына жол бермеуге бағытталса, кейінірек Г.М. Корниенко пікірінше, әскери қимылдар Израиль пайдасына ауысқан кезде АҚШ саясаты араб елдерінің толық

талқандалуының жалғыз “құтқарушысы” ролінде көрінуге бағытталып, сол арқылы болашақта КСРО-ны алшақтатып, Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруде шешуші рөл атқарғысы келді [61, 132 б.].

АҚШ басшылығы Таяу Шығыстағы мәселені Кеңес үкіметімен талқылау сияқты сыртқы істер әрекеттерімен ғана шектеліп қалмады. 6 қазан күні-ақ алғашқы қадамдар жасалынды. Президент Никсон АҚШ-тың 6-шы флотына Жерорта теңізіндегі шығыс бағытында қозғалуға бұйрық берді. Сонымен қатар президент “status quo ante” негізіндегі оқ атуды тоқтату ұсынысын, Кеңес Одағы араб елдеріне қару-жарақ тасымалдамас үшін Израильге шектеулі әскери көмек көрсету ұсыныстарын қолдады.

7 қазанда АҚШ-тағы Израиль елшісі С. Диницке Г. Киссинджер “Сайдуиндер” ракеталарының Израильге Виргиниядағы Әскери-теңіз Флоты базасынан тасымалданатыны туралы хабарлама жасады. “АҚШ Израильге көмек көрсетуде” деген айып тағылмас үшін, әскери тасымалды Израильдің “Эль-Аль” авиакомпаниясы ұшақтары арқылы іске асыру ұйғарылды.

Соғыс басталған алғашқы уақытта АҚШ әскери сарапшылары соғысушы жақтардың күшін нақты бағалай алмады. Олардың көбісі 1967 ж. соғыстың қойылымының қайталанарын күтті. Соғыс араб әскерлерінің толық күйреуімен аяқталмақ деп болжағандарымен, Америка Құрама Штаттары істің мұндай ақырына алаңдаушылық білдірді. Американ саясаткерлеріне соғысты оның аяқталғанынан кейін араб елдері басшыларымен, әсіресе, Ануар ас-Садатпен жұмыс істей алатындай етіп аяқтау ұтымды болды. Бұл Израильдің жеңісін қамтамасыз ету үшін ғана емес, арабтардың қайтадан Мәскеу қамқорлығына өтіп кетпесі үшін қажет еді [100, 121 б.].

8 қазанда АҚШ Конгресінде Таяу Шығыста басталған жаңа соғыс мәселесі талқыланды. Сенатор А. Рибикофф: “Израиль Египет пен Сирияның жақын арада шабуыл жасайтынын біле тұра, оған тойтарыс беретін әскери әрекетке жол бермеді. Ол мұны істемеді, онысы дұрыс та болды, өйткені енді, бұл соғысты кімнің бастағаны туралы еш күмән жоқ және соғыстың басталғанына араб елдерін қару-жарақпен қамтамасыздандырған Кеңес Одағы да кінәлі” деген пікір білдірді. Осы күні сөз алған сенаторлардың көбі Египет пен Сирияның әрекетін сөгіп, Израильді қолдайтындықтарын білдірді. Сенатор Р. Доул: “Әрқашан шиеленіс жер шарының ең маңызды аймақтарында басталғанда оның жаһандық деңгейге дейін ұлғаюы

мүмкін. Либия көсемі Муаммар Каддафидің АҚШ-қа қысым көрсетуде мұнайды пайдаланбауы мүмкін емес, онысы ақымақтық та болар еді”, - деп энергетикалық жағдайға қатысты алаңдаушылық білдірді [16].

Сенатор Доулдың айтқандары ең жанды тақырыпты қозғап өтті. 8 қазан күнгі АҚШ конгресінде сенатор М. Мэнсфилд ұсынған “Таяу Шығыста басталған жаңа соғысты айыптау” қарары қабылданды. Қарар президентті де, мемлекеттік хатшыны да соғыс қимылдарын тоқтатуға және соғысушы екі жақты соғыс басталғанға дейінгі тұрған шектеріне қайтару үшін қажетті шараларды жүзеге асыруға міндеттеді [17]. АҚШ-тың мұндай жобасын әрине арабтар жағы қабылдамады. Арабтар өз жерлерін азат етуде еді, мұндай жобаға келісу олар үшін израильдіктердің жаулап алушылығын “заңдылық” деп тануын көрсететін еді. Сондықтан да американдықтардың бұл жобасы Киссинджер айтқанындай “бұл әдіс уақытты созу мақсатында жасалған еді”.

АҚШ пен КСРО арасында реттестіру мәселесі жөніндегі келіссөздердің қиыншылығы мәселені шешуде екі жақтың да оқ атуды тоқтатуды бірінші міндет етіп қойып, одан кейінгі мақсаттарының әртүрлігінде болды.

Соғыстың алғашқы күндерінде Р. Никсон мен Л.И. Брежнев арасында қарқынды пікір алмасулар өтіп отырды. А.Ф. Добрынин өз естелігінде: «Л.И. Брежнев іс жүзінде араб жерлерін басып алып отырған Израиль бұрыннан бері агрессор болып саналады дегенді негізге алып Қауіпсіздік Кеңесін шақырудан бас тартты» - деп жазды [50, 325 б.].

Қазан соғысы майданындағы жағдайдың жылдам өзгеріп отыруына байланысты шешімдер қысқа мерзім ішінде қабылданды. Қалыптасқан жағдай бұл шешімдердің мазмұнына да ықпал етті. Сондықтан шиеленісті реттестірудегі Кеңес ұстанымының өте тез өзгеріп отыруы осы себептермен де түсіндіріледі. Зерттеушілер пікірінше арабтар жеңісіне сенімді болмағандықтан соғыстың алғашқы күндерінде КСРО Ануар ас-Садатты оқ атуды тоқтатуға және жеңіп алған жерлерді сақтап қалуға келісуге үгіттеді. КСРО-ның осы кездегі ұстанымы туралы КСРО Сыртқы Істер Министрлігіндегі АҚШ бөлімінің бұрынғы басшысы Г.М. Корниенко: “БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде мәселе Израиль жаулап алған жерлерді Египет, Сирия әскерлерінің азат етуі туралы болғандықтан, КСРО оқ атуды



тоқтатуды бұйырып Каир мен Дамаскіге қысым көрсете алмады”-деп жазады [61, 98 б.].

Сонымен қатар мұндай шешімді қабылдауға Хафез Асад пен Ануар ас-Садат әрекеттері де ықпал еткендей. Виноградов естелігі бойынша, ол Хафез Асадтың оқ атуды тоқтату туралы өтінішін Ануар ас-Садатқа мәлімдейді. Садат Хафез Асадпен хабарласқанында ол оның бұл өтінішін қабыл алмады. Сондықтан да 6 қазан күні БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі Кеңес өкіліне “оқ атуды тоқтату қаулысына” дауыс беру ұсынысы қойылса, оны Египет, Сирия басшылары қолдамаса қарсы болуға, ал олар ортақ келісімге келмеген жағдайда Египет пікірін қолдауға нұсқау берілді [51, 156 б.].

Бұл уақытта израильдіктер қарсы шабуылға шығумен болды. Голан жоталарында Израиль әскерлеріне қарсы Сирия әскерлері соғыс қимылдарын жалғастыра берді. Сирия майданындағы әскери ұрыстарда соғыстың алғашқы күндерінде сириялықтар жеңіске жетті. Олар тәулік бойында Кунейтрадан солтүстікке және оңтүстікке қарай 4-8 шақырым жылжыды. Алайда ұрысқа Израиль қосымша күштері қосылғаннан кейін сириялықтар әскерлерінің жылжуы бәсеңдеді. Кафр-Нафах бағытында жеңіске жету үшін Сирия әскери басшылығы 3-ші брондытанк дивизиясын ұрысқа қосты. Қырғын шайқастар нәтижесінде 7-ші қазан күні Сирия әскери басшылығы шабуылды тоқтатып, қорғанысқа өту туралы шешім қабылдады. Екі жақ та үлкен шығындарға ұшырады.

10 қазан күні Сирия майданындағы барлық Израиль бөлімшелері шабуылға шығып, өздерінің алдына Дамаск бағытындағы араб қорғанысын бұзу мақсатын қойды. Кескілескен ұрыстардан кейін майдан белсенділігі израильдіктер қолына көшті. Үш Израиль дивизиясы Кунейтра-Дамаск жолынан солтүстікке қарай орналасқан Сирия қорғанысын бұзды. Сирия майданында израильдіктерге қарсы Сирия әскерлерімен бірге Ирактың 3-ші брондытанк дивизиясы, 3-ші Иордан брондытанк дивизиясы, Марокко дивизиясы соғысты. Соғысқа Сирия жағында араб мемлекеттерінен басқа Солтүстік Кореяның 30 ұшқышы мен Кубаның брондытанк дивизиясының 500 адамы қатысты [53, 153 б.].

Қазан соғысы тарихын зерттеушілер Кеңес Одағының әскери көмегін 10 қазаннан басталды деп жазады. Алайда 7 қазанда-ақ Қара теңіз порттарынан арабтарға арналған қару-жарақ тиелген Кеңес кемелері шықты. Кеңес Одағы арабтарға қару-жарақтан басқа техникалық және командирлік кадрлермен де көмек көрсетті. Әскери

қимылдар басталған уақытта Египет пен Сирияда шамамен 3-4 мың кеңес әскери мамандары мен кеңесшілері болды. М. Хейкалдың айтуы бойынша, «8 қазан күні-ақ Кеңес Одағы Египет президентіне Таяуда әуе көпірі тасымалы іске қосылатынын хабарлады. Ануар ас-Садат мұндай хабарға қатты қуанды». [57, 186 б.].

9-10 қазаннан бастап Кеңес Одағы әуе көпірі тасымалы арқылы транспорттық ұшақтармен қару-жарақ тасымалын бастады. Ірі көлемдегі жүк тасымалы майдандағы жағдайдың қиындауымен, әсіресе Голан жотасындағы Сирия әскерлерінің шығындарымен байланысты болды. Сирия Әуе Қорғаныс Күштері негізінен Кеңес Одағы қаруларымен жарактандырылғандықтан оған қажетті жаңа “жер-әуе” зымырандарын шұғыл жеткізу қажет болды. 12 қазан күні әуе көпірі аса жоғары шегіне жетті. Тәулігіне 60-90 кеңес тікұшақтары Египет және Сирия аэродромдарына келіп қонды.

10 қазан күні Кеңес Одағы Ануар ас-Садаттың Митла және Гидди асуларын алуына келісім берді. Соғыс қимылдарының барысы ескеріле отырып, арабтар жеңісіне сенімі арта түскен Мәскеу БҰҰ ҚК-дегі Кеңес өкіліне “оқ атуды тоқтату” қарары ұсынылса арабтардың Израиль басқыншыларын қуу күресі заңдылық екенін жариялау, ал дауыс беруде қалыс қалу туралы нұсқау берді. Егер де қарар араб әскерлерінің соғысқа дейінгі жерлерге шығарылуын талап етумен жалғастырылса, онда дәлелді аргументтер келтіре отырып, вето қабылдауға нұсқау берілді [110, 161 б.].

Генерал Шазли «11 қазан күні Ануар ас-Садат өте жоғары көңіл-күйде болды және ұрысты әрі қарай жалғастырғысы келді» деп еске алады. Мүмкін бұған себеп Кеңес Одағы мен көптеген араб елдерінің қолдауы да болар. Ануар ас-Садат АҚШ пен КСРО арасындағы қайшылықтарды өз пайдасына ұтымды шеше білді. КСРО-мен қатынасты толық үзуге бетбұрыс жасаған Египетпен қарым-қатынаста болу Кеңес Одағы үшін маңызды болды. Сонымен қатар Египет президентінің жетекші орынға ұмтылысы Сирияның да алаңдаушылығын туғызды. Кеңес басшыларына Сирия мен Египет қатынастарына қатысты тепе-теңдік саясат ұстану керек болды және де ол Қазан соғысының ақырына дейін осы саясатты ұстанды. Тек Египет президентінің Америкаға бетбұрысынан кейін КСРО Сириямен негізгі одақтас ретінде маңызды қатынастар орнатты.

12 қазанда президент Р. Никсон Израиль премьер-министрі Голда Меирден Израиль ахуалының күрт төмендеуіне байланысты қару-жарақ тасымалы мәселесін тезірек шешуді өтінген хат алды. Сол

күні президент Қорғаныс министрлігіне шұғыл түрде “Әуе көпірін” ұйымдастыруға бұйрық берді. “Никель Грасс” әуе көпірі шабуылын бастамас бұрын Израильге қару-жарақ тасымалдауда Израиль ұшақтары қолданылды. Бірақ, бұл ұшақтардың күші көп жүк тасымалдауға есептелмегендіктен, мұндай жүк тасымалы қару-жарақ жетіспеушілігі мәселесін шешпеді. Американың жолаушы тасымалдаушы ұшақтарын пайдалануы да жетістік бермеді. АҚШ әскери-көлік авиациясын қолдануға алғашқыда Кеңес Одағымен арадағы байланысты ушықтырып алуымыз мүмкін деген қауіптен бармаған еді. Осыған байланысты Р. Никсон былай деп жазады: “Израиль соғыс аймағында болғандықтан ешбір сақтандыру компаниясы тәуекелге бара қоймады. Сақтандыру мәселесін айналып өту үшін біз Пентагонға резервтегі әскери флоттың біразын қайта жасақтауды ұсындық. Сонымен қатар, Азор аралдарын аялдамаға қонуға пайдалану туралы шешім қабылдадық. Көптеген дау-дамайдан кейін біз Португалия басшылығын осы жоспарды қабылдауға көндірдік”. Кеңес Одағының әскери әуе көмегі ұлғайтылған соң ғана АҚШ әскери әуе күштерінің көлік ұшақтарын пайдалану туралы шешім қабылдады [46, 125 б.]. Қалыптасқан жағдайда Вашингтон тобы мәжілісінде американдық әскери ұшақтарының қолданылуы мен тасымал мерзімі талқыға салынды. Мәжілісте Израильге тікелей С-5А ұшақтарын, Азор аралдарынан С-141 ұшақтарын ұшыру және S-4 “Фантом” ұшақтары тасымалын арттыру туралы шешім қабылданды.

13 қазанда 15.30-да жүк тиелген С-130 транспорттық ұшақтары Израильге бағыт алды. Бұл 32 күнге созылған операция Израильге 22.305 тонна жүк тасымалын іске асырды. Салыстырмалы түрде айта кетсек, Кеңес Одағының арабтарға жүк тасымалының көп бөлігін АН-12 және АН-22, сонымен қатар Ил-62, Ил-18, Ту-154 ұшақтары атқарды. 10-23 қазан аралығында ірі жүк тасымалдаушы ұшақтар 934 рейс, яғни 12,45 мың тонна жүк жеткізді [18].

Әскери көзқарас тұрғысынан бағалай отырып, «Әуе көпірі» Израильдің әскери техникаға деген сұраныстарын өтей отырып, оның әлсіреп қалған әскери жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді деген қорытынды шығаруға болады.

«Әуе көпірінің» әскери маңызынан гөрі саяси құрал ретіндегі маңызы басымырақ болды. “Никель Грасс” операциясы американдық-израиль қатынасына ғана емес, сонымен қатар АҚШ-КСРО, НАТО мүшелері мемлекеттерімен ара қатынасына ықпал етті.

9-13 қазан күндері майдан даласындағы Египет әскерлері жеңіске қол жеткізген аудандарда бекініп, көмекші күштердің келуін күтті. Египет әскерлерінің жылжымауы жоспарды артығымен орындадық дегендей сыңайды көрсетті, ал бұдан артыққа жоспар болмағандай. Шындығында жоспар болғаны белгілі. В. М. Виноградов Ануар ас-Садаттың мұндай әрекетін былай деп түсіндіреді: “Кейінірек Генри Киссинджер мен Ануар ас-Садаттың естеліктерінен белгілі болғандай, бұл кезде жасырын американо-египет келіссөздері жүріп жатты. Ануар ас-Садат бұйрығы бойынша Х. Исмаил Киссинджерге “Египет әрі қарай ірі әскери қимылдар жүргізуге, Израильмен қақтығысты шиеленістіруге мүдделі емес” - деген хатты жолдады” [51, 154 б.].

Америка әкімшілігі Египет президентімен мұндай келіссөздерді оның билік басына келген күнінен бастаған болатын. Ануар ас-Садат өз естеліктерінде 1973 ж. ақпан, сәуір айларында Хафез Исмаил мен Генри Киссинджер арасында екі кездесу болғанын мәлімдейді. Бұл кездесулерде Киссинджер американдықтардың Ануар ас-Садат бағытына, атап айтсақ, оның бейбітшілікке ұмтылу мен кеңес әскерлерін Египет жерінен шығару туралы шешіміне қанағаттанатындықтарын білдірді. Алайда осы мезетте Киссинджер Хафез Исмаилге: “арабтарға АҚШ көмек көрсете алуы үшін, олар жағдайды өзгерте отырып кейбір шарттарға көнуі керек”, - деді [48, 159 б.].

Сириялықтар мен египеттіктердің шектеулі мақсатқа жеткеннен кейін әрі қарай кең ауқымда әрекет етпеуі (египеттіктер Суэц каналынан үлкен жетістікпен өткеннен кейін үш күн Барлев шебін демонтаж жасауға жіберді, ал сириялықтардың ұрысқа қажетті мөлшерде әуе күштерін қоса алмауы танктердің Израиль әуе күштерінің соққысына ұшыратуына мүмкіндік берді) олардың алға тек шектеулі мақсат қойғанын дәлелдейді. Соғыстың алғашқы күндеріндегі екі майданда арабтардың жеңіске жетуі өте күшті әуе қорғаныс күштері шептері болғандығы факторы еді. Соғысты бастаған Египет пен Сирияның соғыс барысындағы келіспеушіліктері Египеттің Сирия білмейтін екінші жоспарды ұстануы болды. Мұндай жоспардың болғанын генерал Шазли де растайды. Сирия президенті Хафез Асад: “Ануар ас-Садат Сирияны шынайы мақсаттарымен таныстырмады, яғни, ол соғысты Таяу Шығыс жағдайын “өлі нүктеден” жылжыту құралы ретінде ойластырды. Біз, сириялықтар соғыс нәтижесі БҰҰ шешімдері негізінде саяси реттестіру болып

табылатынын түсіндік. Алайда БҰҰ араласқан кезде біз 1967 ж. жерлерімізді қайтарып алған болуымыз керек еді. Египеттің “оперативті үзіліс” жариялауы да жоспарда бар болды, оларға үзіліс қосымша күш жинау үшін қажет болды. Алайда бұл үзілістен кейін египеттіктер шабуылға шығу керек еді. Ануар ас-Садат бізбен шын жүректі болмауы арқылы іс-қимылды бірлесіп істеудің ең нашар әдісін жүзеге асырды”, - деп айтты [38, 215 б.].

Соғыс барысында әскери жетістікке ғана жетуді ойламағанын, Ануар ас-Садаттың келіссөздер жүргізу идеясын басшылыққа алғанын мемлекеттік хатшы Киссинджер де дәлелдейді. 1973 ж. басында Израильмен сепараттық келісімге келу Египеттің әлсіздігін көрсететін еді. Сондықтан Ануар ас-Садат “шектеулі соғыс” арқылы жаулап алған жерлерді қайтарып алуды ғана емес, Египеттің өзін-өзі құрметтеу сезімін қалпына келтіргісі келді.

Египеттіктердің әрекет етпеуі, АҚШ-тың “әуе көпірі” арқылы Еуропадағы америкалық базалардан әскери күштердің жеткізілуі Сирияға израильдік барлық әскери күшті төнгізді. Голан жоталарында қиындыққа ұшыраған Сирия әскерлеріне көмек беру үшін Израиль қорғаныс шебін бұзу қажет болды. Египет әскери басшылығы батыс жағалауда бір брондытанк бригадасын қалдыра отырып 4-ші және 21-ші брондытанк дивизиясын шығыс жағалауға көшірді. Са’ад ад-Дин аш-Шазли айтуы бойынша бұл шешім кейіннен ауыр жағдайларға ұшыратты. «Соғыс қимылдарының бірінші кезеңінде-ақ Барлев шебін алу үшін барлық танктің көп бөлігі бірінші шепке орналастырылды. Соғыс басталарда Египет әскерінде 1700 танк болды, оның 1350-і майданға, 100-і Қызыл теңіз ауданына, қалған 250-і Бас әскери бақылаудың стратегиялық резервіне бөлінді. Олар екі бригадаға: 23-ші (130 танк) және елдің саяси басшылығын қорғау үшін арнаулы бригадаға бөлінді. Жоспар бойынша 2-ші және 3-ші армия іске 1000 танкіні соғысқа қосты, қалған 350 танкті резерв түрінде каналдан батыс жаққа 20 шақырым жерге орналастырылды. Бұл күштер 21-ші және 4-ші бронетанк дивизиясына бөлініп 2-ші және 3-ші армияны тылдан қорғауға тиіс болатын. 14 қазаннан бастап 2-ші және 3-ші армияны тек бір ғана брондытанк дивизиясы қорғап тұрды. Соғыс барысындағы жағдай израильдіктерге Суэц каналынан 25-30 шақырымдай қашықтықта қорғаныс шебін салуға мүмкіндік берді [54, 228 б.].

14 қазанда сағат 6:00-де Египет әскерлері барлық майдан шебінде алты бағыт бойынша шабуылға шығуды бастады. Алайда

Израильдің қорғаныс шебінің қақтығысына ұшыраған Египет әскері техникалық және тірі күш жоғалтып, өз бекіністеріне қайта шегінуге мәжбүр болды. Бұл кезде египеттіктер қазанның 7-8 күндеріндегі мүмкіндікті жіберіп алған еді.

15 қазаннан бастап майдан шебіндегі белсенділікті израильдіктер өз қолына алды. Израильдіктер Египеттің 2-ші және 3-ші әскеріне соққы бере отырып, кең көлемді шабуылдарға көшті. Кешке қарай израильдіктер Суэц каналына шығуға мүмкіндік алды. Осы күні қарсылас шепті бұзуға дайындалуда еді. Генерал Аш-Шазли әскери министрге 21-ші және 4-ші брондытанк дивизиясын қайтадан армия резерві ретінде батыс жағалауға қайтарылуын ұсынды. Алайда Ануар ас-Садат “әскердің шегінуі жауынгерлердің рухына кері әсер етеді, әлсіздік белгіміздей көрінеді”, - деп қарсы шықты. Бұл туралы Са’ад ад-Дин аш-Шазли: “Мұндай жағдайда біз тез арада 24-ші және 54-ші брондытанк дивизиясын батыс жағалауға қайтаруымыз керек еді. Өкінішке орай, бұлай істелінбеді және бұл әскери қолбасшылардың жағдайды білмегендігі емес, бұл Египет саяси басшыларының шектен тыс сенімділігінің нәтижесі болды”- деп жазды. 15-нен 16-на қараған түні қарсылас ойлануға уақыт бермей Египет қорғаныс шебін бұзу қимылын бастап кетті. 16 қазан күні таңертең Ануар ас-Садат келіссөз бастауды сұрады. Өзінің парламенттегі сөзінде ол Израильге жаулап алған жерлерді қайтарса соғысты тоқтататынын айтып ұсыныс жасады. Алайда бұл ұсыныс бір күнге кешіккен еді. Майдан шебіндегі басымдылық израиль әскерлерінде болды.

17-нен 18-не қараған түні израильдіктер канал арқылы алғашқы понтон көпірін іске қосып, тез арада екі брондытанк бригадасын батысқа өткізді, ал 18 қазан күні батыс жағалауда израильдіктердің төрт брондытанк және бір жаяу әскер бригадасы болды. А. Шарон басқарған танк дивизиясы 2-ші армияны қоршау, Исмаилияны алу мақсатында солтүстік бағытта қысым көрсете бастады. Соңғы мәліметтерге қарай отырып израильдіктердің мақсатын айқындауға болды. Олар Диверсуар аймағындағы шабуылды кеңейте отырып, 2-ші және 3-ші армияны қоршауға алуға ұмтылды[54, 245 б.].

17 қазан күні араб елдерінің Израиль одақтастарына мұнай эмбаргосын жариялауы, жағдайдың күрт өзгеруіне, Таяу Шығыс мұнайына тәуелді Батыс Еуропа елдерін Америкамен қатынастарын қайта қарастыруға мәжбүр етті. 19 қазаннан бастап соғыс аймақтық шиеленістен жаһандық шиеленіске айналды. Сонымен қатар,

дипломатиялық күрес те аймақтықтан әлемдік деңгейге өтті, анығырақ айтқанда, ірі державалар арасындағы күреске айналды. Оның бір айшықты көрінісі Кеңес Одағының да соғысқа тартылуы болды. Ануар ас-Садат оқ атуды тоқтатуға келісім бере отырып ол орындалмаған жағдайда КСРО-ның Израильге соғыс ашу талабын қойды. Қазан соғысы ірі державалардың Таяу Шығыстағы саясаттарын айқындай етті. 20-22 қазан күндері генерал А. Шарон әскерлері Исмаилия бағытына өтуге тырысты, оларды Египет бөлімшелері ұстап тұрғанымен, осы уақытта оңтүстікте генерал Адан Суэц – Каир жолын жабуға қол жеткізді. Ануар ас-Садат былай деп еске алады: “Менің 3-ші әскерім Синайда израильдіктер қоршауында болды, сонымен бір мезгілде батыс жағалауда Шарон танктері египет әскерлерімен қоршалды, оларды негізгі израиль күштерімен 6 шақырымдық дәліз бен бірнеше ғана көпірлер байланыстырды. Египет генералдары менен коридорды кесіп өтіп, Шарон плацдармына соққы беруді талап етті. Бұл үшін бізде артиллерия және танк күштері жеткілікті болатын. Алайда осы кезде Египетке Генри Киссинджер келді. Ол маған: “Президент мырза, кеңес қаруы американдықтар қаруын жеңетін болса, Пентагон мұны кешірмейді және біздің “ойынымыз” осымен аяқталады”, - деді [41, 168 б.]

Мұндағы “ойынның” АҚШ-тың делдалдық етуімен Израильмен “келісімге келу” болғанын Иордания мәлігі мен премьер-министр Заид Рифаи да растайды: “Мен Ануар ас-Садатқа дипломатиялық қатынастарды қайта орнатуға келгенімде, ол маған Киссинджермен құпия байланыс орнатқанын және Израильмен қақтығысты тоқтата тұру идеясын айтты. Ануар ас-Садат мұны шектеулі акция арқылы, яғни батыс жағалаудағы кішігірім плацдармды жаулап алу арқылы іске асыруға, содан кейін келісімге отыруға болады деп түсіндірді” [39, 214 б.].

21 қазанда сағат 1:45-те Садат КСРО елшісі В.М. Виноградовты шұғыл кездесуге шақырды. Египет президенті КСРО елшісіне: “Мен Израильмен соғыса аламын, бірақ АҚШ-пен соғыса алмаймын. Менің американдық танктер мен ұшақтарға шамам келмейді. Біз олардың қаншама санын құртсақ та олардың ағыны толастар емес. Египет АҚШ-қа қарсы тұра алмайды. Сізден тез арада Мәскеуге оқ атуды тоқтату туралы өтінішімді жеткізуді сұраймын”, - деді. Бұл туралы В.М. Виноградов өз естелігінде: “Қиын да күрделі американ-кеңес келіссөздерінде американдықтар Израиль әскерлерінің Египет жеріне тереңдеп енуін қалады, сол арқылы египеттіктерді одан әрі қиын

жағдайға қалдыру үшін оқ атуды 48 сағатқа, кейіннен 24, ақырында 12 сағатқа қалдыруды талап етті. Мен бұл Қазан соғысының кейбір сәттерін кейіннен Ануар Садаттың және басқалардың” “Кеңес Одағы осы кезде Египетке көмек көрсетпеді, жемісті әскери қимылдарымызды тоқтатуға қысым көрсете отырып 338-ші қарарды зорлықпен қабылдаттыру арқылы оқ атуды тоқтатуға көндірді, сол арқылы Египетті жеңістен айырды”, - деген сөздерінің жалған екендіктерін дәлелдеу үшін келтіріп отырмын деп жазады. Кеңес Одағының көмегін бірде бағалап, бірде жоққа шығарған Ануар Садат осы орайда былай деп наразылықпен еске алады: “Менің уақытша бітімге келісім берген себебім, АҚШ пен Израиль маған қарсы болды. Ал Кеңес Одағы маған артымнан қанжар салуға даяр тұрды. Кеңес Одағы менің кеңес сарапшыларын шығарғаным үшін біздің соғысты жүргізе алмайтындығымызды дәлелдегісі келді” [51, 163 б.].

22 қазан күні БҰҰ ҚК-нің шешімімен № 338 қарар қабылданды:

1) Қауіпсіздік Кеңесі соғысқа қатысушы жақтарды оқ атуды тоқтатуға, барлық әскери қимылдарды тез арада доғаруға шешім қабылдағаннан кейінгі он екі сағат ішінде әскерді қазіргі орындарында қалдыруға;

2) Оқ ату тоқтатылғаннан кейін жауласушы екі тарапты БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1967 ж. 22 қарашадағы № 242 қарарды орындауға;

3) Оқ ату тоқтатылғаннан кейін бір уақытта соғысушы жақтар арасында келіссөздер жүргізуді бастауға шақырады [127, 159 б.].

Шиеленіс оңтайлы шешіліп, келіссөздер жүргізу басталатын кезең жеткендей болып еді. Бірақ, Израиль оқ атуды тоқтату келісімін бұзып, жаңа шабуылға шықты, олар басты соққыны Суэцке бағыттап, сәтті басталған шабуылдарын жалғастыра берді. Бұл жөнінде Моше Даян былай деп жазады: “Сол күні, яғни, 22 қазанда сағат 14:30-да Каир радиосы Ануар Садат оқ атуды тоқтату келісімін қабылдайтынын хабарлады. Бірақ, түнде және ертеңінде де Египеттің әуе күштері каналдың шығыс жағалауына шабуыл жасап, соғысты жалғастыра берді. Бұлай болу себебі, Сирия оқ атуды тоқтату келісімін құптаудан бас тартқандығынан болар. Ал, бізге келер болсақ, егер екеуінің біреуі, Египет немесе Сирия соғысуды тоқтатса, біз қол жеткізген жеңістерімізге қарамастан оқ атуды тоқтатар едік және сол ұстап тұрған жерлерімізде қалар едік [43, 142 б.].

Моше Даянның сөзіне қарасақ, оқ атуды тоқтату келісімін бұзуға кінәлі араб мемлекеттері. Алайда АҚШ пен КСРО-дан



соғысты аяқтауға көмектесуін өтініп, өте қиын жағдайда отырған Египеттің соғыс қимылдарын жалғастыра беруі күмәнді. Бұған қоса, егер келісім араб елдері тарапынан бұзылған болса, АҚШ бұл жағдайды пайдаланып қалар еді.

24 қазан күні египеттік 3-ші армияға әуеден соққы алу қаупі төнді. Батыс жағалауда қоршауды бұзуға көмек беретін күш египеттіктерде жоқ болатын. Қарсыластарға мұның бәрі белгілі еді. 24 қазанда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде Египет үкіметі Израиль үкіметінің № 338-ші қарарды барлық тұрғыда орындамауына байланысты БҰҰ-ға тағы бірнеше рет өтініш жолдады. КСРО мен АҚШ-тың бірлескен іс-қимылының нәтижесінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тағы да оқ атуды тез арада тоқтатуды талап еткен № 339-шы қарары қабылданды. Алайда бұл қарарды да елемеуге тырысқан Израиль әскерлері Суэцті қиып тастап, қаланың оңтүстігіне қарай жылжыды. Осы кезде Ануар ас-Садат тағы да КСРО мен АҚШ-қа қарардың орындалуы үшін аймаққа кеңес-американ әскери контингенттерін жіберулерін, сонымен қатар Кеңес Одағына АҚШ бұл ұсынысты қолдамаған жағдайда жеке шара қолдануын сұрап өтініш жасады. Араб-израиль соғысындағы осы кездегі келіспеушіліктер Таяу Шығыста өз мүдделерін де көздеген екі ірі мемлекет арасындағы қарым-қатынасты дағдарысқа ұшырата жаздады [104, 168 б.].

25 қазанда БҰҰ ҚК-нің отырысында қабылданған № 340-шы қарарға сәйкес Таяу Шығысқа КСРО мен АҚШ әскерлерінің құрамынсыз БҰҰ-ның әскері жіберілді. Шиеленіс реттестіріліп, соғыс аяқталды.

1973 ж. болып өткен 4-ші араб-израиль қақтығысы аймақтық шеңбер аясынан асып, халықаралық қауіпсіздікке қауіп төндірген қатерлі соғыс болды. Соғыс барысында Таяу Шығыстағы одақтастарына қолдау көрсеткен екі ұлы держава АҚШ пен КСРО өзара бәсекелестік сағаттарында шиеленісін одан әрі ушықтырып, соғысқа тікелей тартылу мәселесін көтерді. Қазан соғысының жүрісі мен себеп-салдарларын ашу үшін оған тікелей әсер еткен екі державаның да ұстанымдарын зерделеу міндеті туындады.

Кеңес Одағы саясатына талдау жасай келе, мынадай тұжырым жасауға болады. Біріншіден, Кеңес Одағының әскери іс-қимылдарының дәлме-дәл басталу күнін білмеді. Ануар ас-Садат КСРО соғысты ашуға қарсы болады деген оймен және оған сенім білдірмегендіктен де оның пікірін ескеруді қажет деп санамастан

шабуылды бастады. Кеңес жетекшілерін «ыстық соғыстан» гөрі «қырғи-қабақ соғыс» қанағаттандыратын еді, алайда Кеңес Одағы соғысты бастатпауға ұмтылмады.

Екіншіден, Египет президентінің іс-әрекетін түсінбеушілік КСРО-ның барлық мүдделерге толық жауап беретіндей саясат жүргізуіне кедергі болды, мұның өзі оның Таяу Шығыс аймақтарына және араб елдерінде рөлінің күшеюіне бөгет болды.

Үшіншіден, Кеңес Одағы араб күштері қатарында соғысу үшін әскер жіберуді ойламады. Оның әскери күштерді соғысқа әзірлікке келтіруі Египеттің 3-ші армиясының толық талқандалуына жол бермес үшін, АҚШ Израильге қатысты шаралар қолдануы мүмкін деген мақсаттан туған алдын-ала жоспарланған саясат болды. Мәскеу өте сақ қимылдады, Таяу Шығыстағы қақтығыс үшін әлемдік соғыс ашу дұрыс деп таппады.

Төртіншіден, Кеңес Одағы қақтығыстың даму барысындағы алға қойған міндеттеріне, яғни оқ атуды тоқтату және Таяу Шығыс мәселесіне байланысты халықаралық конференцияны шақыруға қол жеткізді.

Бесіншіден, Таяу Шығыстағы КСРО жағдайы нашарлады. КСРО-ның аймақтағы басты одақтасы ретіндегі роль Египеттен Сирияға ауысты, Египетті жоғалтумен бірге, аймақтағы басты қару-жарақ рыногі де жоғалды. Өйткені, американ-египет келісімінде Египет өзінің Қарулы Күштеріне тек Америкадан қару-жарақ сатып алуға міндеттенді.

АҚШ үшін Таяу Шығыстағы жаңа соғыс аса күтпеген оқиға болмады. 1973 6 қазанға бірнеше күн қалғанға дейін Американың барлау бөлімі Израиль басшылығын жаңа соғыс қимылдарының басталу мүмкіндігі туралы ескерткен болатын. Бірақ, Израиль тарапынан бұған аландаушылық байқала қоймады. Мұның ақыры араб әскерлерінің алғашқы әскери жетістіктеріне әкелді.

Израиль мен оның жақтастарының тарапынан арта түскен қысым Израильдің жағдайының мүшкілдегенін және оның жеңіске жетуінің мүмкін еместігін көрсетті. Соғыстың мұндай беталысы Вашингтонның барлық жоспарын бұзды. Атап өтетін жайт, Израильге әскери көмек көрсету мәселесінде конгресмендер Американың әскер жіберуін қажет деп санамады. “Көмек тек қару-жарақпен қамтамасыз етумен шектелмек. Вьетнамдағы соғыс жаңа ғана аяқталды, Америка әлі де соғыстағы шығыннан оңала қойған жоқ, Америка әскерлерінің кез-келген жаңа соғысқа қатысуы қоғамда

үлкен қарсылыққа ұшырағы анық”, - деген пікірмен конгрестегі Израиль достарының да санасуына тура келді. “Жаңа Вьетнам” алдындағы үрей, американдықтарды басқа елдерге көрсетер әскери көмек туралы бағдарламаларын жан-жақты екшеуге мәжбүрледі [83, 75 б.].

Соғыстың соңғы күніндегі мына бір дерек АҚШ ұстанымын айқындай түседі. Өз естелігінде Голда Меир: «Киссинджер Израиль елшісі Диницке телефон шалып, сендерге 3-ші әскер керек пе? Ал, біз сендер үшін үшінші әлемдік соғысқа түскіміз келмейді, - деп айтқандығын, ал Диниц өз кезегінде Голда Меирге: «Егер Израиль тарапынан соғыс жалғаса берер болса, онда біз АҚШ тарапынан әскери көмек күтуден үміт үзуімізге болады» деп хабарлағанын жазады [45, 253 б.].

Осылайша АҚШ екі майданда іс жүргізді: Израильге АҚШ тарапынан әскери көмек беруден бас тартамыз деп шарт қойса, Кеңес Одағына өз істегендерін өздеріне қайтарды. Киссинджердің израильдіктерге жолдауы оң нәтижеге қол жеткізді. Израиль әскерлері оқ атуды тоқтатты. АҚШ Израильмен де КСРО-мен де ара қатынасын бұзбады. Сонымен қатар, Египеттің мүддесін қорғаушы ретінде көрініп қалды.

АҚШ-тың ендігі саясаты Египет пен Израиль арасында келіссөздер жүргізуге бағытталды. Қараша айының басында Киссинджердің бейбіт бітім келісімін талқылау мақсатындағы Таяу Шығысқа іс-сапары басталды. Осы кезеңнен бастап Египет-Израиль қарым-қатынасын реттестіру ісі тұтастай АҚШ қолына көшті. Қорыта келіп, АҚШ-тың 1973 ж. Таяу Шығыстағы шиеленіске қатысты саясатынан мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1) АҚШ КСРО-ны Египеттен ығыстырып шығара алды. Нәтижесінде КСРО-ның араб елдеріндегі беделі төмендеді;

2) АҚШ Египет пен Израиль арасында келіссөз жүргізуде өзі де қатысты. Бұдан ол бірнеше жетістікке қол жеткізді. Израильмен қатынасын құлдыратпай, Египетпен қарым-қатынасын жақсартты және бейбітшілік орнатушы статусын алды.

3) АҚШ «Әуе көпірі» жобасы арқасында әуеде әскери операциялар жүргізуді жүзеге асырды. Сол уақытта транспорттық авиацияның қарқынды дамып келе жатқанын ескерер болсақ, бұл АҚШ үшін үлкен тәжірибе болды.

4) Таяу Шығыс шиеленісіне қатысты шешімдер қабылдауда “жаңа Вьетнам” мәселесінің туындап кету қаупі үлкен ықпал етті.

Шын мәнісінде, АҚШ әскери күші мен дипломатиялық күшін ұтымды ұштастыра білді. Осы ұштастықтың нәтижесінде АҚШ әкімшілігі басты мақсаттарына қол жеткізді. Шындығында АҚШ-тың 1973 ж. Таяу Шығыс шиеленісіне қатысты жүргізген саясаты 1978 ж. Кэмп-Дэвид келісімін жүзеге асыруына басты себеп болды. Мұны АҚШ-тың үлкен дипломатиялық жеңісі деп бағалауға толық негіз бар.

Сонымен 1,7 млн. адам, 6 мың танк, 1800 ұшақ, 200 кеме қатысқан, 18 күнге созылған Қазан соғысы аяқталды. Қазан соғысы “шектеулі соғыс” болып жоспарланғанымен, бастапқы межелеген шектен шығып кетті. Мұның өзі қаншама адамдардың өмірін қиды. Ануар ас-Садат үшін бұл соғыс көптен күткен Израильден кек алу болды. Ал жоғары дәрежедегі барлаушыларға ие Израильге соғыс күтпегендік болды ма? Бұл сұраққа Израиль зерттеушілері “Ануар ас-Садат 1973 ж. сәуір-мамыр айларында қайта-қайта мемлекеттің қарулы күштерін бейбітшілік жағдайдан соғыс жағдайына көшіруді (мобилизациялауды) жариялады, одан кейін оны қайтадан ауыстырды, мұның өзі израиль барлаушыларының қырағылығын жойды” дейді [79, 289 б.].

Израиль жетекшілері өз мемлекеттеріне ешкім де шабуыл жасамайтынына сенімді болды. Американдықтар Израиль шабуылдаушы әскерді тез арада талқандайды, тек оларға мобилизация мен өздерінің күштерін көрсетуге уақыт беру керек деп ойлады. Алайда соғыс барысы ойламағандай бағыт алды. Израильдің соғысты бірінші болып бастамау себептері әлемдік айыптаудан қорқу мен АҚШ-тың оларды қайтарымды соққы бермеуге үгіттеуі, шешуші әскери қақтығыста израильдіктердің жеңіске жететін сенімдеуі болуы мүмкін.

Ануар ас-Садат арабтардың 1967 жылғы соғыста жеңілуінің бір себебі Кеңес Одағымен одақтастық болды деп санады. АҚШ-пен, батыспен, араб елдерімен, Иранмен қарым-қатынасты үзген Насырда Кеңес Одағынан басқа дос қалмап еді, мұның өзі Насырды барлық еркіндіктен айырды. Кеңес Одағы арабтарға көп көмектескенімен, оларға жаулап алған жерлерді қайтарып бере алмады, сондықтан мен көмекті АҚШ-тан іздедім деп жазады [41, 112 б.].

1973 ж. қазан соғысы бір жағынан Израиль басқыншыларына қарсы соғыс деп аталынса, екінші тұрғыдан Таяу Шығыс мәселесіндегі тұйықтан шығу жолындағы «саяси соғыс» деп те аталынды.

Қазан соғысында Израиль әскери емес, моральдық-психологиялық жеңіліс тапты. Еврей мемлекеті «жеңілмейтін» даңқты жоғалтты. Египет жау тегеурінін тойтарды. Ануар ас-Садаттың жеңісінің де қорытындысы осы болды. Насыр израильдіктерден бірнеше жеңіліске ұшыраса, Ануар ас-Садат қаншама қитұрқы әдістерді қолдану арқылы өзін соғыстан жеңімпаз болып шықтым деп есептеді, сонымен қатар ұлттық өзін-өзі құрметтеу сезімін де қайта қалпына келтірді. Соғысты бастамастан бұрын соғыс нәтижесі саяси реттестіру болу керек деп шешкен Ануар ас-Садат енді жедел түрде БҰҰ ҚК-нің № 338 қарар негізіндегі келіссөздер жүргізу шешімін орындауға күш салды, оған қатысты аймақта алғышарттар да қалыптасқан еді. Қазан соғысы ендігі жерде Таяу Шығыс мәселесін қанды қақтығыс, қару-жарак, бәсеке арттыру тұрғысында емес, басқа сара жолмен шешу қажеттігін айқындағандай. Соғыс барысында арабтардың күш көрсете алуы оларға израильдіктермен келіссөздерге баруына мүмкіндік берді, бұрын саяси келіссөздер үшін оларды ақтайтын мүмкіншіліктер жоқ еді. Израиль мен Египеттің уақытша келісімге қол қоюлары, әлемдік қауымдастықтың жағдайды тез реттестіруілін талап етуі де Женева халықаралық бейбіт конференциясын шақыруға ықпал етті. Қазан соғысының ең басты нәтижесі де осы болды.

Қазан соғысы араб әскерлерінің Израиль әскерлерімен күресін ғана емес, сонымен қатар араб елдерінің экономикалық күресін де көрсетті. 1973 ж. Қазан соғысы кезіндегі мұнай факторы туралы айтпай кетуге болмайды. Қазіргі күндері мұнай факторының дүниежүзілік экономикада алып отырған орнын ескерсек, араб елдерінің мұнай өндіру арқылы әр кезеңдерде көптеген мәселелерге ықпал етуін байқаймыз. Мұнай экспорттаушы араб елдері ұйымына біріккен (ОАПЕК) араб мұнай өндірушілерінің 17 қазан күнгі мұнай тасымалдауды қысқарту туралы шешімі әлемде қобалжушылық туғызды. Бұл шара Израиль агрессиясын қолдап отырған ірі капиталистік елдерге қарсы араб мемлекеттерінің бірігіп жасаған қарсылықтары болды. Сирия мен Египеттің елеулі экономикалық шығындарының орнын толтыру мақсатында көптеген мұнай өндіруші араб елдері миллиондаған қаржы бөлді. Бұл ынтымақтастыққа консервативтік араб режимдері де тартылды. Экономика мен саясатта орын алған оқиғалар Фейсалдың көзқарасын өзгертті. Қазан айында «мұнай қаруын» қолданған Сауд Арабиясының королі Фейсал бір айдан кейін бұл әрекетке баруға мәжбүр болғандығын айтты және

мұндай қиын шешімдерді қабылдас үшін АҚШ-тан таяушығыстық саясатын өзгертуін өтінді [116, 23-28 бб.].

Соғыс қимылдары басталғанға дейін-ақ АҚШ-ты энергетикалық қауіпсіздік алаңдатып отырған болатын. АҚШ-тың Таяу Шығыс мұнайына тәуелділігі оны басқа альтернативті мұнай тасымалының көзін іздеуге итермеледі. Күн тәртібінде қайтадан Аляскадағы кен орындарын игеру және мұнай құбырын салу мәселелері көтерілді. АҚШ үшін алаңдаушылыққа барлық негіз бар еді. АҚШ-тың Мемлекеттік департаментінің жылу және энергетика бөлімінің директоры Дж. Экинс: 1972 ж. өзінде-ақ арабтар тарапынан 15 рет АҚШ-қа қарсы мұнай қаруын қолданатындықтары туралы сес танытқан ескертулер түскенін жазады [19].

Айта кететін жайт, 70-ші жылдардағы АҚШ саясатының Таяу Шығысқа ықпал ету стратегиясының басты бағыттарының бірі ол – ОПЕК-ке қарсы күрес болды. Вашингтон ОПЕК-ке қарсы күресін әскери күш көмегі арқылы емес, саяси және дипломатиялық қысым арқылы нарықтық механизмдерді пайдалана отырып, экономикалық тіректер арқылы жүргізді. Соғыс қимылдары басталған сәттен бастап АҚШ Конгресі мен американ әкімшілігі алдына бірінші кезекте: сыртқы саясатта Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру; ішкі саясатта энергетикалық дағдарысты реттестіру үшін қажетті шешімдер мен шаралар қабылдау міндеттерін қойды.

Араб елдерінің “мұнай соғысының” тағы бір бағыты мұнайға бағаны көп өсіруі болды. Қазан айының басындағы бағамен салыстырғанда мұнай бағасы төрт есе өсті. Бұл шаралар әсіресе өзінің мұнай сұранысының 80 пайызын араб елдерінен әкелетін Жапонияға қиын тиді. Жапония мұнайдың көп мөлшерін тікелей немесе жанама жолмен халықаралық компаниялардан алатын, ал үкімет пен іскер адамдар мұнай әлеміндегі биліктің, компаниялардан экспорттаушы елдерге ауысқан нышандарынан байқады.

Мұнай өндіруші елдер үшін мұнай енді саяси қару және кіріс көзі болды. Олардың барлығы мұнайдан түсетін пайданың сақталуы мен өсуіне мүдделі болды. Сонымен қатар олар пайда табудың әдісін де өзгертті. Егер олар кірісті бұрын ұңғымадан іріктеудегі салынатын салықтан, яғни фискальды шаралар есебінен ғана қамтамасыз етсе, енді олар мұнай өндіруші компаниялардың әрекеттеріне қатысуды жөн көрді немесе олармен бірлесіп қожалық етуге және ірі компаниялардың 25 пайыздық акционерлік капиталын иемденуге тырысты. 1973 ж. дейін энергетикалық дағдарысты туғызып отырған

энерготасымалдау тапшылығына әлем қобалжулы еді, сондықтан да олар өз мақсаттарына жететініне сенімді болды. 1970-1971 жж. өзінде дағдарыс бағаның өсуіне әкеліп соқтырды, мұның өзі мұнай өндірушілерге оны өндіруде қысқартудың да артылықшылықтарын көрсетті. Импорттаушы елдер екі жағдайда да әлсіз болды. Тасымалдың тоқтатылуынан да бұрын шектеудің өзі олардың өндірісі мен күнделікті тұрмысына қауіп төндірді, ал бағаның өсуі олардың төлем балансына зиянын тигізді. Алайда өндіруші компаниялардың жағдайы бұл елдерге қарағанда басқаша қалыптасты, олардың пайдасы бағаның өсуінен емес, тек тасымалдың қысқаруы немесе тоқтатылуынан зиян көрді [142, 78 б.].

Мұнай факторының рөлін араб елдерінің Израиль одақтастарына мұнай эмбаргосын жариялауының салдарларынан анық байқауға болды. Бұл мәселе бүгінгі күні де өз маңыздылығын жойған жоқ. Қазан соғысы кезінде мұнайды қару етіп қолдану жағдайды күрт өзгертіп, Таяу Шығыс мұнайына тәуелді Батыс Еуропа елдерін халықаралық қатынастарын қайта қарастыруға мәжбүр етті. Эмбарго мұнай әлеміндегі елдер арасында жаңа қарым-қатынас кезеңін қалады. Араб мемлекеттері елеулі жетістіктерге МЭШЕҰ шеңберінде қол жеткізді. Араб елдерінің қабылдаған шешімдері тиімді болды. Мұнай бойкоты АҚШ жағдайына қатты әсер етпесе де, Жапония және Батыс Еуропаның индустриалды елдерінің қобалжуын күшейтіп, олар таяушығыс саясатына қатысты ұстанған бағыттарынан ауытқи бастады [116, 69 б.].

Ал осы кезеңнің басты экономикалық нәтижесін мұнай экспорттаушы елдерге мұнай кірісінің едәуір мөлшерде ұлғайғанынан байқауға болады. Сонымен қатар Араб мемлекеттері қажет уақытта Таяу Шығыс мәселесін шешуде өз әрекеттерін біріктіре алатындығын көрсетті.

Осы бөлімді толық қорытындылай келе келесідей тұжырымдар жасаймыз. 1973 ж. Қазан соғысы арабтардың айқын жеңісі болмаса да, ол Таяу Шығыс шиеленісіне үлкен әсер етті. Арабтар бұл соғыста өздерінің Израиль әскерлеріне төтеп бере алатындығын көрсетті. Ал, Израильдіктердің «жеңілмес» жасампаздығы жойылды. Бұл қақтығыс бұрынғы араб-израиль соғыстарынан өзгеше «саяси соғыс» болды. Қазан соғысында араб әскерлері жеңіске жеткен болып саналады. Олай деуге себеп соғыстағы Израиль әскерлерінің шығыны арабтардыкінен екі есе көп болуы.

Екіншіден, батыс елдері өздерінің араб мұнайына тәуелділіктерін мойындады. Мұнай эмбаргосы Еуропаны да АҚШ-ты да энергетикалық дағдарысқа ұшыратты. Мұны дер кезінде бағалап үлгерген Египет президенті Ануар ас-Садат Сауд Арабиясы королі Фейсалмен бірлесе отырып, ірі өнеркәсіптік державалар өз бақуаттылығын сақтағысы келсе араб елдерінің мүддесімен санасулары қажеттігін, американдықтар мен еуропалықтар үшін мұнайдың кедергісіз тасымалдануы үшін бірқатар саяси мәселелерде өз ұстанымдарын өзгерту керектігін мойындатты.

Қазан соғысы араб халықтарының рухтарын көтерген және олардың әлемдік сахнада елеулі күшке ие екендігін танытқан соғыс болды.



### **2.3 Таяу Шығыс мәселесін реттестірудегі Египеттің батысқа бетбұрыс саясаты (1973-1976 жж.)**

Қазан соғысы Таяу Шығыстағы қақтығыстарды реттестіруде шиеленіске тартылған араб мемлекеттері мен Израиль мемлекетінің қатысуымен өтетін бейбіт бітімге негізделген конференция шақыру қажеттілігін туындатты. Бейбіт бітімгершілікті мақсат еткен конференция жұмысына КСРО мен АҚШ төрағалық ететін болып шешілді. Конференция жұмысы 1974 ж. 18-ші желтоқсан күні басталатын болды.

Женева халықаралық бейбіт конференциясының басты мақсаты Таяу Шығыста бейбітшілік орнату болғанымен, оны іске асыру жолындағы реттестіру мәселесінде келісімге келу қиын да күрделі екендігі көрінді.

Желтоқсанның 18 күні КСРО-ның БҰҰ-дағы тұрақты өкілі Я. Малик, АҚШ-тың БҰҰ-дағы тұрақты өкілінің міндетін атқарушы Т. Беннет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы К. Вальдхайм мырзаға алдағы болатын бейбіт конференцияның қысқаша мазмұны баяндалған арнайы хаттаманы табыс етті. Хатта, қысқаша түрде конференцияға қатысатын елдердің хабардар етілгені және олардың келісім білдіргені, ал конференция тікелей КСРО мен АҚШ-тың қосымша төрағалық етуімен өтетіні баяндалды. Сонымен қатар араб-израиль қақтығысына тікелей қатысты Израиль, Египет, Сирия, Иорданиядан басқа мемлекеттердің конференцияға қатысуы туралы конференцияның бірінші кезеңінде талқыланатыны мәлімделді [88, 67 б.].

19 желтоқсан күні ЕАР өзінің өкілдерін Женева бейбіт конференциясына жіберетіні жайлы хабарлады. Сол күні Израиль кабинетінің шұғыл жиналысында Израиль үкіметі де Женева конференциясына қатысатынын мәлімдеді. Ал Сирия үкіметі Таяу Шығыс мәселесі жөнінде бейбіт конференцияға қатыспау туралы шешім қабылдады.

Қазан соғысы және Израиль мен Египеттің уақытша бітімге келуі ПАЕҰ басшылары алдына барлық Палестина жерін азат етуді қамтымайтын, Палестина демократиялық мемлекетінің құрылуын қарастырмайтын өтпелі мақсатпен келісу керек пе, жоқ па, Женева конференциясына қатысу, я қатыспау деген сұрақтарын тудырды. Палестиндіктер екі державаның ықпал етуімен Израиль, Египет, Иордания басшыларының Палестина қозғалысын ойыннан шығара

отырып, оның атынан келісімге қол қоюынан қорықты. Алайда Израильдің өмір сүруін мойындаған, Палестина араб халқын босқындар ретінде қарастырған БҰҰ ҚК-нің 242 қарар негізіндегі конференцияға қатысу осыған дейінгі жүргізілген іс-әрекеттерден бас тартқандық болар еді. Сонымен қатар ПАЕҰ-ға Ануар ас-Садат пен Кеңес Одағының Палестина үкіметін құру туралы қысымы да ықпал етті. Таяу Шығыста американдықтар мен Киссинджердің белсенділігі артқан кезде Кеңес Одағының көмегі мен қолдауы олар үшін өте қажет еді. Дегенмен ПАЕҰ-ның Женева конференциясына шақырылмауы олардың алдындағы даулы мәселені шешті [80, 89 б.].

1973 ж. желтоқсанның 21 күні Женева қаласында Таяу Шығыс мәселесі жөніндегі бейбіт конференция өзінің ресми жұмысын бастады. Конференцияны өткізуде КСРО мен АҚШ-тың дипломатиялық бастамасы маңызды қызмет атқарды. Конференция жұмысын бақылау үшін әлемнің әр түкпірінен мыңдаған журналистер келді. Бірақ тіркелген 1200 журналистің ішінен тек 150 өкілі ғана мәжіліс залына кіруге рұқсат қағазын алды.

Конференция жұмысына сонымен қатар КСРО сыртқы істер министрі А.А. Громыко, АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Г.Киссинджер, ЕАР сыртқы істер министрі Исмаил Фахми, Иордания сыртқы істер министрі Заид әр-Рифаи, Израиль сыртқы істер министрі Абба Эбан қатысты. Араб-израиль шиеленісін реттестіру мақсатында Израиль және араб мемлекеттерінің өкілдері майдан даласында емес, келіссөз үстелінің басында кездесті. Шын мәнісінде конференцияға қатысушылардың әрқайсысының өз көздеген мақсаты болды. Египет келіссөз жүргізуде өзінің жетекшілік құқығын қайта орнатты және араб әлеміндегі басшы орынға өзінің орнын тағы ұсынды. Иордан мәлігі Хусейн 1972 ж. наурызда жарияланған Біріккен Араб Әмірлігі жобасын іске асыру үшін Трансиордания жерлерін қайтарып алуға тырысты. Кеңес Одағы аймақта қайтадан ықпал етуді жариялады. Израиль АҚШ-пен байланысты күшейтіп, одан жаңадан көмек алуға уәде алды [85, 286 б.].

Конференцияда КСРО сыртқы істер министрі А.А. Громыко Кеңес Одағының Таяу Шығыс халықтарының әскери қақтығыстан бейбітшілікке өтуі жолында басқа елдермен бірге іскерлік тұрғыда қызмет ететінін айта отырып жағдайды әділ түрде шешуге шақырды. ЕАР өкілі Исмаил Фахми бес баптан тұратын шарттарын ұсынды. Онда Израиль әскерінің 1967 ж. жаулап алған аумақтан толық шығуы, Иерусалимнің араб бөлігін босатуы және

палестиналықтардың өзін-өзі заңды түрде айқындауы, осы аймақтағы әр мемлекеттің аумақтық және саяси тәуелсіздікке құқылы болуы; БҰҰ және ұлы державалардың осы аймақтағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуі туралы өтініштері баяндалды. Ал, Иордания мемлекетінің сыртқы істер министрі Заид Ар-Рифаи Таяу шығыстық реттестіру мәселесін шешу жолында Израиль үкіметі өзінің агрессорлық саясатын тоқтатуы қажет деді [106, 123 б.].

Израиль үкіметінің өкілі Абба Эбан өз кезегінде дінге сүйеніп біресе бейбітшілікке шақырса, бірде араб мемлекеттеріне кінә артып сөйледі.

Баяндама жасаған АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Генри Киссинджер көбінесе Суэц каналының бойындағы араб-израиль әскерлерінің бөлінуі жөнінде мәселе қозғады. Таяу Шығыста дәл қазір шиеленісті толықтай реттестіруге мүмкіншілік жоқ дегенді айта отырып, Киссинджер: “АҚШ Таяу Шығыс мәселесінің бейбіт жолмен шешілуі үшін ат салысады. АҚШ-тың Таяу Шығыстағы стратегиялық мақсаты - әскерлерді бөліп ажырату және әр араб мемлекетінің Израильмен жеке-жеке келісімге келуін қамтамасыз ету”- деп мәлімдеді. 1973 ж. 16 желтоқсанда Киссинджер Израиль басшылығына «әскерді ажырату туралы келіссөз мақсаты – шекара және толық реттестіру келіссөздері қажеттілігін айналып өту» екендігін айтты [48, 158 б.].

Ицхак Рабин АҚШ, Египет, Израиль арасында біртұтас стратегиялық қадам түсіністігінің 1974 ж. дейін-ақ болғандығын растайды. Бұл қадам үш мақсатты көздеді: АҚШ аймақта бейбітшілікке жеткізу операциясын басқарады, шиеленісті реттестіруде КСРО және Батыс Еуропа елдерінің әрекеттері толығымен шектеледі, Египет, Израиль іс-әрекеттерін өздері реттестіреді. Әскерлерді бөлу келісіміне қол жеткізу мұнай эмбаргосының өзгертілуіне де, сонымен қатар батысеуропалық елдердің Израильге қысым көрсетуі азайтылып, Израильдің оқшаулануын жоятын еді [79, 123 б.].

Бұдан кейінгі жағдайлар осы бағытта дамығандығын көрсетеді. Женева конференциясы туралы Е. Примаков: “Осылайша толық реттестірудің алғашқы мүмкіндігі жіберіліп алынды. Жалпы, Женева конференциясында мәселені сөз ағынына батырып, әр ұлы ел өз мүддесіне жетуге тырысып бақты”- деп бағалады [90, 142 б.].

Женева конференциясының екі күнге созылған бірінші кезеңінде ресми және бейресми түрғыда болған талқылаулар

барысында конференция жұмысын жалғастыру мақсатында әскери және басқа да жұмысшы топтар құрылды. Әскери ұйым жедел түрде әскерлердің өз шептеріне қайтуларын қадағаламақ болса, ал басқа ұйымдар алдағы уақытта конференция жұмысын елшілік тұрғыда болсын жүргізуге міндеттелді, сонымен қатар Синай түбегі мен Голан жоталарында әскерлердің ажыратылуы мен Сирияның 1967 ж. жаулап алынған кейбір жерлерін қайтару келісіміне қол жеткізілді [125].

Женева бейбіт конференциясының шешімі Египеттегі саяси ахуалды жаңа бағытқа бұрғандай болды. Конференцияда қабылданған, “Суэц каналының бойындағы араб-израиль әскерлерінің бөлінуі” туралы шешім Египет пен АҚШ арасын байланыстыратын жіп іспеттес болды.

Осыны жүзеге асыру жолындағы Киссинджердің “делдалдық саясаты” 1974 ж. қаңтар айында Таяу Шығыс аймағына іс-сапарынан басталды. Таяу Шығыстағы жағдай, Ануар ас-Садаттың КСРО-дан қол үзуі, арабтардың мұнай тасымалына байланысты қойған талаптары АҚШ-ты Израильді біржақты қолдаудан бас тартқызуға итермеледі. Ануар ас-Садат өз мақсаттарын іске асыру жолында КСРО-сыз әрекет ететін әдіске көшті.

1974 ж. 18 қаңтар күні Каир-Суэц каналының 101-ші шақырымында Египет пен Израиль әскерлерін бөлу туралы келісім жасалды, келісімнің нақты шаралары БҰҰ-ның қатысуымен бес күн ішінде қаралып, әскерлерді бөлу қырық күн ішінде іске асырылу қарастырылды. Сонымен қатар конференция жұмысының қорытындысында, бұл келісім Египет пен Израиль арасындағы ақырғы келісім емес, ол 338-қарар мен Женева конференциясы шешімдеріне негізделген, түбегейлі әділдік пен баянды бейбітшілік орнату жолындағы қадам деп көрсетілген. Бұл келісімге Египет үшін генерал-майор Абд әл-Ғани Гамаси, Израиль жағынан генерал-лейтенант Давид Элазар қол қойды. 1974 ж. 5 наурызда келісім іске асырылды. Израиль Суэц каналының жағалауын толық тазартып, Синайға ішкерілей еніп, отыз екі шақырымға шегінді. Сонымен бір мезгілде 1973 ж. қазандағы Египеттің әскери күштері азат еткен каналдың шығыс жағалауындағы Египет әскерилері мен ауыр техникасының саны қысқартылды. Египет, Израиль бөлімдері арасындағы әскерді бөлу аймағына БҰҰ-ның төтенше күштері кіргізілді [29, 104 б.].

Осы келісімнен кейін АҚШ мемлекеттік хатшысы Киссинджермен болған кездесуінде Ануар ас-Садат: “Ендігі жерде Таяу Шығыс мәселесі тығырыққа тірелген жағдайда емес. Өйткені египет-израиль әскерлерін бөліп, ажырату туралы келіссөздің өзі Таяу Шығыс мәселесіндегі бетбұрыс бағыт болып есептелмек”, - деді. 22 қаңтарда А. Громыко Исмаил Фахмимен кездесуінде: “Таяу Шығыс мәселесін толық реттестіруде Израиль-Египет келісімінен кейін басқа да жалғастырушы қадамдар жасалуы керек және Кеңес Одағы Женева конференциясының нәтижелі аяқталуын қамтамасыз етуі үшін бар күш-жігерін жұмсайды”, - деп атап көрсетті [23, 152 б.].

27-29 мамыр аралығында А. Громыко ресми сапармен Сирия Араб Республикасына келді. 5 маусымда Женева конференциясы шеңберінде Сирия мен Израиль әскерлерінің бөлінуі туралы келісімге қол қойылды. Келісім 1967 және 1973 жж. Сирияның жаулап алынған біраз жерлерінен Израиль әскери күштерінің шығарылуын, екі әскери күштер арасында БҰҰ-ның бақылаушылары орналастырылатынын қарастырды. Израиль жиырма бір бекініс орнын тастап шығуға міндетті болды.

1974 ж. 19 маусым күні АҚШ президенті Никсон Каирге ресми іс-сапармен келді. Кездесу барысында ЕАР президенті Ануар ас-Садат: “АҚШ және ЕАР қарым-қатынасы көптеген жылдар бойына түсініспеушілікте болды, ендігі жерде АҚШ президентінің келуі екі ел қарым-қатынасын дамыту жолындағы маңызды қадам болмақ”, - деп атап көрсетті. Америкамен дипломатиялық қарым-қатынас 1973 ж. 9 қарашада жарияланған болатын. Өз кезегінде АҚШ президенті қазір екі ел арасында жаңа қарым-қатынас орнап жатқанын және шынымен де көптеген жылдар бойы екі ел арасында өзара түсініспеушілік болғанын атап өтті. Кездесу нәтижесінде Каирде египет-американ келісіміне қол қойылды. Келісімде екі ел арасындағы бірлестік қарым-қатынастарды, инвестиция саласын, ішкі экономикалық даму мен индустриализация, сыртқы сауда, ауыл шаруашылығын қалыптастыру, Суэц аймағын қалпына келтіріп, жөндеу жөнінде бірлескен комиссия құру туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар екі мемлекет арасындағы ғылыми-техникалық, экономикалық бірлестікті нығайту мақсатында екі елдің жеке меншік секторларының өкілдері біріккен экономикалық кеңесті құру жайлы қаулы қабылдады [63].

АҚШ Египеттің экономикалық дамуына көмек ретінде нақты шаралар қабылдауға келісім білдірді. Р. Никсон іс-сапарының

нәтижесінде қабылданған құжаттар Египеттің экономикалық саласында американдық белсенділіктің артуына әкелді. Египет-Американ қатынастары “ынтымақтастықтың” жаңа кезеңіне өтті. 1974 ж. 9 тамыз күні Р. Никсон АҚШ президенті қызметінен босады да, жаңа президент болып Дж. Форд сайланды. Ануар ас-Садат АҚШ-тағы биліктің ауысуынан біраз қауіптенгенмен де екі ел қатынасы үзілмеді.

Арабтық зерттеуші Г. Шукри «Президент Садаттың портреті» деген еңбегінде: «Ануар ас-Садат үкіметінің басқа елдермен қарым-қатынасын қайта қарастыруы араб елдеріне де қатысты болды. Ел ішінде Ануар ас-Садатты қолдайтын ашық күштер Египет арабтар үшін әрқашан үлкен шығындарға бара отырып күресті, Қазан соғысында жеңіске жеткен Египет енді тек империализммен, сионизммен күрес ұрандарымен айналыса алмайды, Насыр кезіндегідей арабтарды прогрессивтік және реакционерлік деп бөлуді доғару керектігін ашық білдіре бастады», - деп бағалайды [138, 161 б.].

Таяу Шығыс шиеленісін шешуде Египет басшылығының басқа араб мемлекеттерімен бірлесіп әрекет етуден бас тарта бастауына соғыстан кейінгі елде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық дағдарыс та бірден-бір себеп болды. Мұнай өндіруші араб мемлекеттерінің көрсетіп отырған қаржылай, материалдық көмегі қаптаған қиыншылықтармен күресуге септігі тигенімен де, жағдайдың түзеліп, дамуына ықпал ете алмады. Экономикалық дамуды жылдамдату үшін түбегейлі өзгерістер, нақты шаралар жүргізу қажет болды.

Қазан соғысынан кейін ішкі саясатта Ануар ас-Садат ел ішіндегі біраз қарама-қайшылықтарды жойып, өзінің елдегі оппозициялық топтармен күресіндегі беделін нығайтып алғанын байқаймыз. Соғыста Египеттің жау күшіне тегеурінді соққы беруі елдегі билеуші топтарға қосымша күш берді, олар халыққа жеңіске жету себебі өздерінің алған бағытының дұрыстығынан деп түсіндірді. Мұның өзі олардың болжаған ішкі және сыртқы саясаттағы түбегейлі өзгерістерін іске асыруларына мүмкіндік берді. Билік құрылымындағылар біржақты КСРО мен мемлекеттік секторға ғана қарап бағыт алу экономиканың модернизациялануын шектейтіндігін байқамай қалған жоқ.

1974 ж. Египетте мемлекеттің даму жолының негізгі бағыттарын көрсететін “Қазан жұмысшы құжаты” қабылданды. Онда “инфитах -

ашық есік” саясаты жарияланды. Жаңа стратегиялық бағыттың басты мақсаттары: әскери мұқтаждық салдарынан туындаған өндіріс дамуындағы кедергілерді жою, ұлттық экономиканы жеделдету үшін жаңа капиталдар тарту, араб елдерімен экономикалық интеграцияға қол жеткізу, жаңа технологияны қолдану, әлемдік тәжірибені пайдалану арқылы табиғи ресурстар мүмкіншілігін күшейту, араб және шетел инвесторлары үшін Египетте қолайлы жағдай орнату болып табылды. Экономиканың көбірек пайда түсіретін салаларын жедел дамытып, валюталық кірісті көбейту мақсатында Египеттің табиғи ресурстарын, оның географиялық орналасуының қолайлығын ескеріп, мамандандырылған арзан жұмысшы күшін пайдаланып, араб қаржы көмегімен батыстық жаңа заманғы технологиясының мүмкіндігін ұштастыру арқылы ел экономикасын дамыту көзделді [106, 76 б.].

Елдің экономикасына “ашық есік” саясатын енгізуін Ануар ас-Садат былай деп түсіндіреді: “Менің алдымда екі түрлі таңдау тұрды. Біріншісі – әлеуметтік-экономикалық даму үшін елдің ішкі күшіне сүйену, онда бұған ширек ғасыр уақыт қажет және үлкен қаражат қажет. Ал, екіншісі – көмекке араб және шетел капиталын тарту, осы арқылы 25 жыл уақытты 5 жылға қысқарту. Жалғыз ғана айырмашылық психологиялық энергияны үнемдеу болды” [41, 144 б.].

Ануар ас-Садаттың бұл саясатының ұтымды жағы да, сонымен қатар кері жағы да болды. Мемлекетке шетел инвесторларын тарту, сол арқылы елдегі ауыл шаруашылығын жандандыру, зауыт, фабрикаларды модернизациялау жоспарын іске асыру мақсатында 1974 ж. маусым мен 1975 ж. аралығында Египет экономикасына қатысты капитал салуды жеңілдету үшін бірнеше заңдар, қаулылар, шешімдер қабылданды.

1974 ж. маусым айында шетел инвестициясы туралы заң қабылданды. Бұл заң шетел және араб капиталына Египет экономикасының барлық жағында әрекет етуіне мүмкіндік берді. Заң бойынша шетел компаниялары тәркіленбеуге, ұлттандырылмауға кепілдік алды, сонымен қатар оларға жылжымайтын мүлікке және жерге мәңгілік ие болуға кепілдік берілді. Шетел капиталы құрған Египеттегі компанияларға өздеріне немесе үшінші тарап арқылы Египетке шикізат, машина, құрал-жабдықтар, көлік жеткізілулеріне рұқсат етілді. Бұл компаниялардың тапқан пайдасы барлық салықтардан босатылды [144, 69 б.].

Бұдан кейін елде 1975 ж. екінші рет Синайдағы әскерді бөлу жүріп жатқан кезге тұспа-тұс келген ішкі капиталдың қызметін жандандыру мақсатындағы, ішкі айналымға қатысты № 118 жаңа заң қабылданды. Бұл заң толығымен сыртқы саудадағы мемлекеттік бақылауды жойды, ал бұл Египеттің жеке секторына сырттан шикізат, машина, станок т.б. шектеусіз импорттауға кең жол ашты. Ал № 97 заң бойынша шетел банктерінің қызметіне египеттік Орталық Банктің бақылауы жойылды [87, 127 б.].

Батыстың және араб елдерінің капиталы өнеркәсіптің барлық саласында: энергетикада, құрылыста, туристік индустрия мен көлікте де, банк жүйесі мен сақтандыру ісінде де, егістіктерді мелиорациялауда да алға шыққанымен, негізгі капитал мұнай және қаржы кәсіпкерлігіне жұмсалды. Сонымен қатар үкімет тарапынан жақсы қолдау көрген ұлттық инвесторлар көбіне өндіріс салаларына көңіл аудармай, тек онша көп шығын шығармай, тез кіріс кіргізетін салаларға ұмтылды. Олар туризм, мейманхана, банк ашу, сауда-саттықпен айналысу тәріздес істер болды. Жергілікті байлар да зауыт, фабрикалардан гөрі, сауда-саттық алыпсатарлықпен шұғылданды. Инфитах саясаты нәтижесінде сауда, құрылыс салалары жедел дамығанымен өндірістік салалар зардап тигізді. Импорт тауарларының бақылаусыз келуі ұлттық өнеркәсіптің дамуына кедергілер келтірді. Ауыл шаруашылығына көңіл бөлмеу негізгі тұтынатын азық-түлікті шеттен әкелуге итермеледі [144, 81 б.].

Инфитах саясатына өтудегі шетелдік капитал алдында ашылған мүмкіншіліктерді пайдаланып қалуға ұмтылған АҚШ және Батыс державалары, сонымен қатар Парсы шығанағындағы мұнай экспорттаушы елдер 70-ші жылдарда 20 млрд. доллар шамасында несие бөліп, әртүрлі шарттар арқылы Египеттегі билеуші тәртіпке ықпал етуге ұмтылды. 1970-1980 жж. дейін АҚШ-тың Египетке әр жыл сайын экономикалық көмегі 1 млрд. доллар болды. Алайда бұл қарыздар елдің экономикалық дамуына елеулі ықпал еткенімен, экономиканы толық сауықтырмады.

Египет Араб Республикасы Экономика министрлігінің мәліметтері бойынша Египетке 1976 ж. қыркүйегіне дейін жеке шетел және мемлекеттік бағыттағы қаржы инвесторларынан 400 млн. египет фунты мөлшерінде салым салу туралы келісімдер жасалды. Дегенмен бұл ұсыныстардың көбісі қағаз жүзінде ғана қалып, орындалмады. Египетке бірнеше араб елдерінен: Кувейттен 888 млн. Сауд Арабиясынан 696 млн, БАӘ-нен 407 млн, Катардан 103 млн египет



фунты көлемінде салым салу көзделгенімен, бұл уәделер де іс жүзінде толық орындалмады [144, 125 б.].

Египеттегі саяси тұрақсыздық, мемлекеттік инфрақұрылымның әлсіздігі мен ұйымдастырылған экономикалық стратегияның болмауы тұрғылықты халықтың көбісінің кедейленуіне әсер етті және Египет бұқарасы мен буржуазиясының ұлттық табысының арасында үлкен алшақтықты туғызды. Осы себепті халық бұқарасы мен тұрғындардың 5 пайызын ғана құрайтын, елдегі материалдық байлықтың 30 пайызына ие буржуазиялық-бюрократиялық топтың арасындағы қайшылық қалыптасты. Жоғары дәрежедегі әлеуметтік шиеленіс Ануар ас-Садат тәртібінің ұзақ сақталып тұруына да қауіп туғызды.

1975 ж. 1-2 маусым күні Зальцбургте Ануар ас-Садаттың Дж. Фордпен кездесуі өтті. Египет-Израиль арасын жақындастыру жөнінде болған кеңесте Ануар ас-Садат АҚШ-тан Израиль әскерлерінің 1967 ж. шегіне қайтуына ықпал етуін өтінді. Ануар ас-Садатпен кездесуден кейін Дж. Форд пен Киссинджер Вашингтонда Израильдің жаңа премьері Ицхак Рабинді қабылдады. Кездесу барысында олар өздерінің араб елдерімен жекелеген, біртіндеп келісімге келу мақсаттарын айқындады [20].

Г. Киссинджер Израиль мен Египет арасында бейбітшіліктің орнауын Таяу Шығыста бейбітшілік орнатудың алғашқы қадамы деп білді. Киссинджердің мұндай шешімге келуіне тағы бір себеп, Ануар ас-Садаттың Ақ Ұй басшылығын өзінің осы сапарындағы “өзінің жерін қайтарудағы” басты екі мақсатымен, яғни 1967 ж. Синайдағы шекараны қалпына келтіру мен бітім жасаумен таныстыруы болды.

Египет, АҚШ, Израиль басшыларының ойға алған мақсаттарының дәлелі ретінде Израиль-Египет әскерлерінің бөлінуі туралы екінші келісім дайын болды. Осы келісімге қол қою алдында АҚШ президенті Джеральд Форд Генри Киссинджермен, Ицхак Рабинмен, Ануар ас-Садатпен телефон желісі арқылы байланысты. Сөйлесу барысында Форд Киссинджерге: “Бұл іс екі ел үшін ғана емес, менің пікірімше біздің заманымыздың үлкен жетістігі”, - деп атап өтті. Ал Дж. Форд Египет президентімен байланысқанында Ануар ас-Садат Палестинамен де келіссөз жүргізуді бастауды өтінді. Өкінішке орай әрі қарайғы байланыс желісі анық болмағандықтан әңгіме барысы толық жазылып алынбаған. Бұл іске КСРО қатыстырылмады, сол себепті де Кеңестер Одағы көпке дейін өкпесін жасыра алмай жүрді [89, 94 б.].

1975 ж. 4 қыркүйек күні Египет-Израиль арасындағы Синай келісіміне қол қойылды. Келісім бойынша екі тарап бір-біріне қарсы күш көрсетпеу, соғыс қимылдарын жүргізбеуге міндеттенді. Келісімде тараптар құрлықта, теңізде және әуеде оқ атудың тоқтатылуын қатаң сақтауды жалғастыруды және бір-біріне кез-келген болсын әскери немесе арагідік қарсы әскери әрекеттер қолданудан бас тартуға келісті. Ал, бұл Египеттің ендігі жерде басқа араб мемлекеттерімен бірге Израиль мемлекетіне қарсы соғысқа қатыспайтындығын, қашан болмасын бейтараптық саясат ұстанатын айғақтады. Келісімде жаңа майдан шектері мен күштер деңгейі анықталды, бұл тізбектелген міндеттердің іске асырылуын алдын-ала ескерту бекеттері бақылап, олардың кейбіреулерінде американдық азаматтар жұмыс істейтін болды. Израиль Митла және Гидди шатқалдарынан, Синайдағы Египеттің мұнай орындарынан кетуге тиіс болды, оның есесіне оған ірі американдық материалдық көмек көрсетіп, Суэц каналы арқылы Израиль жүк кемелеріне өтуге рұқсат етілді [13, 214-218 бб.]. Египет-Израиль арасындағы бұл келісім екі тараптың баянды бейбітшілік жолында жасалған маңызды қадамдар болды.

1975 ж. 5 маусымда 8 жылғы үзілістен кейін Суэц каналының халықаралық кеме жолдары үшін ашық деп жариялануы аса маңызды саяси және экономикалық оқиға болды, оның ашылуы көптеген елдер экономикасына ықпал ететін болды, бұл жолмен 1967 ж. дейін көптеген халықаралық сауда жүктері өткізілетін. Мысалы, 1966 ж. Суэц арқылы 21000 кеме, яғни 66 млн. тонна жүк пен 176 млн. мұнай және мұнай өнімдері тасымалданды, яғни бұл әлемдік теңіз сауда жолының 14%-ын құрады. Халықаралық кеме жолының ашылуы Египет үшін де әрине аса маңызды. Реттестірудің мұндай “Суэц нұсқасы” Египет үкіметінде Қазан соғысына дейін де қарастырылған болатын. Бұл туралы Ануар ас-Садат: “каналдың іске қосылуы Израильдің Синайдағы кейбір мұнай қорларын қайтаруына, мемлекеттің экономикалық және саяси тұрғыда күшеюіне ықпал етуге тиіс болды”, - дейді. Осы қадам арқылы ол Израильдің қауіпсіздікті сезінуін күшейту және Синайдағы әскерлерді бөлу туралы екінші келісімге келу мүмкіндігін туғызу мақсатын көрсетті.

Халықаралық кеме жолының ашылуы Каир мен Тель-Авив арасындағы байланысқа жаңа серпіліс берді. Израиль-Египет келісімі КСРО-дан, басқа араб мемлекеттері тарапынан қатты сынға ұшырады. Синай келісіміне баға бере отырып Сирия президенті

Хафез Асад оны “жалпыарабтық істі ғана сатқандық емес, соғыс уақытын да сатқандық” деп мәлімдеді. Таяу Шығыста алатын орнын негізге ала отырып, АҚШ саясатында Израильмен бірдей теңесетініне үміт артқан Ануар ас-Садат, сонымен қатар АҚШ-тың материалдық және қаржылай көмегіне сүйенді. Ал АҚШ өзінің әскери жоспарларына Египетті аймақтық әскери одақтас ретінде енгізуді қарастырды. Осыған орай Вашингтонның Египет жерінде әскери араласу бағыттары іске асырыла бастаған болатын.

1975 ж. қазан айында Египет президенттерінің алғашқысы болып Ануар ас-Садат ресми сапармен АҚШ-қа келді, бұл сапарда Ануар ас-Садат АҚШ-тан экономикалық және әскери көмек сұрады. АҚШ Египетке коммерциялық тұрғыдан бірнеше әскери транспорттық ұшақтар берді. 1976 ж. бастап Египет алғаш рет американдық С-130 әскери-транспорт ұшақтарын, одан кейін басқа да әскери қару жарақтар ала бастады. АҚШ-тың осы тәріздес көмектерінің басты себебі АҚШ-тың Израильмен араб мемлекеттерін біртіндеп келісімге тарту саясатынан туындады. Ал араб елдерінің ішіндегі жетекші ел Египетпен келісімге келу, сөйтіп оны жалпы араб елдерінің күресінен, Кеңес Одағы ықпалынан ажырату АҚШ үшін үлкен жетістік болды. Бұған жауап ретіндегі КСРО-ның аймаққа қару-жарақты үздіксіз тасымалдауы бұл елдердің экономикалық өсуіне ықпал ете алмады, керісінше олардың кедейленуіне себеп болып басқарушы биліктің соғысқұмарлығы мен менмендігін өршітті.

Таяу Шығыс шиеленісін реттестірудегі АҚШ пен КСРО-ның алатын орны мен мақсатына баға беруде ғалым К.Н. Брутенц: “Мәскеу шиеленістің одан әрі күшеюін қаламады, алайда шиеленістің біздер және араб достарымыз үшін тиімді болып шешілгенге дейін оның бақылауда болып, сакталуына мүдделі болды. Кеңес Одағы өзінің достарының кемсітілуіне, қорлануына жол бермеуге тырысты, бұл оның саяси және стратегиялық мүдделеріне қайшы келіп, ірі мемлекет ретіндегі беделін түсіреді. Кеңес Одағы қаруды Израильді жою үшін емес, арабтардың ұстанымын күшейту үшін қолданды”, - дейді [62, 389 б.].

Қазіргі кездердегі “Мәскеу Батыстың алдыңғы қатарлы елдеріне бейбітшілікті ұсынып, олармен жиі келісімге келе отырып, шет аймақтарда оңтайы келсе шиеленіс ошақтарын туындатып, реті келгенде оларды сол Америкамен қақтығысқа айдап салып отырды” деген көзқарасқа К. Брутенц: “бұл пікірдің де шындығы бар,

дегенмен аймақтағы негізгі мүдделілік - өзінің шекараларын қауіпсіздендіру, АҚШ-пен әскери қақтығысты болдырмау, Кеңес ықпалын тұрақтандыру болды”, - деп дәлелдейді [62, 394 б.].

Ануар ас-Садаттың батысқа бетбұрыс саясаты Египет пен КСРО арасын алшақтата түсті. 1971 ж. қабылданған КСРО-Египет келісім шарттарынан ауытқушылық жиі байқалды. Бұл әсіресе Таяу Шығыс шиелінісіне қатысты мәселелерден қатты көрінді. 1976 ж. 14 наурыз күні ЕАР-дың Халық жиналысында Ануар ас-Садат Египет-Кеңес үкіметінің тарихында болған қарым-қатынастарын қатты сынға алды, оның ішінде 1973 ж. қазан соғысының кезеңі де кірді. Сол күні Ануар ас-Садат КСРО мен Египет арасындағы достық және бірлестік қарым-қатынас туралы келісімді тоқтату жобасын ұсынды. Ертесінде 1976 жылдың 15 наурыз күні ЕАР-дың Халық Жиналысы келісімді тоқтату шешімін қабылдады [139, 201 б.].

Бұл шешім көптеген мемлекеттер тарапынан қатты сынға ұшырады. Алжирдің “Әл-Муджахид” газеті былай деп жазды: «Египетке КСРО сияқты көмек көрсеткен елдер өте сирек. КСРО-ның Египетке 10 жыл ішінде көрсеткен көмегі, әр халықтың тарихында кездесе беретін жәйт болып саналмақ емес». Ал, Қытай Халық Республикасы болса бұл шешімге басқа тұрғыдан пікір білдірді. Қытай Коммунистік Партиясы Орталық комитеті мұны “Египет басшыларының “батыл шешімі” және бұл - “Египет халқының өз ұлттық тәуелсіздігі жолындағы және мемлекеттің егемендігі жолындағы дұрыс қадам”, - деп бағалады. Кеңес Одағы Тель-Авивпен дипломатиялық қарым-қатынас жасамағандықтан да, екі жақты араб-израиль қарым-қатынасына толық ықпал ете алмады. Ал аймақта бейбітшілік үдерісін жүргізуде АҚШ-тың ұтымды саясаты бір қадамнан соң бір қадамды іске асыруына үлкен мүмкіндіктер туды [66].

Дегенмен, Киссинджер тактикасының әлсіз жағы Египетті екі жақты негізде әрекет етуге, сол арқылы Египетке араб одақтастарын қарсы қоюы және араб-израиль қақтығысында маңызды орын алатын палестиндіктер талаптарын ескермеуге мәжбүрлеуі болды. Палестиндіктерді босқындар деп қараған Киссинджер мен Израиль үкіметінің екі жақты келісімге келу бітімдерін палестиндіктерді айнала өтіп Египеттен бастауды жөн көргені белгілі. Ануар ас-Садат Таяу Шығыс шиеленісін реттестірудегі палестиндіктер мәселесін шешуде Египетті араб қатарының жіктелуі мен палестиндіктерді тағдыр тәлкегіне қалдырды деп айыптамас үшін басқа да араб

елдерінің Израильмен келісімге келуіне ынталы болды. Зерттеуші Антонио Рубби 1974-ші жылдарда израильдіктер мен палестиндіктердің өз арасында да келіссөздер жүргізу қадамдарының болғандығын дәлелдейді. “Израильдің Таяу Шығыста тұрақтап қалуы үшін келгендігін ресми емес түрде қабылдаған Арафат Хаммами мен Сартавиге жасырын құпия кездесулер ұйымдастыруға нұсқау берді”, - деп жазады [80, 183 б.].

1976 ж. қарай барлық қолайлы жағдайлар келіссөздер негізінде саяси реттестіруге мүмкіндік бергендей еді. Алайда бұл мүмкіншілікке аймақтағы екі жағдай: БҰҰ-ның сионизмді нәсілшілдік пен дискриминацияның бір түрі деп қабылдаған қарары мен Ливанда азамат соғысының басталуы кері әсерін тигізіп, тосқауыл болды.

Ливанның басқа араб мемлекеттерінен ерекшелігі – халқының күрделі діни құрылымы. Оңтүстік Ливан сионистердің Израильге қосуға тырысқан жері болды. Алайда 70-ші жылдарда бұл аймақ палестиндіктердің қарымта қайтару мақсатындағы күрестің панасына айналмағанында сионистердің бұл әрекеттері күшпен бекімес еді. 1976 ж. марониттік үш туысқандар тобы басшылары: Сүлеймен Франжье (1970-1976 жж. Ливан президенті), Пьер Амин Жмайель, Камиль Шамун өзара келіспеушілікті тоқтатып, ортақ жау – палестиндіктер мен мұсылмандарға қарсы бірігуге келісті, алайда бұл уақытша одақ берік болмады, олардың қаржы мүддесі саяси мүддеден жоғары тұрды. Пьер Жмайель барлық Ливан христиандарын біріктіруге тырысты. Оның басты мақсаты – Ливанды сириялықтар мен палестиндіктерден азат ету болды. Осы мақсатты іске асыру жолында ол израильдіктермен бірікті. Дегенмен Ливан мемлекеті құрылымының әлсіз болуының негізгі себебі палестиндіктер қатысуы емес, ел ішіндегі христиан-марониттер мен мұсылман-друздер арасындағы қарама-қайшылықта. Ал Сирия Ливандағы азамат соғысы салдарынан мемлекеттің құрып кету қаупінен қорықты. Сирия друздер мен палестиндіктерді жақтауға ынталы болғанымен, ол соғыстың тоқтатылуын, марониттік президент билеген Ливан мемлекетінің қайта орнатылуын қалады. Осылайша Сирияның ретін тауып Ливанға әскер енгізуі палестиндіктерге қарсы күрес сипатын алды [139, 68 б.].

Сирия өз әрекеттерін Ливанды бөлінушіліктен, американдық араласудан қорғау үшін, қантөгісті тоқтатып, палестиндіктерді қорғау мақсатында деп түсіндірді. Ал Пьер Амин Жмайель мұны: “Көптеген

адамдар Сирия ливандықтарды палестиндіктер басқыншылығынан құтқарады деп ойлады. Нәтижесінде біз әрқашан өз мемлекетінің шекарасын Жерорта теңізі жағалауына дейін кеңейтуді көксеген Сирия билігіне түстік. Сирия біздің мемлекетімізді құлатты. Сирия бар әлемді өзінің христиандарды құрту әрекеттерін бүркемелеу үшін Ливанды Израиль құртуда деп сендірді”, - деп мәлімдейді [136, 73 б.].

Иордания мен Сирия соққысына ұшыраған, Египеттен де қолдау таппаған палестиндіктер өздерінің күшіне ғана сенуге мәжбүр болды. Сирияны бар араб әлемі айыптады десе болады, палестиндіктер ісі олар үшін сөз жүзінде болса да ар-намыс ісі болды. Израиль-Палестина мәселесі бойынша Ирақ ымыраласпау ұстанымында болып, Израильмен келіссөздер жүргізуден бас тартты және палестиндік әскериленген ұйымдармен ынтымақтаса бастады, сонымен қатар, ол бір жағынан, Мысыр, Сирия, Иорданиямен, екінші жағынан Израильмен қандай да болмасын байланыстар орнатудан бас тартты. Ирақтың шах билігіндегі Иранмен қарым-қатынастары шиеленісті түрде болды. Бағдад Тегеранды Ирақтың солтүстігіндегі күрд сепаратистерін қолдады деп айыптап, Шатт әл-Араб өзеніне фарватер сызығы негізінде (1937-ші жылғы келісімге сай, шекара Иран жағалауы бойынша анықталған болатын) шекара орнату жайлы екі жақты келіссөздер жүргізу жөніндегі ұсыныстардан бас тартты. 60-шы жылдары және 70-ші жылдардың бірінші жартысында иран-ирақ шекарасында тайталастық тудырған қарулы қақтығыстар болып, Иран Парсы шығанағындағы Әбу Мұса, Үлкен және Кіші Томб аралдарын басып алған соң, Бағдад Тегеранмен дипломатиялық қатынастарын тоқтатты. Алайда 1975-ші жылдың 6-шы наурызында елдің солтүстігінде күрдтерге қарсы Ирақ әскері кең ауқымды әскери операциялар жүргізіп жатқан кезде Бағдад пен Тегеран Алжирде ОПЕК конференциясында шекара мәселесін тиімді етіп шешу жайлы 1913-ші жылғы Константинополь хаттамасы және 1914-ші жылғы шекара жайлы қол қойылмаған, ауызша шарт негізінде өзара келісімге қол қойды. Бұл бірақ күрдтердің Ирақ әскерімен күресін тоқтата алмады, аз уақытқа созылған тыныштықтан кейін әскери әрекеттер қайта жанданды. 70-ші жылдардың соңында араб қауымдастығындағы Ирақтың халықаралық ұстанымдары жаңа шиеленіске кезікті.

Сауд Арабиясы – бірінші дүниежүзілік соғыс барысында Араб түбегінде өз тәуелсіздігі мен тұтастығын жеңіп алған дәстүрлі монархия екендігі белгілі. Патшалық жарты ғасыр бойы өзінің діни-

кертартпа заңдарымен феодалды мемлекет ретінде өмір сүргені аян. АРАМКО (шетелдік мұнай компаниясы) қызметі негізінде мұнайдан алатын жоғары мөлшердегі табыстар Сауд патшалығының ішкі саяси өмірінің құрылысын өзгерте алған жоқ. Дегенмен жүргізіліп отырған қайта құрулар ел ішінде ғана емес, сыртқы саясатта да ықпал мен белсенділікті арттырды. 70-ші жылдардың екінші жартысында таяушығыстық саясатқа қатысты неғұрлым шиеленісті деген халықаралық ұстанымдарда бұл патшалықтың қулығын асырушылық жайттары байқалады. Осылайша, 1976-шы жылғы қазан айындағы Эр-Риядтағы арабтар арасындағы мәжілістің шешімдері Ливандағы азамат соғысын тоқтатудың құралы болды.

Осы кездегі арабаралық қатынастарға күйзеле отырып баға берген Муаммар Қаддафи: “Либия АҚШ алдында көзге шыққан сүйелдей боп Египет пен Тунистен соққы көріп отыр, Сирия Ливанға төнуде, Алжир Батыс Сахара үшін Мароккомен қырқысуда, Ирак Сириямен қақтығыста, Судан мен Сомали Эритрея, Джибути мәселесімен айналысуда, ал Египет американдық бағыт ала отырып жалпыарабтық күрестен шықты”, - деп алаңдаушылық білдірді [64].

Өзі сияқты оқшаулануға ұшыраған Сирияны Египет қатты сынға алғанымен, Ануар ас-Садат Сирияны өзінің жағына тарту мүмкіншілігін пайдаланып қалуға тырысты және бұл Ануар ас-Садаттың оқшауланудан шығуына көмектесті. 1977 ж. 17 қаңтарда Египет басшылығы аса қажетті деген 25 тауарға, соның ішінде азық-түлікке бағаны өсіру туралы шешім қабылдады. Ол ел ішінде қалың бұқара наразылығын тудырды. Мыңдаған египеттіктер Каир мен Александрия көшесіне шықты. Соңынан басқа қалаларда да шерулер басталды. Египет халқының мемлекетте жүргізіліп отырған ішкі экономикалық және сыртқы саясатқа наразылық көрсетуіне Ануар ас-Садат қарсы күрес бастады. Шерулерге, ресми емес ұйымдарға қатаң жаза берілді, шерушілер ауыр еңбекпен күнелтетін айдауға жіберіліп, тұтқындау шаралары басталды. Елдегі ішкі жағдай ушыға түсті, халықтың назарын аудару үшін де дағдарыстан шығатын жол, жаңа саяси қадам қажет болды, оған Израильдің 1977 ж. мамыр айында билік басына келген жаңа үкіметі де ықпал етті, бұрынғы Израиль басшылары әрқашан “Израиль жерге байланысты жеңілдіктерге бара алмайды, ол өте кішкентай ел” деумен болды. Сонымен қатар олар “бұл жеңілдіктер арабтарға Израильді әлсірету үшін керек, сондықтан Израильге өздерін құртуға әкеліп соғатын жеңілдіктерге барғаннан гөрі қауіп-қатерде өмір сүрген артық” деген

ұстанымдарынан қайтпайтын. Дегенмен 1977 ж. мамыр айында билік басына келген Менахем Бегин Ануар ас-Садат үшін қолайлы серіктес болды.

Ануар ас-Садат пен Менахем Бегинді Мәскеу мен Лондонды жек көрушулігі де біріктірді. Брест қаласында туған М. Бегин Варшавада оқи жүріп, сионистік қозғалысқа араласты. 1939 ж. Польшаны жаулаған немістерден қашқан ол Вильнюсті паналайды. Алайда мұнда Кеңес Одағы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті оны 8 жылға бас бостандығынан айырды. Бір жылдан кейін босап шыққан М. Бегин поляк генералы Андерс әскерінде қызмет ете жүріп, Таяу Шығысқа жіберілді. Палестина жерінде ол ағылшындар мен арабтарға қарсы террорлық күрес жүргізді. Бегин АҚШ үшін де қалаулы болған жоқ. 1940-шы жылдары американ-еврей истеблишменті оны экстремист ретінде айыптады. Ал 1948 ж. Нью-Йоркке келгенінде американ еврейлері оны фашист деп қабылдады. Барлық осы салқындықтар елеулі із қалдырғанымен Израиль басшысының саяси бағыты суық та, өлшеулі есепке, мақсаттарға негізделді. Менахем Бегин АҚШ-ты Израильді американ мүдделеріне қызмет ету құралына айналдыруда деп айыптағанымен, Израильдің американ қаржысы мен қару-жарағына тәуелді екенін де мойындады. Соған қарамастан ол АҚШ та Израильге қару-жарақ беруге мүдделі, Израиль АҚШ үшін Таяу Шығыстағы Кеңестерге қарсы бастион ретінде керек деген ұстанымда болды. Осы кездердегі Мәскеу мен Вашингтоннің толық реттестіру ұсыныстары Израиль мүддесіне қайшы келді. Израиль үкіметі реттестірудің жаңа жолын қарастырды [119].

Бегин және оның ізбасарлары үшін араб бірлігін әлсірету олардың негізгі мақсаттарының бірі болды және осы мақсатта Египетті оқшауландыруға аса мән берілді. Египет бағыты басыңқы тиімді бағыт болды, олардың көзқарасы бойынша ең басты мәселені - Батыс жағалау мен Газа секторы аймағына мәселесін шешпей-ақ, Синайға байланысты “саудаласу арқылы” Египетті “оқшаулауға мүмкіндік бар” делінді.

1977 ж. 14 тамыздағы Делиге сапарында Моше Даян “бірінші қолдан” Египет президентінің ниеті мен көңілі-күйі туралы дерек алғысы келді. Осыдан кейінгі 4 қыркүйектегі сапарында М. Даян Марокко сұлтаны Хасанмен кездесіп, одан Египет үкіметімен тікелей кездесу жүргізуге көмектесуін өтінді. Осы сапар нәтижесінде М. Даян мен Египет премьер-министрі Хасан Тухами арасында 16 қыркүйек



күні алғашқы конструктивті, үйлесімді кездесу өтті. Кездесуде келешектегі бастама туралы, Египет-Израиль келісімін өткізуде американдық тірекке сүйену керек екендігі ашық айтылды. Сонымен қатар Даян үшін Ануар ас-Садаттың жергілікті тұрғындар тарапынан сияқты көрші араб елдерінен де күшті қысым көріп отырғандығы, оның батысқа түбегейлі бет бұрғандығы, Бегинмен құпия кездескісі келетіндігі белгілі болды [45, 109 б.].

Ескеретін жайт, осы кездердегі Египет және Израиль құпия байланыстары Вашингтон тарапынан сияқты, Мәскеу тарапынан да толық бақылауға алынды. Таяу Шығыстағы КСРО Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің резидентурасында араб тілін жақсы меңгерген сенімді байланыстары бар тәжірибелі мамандар жұмыс істеді. Санаулы сағаттарда олар керек мәліметтерді тауып Мәскеу басшылығына жіберіп тұрды. Сонымен қатар Жерорта теңізінде тұрақты түрде қажетті электронды жабдықтары бар Кеңестік “Кавказ”, “Крым”, “Юрий Гагарин” кемелері кемеаралық қатынастар жұмысын атқарды. Олар Египет, Израиль және басқа да елдердегі жергілікті радио және телефон байланыстарын таспаға түсірді, шифр бірден Орталық барлау бөлімінің арнайы мамандары арқылы шешіліп құпия мазмұндары ашылды [111, 95 б.].

1977 ж. 1 қазан күні А. Громыко, Дж. Картер және С. Вэнс келіссөздері нәтижесінде Таяу Шығысқа байланысты кеңес-американ мәлімдемесі жарияланды. Екі жақ ресми түрде жалпы реттестірудің негізгі мәселелері принциптерін ұстанатындықтарын мәлімдеді. Келіссөз қорытындысы 1967 ж. жаулап алынған араб жерлерінен Израиль әскерлерінің әкетілуі, палестиналық арабтардың заңды құқықтарын қамтамасыз ете отырып, Палестина мәселесінің шешілуі, соғыс жағдайы тоқтатылып тұрақты бейбітшілік қарым-қатынастардың орнатылуы туралы мәселелерді қамтыды. Осы мақсаттарға жету жолында реттестірудің жалғыз және тиімді жолы - конференция шақырылып, мәселелерді заңды түрде бекіту керек деп атап көрсетілді.

АҚШ-тың мұндай келісім жасауына бірнеше себептер түрткі болды. 1976 ж. соңында Вашингтонда Таяу Шығыс бағытын зерттеу мақсатында жаңа арнайы ұжымдық топ ұйымдастырылды. Бұл зерттеу жұмысының авторлары үш шешуші қорытынды жасады: біріншіден, Израильдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен қатар бұл талапты арабтардың мойындауы, екіншіден, Израиль өз әскерлерін 1967 ж. жаулап алған жерлерден әкетуі тиіс,

үшіншіден, келіссөздерде жалпы реттестіруге күш салу маңыздылығы атап көрсетілді, ол үшін Израиль Палестинаның өзін-өзі анықтауын, тіпті Палестинаның тәуелсіз мемлекет құруына дейінгі принциптерін мойындауы керек [62, 386 б.].

1977 ж. қаңтар айында үкімет басына келген Джимми Картер әкімшілігі алғашқы кезде Киссинджер жобасының реттестіруін жалғастырса, тәжірибе “кезеңдік дипломатияны” жандандыруға мүмкіншілік жоқ екендігін көрсетті. Картердің мұндай шешімге баруының тағы бір себебі – Вашингтон үміт артқан Ануар ас-Садаттың американдық бағытының да нәтиже бермей, Египеттің оқшауланып қалуы болды.

Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруде Мәскеу мен Вашингтон бір-біріне сенімсіздікпен қарап, әрқайсысы ықпал етуші серіктестерімен жеке жұмыс істей отырып, Женева конференциясының шақырылуына өздерінше қол жеткізуге тырысты. Женева конференциясын жалғастыруға қанша күш салғанына қарамастан олардың қызметі жемісін бермеді. Конференция кейде арабтар, кейде израильдіктер тарапынан шынайы ықыласта болмағандықтан жалғасын таппады. Израильге Синай ұсынысы да арабтар тарапынан қарсылыққа ұшырауы мүмкін, барлық “араб бірлігі” қарсы тұратын конференция керек болмады. Палестина мәселесі шешілуі қиын мәселе болды. Арабтар тәуелсіз Палестина мемлекетін құруды талап еткенімен, израильдіктер бұл мәселеде Иордан корольдігімен келісе отырып, Иордан өзенінің Батыс жағалауының бір бөлігін ғана қарастыруды ұсынды. Израильдің палестиндіктер мәселесін Иорданияға аударуы мәлік Хусейн тарапынан қолдау таппады, ол онсыз да Иордания жеріндегі көп палестиндіктерге Батыс жағалаудағы палестиндіктер қосылса Иордания патшалығына қауіп туғызады деп санады [85, 263 б.].

Араб қоршауындағы Израиль үшін ішкі және сыртқы мәселелерді шешудің, өзін-өзі сақтап қалудың тиімді жолы Египетпен сепараттық келісімге келу болып табылса, осы кездегі араб билеушілері аймақта бейбітшілік орнауына ықыласты болған жоқ сияқты. Оған себеп: ішкі қиыншылықтарға қарамастан сыртқы жаудың болуы олардың билікте орнығып отыруына көмектесті, екіншіден, тұрақты дұшпандық қалып оларға шет елден қайтарымсыз көмек алуға мүмкіндік берді. Үшіншіден, осы екі себепке байланысты бейбітшіліктің орнауы арқасында пайда болатын Палестина мемлекетінің құрылуына да қарсы болды.

Көп ұзамай американдық дипломатия өкілдері израильдіктер қысымымен конференцияны шақырудан бас тартатындықтарын мәлімдеді. АҚШ-тың кеңес-американ мәлімдемесінен қайта бас тартуының мәнісі Таяу Шығыста Кеңес Одағының қатысуына деген қарсылық пен шектеуді көрсетті. Сонымен қатар 4 қазан күні Моше Даян Дж. Картерді: “егер машинаның бір доңғалағын алып тастаса, ол жүре алмайды, сондықтан да Египет қақтығыстан шықса соғыс енді болмайды” деп сенімдеумен болды. АҚШ президенті Даянға қинала келісім берді. Картер ПАЕҰ-ға Израильді тану шартын қоя отырып, оның конференцияға қатысуына келісім білдірді. Бегин конференцияға ПАЕҰ-ның қатысуына көнгенімен, ешқашан ПАЕҰ-мен келіссөз жүргізбейтінін ашық айтты [62, 392 б.].

Қорытындылай келе, шиеленісті реттестіруге бағытталған Женева бейбіт конференциясы шектеулі нәтижеге ғана қол жеткізді деп айтуға болады, кейінірек конференция жұмысын жалғастыруға қанша күш салынғанына қарамастан ол қадамдар оң нәтиже бермеді. Женева конференциясының нәтижесінде Суэц каналы бойындағы араб-израиль әскерлерінің бөлінуіне қол жеткізілді. КСРО үшін Женева конференциясы Таяу Шығыс шиеленісін бейбіт жолмен реттестіру ісіндегі соңғы саяси қадам болды. Таяу Шығыс шиеленісін реттестірудің бейбіт үдеріс ісінде тең төрағалық ету құқығына тек 90-шы жылдардың ортасында Ресей Федерациясының жаңа тарих кезеңінде қол жеткізілді.

Қазан соғысы аймақтағы халықаралық жағдайдың өзгеруіне әкелді. 4-ші араб-израиль қақтығысы аймақтық шеңбер аясынан асып, халықаралық қауіпсіздікке қауіп төндірген қатерлі соғыс болды. Соғыс барысындағы Таяу Шығыстағы одақтастарына қолдау көрсеткен екі ұлы держава АҚШ пен КСРО-ның өзара бәсекелестік мүдделері сын сағаттарда айқын көрінді.

Египеттің Қазан соғысынан кейінгі сыртқы сясатындағы батыстық бағытқа бетбұрысы КСРО-мен қарым-қатынасының үзілуіне итермеледі. 1976 ж. Египеттің КСРО-мен дипломатиялық қарым-қатынасын үзуі Таяу Шығыстағы КСРО саясатының жеңілісі, АҚШ саясатының жемісі болды.

АҚШ-тың Таяу Шығыстағы делдалдық әрекеті, Египет президентінің елдің ішкі, сыртқы істерін жүргізудегі батысқа бетбұрыс саясаты шиеленісті реттестіру әрекеттерін жаңа арнаға бұрды. Бұл бастаманың айшықты көрінісі ретінде 1974 және 1975 жж. Суэц келісімдерін айтуға болады. Келісімнен кейін Таяу Шығыс

мәселесі тығырықтан аз да болса шықты деуге болады. Египет-Израиль әскерлерін бөліп, ажырату туралы келіссөздер Таяу Шығыс мәселесіндегі бетбұрыс бағыт болды. Бұл келісімдер Египет үшін Израиль басып алған жерлерінен израильдік әскерлердің біртіндеп шығарылуы мен мұнайлы аудандардың қайтарылуын, ал Израиль үшін мұнай тасымалы мен кеме қатынасын қалыпқа келтіруге мүмкіндіктер туғызды.

Египет үкіметінің 1974 ж. қабылдаған ел экономикасын көтеруге бағытталған «ашық есік» саясаты мемлекетке шетел инвесторларын тарту, сол арқылы елдегі ауыл шаруашылығын жандандыру, зауыт, фабрикаларды модернизациялау жоспарын іске асыру мақсатында жүргізілді. Бұл экономикалық реформаның жүрісі алғашқы жылдары халықтың әлеуметтік таптарының ара-қатынас айырмашылығын алшақтатып, қоғамда жағымсыз сипаттар қалыптастырғанымен кейінгі жылдары мемлекет үшін тиімді экономикалық серіктестер орнатуда септігін тигізді.

Египет президенті Ануар ас-Садаттың 1973-1977 жж. іс-қимылдарының нәтижесі, «Қазан соғысынан» кейінгі елдегі қалыптасқан саяси, әскери, әлеуметтік сұраныстар Израильмен жеке шарттасуға жол салды.

### **3 ТАРАУ ТАЯУ ШЫҒЫС ШИЕЛЕНІСІН РЕТТЕСТІРУДЕГІ ЕГИПЕТТІҢ РӨЛІ (1977-1981 жж.)**

#### **3.1 Египет-Израиль қарым-қатынастарының қалыптасуы (1977-1978 жж)**

XX ғасырдың 70-ші жылдарындағы Египеттің ішкі және сыртқы саясатындағы өзгерістер арабаралық қарым-қатынастармен, әр мемлекеттердің ұстанған саясаттарымен тығыз байланысты болды. Кеңес Одағымен байланысты үзе отырып, елді Вашингтон жағына тартуда Ануар ас-Садат сыртқы саясатында тағы екі мақсатты ұстанды: Израильмен тікелей байланыс орнату жолын іздестіру және осы келісім нәтижесінде одақтастар мен араб серіктестерін жоғалтқан жағдайда олардың орнын басқа елдермен алмастыру мақсаты. Бұл орайда Ануар ас-Садат шахтық Иранмен байланысты күшейтті.

Египет сияқты Израильге де бейбітшілікке келу жеңіл болмады. Үкімет басына келгеннен-ақ Менахем Бегин Моше Даянды сыртқы істер министрі етіп тағайындады. Израиль мемлекетінің құрылуынан бергі билеуші партия болып келе жатқан Еңбек партиясының көп жылдар бойғы белсенді мүшесі Моше Даян тіпті 1977 ж. мамыр айындағы кнессетке осы Еңбек партиясы тізімі арқылы өткен еді. Даян саяси өмірден уақытша қол үзгенде де Египетпен жеке бітімге келу идеясын ұмытпады.

Менахем Бегин мұраға Иом-Киппур соғысының зардабынан әлі толық сауықтырылмаған елді алды. Билік басына келген Израиль премьерінің басты саяси мақсаттарының ішінде Египетпен жеке келісімге келумен қатар Израиль шекарасын кеңейтуге бағытталған “ядролық кепілдік” мәселесі де тұрды. 70-ші жылдардың ортасында Израиль Таяу Шығыстағы алғашқы ядролық мемлекет болу мұның өзі оның сыртқы саяси шешімдер қабылдауларында көрініс тапты [77, 93 б.].

Соғыстан кейінгі қаржы дағдарысы Израильдің бұрынғы екі принципіне: қайтарымды соққы беру мен әуедегі күш басымдылығына негізделген әскери стратегиясына қиындық тудырды. Израиль үшін жаңа қару-жараққа орасан қаржы жасау мүмкіндігі шектеулі екендігі айқын болды. Олар нағыз үлкен соғыстан гөрі “қалжыратып, діңкелеткен соғыстан” қауіптенді. Сондықтан да Израиль ядролық қаруды еврей мемлекетінің болашақ стратегиясы, өмір үшін күрес қаруы деп білді. Ядролық қару

американдықтар бізді тағдыр тәлкегіне тастаған жағдайда біздің сақтандыру торымыз болады деді. Израиль Каирді бейбітшілікке итермелеген себептердің бірі – Димондағы ядролық орталықтың болуы деп түсіндіреді [79, 43 б.].

Соңғы жылдарда жарық көрген мәліметтерге сүйене отырып, Садаттың Иерусалимге сапар шегуге түбегейлі шешім қабылдауына АҚШ президенті Джимми Картердің хаты да ықпал етті деуге болады. 2003 жылы АҚШ-та Кэмп-Дэвид тарихи саммитінің 25 жылдығына орай келіссөзге дайындықтың қалай жүргізілгені мен оның қорытынды шешімінің ұйғарымы туралы Ақ Ұй архиві мен Джимми Картердің жеке архивінен әр түрлі іріктеп алынған материалдар жинағы халыққа жария етілді. Бұл құжаттар 1977-1979 жж. Картердің ресми хаттарын, меморандумдар мен мемлекет басшысының Израиль премьер-министрі М. Бегинмен кездесуіндегі есеп берулерді т. б. құжаттарды қамтиды [122].

Қақтығысушы тараптардың бітімгершілікке келу тұрғысындағы ұстанымдарының қайшылықты өрбуі Женева конференциясы жұмысын жандандыру мәселесін тұйыққа тіреді. Шиеленісті реттестіру үдерісінде белсенділікті өз қолына алған Ақ Ұй басшысы Дж. Картер 1977 ж. қазан айының соңында Египет президенті Ануар ас-Садатқа мемлекет басшысы ретінде ғана емес, сонымен қатар пікірлес дос ретінде бейресми хат жолдады. Дж. Картер хатында: “Ақ Ұйде кездескенімізде Сіздің Таяу Шығыстағы бейбітшілік орнату жолындағы ізденістеріміз кедергілерге кезіксе маған сенім артуыңызға болады деген уәдеңіз маған үлкен әсер етті. Міне сондай кез келді, Сіздің маған көмегіңіз керек”, - деп жазды [47, 95 б.].

Бұл хаттың жауабы ретінде 3 қыркүйек күні Ануар ас-Садат алдағы күндерде Таяу Шығыс мәселесіне байланысты Шығыс Иерусалимде конференция өткізетінін хабарлады. 1977 ж. 4 ақпанда Ануар ас-Садат Египеттің Халық Жиналысында өзінің Израильмен бейбіт бітім жасауға әзір екендігін жариялаған болатын. Ал, осы жылдың 9 қарашасында Ұлттық жиналыста Египет президенті Ануар ас-Садат: “Мен Египет жасөспірімі мен жауынгерін, офицерін өлімнен, жараланудан қорғау үшін дүниенің түбіне баруға әзірмін. Мен бейбітшілік үшін келісімге келуде олардың еліне, тіпті кнессетке де баруға дайынмын”, - деп мәлімдеді. Египет президентінің осы сөздеріне алғашқы болып қол соққандардың ішінде ПҚК көсемі Ясир Арафат та болған екен. Куәгер Бутрос-Бутрос Ғали кейін бұл туралы: “Бірақ Арафат та, менің әріптестерім де, мен де президенттің бұл

сөздерінің түпкі мағынасын түсінбедік. Біздің көбіміз бұл сөздерді оның бейбітшілікке жету жолында бар күш-жігерін салатынын көрсететін метафора ретінде қабылдадық”, - деп еске алады [152].

Бұл мәлімдемеге Израиль үкіметі бірден қолдау көрсетті. Ануар ас-Садаттың Ұлттық Жиналыста сөйлеген сөзінен кейін келесі күні Бегин радио арқылы ағылшын тілінде Каир халқына: “Өз ата-бабаларының жерінде өздерінің Отанын құрған еврей халқы Египетпен бейбіт өмір сүруге әзір. Мен, Бегин, Египет президенті Ануар ас-Садаттың бұл бастамасын қолдай отырып, өз кезегімде бейбітшілік үшін Каирге баруға әзірлігімді білдіремін”, - деді. Әрине, М. Бегиннің бұл қолдауы Ануар ас-Садаттың Халық жиналысында айтылған сөзіне аяқ асты ризашылық білдіргеннен туындамағаны белгілі. Дегенмен, Египет президенті Израиль премьер-министрінің Иерусалимге шақыру туралы ұсынысын қабыл алды.

19 қарашада Ануар ас-Садат жоғарғы шенді шенеуніктерімен бірге Иерусалимге бет алды. Тель-Авивтің халықаралық әуе жайында Израильдің бұрынғы және осы кездегі жоғарғы билік басындағылар жиналды. Египет президентін қарсы алуға қартаң жасына қарамастан Голда Меир де келді. Бұл күні израильдіктер күткен тарихи сәт те жетіп, Израиль жеріне тұңғыш рет жетекші араб елі – Египеттің президенті Ануар ас-Садат қадам тіреді. Ол керней дауысының қоштауымен, артиллерия салютінің күрсілімен, көптеген репортер мен операторлар қатысуымен қошеметпен қарсы алынды. Тель-Авивтен Иерусалимге жол тартқан Ануар ас-Садаттың Менахем Бегинмен алғашқы кеңесі “Давид патша” қонақ үйінде өтті. Бұл кездесу көптеген жабық египет-израиль келіссөздерінің бастауы болды [34, 127 б.].

Осы күндердің куәсі болған Франция министрлер кеңесінің төрағасы Пьер Мендес Франс “Мен ешқашан мұндай толқу мен ынта-ықыласты көрмедім, үш күн бойы халық теледидардан көз алмады. Бұл бір сенбестік оқиға болды” деп еске алады. Шын мәнісінде бұл сапар Израиль сыртында да өте көп шу жасаған таң қаларлық сапар болды. Ең алғаш рет араб елінің басшысы ресми түрде Израиль мемлекетін таныды.

20 қараша күні Иерусалимдегі Әл-Акса мешітін зиярат етуге барған Ануар ас-Садатты араб тұрғындары үлкен наразылық білдірген шерумен қарсы алды. Осы күні Ануар ас-Садат Израиль кнессетінде өзінің тарихи баяндамасын жасады. Египет президенті бейбіт реттестіруге арналған философиялық декларацияның негізгі

принциптеріне: араб жерлерін басып алуды тоқтату, палестиндіктердің құқығы, әр мемлекеттің бейбітшілікте өмір сүру құқығы, шиленісті бейбіт жолмен реттестіру мәселелеріне тоқталды. “Сіздер Палестина халқының өз Отанын, өз мемлекетін құру талабын дұрыс түсінулеріңіз керек. Мен сіздерге Израиль мен Египет арасында сепаратистік бітім жасауға келген жоқпын, Израиль мен оған қарсылас қандай да бір мемлекет арасындағы екі жақты бітім аймақта берік және әділетті бейбітшілік орнатуға апармайды”-деді Египет басшысының баяндамасында айтылған ойлар жалпыарабтық талаптар рухында болды [67].

Кнессеттегі Ануар ас-Садат баяндамасынан кейін Израиль премьер-министрі Менахем Бегин Палестина халқының құқықтары туралы бірде-бір сөз айтпады. “Біз бейбіт келісімді ерікті серіктестер ретінде жүргіземіз”-дей отырып, ол бұл құжаттың қандай болатынын да атап өтті. “Бейбіт келісімнің алғашқы және маңызды идеясы – тұрақты, қалыпты дипломатиялық қарым-қатынас болу керек, ол үшін Иерусалимде және Каирде елшіліктер ашылуы тиіс”-деді. Осы күнгі екі ел басшысының баяндамасына сипаттама бере келіп Египеттің сыртқы істер министрі Бутрос-Бутрос Ғали: “Египет және Израиль ұстанымдарын қандай алшақтық бөліп тұрғаны белгілі болды. Иерусалимдегі қол жеткізген келісімнің нәтижесі тек үшінші елдер қызметіне жүгінбей-ақ жолдау алмасу үшін Париж арқылы телефон байланысын орнату болды» - деп жазды [138, 298 б.].

Иерусалимдегі қорытынды пресс-конференцияда тілшілердің: “Кнессетте айтылған сөздеріңіз оның алдындағы жаулап алынған жерлерді дипломатиялық жолмен қайтару мүмкін болмаса, соғыс жолымен қайтарылады деген сөздеріңіздің күшін жоя ма?”- деген сұрағына Ануар ас-Садат: “Осы келіссөздерден кейін біз көптеген мәселелер дипломатиялық жолмен шешімін табады деген ойдамыз”, - деп жауап берді. Соңғы ресми мәлімдемеде Израиль үкіметі басқа да араб елдерімен келісімге келуге дайын, алдағы уақыттарда екі ел арасындағы келіссөз жалғастырыла береді деп баяндалды [12, 123 б.].

Ануар ас-Садаттың Иерусалимге сапары араб әлемінде кезекті жіктелістер мен түбегейлі өзгерістер тудыруға себеп болды.

1977 ж. 2-5 желтоқсанда Триполи қаласында Сирия, Алжир, Либия, ЙХДР және Палестинаны Азат ету Ұйымы басшыларының кездесуі өтті. Бұл кездесуде олар Ануар ас-Садаттың “сатқындық” саясатына қарсы Египетпен дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастарын тоқтату туралы шешім қабылдады. Бұл шешімге



тағы да Ирак, Тунис, Солтүстік Йемен, кейіннен Сауд Арабиясы, Иордания, Марокко үкіметтері қосылды. Египет президентінің Иерусалимге сапары араб әлемі тарапынан араб мүддесін аяқ асты еткен қадам ретінде бағаланды. Араб елдері басшыларының бастамасымен “табандылық пен қарсы әрекет көрсетудің майданын” құруға шешім қабылданды. Сонымен қатар Майдан қолдауымен саяси және қоғамдық ұйымдар Садатқа, оның жоспарын қолдаушыларға қарсы Жалпы Арабтық Ұлттық Конгресті (ЖАҰК) құрды. Конгресс құрамына революциялық демократтар, коммунистер кірді. Олар Садат бағытына қарсы үлкен шерулердің ұйымдастырушысы болды [68].

Ал ПАЕҰ-да жария әрекеттерді қолдамаушылар Я. Арафатты оның 12-ші сессияда тиімсіз қабылдаған шешімдері Ануар ас-Садатқа жол ашты деп кінәлады. 1974 ж. 1 маусымда Каирде өткен Ұлттық Палестина Кеңесінің 12-ші сессиясында қабылданған “өтпелі бағдарламаның” екінші бабында: “ПАЕҰ Палестина жерлерінің азат етілуі үшін ұлттық, тәуелсіз мемлекет құру жолында күрестің барлық жолдарын қолданады” деп көрсетілді. Қолданылатын шаралар ретінде “сатқындық” деп танылмайтын келіссөздер жүргізу шаралары қарастырылды. Бағдарламаның қорытындылау бөлімінде “әскери басшылық осы мақсаттарға жету жолындағы бұл тактикалық әдістерді қолдайды” деп көрсетілді [95, 127 б.]

Ануар ас-Садаттың “араб-израиль шиеліністерін реттестірудің негізі – келісімге келу, бейбітшілік” деген әлем пікірін ескере отырып, осы жолда алғашқы қадам жасауы үлкен батылдық болды. Дегенмен Египет қоғамында президенттің бұл қадамына қарсы саяси күштер де қалыптасты. Осының салдарынан Египет саяси ортасында күрделі қарама-қайшылықтар пайда болды. Мұндай келіспеушілік президенттің жақын айналасында да қатты орын алды. Жекелей алатын болсақ, сапар алдында премьер-министрдің орынбасары, Египеттің сыртқы істер министрі Исмаил Фахми өзінің Ануар ас-Садаттың сапары тұрғысында пікірлері сай келмейтіндігін білдіріп, ендігі жерде бұл қызметінде қала алмайтындығын мәлімдеді. Сонымен қатар сыртқы істер министрі қызметі ұсынылған Махмұд Риад та бұл қызметтен бас тартты. Алғашқыда Ануар ас-Садаттың ел ішінде билігін нығайтуға ат салысқан “Ағайынды мұсылмандар” тобы да бұл сапарды қатты сынға алды. Олар шарифат бойынша “мұсылманның жерін жаулап алған кәпірлердің” ортасына барып,

келіссөз жүргізген Ануар ас-Садаттың бұл сапарын діни сатқындық деп бағалады [38, 67 б.].

Египет президентінің Иерусалимге сапары Еуропадағы біраз мемлекеттер тарапынан оң қолдау тапты. Бірақ, олар екі жақты келіссөзге негізделген әрекетке сенім артқандарымен, бір жағынан бұл қадамның біржақтылығынан, әсіресе палестиндіктер мүдделерімен санаспаған қадам болғандығынан қауіптенді. Батыс баспасөзі Ануар ас-Садат ПАЕҰ-ны атамай, өзінің ишарасымен палестиндіктерді Иордания бақылауына беруді тиімді шешім деп ұйғарғанын білдірді, егер оның негізгі ойға алған мақсаты осы болса, онда Таяу Шығыста жаһандық және тең құқықты негізде реттестіру, тіпті оның Тель-Авивке баруынан кейін де толығымен алыстатылатын болды деп жазды. Солай дегенмен де бірқатар еуропалықтар мемлекеттер желтоқсан басында Триполиде жиналған араб елдері басшыларының көзқарасын да қоштамады.

Ануар ас-Садат Иерусалимнен қайтып келген бетінде-ақ Женева конференциясын өткізуге дайындық ретінде Каирде Израильмен қақтығысушы араб елдерімен кездесу өткізуге шешім қабылдады. Өкінішке орай оның шақыруына тек АҚШ пен Израиль ғана үн қатты. Сондықтан американ дипломатиясы араб елдерін конференцияға қатыстыру үшін оны неғұрлым кейінгі мерзімге қалдыруды өтінді.

1977 ж. 14 желтоқсан күні Каир қаласында Египет-Израиль-АҚШ өкілдерінің кездесуі өтті. Америка делегациясын АҚШ-тың мемлекеттік хатшысының көмекшісі А. Атертон, Египеттікін БҰҰ-дағы ЕАР-дың тұрақты өкілі Абд әл-Мажид, Израиль делегациясын Бен-Элиссар басқарды. Конференция Таяу Шығыс мәселесін бейбіт жолмен шешу туралы мәселелерді қарастырды. Бірақ, бұл конференция да айтарлықтай нәтиже бермеді [67]. Конференция жұмысы М. Бегиннің Вашингтонға жедел түрдегі сапарымен тұспа-тұс келді. Сапардың басты мақсаты өзінің «бейбітшілік жоспары» туралы мұхиттың арғы бетіндегі достарымен кеңесу болды. Бұл жоспар бойынша Израиль мемлекеті Ғаза аймағы мен Иордан өзенінің батыс жағалауындағы тұрғындарға Тель-Авивтің бақылауымен тек автономия құруларына келісім білдірді. Сонымен қатар, конференция жалпылама түрде Синай түбегін босату мәселесін қарастырды. Осы жоспармен Египет басшылығын таныстыру үшін 25-26 желтоқсан күні М. Бегин арнайы сапармен Египетке келді. Кездесу Исмаилияда өтті. Бегиннің Синайға қатысты ұсынысында Израиль

әскерлерінің 1967 ж. шекараға шегінуін кезең-кезеңмен жүргізу қарастырылды. Олар үшін Синайды толық қайтару Египеттікінен басқаша екендігі белгілі болды. Синайдан толық қайтуды айта отырып, Израиль ол жерде өз әскери-әуе күштерін және еврей қоныстарын қалдырғысы келді. Менахем Бегин Иордания өзенінің батыс жағалауы мен Ғаза аймағына байланысты жоспарында бұл аймақта Палестина автономиясын құруды және осы жерде 20 жыл аралығында Израиль әскерлерінің сақталуымен тұрғындарға израильдік немесе иордан азаматтығын беруді ұсынды. Сонымен қатар, Менахем Бегин: “Автономия Израильдің Трансиордания мен Ғаза аймағындағы биліктен бас тартуы емес, Израильдің бұл жерлеріне біздің қасиетті құқықтарымыз бар, бұл біздің жеріміз” деп атап көрсетті. Осы жоспар арқылы Израиль бірден Палестина мемлекетінің құрылуына қарсы екендіктерін білдірді [77, 158 б.].

Израиль Синай мәселесін талқылауда Синайда әскери-әуе күштерін және еврей қоныстарын қалдыруды талап етсе, Египет Израиль әскерлерінің толық шығарылуын талап етті. Бұл мәселені шешу барысында Израиль басшылығы ортасында үлкен талас туды. Ауыл шаруашылығы министрі Ариель Шарон Синайдан тек әуежайларды көшіруді ұсынды. Ол Израиль қоныстарын көшіру де оңай емес және олар Синай мен Ғаза аймағындағы жиі қоныстанған палестиндіктер арасындағы буферлік аймақ ретінде керек деп дәлелдеді. Ал Қорғаныс министрі Э. Вейцман керісінше қоныстарды көшіру керек, жалғыз бір израильдік әскери топ Израильді тұрғындардан гөрі жақсы қорғайды, сонымен қатар жаңа әуе базаларын салу көп қаржы қажет етеді деп дәлелдеді. Бұл мәселеге байланысты Израиль үкіметі Израиль қоныстарын көшіру керек деп шешім қабылдады [107, 98 б.].

Ясир Арафат: “Біз ешқашан Бегин жоспарын қабылдамаймыз. Садаттың палестиндіктер туралы сөздеріне бой алдырмауымыз керек. Оның әрекеті палестиндіктердің басқаға тәуелді болуына апарады, сондықтан да ол ПАЕҰ туралы айтпады. Біз оның жасанды әрекеттеріне тойтарыс беруіміз керек”, - деді. Израильдің “Палестиндіктердің өзін-өзі басқару” жоспарын ұсынуы саяси мәселелер жөніндегі келіссөзді одан әрі ушықтырды. Ануар ас-Садат Бегин жоспарын қабылдаудан бас тартты және Израильдегі Египет өкілі Исмаил Кәмілдің тез арада Иерусалимнен қайтуын талап етті [81,143 б.].

Сыртқы істер министрлерінің басшылығымен өткен келіссөздерге қарағанда әскери министрлер арасындағы келіссөз неғұрлым тиімді өтті. Ұзақ кеңестен кейін Э. Вейцман Египет бейбіт бітім жасауға әзір, оған тек қалқан керек деп шешті. Э. Вейцман Иерусалимге генерал Абд әл-Ғани Гамасидің: “Израиль әскерлерін Синайдан толық шығарса, Египет бейбіт келісімге келуге дайын” деген ұсынысын жолдады. Еврейлер жағы бұған күдікпен, сенімсіздікпен қарады [108, 179 б.].

Исмаилия қаласында өткен Ануар ас-Садат пен М. Бегиннің кездесуі ешбір мәселеде нақты ортақ шешімге әкелмеді. Кездесуді ақпарат құралдары “әлемге жаңа жылдық тарту” деген бас тақырыппен жазды. М. Бегин: “Исмаилиядағы кездесу сәтті өтті, енді Египет пен Израиль бейбіт бітімге апарар жаңа келіссөздерге аяқ баспак”, - деді. Дегенмен, бұл кездесуден кейін Израиль үкіметі кнессетте Синай түбегінде еврей қоныстарын ұлғайту жөнінде шешім қабылдады, мұның өзі Синай түбегін босату жөніндегі шешіміне қайшы келді.

Исмаилиядағы кездесуден кейін АҚШ президенті Дж. Картердің Орта және Таяу Шығыс елдеріне сапарлары басталды. 1978 ж. 4 қаңтарда Картер Асуанда Ануар ас-Садатпен кездесті. Египет президенті АҚШ-тың Таяу Шығыс мәселесі жөнінде Израиль үкіметінің шешімдеріне ықпал ету, араб мүддесіне сай ортақ шешімге келу, Палестина халқының құқығын орындау жөнінде өтініш етті. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Сайрус Вэнстің Таяу Шығысқа сапары барысында Сауд Арабиясы, Сирия, Иордания мемлекеті басшыларынан Ануар ас-Садаттың қадамын қоштауды өтінді. Вэнстің өз сапарын Эр-Риядтан бастауы жайдан-жай емес еді, себебі АҚШ ең алдымен Сауд Арабиясы қолдауына үміт артты. Бірақ, Сауд Арабиясы американдықтардың бастамасына ізетті түрде нақты бас тартатындығымен жауап берді. Өзінің көзқарасын қорғай отырып Сауд Арабиясының сыртқы істер министрі бекзада Сауд әл-Фейсал “Әрбір қадам соңында нәтиже болу керек, алайда әлі де қолданылған шаралар нәтижесі қандай болатыны белгісіз”, - деді. С. Вэнс Дамаскіде де, Амманда да ешқандай нәтижелерге қол жеткізе алмады. Дегенмен, АҚШ-тың Таяу Шығыстағы шиеленісті реттестірудегі КСРО-дан бір басымдылығы – оның қақтығысушы израиль-араб елдерімен де байланыста болуы еді [88, 263 б.].

Ал Египет-Израиль жеке келісімін жүзеге асыртпау мақсатын көздеген КСРО-ның оған ықпал ету мүмкіндігі болмады. КСРО араб

елдерін Египет-Израиль келісіміне қарсы тұруға шақырған идеологиясын тоқтатпады. КСРО: “Біз араб әлеміндегі Египет пен Израиль арасындағы жеке келісімге қарсы қысымды төмендетпеу үшін барлық шараларды іске асыруымыз керек. Тіпті Египеттің өз ішінде де бұл келісімге қарсылық күшті. Садат жағында әскер және қауіпсіздік күштері бар, ол өзіне қарсы тұрар оппозицияны жоюға қол жеткізді, сонда да біз ғажайыпқа сенуіміз керек. Ең бастысы басқа араб елдерінің оған қосылуына жол бермеуіміз керек”, - деген ұстанымда болды. Бұған дәлел 1977-1978 жж. Табандылық пен Қарсы тұру Майданындағы араб елдерінің басшыларының, Хафез Асад (Сирия), Хуари Бумедьен (Алжир), А.Н. Мұхаммед (ЙДХР), А.С. Желлуд (Либия) және Ясир Арафаттың (ПАЕҰ) Мәскеуге келуі. Осы сапарлар нәтижесінде халықаралық маңызы бар ресми мәлімдемелер жарияланды. Олардың жалпы мазмұны кеңес-араб қарым-қатынастары, Кеңес Одағының араб елдеріне материалдық және рухани көмегі, сонымен қатар Израиль жаулап алушылық саясаты мен Египет-Израиль келіссөздерін айыптау болды [98, 185 б.].

1978 ж. 17 қаңтардағы Иерусалимдегі Египет пен Израиль арасындағы қатынастардың барлық жақтарын қарастыратын келіссөздер барысында екі ел өзара мемлекетаралық дұрыс байланыстар орнату қажеттігі шешіміне келді, сонымен қатар маңызды мәселелерде әр түрлі көзқараста екендіктері тағы айқындалды. Египет Синай жерінен 10-18 ай ішінде Израиль әскерлерінің толық шығарылуын, барлық израильдік кенттерді, әскери базаларды жоюды, Шармаш-Шейх, Рафах және басқа маңызды бөлімдерді Египет егемендігі иелігіне беруді талап етті.

Сонымен қатар Египет израильдіктердің қатысуынсыз халықаралық қызметкерлер мен маңызды бөлімдердің құрылуына және шекараның арғы немесе бергі жағында қарусыздану аймағының құрылуына, Синайдағы БҰҰ әскері орналасатын мемлекетаралық шекараның кеңеюіне де келісім берді. Ол сонымен қатар ұлы державалар мен БҰҰ тарапынан берілген халықаралық кепілдікке келісім білдірді.

Израиль өзінің негізгі күштерін кезең-кезеңмен 3-5 жыл аралығында шығаруды, өздерінің әскери базаларының “қауіпсіздік белдігі” ретінде сақталып, олардың Израиль әскерлерімен қорғалуын, Синайда БҰҰ әскерлерінің қатысуымен мемлекетаралық шекараның құрылуын, қарулы күштер мен қарулану саласына шектеулі аудандар бөлуді және қарусыз аймақты талап етті. Сонымен қатар олар бұрын

мәлім етілген шарттардың орындалуына Израиль қызметкерлерінің қатысуын талап ете отырып, халықаралық кепілдікке қарсы шықты. Израиль ұсыныстарында Шарм-аш-Шейх, Рафах және басқа аудандарды бірлесіп қолдану қарастырылды.

Израильдің Иерусалимге байланысты келіссөз жүргізуден бас тартуы және Палестина мәселесінің шешілмеуі Ануар ас-Садат саясатына қиындық туғызды. Ешбір араб мемлекеті мұсылман әлемінде немесе христиан-марониттер жерінде Иерусалимнің араб бөлігінде Израиль егемендігінің орнауымен келіспейтін еді. Әрине Палестина мәселесін толық шешу дәл сол кездерде Израильдің де, Египеттің де қолынан келмейтіні анық болатын. Мұны Ануар ас-Садат та Менахем Бегин де түсінді.

1978 ж. қаңтар айының соңында екі жақты келіссөздер тұйыққа тірелді. 2 ақпандағы Ануар ас-Садат пен Джимми Картер арасындағы кездесуден кейін Египет-Израиль арасындағы келіссөздер барысының жобасы жасалды, уақытында бұл саяси көрініс егжей-тегжейлі жазылды да және ол дипломатиялық саудаласу дайындығының үлгісі ретінде бағаланды.

Ануар ас-Садатпен келіссөз барысында жиі серіктес болған Израиль қорғаныс министрі Э. Вейцман Египет президентінің келіссөзге палестиндіктер тақырыбын енгізуге қайта-қайта ұмтылғанын дәлелдейді. Ануар ас-Садат “тіпті біз Синай мәселесін шешкен күнде де палестиндіктер мәселесін шешпей бұл бізге бейбітшілік әкелмейді. Мен сіздердің Иордан өзенінің батыс жағалауына байланысты қауіптенетіндіктеріңізді түсінемін. Израильдің бұдан қауіпсіздікке байланысты келелі мәселе көретінін білемін. Алайда палестиндіктер мәселесін шешпей болмайды, Египетпен жеке келісімге келу түпкілікті бейбітшілікке әкелмейді”, - деп атап көрсеткенін растайды. Осы деректер Ануар ас-Садаттың Палестина мәселесін шешудегі ұстанымдары уақыт талабына орай өзгеріп отырғанына қарамастан оның палестиндіктерге қатысты талаптарды да батыл қолдап келгенін көрсетеді.

Наурыз айының соңындағы Ливандағы жағдайға, палестиндіктердің египеттіктерге деген қарым-қатынасына байланысты Египет үкіметі 1978 ж. наурыз айында Ғаза аймағы мен Батыс жағалауда БҰҰ басқаруын енгізуге, ал кейіннен батыс жағалауды Иордания, Ғаза аймағын Египет басқарылуына беруге ұсыныс жасады. Бұл ұсынысқа ПАЕҰ түбегейлі қарсы болды. Ясир Арафат мұны: “палестиналық араб халқының заңды құқықтарына

тікелей соққы беру, араб елдері басшыларының Алжир мен Рабаттағы шешімдерін ашық түрде бұзу”, - деп бағалады.

Египет пен Израиль өкілдерінің екі мемлекет арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын құжаттарға негіз болатын ұстанымдық келісімдерге келе алмауы келіссөзге делдалдық етуші АҚШ әкімшілігінің алаңдаушылығын туғызды. Осыған орай АҚШ президентінің Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Зб. Бжезинский Дж. Картерге меморандум ұсынды. 1978 ж. 1 мамырына жоспарланған Дж. Картердің Бегинмен кездесуіне орай ұсынылған бұл меморандумда келіссөз барысында АҚШ-тың қандай ұстанымда болып, қандай мәселелерге назар аудару керек екендігі жөнінде айтылды. Негізгі американдық қадамдарды атап шығумен қатар Зб.Бжежинский Дж. Картерге: “Бұл сұрақтарға Бегиннен жауап күтіп тосудың қажеті жоқ, ең маңыздысы ол және оның әріптестері біздің осы бағыттарды айқындау қажет деп санайтынымызды білуі керек. Сіз Израиль қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі пайымдауларыңыз бен Египетпен келіссөзде табысқа жету үшін Батыс жағалауға байланысты қиын шешімдер қабылдауыңыз қажеттілігі арасында тепе-теңдікке жетуіңіз керек” деп кеңес берді. Бұл құжат келісімнің ауқымды мәселелерді талап еткенін және осы бейбіт шешім табу жолында Садат пен Бегин арасында американ әкімшілігі мен президенттің үлкен күш жұмсағандықтарын көрсетеді. Вашингтонның осы ұмтылыстарында Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру арқылы екі жақ мүдделерін ескере отырып арабтармен де байланысты жетілдіруге тырысқандығы байқалады [83, 208 б.].

1978 ж. тамызда АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Сайрунс Вэнс өзінің Таяу Шығысқа кезекті іс-сапарында А.Садат пен М. Бегинге АҚШ президентінің өз қолымен жазған Вашингтонға шақырту хатын табыс етті. Дж. Картердің бұл шақыруының басты себебі Египет-Израиль арасындағы келіссөз қиындықтарын шешіп, ортақ бір мәмілеге келтіру болатын. Хат мәтінінде: “Егер дәл қазір батыл да үйлесімді қадамдар жасамасақ бізде енді Таяу Шығыс аймағында тұратын халықтарға бейбітшілік орнатудың мұндай тиімді жолы болмауы мүмкін. Жаңадан күш салып шешуші қадамдар жасайтын уақыт келді. Мен сіздермен бейбітшілік жолында қосымша жолдар қарастыру мақсатында жеке кездескім келеді”, - деп жазылды. Бұл ұсыныс шақырылған екі мемлекет тарапынан да қолдау тапты [122, 165 б.].

Осы тақырыпты қорытындылай келе, Египет пен Израиль арасындағы тікелей қарым-қатынастың орнығуына бірнеше фактор себеп болғандығын дәлелдейміз. Біріншіден, ол екі мемлекеттің де жаугершілік қатынасты тоқтатып, өзара бейбіт бастамаларға негізделген байланыс орнатуға деген мүдделерінен туындады. Египет үшін Израильмен бейбіт бітімгершілікке келу өлшеусіз шығынға батырған араб-израиль соғыстарының салдарларынан айығу және елдің әлеуметтік-экономикалық бақуаттылығын нығайтуда Батыс елдерімен ынтымақтастыққа жол салудың мүмкіндігін көрсетті. Ал, Израиль үшін Египетпен бейбіт қарым-қатынас орнату оның Таяу Шығыстағы өмір сүру заңдылығының араб елдері ішіндегі жетекші мемлекет тарапынан мойындалуы және кепілінің көрінісі болды.

Екіншіден, екі мемлекеттің өзара қарым-қатынастарының орнығуына тікелей Таяу Шығыстағы АҚШ саясаты ықпал етті. Әрбір араб мемлекетінің біртіндеп Израильмен бітімгерлік байланыс орнатуын көздеген Ақ Үй басшыларының дипломатиялық жұмысының нәтижесі Египет-Израиль мемлекеттері арасындағы ресми келіссөздердің қалыптасуы болды.

1977 ж. Ануар ас-Садаттың Иерусалимге сапары Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру мақсатында жасалған бейбіт бастамаға негіз болған тұңғыш қадам деп тұжырымдаймыз.



### **3.2 Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру саясатындағы Кэмп-Дэвид келісімінің орны**

1978 ж. 3 қыркүйекте АҚШ президентінің Вашингтоннан 100 шақырымдай жердегі жазғы резиденциясы Кэмп-Дэвидте Джимми Картер, Ануар ас-Садат, Менахем Бегин басшылығымен араб-израиль келіссөзі басталды. 6 қыркүйектегі алғашқы кездесудегі Египет талаптары келесідей талаптарды қамтыды: Израильдің 1967 ж. жаулап алған араб жерлерінен толық шегінуі; астанасы Иерусалим болатын тәуелсіз Палестина мемлекетін құру; Синай келісімін іске асырудан бұрын Палестина мәселесін шешу.

Египеттіктердің бұл талаптарын қабылдамаған Израиль тарапы өз шарттарын қойды: Израиль 1967 ж. шекараға қайтудан үзілді-кесілді бас тартады. Тек әскери базалар мен қоныстарды қалдыра отырып Синайдан ғана шегінеді; Самария мен Иудей жерлерінде Израиль әскерлері мен қоныстарын қалдыра отырып, шектеулі өзін-өзі басқаруды енгізу [83, 227 б.].

Египет президенті Ануар ас-Садат бұл шарттарға қарсы болып, оны қабылдаудан бас тартты. Египет тарапынан келіссөздерге қатысушы Бутрос Бутрос Ғалидің айтуы бойынша Кэмп-Дэвидтегі келіссөз өте қиын жағдайда өтті, Садат бірнеше рет келіссөз алаңын тастап та кетпек болды. Дегенмен Египет басшысы Кэмп-Дэвидтегі кездесудің қандай да болсын бағамен халықаралық келісімге қол қойылумен аяқталуына мүдделі болды. Ануар ас-Садат бұл құжатсыз алдағы Израильге сапарлары мен дипломатиялық бастамалары күйреуге ұшырайды деген пікірде болды [152].

Израильге қарсы тұрушы араб елдерінің біреуімен бейбіт бітімгершілікке келу арқылы Таяу Шығыстағы шиеленісті реттестіруге қол жеткізу мүмкін еместігін барлық мәлімдемелерінде атап көрсететін Египет президенті Кэмп-Дэвидтегі келіссөз барысында нақ осындай келісімге келді. Зерттеуші Раймонд Коэннің пікірінше, Садат тұсындағы Египеттің сыртқы саясаты мынадай үш принципке негізделді: жер, егемендік және Палестина араб халқының құқықтары. Егер Г.А. Насыр панарабизм жалауын көтеріп, бұны барлық араб елдеріне тән түсінік деп қарастырса, яғни барлық жаулап алынған араб жерлерінің қайтарып алынуынсыз, палестиндіктердің құқықтарының орнауынсыз Таяу Шығыста бейбітшілік орнауы мүмкін емес десе, Ануар ас-Садат заңдылықтардың қайта орнығуын тек өз туған жеріне, Египетке ғана қатысты қарастырды. Бутрос

Бутрос Гали: “Ануар ас-Садаттың жалғыз мақсаты - Синайдағы Египет жерлерін қайтарып алу болды, ол өз елінің мәселелерін басқа араб елдерінің есебінен шешті” - деп жазады [152].

Ануар ас-Садаттың араб ұлтшылдығы тұрғысындағы ұстанымының Насырдыкінен айырмашылығы – ол басты мәселені Египет ұлтшылдығына ауыстырды. Мұның өзі ең алдымен “Египет мәселелерін” шешуге ұмтылған саяси элита мүдделерімен де байланысты болды. Бұл мақсатқа жетпестен бұрын барлық мәселелер екінші кезектегі мәселелер болып табылды. Сондықтан да Кэмп-Дэвидте қарастырылған екінші кезектегі Палестина мәселесіне келсек, Ануар ас-Садат Египет аумағы Израиль басқыншылығынан азат етілмейінше, Палестина халқының заңды құқықтарын орнатуға Египет күш жұмсай алмайды деген шешімге келді деп тұжырымдаймыз. Біздің пікірімізше мұндай шешімді сол кездегі жағдайға байланысты заңдылық деп тануға болады.

Кэмп-Дэвидте бітімгершілікке тартылған екі тараптың бірқатар мәселелер бойынша өзара келіспеушіліктері келіссөз барысында кедергілер тудырып, жағдайды қиындатты. 12 қыркүйек күні Картер Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруге арналған өзінің жобасын ұсынды. БҰҰ-ның № 242 қарарын басшылыққа алған бұл жоба кейіннен осы араб-израиль келісімінің қорытынды құжаттарына негіз болды. Американ жетекшісі келісімнің күшіне енуін екі-үш жылға кейінге қалдыруға ұсынды. Мұның себебін екі жақты жауласушы мемлекет келісімді іске асырмастан бұрын алдын-ала кең көлемді жұмыстар жүргізуі қажет, осыған орай екі елдегі қоғамдық пікірді дайындау керек екендігімен түсіндірілді.

Мұндай жоба жылдар бойғы араб елдерінің бейбіт келіссөзді бастау үшін Израиль әскерлерінің жаулап алған жерлерден дереу шығарылуын талап еткен мүдделеріне қайшы келді. Сонымен қатар бұл жоба дәл сол кездерде өздерінің шекараларын кенеттен басып кіруден қауіпсіздендіру қажеттілігін мәлімдеуші Израиль басшылары үшін де тиімсіз еді. Бейбіт бітімге келу даярлығының жоқтығы көптеген жылдар бойы Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруде қандай да болсын келіссөздер жүргізуге кедергі болғаны белгілі. Келісім барысында АҚШ президенті Дж. Картердің пікірінше бейбіт келісім төмендегідей мәселелерді қарастыруы тиіс болды:

- Египеттің халықаралық шеңберде танылған шекаралары мен Египет мандатымен басқарылатын Палестина жеріне ЕАР-дың толық егемендігін қайта орнату;

- Синай түбегінен Израиль әскерлерінің шығарылу мерзімін анықтау;

- Әл-Ариш, Рафах, Ра'с ан-Накба және Шармаш-Шейх әуежайларын тек қана азаматтық мақсатта пайдалану;

- Суэц каналы арқылы Израиль кемелерінің және басқа да мемлекеттер кемелерінің кедергісіз өту құқығын қамтамасыз ету;

- Израиль порты Эйлатқа жақын болатын Синай түбегінен Иорданияға баратын халықаралық автомагистраль салу;

- Синай түбегі мен Суэц каналы ауданында екі жақтың қарулы күштерін орналастыру [85, 296 б.].

“Бейбітшілік үшін – жер” принципі енгізілген бұл келісімге Израиль Египеттен де гөрі мұқтаж еді. Синай келісімі бойынша Израиль Египетке Синайдан өз әуежайлары мен қоныстарын әкетуге келісім берді. Ал Палестина мәселесінде Израиль ұстанымы өте қатты болды. Келісімге келе алмаған екі жаққа Дж. Картер бұл мәселеде қандай да бір келісім жасамай-ақ Израиль мен Египет ұстанымдары туралы мәлімдемемен шектелуге кеңес берді. Түптеп келгенде өзінің қойған шарттарын бірінен соң бірін құрбан ете отырып Ануар ас-Садат осы келісімге келді. Келісім құжаттарын қабылдауға қарсы болған Египет сыртқы істер министрі Исмаил Кәміл мен бас кеңесші Набил әл-Араби өз қызметтерінен бас тартты.

13 күнге созылған жабық келісім нәтижесінде арабтарды да, израильдіктерді де “қанағаттандырған” Кэмп-Дэвид келісімі жарияланды. Кэмп-Дэвид келісімі Дж. Картер, М. Бегин, Ануар ас-Садат қол қойған “Египет пен Израиль арасында бейбітшілік келісіміне келу шектері” және “Таяу Шығыстағы бейбітшілік шегі” құжаттарын қабылдады. Бірінші құжат бойынша келісімге келуші елдер үш ай мерзім ішінде өзара бейбіт келісім жасауға міндеттенді. Ануар ас-Садат Израиль әскерлерінің Синайдан шығарылуы аяқталмастан бұрын Израильмен дипломатиялық қатынастар орнататына, сонымен қатар екі ел арасындағы капитал мен жұмысшы күшінің еркін қозғалыстарына бөгет жасайтын кедергілерді жоятынына сөз берді [102, 161 б.].

Ал екінші “Таяу Шығыстағы бейбітшілік шегі” құжаты БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің № 242 және № 338 қарарлары негізінде Таяу Шығыстағы шиеленісті шешуде әділ де, жалпы көлемді тұрақты реттестіруге бейбіт келісімдер арқылы қол жеткізу мақсатында қабылданды. Бұл құжат қорытындысында 1967 ж. Израиль басып алған Иордан өзенінің батыс жағалау мен Ғаза секторындағы

Палестина жерлерінің мәселесін шешу қажет, ол үшін Египет, Израиль, Иордания және Палестина халқының өкілдері Палестина мәселесін барлық көзқарас тұрғысынан қарастыратын үш кезеңнен өтуі тиіс деп көрсетілді.

Бірінші кезеңде бес жылдан аспайтын Батыс жағалау мен Ғазаға арналған өтпелі шаралар қарастырылды. Бұл аймақта жергілікті билік органдарына сайлау өткеннен кейін Израиль әскери әкімшілігі жойылып, бірақ Израиль әскер қалдырылуы тиіс болды.

Екінші кезең Египет, Израиль, Иордан өзенінің батыс жағалауы мен Ғаза аймағында таңдаулы өзін-өзі басқаруды орнату шарттарын және осы кезеңде Израиль әскерлерінің бұл жерлерден шығарылуын қарастырды.

Үшінші кезең Батыс жағалау мен Ғаза секторының түпкілікті статусын анықтайтын келіссөздерді және Израиль мен Иордания арасында бейбіт келісімге келуді көздеді. Келіссөздер өтпелі кезеңнің бес жылдық мерзімінің үшінші жылынан кешіктірілмей басталуы тиіс болды. Сонымен қатар Египет, Израиль, Иордан өзенінің батыс жағалауы мен Ғаза аймағының таңдаулы өкілдері кіретін екі комиссия құрылып, біріншісі Батыс жағалау мен Ғаза аймағының статусын анықтаумен, ал екіншісі бірінші комиссия жұмысының нәтижелерін есепке ала отырып Израиль мен Иордания бейбіт келісімдерін талқылайды деп ұйғарылды. Бұл құжатта Египет пен Израильдің үш ай ішінде бейбіт келісімге келу міндеттемесі де ескертілді.

Келісімнің Палестина мәселесін шешуге арналған бөлімінде Египет, Иордания, Израиль елдері ғана аталады, оған құжат авторларының Палестина мемлекетінің құрылуы тек Иордания конфедерациясы құрамында ғана болады деп санауы себеп болды.

Келісімнің қорытынды бөлімінде жоғарыда көрсетілген принциптер мен қарарлар Израильмен бейбіт бітімге келетін Египет және олардың көршілері Иордания мен Ливанда да қолданылуға тиіс деп жазылды [13, 316-319 б.].

Сирия Израильге қатысты ұстанымына байланысты бұл мәселеге арналған келіссөзге қатыстырылмады. Ал барлық араб елдері Палестина халқының жалғыз ресми өкілі деп таныған ПАЕҰ туралы келісімде мүлде айтылмады. Дегенмен, Кэмп-Дэвид келісімінен кейін Ануар ас-Садат: “кейбір араб елдері қазір бұл келісімді бағалай алмаса да, алдағы уақыттарда оны түсінеді” - деп

айтқан болатын. Египет президентінің бұл сөзін кейін өзі осы жолды таңдаған Ясир Арафат ісі дәлелдеді.

1978 ж. қыркүйектегі Кэмп-Дэвидтегі келісім “Бейбітшілік аясы” құжаты деп кездейсоқ айтылмады. Ол араб-израиль бейбітшілік процесінің әмбебап көрінісі болуға тиіс еді. “Бейбітшілік аясы” әскери-саяси, сауда-экономикалық әр түрлі салаларындағы ынтымақтастықты қамтыды, құжат астарлары араб елдерін Египет-Израиль келіссөздеріне қосылуға шақырды, сондықтан бейбітшілікке жетудің реттестірілген кезеңдерін ұсынды. “Бейбітшілік аясы” Таяу Шығыстағы бейбітшілік үдерісін ұйымдастыруда қақтығысушы екі жақтың ұстанымдарын жақындастыру ісіндегі делдалдық әрекетте АҚШ монополиясын көрсетті.

Египеттің жаңа сыртқы саяси стратегиясы, оның басқа араб елдерімен Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру мәселесінде келіспеушілігі онсыз да бірлігі әлсіз араб әлемінде қиындық туғызды. Араб елдерінің барлығы соның ішінде, Египеттің өзі де жоғары дәрежедегі кездесулерде бірнеше рет бекіткен «басып алынған жерлерді қайтару, палестиндіктер құқығын орнату» мәселелерінен Египеттің шегінуі араб елдерін ең мықты әскери күші бар елдің қолдауынан айырды. Сол себепті де араб елдерінің Египет президенті Ануар ас-Садаттың сыртқы саяси қадамдарына қарсы тұруын шартты құбылыс деп есептеуімізге болады.

1978 ж. 20-23 қыркүйектегі Дамаскідегі Сирия, Либия, Алжир, Ирак, ЙХДР және ПАЕҰ басшыларының үшінші кездесуі Ануар ас-Садаттың іс-әрекетін араб бірлігі принциптеріне соққы ретінде бағалап, араб елдерін оның саясатын айыптауға шақырды. Таяу Шығыс мәселесін реттестіру бойынша бұл басталған бейбіт үдеріске көптеген елдер қарсы болды. Неғұрлым қатаң түрдегі қарсылық араб елдерінің ішінде социалистік бағыттағы даму жолына түскен араб елдері тарапынан байқалды. Кэмп-Дэвид келісімін Судан, Оман, Сомали елдері қолдады. Келісім Египеттің өз ішінде де сынға алынып, басшы орындардағы саяси ағым өкілдері тарапынан қарсылыққа ұшырады [9, 363 б.].

1978 ж. 2-5 қарашада Ирак астанасы Бағдадта араб елдері басшыларының төтенше IX Кеңесі өтті. Кеңеске 20 араб мемлекеті және ПАЕҰ өкілдері қатысты, біріккен мәжіліс өте қиын жағдайда өтті. Кейбір делегаттар Ануар ас-Садатпен келісімге келіп, оны Израильмен сепараттық келісім жасамауға көндіруді ұсынды. Осы мақсатпен Ливан премьер-министрі С. Хосс Каирге жіберілді, алайда

Садат бұл делегацияны қабылдамады. Египет-Израиль арасындағы әлеуметтік, экономикалық, саяси бағыттардағы қол жеткізілген түрлі келісімдерге қарамастан араб елдері бірауыздан Кэмп-Дэвид келіссөзін «Алжирдегі, Рабаттағы жалпыарабтық келісім шешімдеріне, Палестина мәселесіне байланысты тұжырымдамаларға қарсы, БҰҰ қарарына қайшы» деп айыптаған Декларация қабылдады. Араб елдері Кэмп-Дэвид келісімінің саяси, экономикалық, заңдық шешімдерін танудан бас тартатындықтарын мәлімдеді. Сонымен қатар Араб Елдері Лигасының іс-шараларын Каирде өткізуді тоқтатуға шешім қабылдады. Декларацияда: «Палестинаны азат ету ұйымының мәселесі – басты араб мәселесі болып табылады» деп ерекше атап көрсетілген. Кеңеске қатысушылар ЕАР-ды Израильмен келісім жасамауға шақыра отырып, Египет пен Израиль арасында бейбіт келісім болған жағдайда жауап ретінде Ануар ас-Садат тәртібіне қарсы нақты саяси, экономикалық шаралар қолдану туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар Бағдад Кеңесі Сирия мен Иорданияға, ПАЕҰ-ға Сауд Арабиясы, Кувейт, Либия, Ирак, БАӘ, Қатар елдері тарапынан қаржылық көмек көрсету мәселесін қарастырды [7, 365-369 бб.].

Кэмп-Дэвидтегі 12 қазандағы Египет қорғаныс министрі Хасан Әли мен Израиль сыртқы істер министрі Моше Даянның кездесуі нәтижесінде Израиль-Египет бейбіт келісіміне қол қою рәсімі 1978 жылдың 19 қарашасына белгіленді. Алайда Египет пен Израиль арасындағы келіспеушілік, сонымен қатар XX ғ. 70-ші жылдардың аяғындағы аймақтағы қалыптасқан халықаралық қатынастар, Ливан, Ауғаныстан, Иран-Ирак оқиғалары, КСРО мен АҚШ арасындағы шиеленістің күшейе түсуі, арабаралық қатынастар бұл келісімді белгіленген мерзімінен кейінге қалдырды.

1979 ж. 21 ақпанда АҚШ президенті Дж. Картер Израиль мен Египеттің сыртқы істер министрлерін Кэмп-Дэвидке шақырды. Бұл кездесу де Египет пен Израильді бейбіт келісімге келтіре алмады. Израиль мен Египет арасындағы негізгі даулы мәселелер: міндеттемелердің басымдылығы, бейбітшілік, дипломатиялық қатынастардың орнауы палестиндіктер мәселесінің шешілуіне айырбас ретінде жүргізілгендіктен АҚШ пен Израиль ұстанымдары сәйкес болды. 1979 ж. 2 наурызда Израиль премьер-министрі Вашингтонға шақырылды. Осы кездесуде Дж. Картер М. Бегиннен Ануар ас-Садатты арабтық мүдделерді сатып кетті деген айыптаулардан бүркелемейтіндей жалпы ұстанымдарды бір қалыпқа

келтіруді сұрады. Сондықтан С. Вэнс тарапынан екіұшті, яғни екімәнді келісім ұсынылды. Мысалы, сайлаудың өткізілуі мерзіміне байланысты оны «мүмкіншілік туған жағдайда өткізу» ұсынылды. АҚШ үшін осы кезеңдегі басты мақсат – Египет президенті Ануар ас-Садаттың Синай түбегін қайтарып алуы мен оны сатқын деген айыптаулардан қорғау және Менахем Бегиннің Египетпен бейбітшілікке келуіне қол жеткізуді іске асыру болды [93, 116 б.].

Египет үкіметі бұл ұсынысты қабылдағанымен, оған қосымша Палестина автономиясының құрылуын Ғаза аймағынан бастауды ұсынды. Бұдан кейін келіссөздер тағы тұйыққа тірелді, тек Израиль сыртқы істер министрі Даянның ұсынысынан кейін ғана Израиль мен Египет келісімге келді. Келісімде Израильдің Синайдан мұнай алу құқығы жазылды. Ең бастысы американдық дипломатия Египетті Ғаза аймағына байланысты талаптарынан бас тартуға көндірді.

1979 ж. 26 наурызда Вашингтонда М. Бегин, Ануар ас-Садат, Дж. Картер Египет пен Израиль бейбіт бітім келісіміне қол қойды. Бейбіт бітімге келу аймақта жалпы көлемдік бейбітшілікке жетуде және араб-израиль шиеленісін барлық аспектіде реттестіруге қол жеткізуде маңызды қадам болатынына сенімді болған олар келісімнің бірінші бабында аталған елдер арасында соғысты тоқтатуды атап өтті. Сонымен қатар бұл бап Израиль қарулы күштерін және Израильдің азаматтық саладағы қызметкерлерін Синай түбегінен шығаруды да қамтыды. Қоныс аударту үш жыл ішінде жүргізіліп, 1982 ж. сәуір айына дейін аяқталу тиіс болды. Осылайша бекіту грамоталарымен алмасқаннан соң израильдіктер алдыңғы тоғыз айда әл-Ариш пен Ра'с Мұхаммедке дейінгі жерге әскерлерін шығаруға міндеттенді. Бұл кезең аяқталған бетте 3-баптағы қарым-қатынастарды реттестіруді қарастыратын, яғни, дипломатиялық, мәдени-экономикалық қатынастарды толық тану, экономикалық бойкоттарды, адамдар мен тауарлардың ерікті орналасуларына шектеу болатын тосқауылдарды жою шаралары іске асырылуы керек болды [13, 346-347 бб.].

Келісімде Синай түбегіне Египет егемендігінің қайта орнауы қалпына келтірілді. Алайда іс жүзінде бұл шектеулі егемендік болды. Египет жағынан Израильмен шекаралас жерде және Ақаба бұғазы жағасында жиырма шақырымнан қырық шақырымға дейін қарусыз аймақ құрылды. Түбектің басқа бөлігінде Египет қарулы күштерінің тек шектеулі санын ғана ұстай алды. Шын мәнісінде Синай толығымен қарусыз аймаққа айналды, өйткені түбектің негізгі

бөлігінде шектеулі ғана Египет әскерлерінің контингенті және БҰҰ-ның халықаралық күштері орналасты.

Ал Израильге қатысты жалғыз шектеу 4 батальоннан артық орналастыруға рұқсат берілмеген үш шақырымдық шекаралық аймақтың құрылуы болды. Сонымен қатар Израиль кемелері Суэц каналынан өтуге құқық алды, АҚШ Негев шөлінде әскери-әуе базасын салуға, ал Египет Израильді мұнаймен қамтамасыз етуге міндеттенді. Келісімдегі 6-бапта Египет міндеттемелерінің барлығына Израильдің басымдылығы атап көрсетілді. Екі жақ бұл келісімге қайшы келер ешқандай келісімдер жасамауға міндеттенді [13, 345 б.].

Египеттіктер келісім барысында израильдіктер мен американдықтарға жеңілдіктер жасай отырып, өздерінің Синайдағы қарусыздануды шектеу туралы талаптарын алып тастады. Сонымен қатар 1967 ж. Израиль басқыншылығына дейінгі Египет әкімшілігінің бақылауында болған Ғаза аймағы Израиль қарауына берілді. Египет пен бұрынғы мандаттық Палестина жерлері арасындағы халықаралық түрде танылған шекара Египет пен Израиль арасындағы шекара болып құрылды. Израиль жерінде бақылаушылар ғана қатыстырылса, Египет жерінде БҰҰ әскері немесе көпұлтты күштер орналастырылды. Ануар ас-Садат сонымен қатар елшілер алмасуда да шегініске барды, бұған Египет президенті Батыс жағалау мен Ғаза секторында автономия енгізілгеннен кейін келісім беретінін білдірді.

Келісімнің 7-бабында: “Егер қайшылықтарды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаса, онда олар келісім негізінде немесе арбитражды сотқа беру арқылы шешіледі” деп анық айтылды. Ал келісімнің 3-бабында “егер бейбітшілік келісімі шарттары бұзылып Израиль қауіпсіздігіне қауіп тудыратындай болса, атап айтқанда, Израиль кемелеріне халықаралық су жолдарының жабылуы немесе Израильге қарулы шабуыл жасалуы т.б. жағдайларда, осындай бұзушылықтарды тоқтату мақсатында АҚШ төтенше негіздегі шараларды, яғни аймақта американдықтардың қатыстырылуын кеңейту, Израильді қажетті тасымалдармен қамтамасыз ету және кеме қатынас жолдарының құқықтарын іске асыру сияқты шараларды қарастырады делінді [13, 348 б.].

Осы келісім арқылы Израиль өзінің көздеген мақсаттарының біріне жетті. Келісім күшіне енгеннен кейін 1979 ж. мамыр айында кейінге қалдырылған Палестина автономиясы статусы, Батыс жағалау мен Ғаза аймағында өзін-өзі басқару органдарының сайлауы, оның



міндеттемелері мен құқықтары мәселелеріне арналған келіссөздер басталды. Келіссөзге Иордания және Иордания құрамындағы Батыс жағалау мен Ғаза аймағындағы палестиндіктер өкілдері шақырылды. Ал палестиндіктер келіссөзге қатысудан бас тартқан соң, египеттіктер мен израильдіктер келіссөзді екі жақты негізде жүргізуге келісті.

Израиль тарапынан Палестина мәселесін шешу өз көзқарастары тұрғысынан сұрыпталды. Онда Батыс жағалау мен Ғаза аймағында Израиль әскери басқаруын енгізу және азаматтық әкімшілік құру, автономия беру қарастырылды. Қоғамдық тәртіптің орындалуы мен қорғалуы толығымен Израиль билеушілерінің құқығында болуы тиіс, осыған байланысты басты қауіпсіздік орындарында Израиль әскерлері орналастырылып, еврейлердің қоныс жерлерді таңдауы мен жер иелену құқығы сақталуы шарт, сонымен қатар шешім тек бірауыздан мақұлданған жағдайда ғана қабылдайтын Израиль, Иордания және басып алынған жерлердегі өкілдерінен тұратын бақылаушылар тобы құрылуы тиіс болды. Израиль басшылығы Батыс жағалау мен Ғаза аймағында тәуелсіз мемлекет құруға алып келетін палестиндіктерге толық автономия беруге арналған Египет жоспарынан бас тартты. М. Бегин сөздері бойынша «автономия бүкіл территорияда емес, тек қана Батыс жағалау мен Ғазада тұратын арабтарға ғана қтысты болады. Автономия егемендікті білдірмейді. Өзін-өзі анықтау – бұл оның бөлігінің емес, халықтың құқығы». Израиль сонымен қатар Египеттің Шығыс Иерусалимдегі араб тұрғындарының болашақтағы әкімшілік органдар сайлауына қатысу ұсынысын да қабылдаудан бас тартты [13. 349-352 бб.].

Египет ұстанымына келер болсақ, толық өзін-өзі басқару тәуелсіздікке апарар өтпелі кезең ретінде өтуі тиіс. Бұл уақытта палестиндіктер өзін-өзі анықтауға байланысты өздерінің көзқарастарын білдіре алады. Египет түсінігінде - өз жерінде өзін-өзі басқару мен егемендік бөліп айырғысыз бір ұғым; жаулап алынған жерлерде жаңа израильдік кенттерді салу тәжірибесін доғару керек, ал бұл жерлерде Израиль әкімшілігі енгізген барлық өзгерістер жарамсыз деп саналады. Сайлаулар халықаралық бақылау арқылы өткізіліп, Шығыс Иерусалим тұрғындары қатыстырылуы керек.

Сайланған билік Израиль мен Палестина халқының тағдырын анықтау жөнінде Батыс жағалау мен Ғаза аймағында Израиль билігінің араласуын тоқтатуға байланысты мәселелерді қарастыратын болашақ келіссөздерді жүргізуге тиіс болды. Ануар ас-Садат палестиндіктердің Кэмп-Дэвидтік автономияны жоққа шығаруына

қарамастан автономия – палестиндіктердің өзін-өзі анықтауы жолындағы өтпелі кезең деген тезисті ұсынды. Египеттіктер сонымен қатар Египет-Израиль келісіміндегі Синайдан Израиль әскерлерінің шығарылуына арналған бөлімнің орындалуына мүдделі болғандықтан Израильмен қарым-қатынасты шиеленістірмеуге тырысты.

Біздің пікірімізше, осы бейбіт бітім нәтижесінде Египет Израильмен арадағы жылдардағы жалғасып келе жатқан соғысты тоқтатып, әскери шығындарды елдің әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне жұмсайтын, американдықтардан қаржылық көмек алатын өзіне пайдалы келісімге қол қойды. Бірақ Палестина мәселесін шешуде ешқандай алға жылжушылық болмағандықтан Египет араб әлемінде оқшаулануға ұшырады.

1979 ж. шілде айындағы Александрия кездесуінде Египет және Израиль басып алынған жерлерде өткізілетін сайлауға байланысты барлық мәселелерді қарайтын комиссия құруға келісті. Ал қазан айындағы сайлау барысына құрметті израильдік азаматтық тұлғалар мен жергілікті палестиналықтар бақылау жасауы туралы келісімге қол жеткізілді. Барлық келіссөздерге қатысқан американдықтар АҚШ-тың ішкі жағдайын ескепке ала отырып, оның ішінде президент сайлауын ескере отырып негізгі мәселелерді кейінгі мерзімге қалдырып, назарды екінші дәрежелі техникалық мәселелерге аударуға тырысты [85, 384 б.].

Кэмп-Дэвид келісіміне қайтарым ретінде 1979 ж. 9 сәуірде президент АҚШ президенті Дж. Картер Конгресс қарауына “1979 ж. қаржы жылындағы халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қосымша көмек көрсету” туралы Заң жобасын ұсынды. Израильге әскери көмек түрінде үш жыл көлемінде үш млрд. доллар, соның ішінде 800 млн. доллар қайтарымсыз көмек түрінде Негев шөлінде екі әскери-әуе базасын салуға берілді. Египетке осы мерзімге арналып 1,8 млрд доллар көмек берілді, оның 300 млн. доллары экономикалық көмек түрінде, ал 1,5 млрд. доллары қару мен әскери жабдықтар сатып алуға бөлінді. АҚШ Египетке экономикалық көмек түрінде жыл сайын орта есеппен бір млрд. доллар беруге міндеттенді [121].

1979 ж. келісім негізінде қаралған мәселелер толық шешімін таппағанымен бұл келісім Египет пен Израиль арасындағы алғашқы бітімгершілік қадам болды. Араб басшыларының ішінен бірінші болып араб-израиль арасындағы сенімсіздік қабырғасын бейбітшілік жолмен бұзуға ұмтылған Египет президентінің бастапқы

мүдделерінің себептері қандай болса да, Кэмп-Дэвид келісімдерінің тарихи маңыздылығы да осы бейбіт бітім. Ануар ас-Садаттың Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру үрдісінде жетістікке жете алмауының себебі ол Таяу Шығыста бейбітшілік орнатудың басты маңызы болып табылатын Палестина мәселесін шеше алмауы болды. Әрине, шиеленіске қатысты мәселелердің бәрін бірдей реттеуге мүмкіндік те болмады. Сонымен қатар, бұл Келісімнің тағы бір қорытындысы Израиль мемлекетіне қарсы біртұтас араб майданы идеясына елеулі нұқсан келуі мен Израильдің саяси жеңісі болды.

АҚШ президенті Дж. Картердің “нағыз бейбітшілік тіпті мұндай маңызды келісімнен кейін де орнай қоймайды, алайда Египет пен Израиль арасындағы келісім біз барлығымыз ұмтылып отырған неғұрлым кең ауқымдағы бейбітшілікке апарар негізгі қадам” деген пікірі шындықтан алыс емес. Ануар ас-Садаттың Иерусалимге сапары бастау болған Кэмп-Дэвид үдерістерінің қорытындылары мен маңызына тоқтала отырып Г. Киссинджердің “терең де тарихи үдеріс басталды” деген пікірімен келісуге болады. Кэмп-Дэвид келіссөздері басталғаннан-ақ Таяу Шығыс аймағының әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуына аса ықпал еткені анық. Оған келісімге дейінгі және келісімнен кейінгі оқиғалар барысы куә.

Египет-Израиль бейбіт келісімі аяқталғаннан кейінгі оған қатысты орын алған көзқарастарды қарастырсақ, бұған араб елдеріне қарағанда Батыс елдері түсінушілікпен қарағанын байқаймыз. Италия Сыртқы істер министрі Форлани: “Кэмп-Дэвид келіссөзі арқылы ашылған жол дұрыс жол, алайда онда уақыт өте келе анықталуға тиіс құрылған торлар мен көлеңкелі жақтары көп” деді. Батыс баспасөзінде: “Кэмп-Дэвид – жаһандық шешімдер қабылдау жолындағы алғашқы және маңызды қадам, бұл келісімнің бел байлау ерекшеліктерін, рухын түсіну керек” деп атап көрсетілді [34, 154 б.].

АҚШ, Израиль, Египет басшылары ойластырған Египет-Израиль келісімі қысқа мерзімдік мақсатқа жеткендікті көрсеткен де шығар. Алайда егер оны ұзақ мерзімге алып қарастырсақ, келісімнің кіріспесінде бұл “аймақта жалпы реттестіру жолын іздестірудегі маңызды қадам” деп аталуының дұрыстығы уақыт өте келе өзін дәлелдеді. Дегенмен де бұл келісім бейбітшілікке барар жолда қаншама қиыншылықтар тудырып, аймақта жаңа қақтығыстар мен күйзелістердің мол дәнін септі. Кэмп-Дэвид ол кезде көптеген адамдар үшін түсініксіз болды. Сондықтан көптеген елдер қоғамын ол үшін артық кінәлаудың қажеті жоқ деп санаймыз. Себебі XX ғ. 80-

ші жылдары әлемдік саясатта халықаралық жағдай шиеленісіп, қауіп-қатер, қорқыныш өте күшті белең алған болатын. АҚШ-тың Үндіқытайдағы, Израильдің Таяу Шығыстағы жауыздығы мен қатігездіктері айқын болғаны соншалық, олардың қандай да болсын саясатын қарапайым адамдар кезекті зұлымдық, қастандық деп қарастырды.

Араб елдеріндегі партиялар мен ұйымдар әлеуметтік-саяси бағыт-бағдарламаларына қарамастан Египет-Израиль бітіміне қарсы шықты. Келісімді ынтымақтастық қозғалыстары да айыптады. ПҚҚ мен ПАЕҰ Израильге қарсы күресін жалғастыра берді. Ал Ясир Арафат бұл келісімді - Ануар ас-Садат бір уыс Синай құмы үшін Иерусалимді және Палестина халқының құқығын сатып кетті”, - деп бағалады.

Араб әлемі Египет пен Израиль арасындағы қол жеткізілген бейбіт келісімге “Садаттың сатқындық әрекеті” деп баға берді. Египет жан-жақты экономикалық, саяси, дипломатиялық қыспаққа алынды. 1,1 млрд. доллар көлеміндегі араб елдері салымдары Египет банктерінен алынды, Египетте 1500 жұмысшысы бар Араб әскери өнеркәсіптік Одағы өз жұмысын тоқтатты. Ирақ Суэц-Александрия мұнай құбырын қолданудан, Сауд Арабиясы американдық Ф-5 зымыранын сатып алудан бас тартты. Египет беделінің төмендеуіне байланысты елде дамыған туризм саласы да құлдырады.

Үш жақты келісімдер нәтижесіне байланысты араб баспасөзі беттерінде барлық араб елдері бұл шешімдерге қарсы шығуға шақырылды. Араб тілшілері Бегин ұстанымдарына сүйенген Кэмп-Дэвидтегі келіссөздер аймақта әділ де тұрақты бейбітшілік орната алмағандығымен жеңіліске ұшырап, ешқандай нәтижеге жеткен жоқ. Кэмп-Дэвид келісімінің нәтижесін араб елдерінің құқығына ашық соққы берген келісім деп бағалауға болады деп жазды. Бейруттық “Ас-Сафир” газеті “Садаттың сатқындық бағыты, оның Израиль алдында жеңілістерге баруы, Египет қорларының толық дерлік АҚШ-қа бағыныштылығы Ануар ас-Садат билігінің оқшаулануына әкеліп соқтырды” - деп жазды [83, 231 б.].

Мұндай пікірлер мен талқылаулар, Кэмп-Дэвид келісіміне баға берулер араб баспасөзінде жиі кездесті. Бірақ баса назар аударатын жайт, көптеген араб елдері Кэмп-Дэвид келісімін сөз жүзінде мойындамағандарымен, оны дұрыс жол деп білді. Оның дәлелі көп ұзамай 1980-ші жылдардың соңына таман ПАЕҰ басшысы Ясир

Арафаттың, Сауд Арабиясының мәлігі Фахдтың Израильді тануға ұмтылысы мен келісімге келуді ұсынуы болды.

Египеттің араб әлемінде оқшаулану мен қысымға ұшырағанына қарамастан арабаралық байланыстары біржола үзілмеді. Египеттің Сирия, Либия, Ирак елдерімен әскери-экономикалық қатынасы жалғаса берді, мысалы Иордан мәлігі Абдалла Хусейн келісімді: “араб бірлігін бұзуға шақырылған Троян аты” дегенімен Ануар ас-Садаттан қол үзіп кетпеді.

Жаулап алынған жерлердегі көпшілік толқулары, Египет-Израиль келісіміне деген наразылықтар Арафаттың және оның ұйымының басты тірегі болды. Ливандағы қақтығыста үлкен шығындарға ұшыраған Ясир Арафат осы жаулап алынған жерлерде өзінің ұйымын күшейту арқылы, табанды саяси-дипломатиялық белсенділікті арттыру арқылы тығырыққа тірелген тұйықтан шықпақ болды. Бұл мақсаттағы оның алғашқы әрекеті аймақта мықты байланыстар орнату болды.

1979 ж. 17 мамырда Ясир Арафат Иорданияның Мафрак әскери базасында мәлік Абдалла Хусейнмен кездесті. Иордания мәлігі Хусейн «Ануар ас-Садат әрекеттері араб істеріне қауіп туғызып отыр» дей келе, Палестина құқықтарын орнатуда ПАЕҰ – Палестина халқының жалғыз заңды өкілі екеніне келісімін білдірді және оған көмек беруге уәде берді. Иордания басшысына сенімсіздік білдірген кейбір ұйымдар Арафаттың Хусейнмен жақындасуын қолдамады. Ясир Арафаттың Мәскеу, Пекин, Дели сапарларынан кейінгі Оңтүстік Еуропаға – Түркия, Греция, Испания, Португалия елдеріне сапарлары Палестина мәселесін реттестіруге үлкен орын алды. Ал 1979 ж. 7 шілде күні Ясир Арафат Венада Австрия республикасының федералды канцлері Б. Крайскиймен, Социалистік Интернационал төрағасы В. Брандтпен кездесті. Кездесу қорытындысында Палестина мәселесі – Таяу Шығыс шиеленісінің басты мәселесі, оны шешпейінше аймақта толық реттестіруге қол жеткізу мүмкін емес деп мәлімделді. Кэмп-Дэвид келісімі палестиндіктер мәселесін шешуде түпкілікті бейбітшілік негізі бола алмайды деп танылды [122].

1979 жылы 105 мемлекет ПАЕҰ-ны палестиналық араб халқының заңды өкілі деп таныды. Мұның өзі израильдіктердің дипломатиялық қатынас орнатқан елдер санынан артық еді. Алайда Ясир Арафаттың Палестина мәселесін толық реттестіруге деген талпынысы, арабаралық ішкі қақтығыстарды тоқтатып, оларды ортақ

жаулары Израильге қарсы жұмылдыруға ұмтылысы үлкен нәтижелерге қол жеткізбеді.

1979 жылы 27-31 наурызда өткен Бағдад төтенше Кеңесі Египет мемлекетінің дамуына аса кері ықпал еткен араб елдерінің кеңестерінің бірі болды. Араб елдері басшыларының бұл кездесуінде Египетке қатысты бірқатар саяси және экономикалық шаралар қолдану қарастырылып, шешімдер қабылданды. Кеңес АЕЛ-ға мүше араб елдеріне Египетпен дипломатиялық қарым-қатынасты үзуді ұсынды. Сирия, Либия, Алжир, ЙХДР, Ирак Египетпен дипломатиялық қатынастарын 1977 ж. желтоқсан айында-ақ үзген болатын. Кеңес шешімін Судан, Оман, Сомали елдерінен басқа барлық араб елдері қолдады. АЕЛ-дың штаб-пәтері Каирден Туниске ауыстырылды. Бағдад Кеңесі сонымен қатар Египетті араб елдері ұйымдарынан уақытша шығаруды, ұйым штаб-пәтерлерін Каирден басқа қалаларға ауыстыруды ұсынды. Осы шешім негізінде Египет МЭШАЕҰ-дан, Африкалық экономикалық даму және Араб банкісінен шығарылды, Уақытша экономикалық және әлеуметтік дамудың Араб қорынан, Араб еңбек ұйымынан, Араб валюта қорынан, т.б. ұйымдардан шығарылды. Сонымен қатар Арабаралық азаматтық әуе кеңесі Египеттің «Egypt Air» әуе компаниясы үшін әуе кеңістігін жапты, ал мамыр айының соңында араб елдерінің әуе компанияларының ұшақтарына Египетке ұшуға тыйым салды [139, 325 б.].

Саяси санкция ретінде Бағдад Кеңесі Египетті Ислам конгресі мүшелігінен және Африка Бірлігі Ұйымынан шығаруды ұсынды. 1979 ж. 10 мамырда Марокко қаласы Фесте мұсылман мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің кездесуі өтті. Кездесуге қатысушылар Египет-Израиль келісімін жалпыарабтық мүддеге қайшы келетін сатқындық деп айыптай отырып, Египетті ірі халықаралық мұсылман ұйымы – Ислам Конференциясы Ұйымы мүшелігінен шығару туралы шешім қабылдады, сонымен қатар ислам мемлекеттері ПАЕҰ-ға, Палестина халқына жан-жақты көмек беруге уағдаласты [83, 212 б.].

Экономикалық санкция ретінде араб елдерінің Египетке көмектері шектетілді. 1979 ж. 1 шілдедегі 1975 ж. құрылған Сауд Арабиясы, БАӘ, Қатар, Египет елдері мүше болған әскери өндірістік Араб Ұйымының жабылуы, мамыр айындағы ПШАМЫҚ-тың Египетке экономикалық көмек көрсетуді тоқтатуы Египетке аса үлкен соққы болды.

1979 ж. 29 қарашада Кэмп-Дэвид келісімін қабылдаудан бас тартқан БҰҰ Бас Ассамблеясының қарары жарияланды. Қарарда келісім БҰҰ-ның және ПАЕҰ-ның қатысуынсыз қабылданды және бұл келісімде Израильдің палестиндік жерлерді басып алуы жалғасын тапқан делінді [83, 221 б.].

Араб елдерінің Египетті жан-жақты қыспаққа алуы Египеттің саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуына үлкен қиындық туғызды. Батыс елдерінен және АҚШ-тан қаржылай көмек ала отырып, Египет елдің экономикасына құйылар зор қаржыдан, ең алдымен басты негізгі несиеші Сауд Арабиясының қолдауынан айырылды. Мұның өзі Египеттің Америка Құрама Штаттарына күшті тәуелділікке түсуіне әкеліп соқтырды.

Қорытындылай келе, Египеттің араб әлемінде оқшаулану мен қысымға ұшырағанына қарамастан олардың өзара байланыстары біржола үзілмеді, тіпті Сирия, Либия, Ирак елдерімен әскери-экономикалық қатынас жалғаса бергенін айта кетуіміз керек.

Израильге келер болсақ, Израиль Египетпен бейбіт келісімге келгенімен аймақта бейбітшілік орнатуға асықпады, оған келісімнен кейінгі оның заңсыз әрекеттері куә. Кэмп-Дэвид келісімін израильдіктер қоныстарды көшіру мен Синайды беруге тұрмайтын “суық бейбітшілік” деп атады. Ануар ас-Садат сияқты Менахем Бегинді де ел ішінде айыптаушылар көп болды. Бірақ келісімнің басты шарты – еврей мемлекетін тану болғаны белгілі.

Кэмп-Дэвидтегі келісім шарттар Таяу Шығыс шиеленісін реттестірудегі кейінгі бейбіт үдерістердің негізін қалады деп тұжырымдаймыз. Кэмп-Дэвидтегі екі құжаттың біріншісі - Египет-Израиль бейбіт бітімі жүзеге асты, өзінің дұрыстығын дәлелдеді. Оған Египеттің Израильмен ешбір соғыс жүргізбеуі, соның арқасында ел экономикасының көтеріле алуы, соғыс шығындарын әлеуметтік салаға ауыстыру мүмкіндігінің туғаны, Египеттің Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруде осы келісімнің арқасында аймақтық көшбасшылыққа кешірек болса да қайта шығуы дәлел бола алады. Ал, Таяу Шығыстағы бейбітшілік шектері туралы екінші құжат толық шешімін таппағанымен 1994 жылы Иордания мен Израильдің бейбіт бітімге келуі, 1993 жылы Ясир Арафаттың Израильді тануы мен Израиль үкіметінің ПАЕҰ-ны Палестина халқының заңды өкілі ретінде тануы сияқты үлкен саяси қадамдардың жүзеге асуына ықпал етті.

### **3.3 1970-ші жылдардың аяғы – 1980-ші жылдардың басындағы Таяу Шығыс аймағындағы халықаралық жағдай**

1979 ж. Египет-Израиль келісімінен кейін де Таяу Шығыс аймағы қауіпті қақтығыстар ошағы болып қала берді. Оңтүстік Ливан жерлеріне ие болу мақсатында израильдіктер соғыс қимылдарын жалғастырып жатты. Ең ірі араб елі Египеттің оқшаулануы арқасында Израиль үшін оңтүстіктен қауіп жойылды. Ал Египеттің қатысуынсыз Таяу Шығыста ірі көлемді соғыстың басталуы күмәнді еді. Мұны 1982 ж. Ливандағы оқиға да көрсетті. Сонымен қатар Менахем Бегин де өзінің саяси карьерасының барлық кезеңдегі талаптарына, яғни “барлық Палестина жерін қамтитын Израильдің тарихи құқықтарына” қайта оралды. Кэмп-Дэвид келісімі бойынша автономиялық басқару құрылымының енгізілуіне байланысты басып алынған жерлерде израильдік қоныстарды салу уақытша тоқтатылу тиіс еді. Соған қарамастан 1978 жылдан 1982 жылға дейін 30000 адамды қамтитын Трансиорданияда – 81, Газа аймағында – 9 израильдік қоныстар салынды. Басқыншылық саясат жерді кэмпескелеумен, су ресурстарын пайдалануда бақылау енгізумен жүргізілді. Мұның өзі Израильдің басқыншылық саясатының әлі де тоқтатылмағандығын, яғни палестиналық арабтарға автономия беру арқылы бұл жерлерге Израиль билігін орнату екендігін айқын көрсетті [39, 298 б.].

Ануар ас-Садат израильдіктердің бұл әрекеттерін “Кэмп-Дэвид келісімдерін бұзушылық” деп айыптады. Ол палестиндіктердің Кэмп-Дэвидтік автономияны жоққа шығаруына қарамастан, “автономия – палестиндіктердің өзін-өзі анықтауы жолындағы өтпелі кезең” дегенді ұсынды. Сонымен қатар Вашингтон да 1980 ж. 2 наурызда алғаш рет Менахем Бегин әкімшілігінің әрекеттерін заңсыз деп таныды. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Израиль үкіметі жүргізіп отырған басқыншылық саясатты айыптай отырып, оны заңсыз қоныстарды салуды тоқтатуға шақырды.

1979 ж. Ануар ас-Садат Парсы шығанағындағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Пентагонға Египет жерлерін пайдалануға рұқсат берді. 1980 ж. 28 қаңтардағы Халық жиналысында Ануар ас-Садат: “Егер қандай да бір араб еліне шетел тарапынан қауіп төнсе, онда мен АҚШ-тың араласуын өтінемін және ол үшін көптеген жеңілдіктер жасаймын”, -деп мәлімдеді. ЕАР Қорғаныс министрі К.Х. Али: бұл жеңілдіктер АҚШ-тың Египет әуе



кеңістіктерін пайдалану, теңіз порттарына кемелердің кіруі және әуежайларға американдық ұшақтарының қонуын қарастырады”, - деп түсіндірді. Шілде айынан бастап Египетке американдық F-4 ұшақтары әкелінді және бірлескен әскери-әуе жаттығулары басталды. Американдық әскери әуе күштерінің штаб бастығы генерал Л. Аллен: Ануар ас-Садат тәртібінің көмегімен Пентагон Таяу Шығыстық жоспарын іске асыра бастады”, - деп мәлімдейді. Бірлескен египет-американдық жаттығулары “Брайт стар” атауымен жүргізілді [83, 232 б.].

1980 ж. 10 қаңтарда Ануар ас-Садат Асуанда М. Бегинмен кездесті. Бұл кездесуде неғұрлым көбірек талқыланған мәселе – Ауғаныстан мен Иранға төнген кеңестік қауіп туралы болды. Кездесуден кейін екі ел арасында бірқатар бірлескен іс-шаралар жүзеге асырыла бастады.

1980 ж. 25 қаңтарда әл-Арий Ра’с Мұхаммедтен батысқа қарайғы Синай түбегінің бөлігі Египетке қайтарылды. Қайтарым міндеттеме ретінде Египет Израильге мұнай тасымалдайтын болды. Осы жылдың 25-ақпанында екі ел арасында дипломатиялық қатынастар орнады. Алайда бірін-бірі Кэмп-Дэвид келісімдерінен ауытқушылыққа барды деп айыптай отырып, Египет-Израиль дипломаттары негізінен тек техникалық мәселелерді шеше алды. Дипломаттар атқарушы органдардың кейбір қызметтері бойынша, яғни олардың тұрғындарға салық салу, жеке полиция күштеріне иелік ету қызметтері бойынша және оқу-ағарту мен денсаулық істеріне басқару құқықтарына ие болуға ғана байланысты бір мәмілеге келді.

Ануар ас-Садат уәде еткен бейбітшілік египеттіктердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға қоймады. Абу-Рудайс, Әлма мұнай кәсіпорындарын қайтарып алу сыртқы сауда балансын біршама жақсартқанымен, елде инфляция сақталып, жұмыссыздық күшейді. Ануар ас-Садат тәртібіне қарсы наразылық күн өткен сайын әр түрлі сипатта көрініс тапты. Мысалы, Израильмен дипломатиялық қатынастардың орнауы хабарына қарсылық ретінде египеттіктер әр жерде палестиндіктердің жалауын ілді.

Египет-Израиль келісімінен кейінгі Египеттің ішкі саясаты қандай да болсын оппозицияға қарсы тұрар “темірдей тәртіп орнату” жүйесіне негізделді. Египет президенті АҚШ-қа және Батыс елдеріне барлық еркіндік берілген, оппозиция кедергісіз әрекет ететін Египетті көрсеткісі келді.

Өздерін 1952 ж. шілде төңкерісінің мұрагерлері деп санағандар Ануар ас-Садат тәртібін ашық айыптады, олар: Египет-Израиль

келісімі Египет экономикасына араласып, оның дамуына ықпал ету үшін Израильге есік ашқан келісім. Араб елдерінің Египетке 1974 ж. бері көрсетіп келген көмегімен ешқандай көмек тең келмейді,-деп мәлімдеді. Египеттегі әр түрлі мұсылман ұйымдары да Израильмен бейбіт бітімге наразылықтарын ашық айтып, мешіттерді қарсылық білдіру мінберіне айналдырды.

Ануар ас-Садат ел ішіндегі мұсылман діни топтарымен тіл табысуға ұмтылды. Олардың Ануар ас-Садатқа қойған талаптары алкогольдік ішімдіктерге тыйым салу, жоғары оқу орындарында ұлдар мен қыздардың бөлініп оқуынан басталып, шариғатты енгізу, мұсылман дінінен безгендерге өлім жазасын кесуге дейін болды. Алайда Египет халқының 20% христиандар болғандықтан да мұндай заңды қабылдау мүмкін емес еді. Мұның өзі ислам фундаменталистерін оппозиция қосына итермеледі. Бұл топтар жақсы ұйымдасқан, қару-жарақпен қаруланған, ал олардың шейхтары экстремистік көзқарастағы күштеу мен зорлық-зомбылық әдістерін дәріптеушілер болатын. Ануар ас-Садатқа діни сипат алған толқуларға сақтықпен қарап, оған көңіл аударуы қажет еді. Ресми жария оппозицияларға төне отырып, Ануар ас-Садат бірнеше рет дінді саяси мақсатта пайдаланбауды талап етті. Ислам фундаменталистерінің мәлімдеулеріндегі қауіп-қатерлерін ескерткендерге Ануар ас-Садат: “Египет – теңізде тербетілген тұрақтылық пен беріктіктің аралы”, - деп жауап берді [94, 145 б.].

1980 ж. 28 наурызда Дамаскіде “Египет патриот майданы” құрылғаны жарияланды. Майданның құрылу мақсаты – Ануар ас-Садат тәртібіне қарсы барлық оппозицияны біріктіру болды және бұл жолда ішкі күштер басты орын алды. 1980 ж. 12 сәуірде Триполиде табандылық пен қарсыласу Майданы елдері басшыларының төртінші кеңесі өтті. Саяси декларацияда: «американдық араласу мен халықаралық сионизммен алдағы уақытта да күресті жалғастыра береміз»-деп жазылды. Кеңеске қатысушылар барлық араб елдерін АҚШ-пен қарым-қатынастарын қайта қарастыруға және Таяу Шығыста американдық базалардың орналасуын араб халқына қарсы тікелей басқыншылық деп тануға шақырды. Сирия, ЙХДР, Либия, Алжир, ПАЕҰ басшылары Кеңес Одағымен байланысты нығайту мақсатын алға қойды [63].

Сәуір айының басындағы Ануар ас-Садат пен Дж. Картердің, кейіннен М. Бегин мен Дж. Картер кездесулеріндегі нақты жалғыз қорытынды - автономия мәселесін сәуір айының соңына дейін қайта

жаңарту болды. Египеттіктер Израиль шарттарын қабылдауға қарсы болды, оның ішіне жаулап алған жерлерде, Израильдің “қауіпсіздікті қамтамасыз ету құқықтарын” тану шарттары да кірді. 9 мамыр күні Ануар ас-Садат Египет өкілдеріне келіссөздерді тоқтатуға бұйрық берді. Ануар ас-Садаттың Ұлттық жиналыста келісілген мерзімге қарай Палестина автономиясын жариялауға байланысты ешқандай жетістікке жетпегендігін мойындауына тура келді.

ЕАР-дың 1980 жылдардағы сыртқы саясаттағы негізгі мақсаты Египеттің араб әлемі мен әлемдік қоғамдастық арасындағы жетекші бітімгершілік делдалдық рөлін қайтару болды. Египеттің бұл мақсаты ең алдымен араб-израиль шиеленісін реттестірудегі ұмтылысынан көрінді. Таяу Шығыс аймағында Палестина-Израиль мәселесі аса өзекті мәселеге айналғандығын айтуымыз керек. Таяу Шығыста бейбітшілік орнату – басты стратегиялық мақсаты екенін айта отырып, Ануар ас-Садат Израильмен дұрыс қарым-қатынас орнату Палестина мәселесінің шешілуіне байланысты деді. Ол бір жағынан Палестина автономиясы туралы келіссөздер жүргізіп отырып, екінші жағынан жаңа қоныстар салуды жалғастырып отырған Израильді, оның Батыс жағалау мен Газа секторындағы палестиндіктердің экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени өміріне қысым көрсетуін сынға алды. Египет БҰҰ 242 және 338 резолюцияларын қолдайтын қандай да болсын палестиндік ұйыммен келісөз жүргізуді қолдады.

1980-1981 жж. әлемдік сахнада халықаралық шиеленіс күшейе түсті. Шиеленістің өсуі ауқымды күш алып, ол халықаралық саясаттың барлық өрісін қамтыды. КСРО мен АҚШ арасындағы геостратегиялық бәсекелестіктің қауіпті ошағы – Таяу Шығыс болып қала берді. Халықаралық қатынастарға әсер еткен жанжалдар – ракеталық дау-дамай, Кеңес Одағының Ауғаныстанға әскер енгізуі, Иран-Ирак соғысы қырғи-қабақ соғыс тарихында жаңа кезеңнің басталуын көрсетті. Аймақтағы төңкерістер нәтижесіндегі Ауғаныстан Демократиялық Республикасы мен Иран Ислам Республикасы әлеуметтік-саяси дамуы тұрғысынан біркелкі болмады, бұл елдер Батыстың Парсы бұғазында, Орта және Таяу Шығыс аймақтарында саяси жағдайларды қалауларынша ұстап тұруларына қауіп тудырды. Сонымен қатар аймақта бұл кезде Сирия, Либия, ЙХДР сияқты елдер батыстық оппозицияға қарсы тұрды, ал әлемдік қауымдастықтың Парсы бұғазындағы мұнай қорларынан тәуелділігі әлі де болса жоғары дәрежеде еді.

Аймақтағы жағдайға нақтырақ тоқтала кетсек, 1970 ж. соңында Таяу Шығыста саяси географиялық біртұтас ретінде анықталған, сыртқы әлеммен өзіне тән өзара әрекет ету принциптері бар аймақтық жүйенің қалыптасуы аяқталды. Құрылым анықталып, көшбасшы елдер де анықталды. Неғұрлым ірі және экономикалық жағынан дамушы ел Египет Таяу Шығыстық аймақтық жүйеге жоғары дәрежеде ықпал етті. Сирия әрқашан жалпыарабтық ұлттық қозғалыста маңызды рөл атқарды. Көшбасшы елдерден Таяу Шығыстағы Израиль саясатына қарсылық көрсетуші, үлкен мұнай қорына, үлкен қаржыға ие, сонымен қатар исламның қасиетті жерлерін сақтаушы болғандықтан саяси ықпалға ие Сауд Арабиясын атауға болады. Осы жылдарда араб әлемінде бөлінушілік аса күш алды. Ануар ас-Садат кезіндегі жалпыарабтық мүддеге қайшы келетін, тек Египеттік ұлттық мүдделерді ғана көздейтін сыртқы және ішкі саясаттағы түбірлі өзгерістер Египет беделін төмендетті. Келесі бір бөлінушілікке себеп болған фактор Иран-Ирақ соғысы болды, ол араб елдерін Иран және Ирақ одақтастары етіп бөлді. Нәтижесінде аймақтық жүйедегі халықаралық қатынастарда қайта құрулар болып, оның салдарында шамамен бірнеше әскери саяси экономикалық қатынастар тұрғысынан салыстырмалы көшбасшы мемлекеттер құрылды. Сауд Арабиясы мен Сириядан басқа көшбасшы елдер қатарында Ирақ, Либия, Алжир, Марокко елдері тұрды. Египеттің оқшаулануы және араб әлеміндегі арандатушылық салдарының нәтижесіндегі ыдыраушылық пен бөлінушілік Израильге аймақтық күштерді өз пайдасына өзгертуге мүмкіндік берді [148, 169 б.].

Қалыптасқан жағдайда Батыс Еуропа елдері де өздерінің Таяу Шығыстық саясаттарын белсендіруге, үйлестіруге ұмтылды. Олар көбінесе Батыс елдерімен тіл табысуға тырысқан консервативтік тәртіптегі араб елдерімен байланысты нығайтуға тырысты. 1980 ж. 1-10 наурыз аралығында Франция президенті В. Жискарь Д'Эстен Кувейт, Бахрейн, Қатар, БАӘ, Иордания, Сауд Арабиясы елдеріне барды. Сапар барысында Палестина мәселесі босқындар мәселесі ретінде емес, өзін-өзі анықтау құқығына ие халық мәселесі болып қарастырылуға тиіс деп айтылғанымен, палестиндік мемлекетті қамтамасыз етуде израильдіктердің қандай жеңілдіктерге барулары керек екендіктері туралы нақты ұсыныс айтылмады [138, 229 б.].

1980 ж. 14 маусымда Еуропалық Қауымдастық елдерінің 9 өкілі Таяу Шығысқа байланысты Венеция декларациясын қабылдады. Декларацияда “Палестина-Израиль шиеленісі шешіліп, екі жақтың да

заңдық құқықтарын орнату керек, реттестіру мәселесі уақыт күттірмейтін және міндетті болып табылады” делінді. Венеция декларациясы Еуропа қауымдастығының Таяу Шығысқа байланысты бұрын-соңды болмаған алдыңғы қатарлы көзқарастарын көрсетті .

1980 ж. қарашадағы АҚШ президенті болып Рональд Рейган сайлануынан кейін желтоқсан айында Генри Киссинджер Таяу Шығыстық сапарында алдымен Каирге, сосын Иерусалимге келді. Бұл ресми сапар Рейган әкімшілігінің Таяу Шығысқа қатысты болашақтағы саясатына арналды. Араб баспасөзі бұл саясатты Дж. Картер саясатынан айырмашылығы аз, тек одан неғұрлым қаһарлы деп бағалады. АҚШ-тың үкімет басына сыртқы саясатта күштеу әдісін қолдану керек деген ұстанымдағы Р. Рейганның келуі Таяу Шығыстағы бәсекелестікті одан әрі арттырды. Ол аймақтағы ұлт-азаттық үрдістерді тек “Мәскеу қолының ықпалы” дей отырып, өзінің алдындағы Дж. Картер саясатын кеңестік экспансияны тоқтатуға әлсіз деп айыптады. Рейган әкімшілігі таяушығыстық АҚШ саясатына байланысты: “аймақтағы ең басты жұмыс - Таяу Шығыс аймағын Кеңес Одағы ықпалына түсірмеу”, - деп атап көрсетті. Р.Рейган: “Егер КСРО аймақта өз ықпалын арттырар болса, яғни мұнай қорларына бақылау орнатса, онда бұл дамыған-өнеркәсіптік елдердің экономикасына қауіп төнгендік”, - деді. Ақ Үй Ауғаныстан мен Иранды қорғау, “мұнайға төнген қауіп” сылтауымен Таяу және Орта Шығыста өздерінің әскери-теңіз күштерін шоғырландыруды күшейтті. Осы кездегі күрес Жер шарының бір бөлігі үшін кезекті күрес емес еді [134, 268 б.].

Аймақтағы жіктелістің тереңдей түсуі, саяси және идеологиялық белсенділіктің артуы, араб монархиялық тәртіптерінің шайқалуы американдық және батыстық ұстанымдар мүдделеріне қайшы келді. Аймақта американдық қарулы күштерді тұрақты орналастыру мақсатымен 1981 ж. ақпанда Египетке АҚШ мемлекеттік хатшысының көмекшісі М.Стернер келді. Осылайша Р.Рейган кезіндегі Синайға американ әскери құрылымдарын енгізу басталды. Бұл әскери топтастырулар келесідей тапсырмаларды орындауға міндетті болды: аймақта оперативті әскери операцияларды орындау; Синайдағы бекініс орындарына қолдау көрсетіп отыру; Жерорта теңізі мен Ақаба бұғазынан келер кемелердің Суэц каналы мен Тиран бұғазы арқылы Қызыл теңіз бен Үнді мұхитқа өтуіне бақылау жасау. Ал сәуір айындағы АҚШ мемлекеттік хатшысы А. Хейг сапарының мақсаты – Таяу Шығыс елдерін АҚШ-тың “стратегиялық консенсус”

саясатымен таныстыру болды. Бұл саясаттың мәні араб елдері мен Израильді ортақ жау – Кеңес Одағына қарсы күш біріктіруге шақыру болды. Алайда бұл ұсыныстың іске асырылу мүмкіндігіне Ануар ас-Садат та сенбеді.

XX ғасырдың 80-ші жылдарында Таяу Шығыс аймағындағы мемлекеттердің саяси өмірі Ауғанстан Демократиялық Республикасының құрылуына байланысты өз шешімін таппаған «ауған проблемасы» мәселесімен және радикалды Иран Ислам Республикасының пайда болу факторына қатысты орын алған оқиғалармен тығыз байланысты болды. Сондықтан олар өздерінің ішкі аймақтық саясаттарын жүргізгенде Ауғанстан мен Иранға өздерінің сыртқы және ішкі әлеуметтік мүдделеріне маңыздылығы тұрғысынан ерекше назар аударып отырған.

Жалпы Таяу Шығыс аймағындағы осы кездердегі халықаралық қатынастар едәуір асқынған күйде болып, кейде соқтығыстар мен ірі мемлекетаралық қарулы шиеленістерге дейін алып келді. Мысырдың оқшаулануы мен араб әлемінің кері ықпалдастығы Израильге арабтарға қатысты өз ұстанымдарын қаталдату әдісімен күштердің аймақтық балансын өз пайдасына өзгертуге мүмкіндік берді.

Вашингтонның көзқарасы бойынша, Ауғанстан Демократиялық Республикасы мен Иран Ислам Республикасының батысқа қарсы бағдары Парсы шығанағы аймағындағы жалпы саяси тұрақтылыққа қауіп төндірді. АҚШ президенті Р.Рейганның ұлттық қауіпсіздік бойынша бұрынғы көмекшісі Зб.Бжежинский Орта Шығыста қалыптасқан жағдайды былай сипаттады: «Ирандағы ревалюцияның дамуына Кеңестер Одағы елеулі рөл атқарды. Сондықтан мұндай қауіптілік (яғни кеңестік фактордың әсері) бұл елде де сақталып отыр».

Шығыстағы және Орта Шығыстағы өз стратегиясын қарастыра келе Батыс: 1) Шығанақтың саяси саладағы бастамасының радикалды тәртіпке көшуіне (Иран Ислам Республикасы Және Ирак Республикасы); 2) жергілікті қоғамдарда батысқа қарсы көзқарастың дамуына және әсіресе, бұрынғы Кеңестер Одағының әсеріне түсуге; 3) Шығанақтан әлемдік нарыққа құятын мұнайдың экспорттық ағымдары үстінен өз бақылауын жоғалтуға болмайды деп шешті. Ал, жаңадан қойылған бұл мәселелер Батыстан ең алдымен, АҚШ-тан аймақтың ішкі өміріне бұрынғыға қарағанда, белсенді және ауқымды түрде араласуды талап еткен еді.

Батыстың нақты әрекеттері осы орайда аймақтың жалпы саяси жағдайы тұрғысынан да, жеке мемлекеттермен қатынасы тұрғысынан да байқалып отырды. Президент Р.Рейганның тұсында Таяу Шығыстағы қалып бойынша американдық ұстаным одан да қатаңдай бастады.

Шығыс елдерінің “империализммен күресін қолдау” мақсатында түрлі соғыс жабдықтарын, әскери техника, қару-жарақ сатып отырған КСРО 1980-ші жылдарда бұл аймақта енді әскери базалар салуды көздеді және осы мақсаттағы алғашқы ұсыныс Сириядағы Тартусте жүзетін док пен қару-жарақ қоймаларын салу және Тифор мен басқа да аэродромдарда Кеңес әскери ұшақтарын орналастыру туралы болды. Сирия бұл ұсынысты қабыл алғанымен, Ливандағы соғысқа байланысты ұсынысқа өзгертулер енгізумен болды [136, 83 б.].

Өз тарапынан КСРО «беделін сақтау үшін» өзінің дәстүрлік құралын пайдаланды – жергілікті бекзаттарды сынауды күшейтті, олардың ішкі саясаттарының реакцияшылдығымен және ұлттық мүдделерге қарсы олардың империализммен ауыз жаласқан сатқындық ынтымақтастығын айыптады.

Кеңес Одағы үшін Иран-Ирақ соғысы оңтүстікте қауіп туғызды. Бұл соғыстың созылуы АҚШ пен КСРО арасында қақтығысқа әкелуі мүмкін деген оймен 1980 ж. 24 қазанда КСРО оларға қару-жарақ сатуды тоқтатуға шешім қабылдады. Алайда Иран-Ирақ соғысы жалғасып жатты. Бір Францияның өзі 1977-1980 жж. аралығында Ираққа қару сатудан 4 млрд. доллар пайда тапты. Франция ғана емес, Египет пен Қытай да кеңестік ескі қаруларды сату арқылы үлкен пайда тапты. 1981 ж. 23 наурызда Кеңес Одағы Иран мен Ираққа “қару тасымалдау мен сатудың зияны мен салдарларын ескере отырып”, “Иран мен Ирақтың қару-жарақты тасымалдауды қайта жаңғырту өтінішіне байланысты әскери қару-жарақ болып табылмайтын бұрынғы жеткізілген техникаларға қосалқы арнайы көмекші құралдарды тасымалдауға шешім қабылдады. Бұл шешім КСРО саясатының шын мәнісін бүркемелеу болды [112, 93 б.]. Ауғаныстанға кеңестік әскерлерді енгізуден кейін Кеңестер Одағы бірден өзінің сыртқы саяси ұстанымдарын дүние жүзінде асқындырып алды. Іс жүзінде осы кезеңдерде Кеңестер Одағы аймақтағы халықаралық жағдай дамуының сыртқы бақылаушысы ғана қалпында болды.

АҚШ пен КСРО саясатының әсерінен Таяу Шығыстық аймақтағы халықаралық шиеленіс күшейе түсті.

Таяу Шығыс аймағындағы шиеленістің өршуін аймақтық қақтығыстардан да анық көруге болады. Осы кездердегі араб әлемінде жетекшілікке ұмтылған Ирақ басшысы Саддам Хусейннің басты мақсаттары - Иракты жаңа заманғы технологиямен қамтамасыз ету, АҚШ пен КСРО-дан тәуелсіз болу, Израильге қарсы тұру болды. Ол үшін Франция, Италия, Бразилия, Югославия, Қытай сияқты елдермен әскери байланыс орнатты. Сонымен қатар Саддам Хусейн: “Еврейлер – Таяу Шығыста бөтен адамдар. Олар б. з. д. 587 ж. Парсы патшасы Кирге Вавилон есігін ашып берсе, бүгін американдықтарға Таяу Шығыс қақпасын ашып беруде, біздің мақсатымыз оған жол бермеу”, - деп атап көрсетті. Саддам Хусейн барлық бейбітсүйгіш елдерді Израильдің ядролық арсеналына қарсы тұра алу үшін арабтарға көмек көрсетуге шақырды [116, 92 ].

Ирақ реакторына байланысты мәселені шешу мақсатында 1980 ж. қазан айында Иерусалимде Израиль кеңесі өтті. Израильдіктер арасында дау туғызған бұл мәселе “шілде-тамыз айларында реактор іске қосылады деген барлаушылар пікіріне” сүйене отырып, Үкіметтің “реакторды бомбылау керек” деген шешімімен аяқталды. 7 маусымда бұл шешім іске асырылды.

Египет-Израиль қатынастары Израиль әскерлерінің Ливанға басып кіруіне байланысты қайшылана түсті. Египет Израиль басшылығынан оның әскерлерінің Ливан территориясынан шығарылуын талап етті. Дегенмен Египеттің Израильмен бейбіт келісімдерінің міндеттеріне байланысты бұл кезде оның Ливанға қатысты қолданған шаралары осы ғана болды. Израильмен бейбіт бітімге қол қойғаннан кейін араб елдерінің Египетпен дипломатиялық байланыстарының үзілуі, АЕЛ-дың штаб-пәтерінің Каирден Туниске ауысуы Таяу Шығыс шиеленісінің жүрісіне ықпал ету күшін Сирияға ауыстырды, ал Египет палестиндіктер үшін жаңа жаудың қатарына өтті, кейбір палестиналық қарулы топтар египеттік объектілерге шабуыл да ұйымдастырды. 1970-ші жылдардың ортасында ПАЕҰ және басқа да палестиналық ұйымдар Ливанға шоғырланды. Бұл өз кезегінде ішкі дінаралық және ұлтаралық дүрдараздыққа толы Ливанның ішкі саяси ахуалына кері әсерін тигізді.

1981 ж. сәуір айында Ливан премьері Бишар Жмайель сириялықтарға қарсы үлкен соғыс ұйымдастырды. Алайда Сирия фалангистерден күшті болды, сондықтан Б. Жмайель израильдіктерден көмек сұрады. Ливандағы ішкі жағдай Сирия мен Израиль арасында үлкен қақтығыс қаупін туғызды. 28 сәуірде



Израильдің әскери-әуе күштері Ливандағы Сирияның әскери құрылымына соққы берді. Еврейлермен ынтымақтасуға ұмтылған Баширді американдықтар, саудтықтар “Ливан арабтар елі болып қала береді, сондықтан басқа көрші елдермен ынтымақтастықта болған дұрыс” деп кеңес берді. Б. Жмайель қателігі – әскери күш қолдану арқылы саяси мәселені шешуге ұмтылысы болды. Бишар Жмайельдің бұл ұстанымы 1982 жылы оның қазасына әкеліп ұшыратты.

Ливандағы азаматтық соғыстың өршуі іргелес Сирия мемлекетінің қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді деген желеуге байланысты сириялықтар Ливанға күштеп өз әскери контингенттерін күштеп енгізуге мүмкіндік алды. Бейруттегі христиандар мен мұсылмандар арасындағы қақтығыс ел ішіндегі қарсыластарды сыртқы күштерден көмек сұрауға мәжбүр етті. Ливандағы мұсылмандарды қолдаушылардың қатарында ПАЕҰ, ал христиандарды қолдаушылар қатарына Израиль қосылды. Он екі айға созылған әскери іс-қимылдар нәтижесінде ПАЕҰ Бейруттың батыс бөлігіне, ал христиандар Солтүстік Ливан мен Шығыс Бейрутта үстемдік етті. Сириялықтар екі қарсыласушы тараптар арасындағы теңгерімділікті ұстап тұруға тырысты, олардың христиандарды қолдау әрекетінен еш нәтиже шықпады, христиандар Израильдің көмегіне ара тұтты. Алғашқы кезеңде христиандарға тек қару-жарақ беріп көмектесуге уәде еткен Израильдің Ливандағы христиандарды қолдау саясаты 1981 ж. Израиль қорғаныс министрлігіне Ариэль Шаронның келуімен күрт өзгерді. А. Шаронның көздеген мақсаты Ливанмен шекаралас израильдік қоныстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және палестиндіктерді оңтүстік Ливаннан мүлде ысырып шығарып, Бейруттегі ПАЕҰ-ның штаб-пәтерін біржола құрту болды.

Қалыптасқан жағдайда Израильдің Ливанға басып кіруіне қатысты екі жоспар құрылды. Біріншісі – өз қоныстарының қауіпсіздігі үшін Ливанның оңтүстігіне қарай 30 шақырым аумақты басып алу, екіншісі – кең масштабты түрдегі шабуыл жасау арқылы Ливандағы палестиндіктерді жою. Израильдің екінші жоспарды жүзеге асыруы үшін «ұтымды жағдай» да туды. 1982 ж. 4 маусымда Лондондағы Израиль елшісінің өміріне қастандық әрекет ұйымдастырылып, оған айыпты топ анықталды. Қастандықты ұйымдастырушы Абу Нидалдың ПАЕҰ-ға еш қатысы жоқ «Сабри әл-Банна» ұйымынан екендігіне қарамастан Израиль Ливанға қарсы кең тұрғыдағы шабуылын бастады.

Ливан-Израиль арасындағы ірі қақтығыстың алдын алу мақсатында Египет президенті Ануар ас-Садат ПАЕҰ басшыларына бірнеше ескертулер жасады және Каирдегі ПАЕҰ өкілі Саид Кәмілге кездесу туралы ұсыныс жасады. Ануар ас-Садаттың кездесуінің басты мақсаты ПАЕҰ-ны израильдіктермен келіссөздер жүргізуге көндіріп, шиеленісті реттестіруге талпыныс жасауға итермелеу болды. Келіссөзді израильдіктермен немесе ірі сионистік және еврейлік ұйымдармен мықты байланысы бар Америка академиялық институтының директоры Стивен Коэнның делдалдығы арқылы жүргізу ұсынылды. Өкінішке орай, ПАЕҰ өкілі мен Стивен Коэнның кездесуі Ануар ас-Садаттың қазасынан кейін ғана жүзеге асты.

1982 ж. билік басына келген Египеттің жаңа президенті Хусни Мубарактың Ясир Арафатқа Израильдің Ливанға шабуылының жақын арада басталуы мүмкіндігін ескертуі және оның алдын алу үшін саяси маневр жасауды ұсынған әрекеті де еш нәтиже бермеді. Ясир Арафаттың ПАЕҰ Израиль шабуылына төтеп береді деген пайымдауы үлкен жаңсақтыққа апарды. Ливан соғысының салдарлары нәтижесінде палестиндіктер он екі күн ішінде Ливанды тастап шығуға міндеттелді. Бірақ, палестиндіктерге баратын жер де қалмаған болатын, Египет пен Сирия оларды қабылдаудан бас тартса, Иордания өз жеріне тек иордан азаматтығы барлардың кіруіне рұқсат берді, Ясир Арафат және оның жақын маңайындағылар Туниске қоныс аударды. Ливанды тастап кете алмағандардың қатарындағы Сабра мен Шатиладағы босқындар шатырындағы кәрі-кұртаң мен жасөспірімдер, әйелдер христиан-фалангистері тарапынан жасалған шабуылдың құрбандарына айналды [118, 257 б.].

Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруге байланысты қадамдардың бірі Эр-Риадтағы 7 тамызда пресс-конференцияда Сауд ханзадасы Фахдтың 8 бабтан тұратын саяси ұсынысы болды. Онда Израиль әскерлерін Шығыс Иерусалимнен, 1967 ж. жаулап алған жерлерінен шығару, Трансиордания мен Ғаза аймағында уақытша БҰҰ мандатын енгізу, астанасы Иерусалим болатын тәуелсіз Палестина мемлекетін құру т.б. мәселелер қарастырылды. Ұсыныстың 7-ші бабында: “аймақтағы барлық мемлекеттер бейбітшілік пен ынтымақтастықта тұра алады”, - деп көрсетілді [153, 9 б.]. Мұның өзі Израиль мемлекетін тану мен мойындағандықты көрсетті. Бұл жобаға Сирия қарсы болды. 12 тамызда халықаралық қысым күшімен Ливандағы оқ ату тоқтатылды.

Израиль сионистік топтары араб елдеріне тек сырттан ғана қауіп қана төндіріп қоймай, ішкі арандатушылық әрекеттермен де айналысты. Олар бұл істерді атқаруды көбінесе “Ағайынды мұсылмандар” ағымына жүктеді. Бұл ағым олардың арандатуымен ел ішіндегі ғалымдарды, дәрігерлер мен офицерлерді, діни қайраткерлерді өлтірді. “Ағайынды мұсылмандардың” мұндай әрекеттерге баруы араб елдеріндегі мемлекеттік саяси жүйеге де байланысты еді. Осындай қарама-қайшылықтар бұл аймақта тұрақтылық орнатуға мүмкіндік бермеді. Араб елдерінің ядролық қаруға ұмтылысы болғанымен, дәл осы кездерде олардың ішкі ашу-ызасы Израильмен бейбіт бітімге келген Ануар ас-Садатқа бағытталды. Ануар ас-Садатты АҚШ жандармы деп айыптай отырып, оның анық емес, көмескі ұстанымдарына, әсіресе, Ирак ядролық реакторын Израильдің бомбалауынан кейінгі ұстанымдарына наразылық білдірді.

1981 ж. 25-26 тамыздағы Александриядағы Ануар ас-Садат пен М. Бегин кездесуінен кейін ел ішінде жаңа ауқымды толқулар басталды. Осыған байланысты қыркүйек айының басында Ануар ас-Садат жаппай қуғындау шарасын қолданды, нәтижесінде 1,5 мың адам тұтқындалды, олардың ішінде Мұхаммед Хасанейн Хейкал да болды. Тұтқындау “барлық істі тәртіпке келтірумен” толықтырылды. Президент көшеде, мекемелер мен оқу орындарында тәртіп енгізуді жариялады. Бұл әрекеттер көптеген елдер тарапынан дөрекі, негізсіз бассыздық деп танылды [87, 261 б.].

1981 ж. жазына таман Египетте мұсылман фундаменталистер арасында “астыртын бір ислам ұйымы Ануар ас-Садатты өлім жазасына кесті” деген сыбыс тарай бастады. Ел ішінде шын мәнісінде де президентке қастандық жасау ұйымдастырылуда еді. Олардың шебінде “ат-Такфир уа-л-Хижра” және “әл-Жиһад әл-ислами”, “ас-Салафиин”, “Гунуд Аллах” т.б. ұйымдар болды. Бұлардың ортақ істерінің басшылығына Абу әл-Фарагтың “Жоғалтылған күш” еңбегі алынды. Ел басын діннен ауытқушылыққа, Аллаһтың үкіміне сай басқармаушылығына айыптай отырып, олар Ануар ас-Садатты жазалау, Ислам халық революциясын іске асыру туралы мешіттерде уағыз жүргізді. Египет президентіне қастандық ұйымдастырушыларға шетелдерден, Лондон, ГФР, Пәкістан ислам орталықтары тарапынан қаржылай көмек көрсетілді [140, 68 б.]

Ануар ас-Садатқа қастандық жасаудың әр түрлі жоспарлары қарастырылды. Оны өлтіру шешімі экстремистердің бір тобының

ғана шешімі болған жоқ, ол Египет қоғамының әр түрлі топтарын біріктірген үлкен қозғалыс шешімі болды. Мұның дәлелі мұсылман экстремистер ұйымының құрылымы әр түрлі болуы. Олардың ішінде әскерилер, саудагерлер, инженерлер, мұғалімдер мен мемлекеттік қызметкерлер, дәрігерлер мен студенттер болды. 23 қыркүйекте қозғалыс мүшелерінің бірі аға лейтенант Халид Исламбули осындай қозғалыстардың белсенді ұйымдастырушысы Фарагқа өзінің әскери шеруде Ануар ас-Садатты өлтіру туралы жоспарын айтты. Бұған келісім берген Фараг Халид Исламбулимен бірге президентті өлтіру жоспарын ұйымдастырды [56, 123 б.].

1981 ж. 6 қазан күні Египетте Қазан соғысының жеңісіне байланысты мерекелік шеру басталды. Мемлекет тарапынан әскери шеруге қатысты қаншама қауіпсіздік шаралары қарастырылғанымен Исламбули тобы еш кедергісіз шеру алаңына өтті. Египет президенті 45 секундтың ішінде оққа ұшты. Президент өліміне іс жүргізу барысында қастандық ұйымдастырушылар 1977 ж. Ануар ас-Садаттың Иерусалимге сапарынан кейін құрылған “әл-Жиһад” экстремистік ұйымы екені анықталды. “әл-Жиһад” ұйымының діни-идеологиялық концепциялары негізінде “Ағайынды мұсылмандар” ұйымының діни жетекшілерінің бірі – Сайд Құтбаның біршама өзгертілген доктринасы алынғаны белгілі болды.

Тарихшы М. Рабаджинов өзінің “әл-Жиһадтан әл-Қаидаға дейін” атты мақаласында 1979 ж. шииттік Ирандағы ислам революциясынан кейін исламистер идеологиялық белсенділікті өз қолдарына алды, одан кейін сүнниттік Египет, Алжир, Ауғаныстан, Пәкістан елдерінде күш алды. Ал Египеттегі Ануар ас-Садат өлімі исламистерге қауіпсіздік күштерінің мықтылығына қарамастан ірі акцияларды жетістікпен орындауға болатынына көздерін жеткізді. “Әл-жиһадтың” стратегиясы мен тактикасы өзгерістерге ұшырағанымен, бұл ұйым халықаралық терроризмнің идеологиясы мен стратегиясын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды деп тұжырымдайды [123].

Сотта жауап берген кезінде Х. Исламбули президентті өлтіруге қандай себеп итермеледі деген сұраққа: “Біріншіден, Ануар ас-Садаттың мемлекетті басқаруда қолданған заңдары ислам шариғатына сәйкес емес. Екіншіден, ол өздерінің жаулары Израильмен бейбіт бітімге келді, қаншама мұсылмандардың қорлау мен босқындалуына жол берді. Үшіншіден, мұсылман оқымыстыларын қамауға алып, қуғынға ұшыратты”, - деп жауап берді. Исламбулидің және оның жақтаушыларының мұндай әрекетке

баруын генерал Аш-Шазли: “Ануар ас-Садат бізді өз пікірімізді білдіретін барлық еркіндіктерімізден, мүмкіндіктерімізден айырды, сондықтан бізде күштеу әдісінен басқа жол қалмады” - деп түсіндірді [54, 261 б.].

Араб баспасөз беттерінде: “Ануар ас-Садат өлімі оның саяси мектебінің, бағытының толық күйрегендігін көрсетеді, мұны Батыс, әсіресе АҚШ пен Израиль түсіну керек” деп жазды [65]. Сонымен қатар олар Египет президентіне қастандықтың әскери топ тарапынан жасалғанына да назар аударды. Басылымдағы басым пікірлер төмендегідей сипатта болды: «Ануар ас-Садат қарулы күштерді өзінің тәртібінің басты тіректерінің бірі деп санаған болатын. Оның өлімін іске асырудың өзі жауабы жоқ сұрақтарға толы, дегенмен бұл әрекет Египет арнайы қызметінің көмегінсіз іске асырылуы мүмкін емес деген тұжырымдарды көрсетті. Ал біздің пікірімізше, қастандық жасаушылар Египет президентін өлтіруге қол жеткізгендерімен, Египеттің саяси дамуын түпкілікті өзгертуге қол жеткізе алған жоқ [65].

Египет тарихындағы үш президенттік кезеңді салыстыра отырып зерттеген А. Макдермот: «Жамал Абд Насыр бойындағы сирек кездесетін шешендік қабілет, араб халықтары арасындағы беделі күдік тудырмайды. Ануар ас-Садат бойында мұндай қасиеттер болған жоқ. Бірақ, бұл екеуі де батыл да, ірі қадамдар жасай алатын прагматиктер болды” - деп бағалайды [129].

Осы тарауды тәмамдай отырып, келесідей қорытындылар жасаймыз. Ануар ас-Садат өзінен кейінгі билеушіге оның бағытының дұрыс, бұрыстығына көз жеткізе алмаған Египет қоғамын қалдырды. Ануар ас-Садат Қазан соғысында “жеңіске” жеткен “өткел батыры” атанды, елді не бейбітшілік емес, не соғыс емес жағдайынан шығарды, АҚШ ықпалына түсе отырып, елді Кеңес Одағы тәуелділігінен құтқарды. Ол енгізген “инфитах” уақыт сынағынан өтті, ескі әлеуметтік-экономикалық ауруларды толық емдемегенімен, экономиканы иммобилизмнен босатып, оған айтарлықтай қозғалыс пен икемділік енгізді.

Египеттің Израильмен бейбіт бітімге келгенінен соң оның араб әлемі ішіндегі жетекшілікті жоғалтуы осы аймақтағы күштер балансының өзгеруіне әкеп соқтырды. Аймақтағы елдер арасындағы лидерлік Ирақтағы Саддам Хусейн қолына көшті. Аймақтағы басты одақтасынан қол үзген КСРО енді оның орнын Ирақпен алмастырды. КСРО тарапынан құйылған қаржы мен қару-жарақ Саддам режимін

күшейтіп, КСРО-ның АҚШ-қа қарсы аймақтағы қарсы тұрар қаруына айналды. Саддам араб әлемінде АҚШ-қа қарсы тұрар «қаһарманға», араб-израиль соғысынан зардап шеккендердің көсеміне айналды. Палестиндік босқындар Батыс саясатынан қысым көрген мұсылман ұйымдары т.б. Саддамның антибатыстық саясатына барынша қолдау көрсетті. Аймақтағы халықаралық жағдай түбегейлі өзгерді. Күшейген Саддам Хусейн Иранға қарсы, Израиль Ливанға қарсы соғыс бастады.

Аймақтағы дағдарыс кезеңіндегі 1980-ші жылдардың басындағы халықаралық процестер Израильді өзінің таяушығыстық ұстанымын қайта қарастыруға мәжбүрледі. Атап өткеніміздей “қырғи-қабақ соғыстың” аяқталуы американдық саясаткерлердің көзінде еврей мемлекетінің стратегиялық маңызын жоғалтып, мұның арты АҚШ-тың өзінің серіктесіне деген талапшылдығын арттырды. Палестиндіктермен қарым-қатынаста жұмсақтық танытуға себеп – Ирактың Израильге қарсы ракеталық шабуылы болды. Бұл жағдай Израильді араб мемлекеттерінің алдында қорғансыз етіп көрсетті. Израильдің өз ұстанымдарын қарастыруға тағы бір себеп – Кеңес Одағынан өте ірі көлемде иммигранттардың келуі еді. Олардың көптеп келуі Израильдің аймақтағы ұстанымын бекітіп, экономикалық дамуына қолайлы жағдай жасағанымен де, дені жоғары білімді халықты жұмыспен, тұрғын үймен қамтамасыз ету қажеттілігі тұрғысында үлкен қиындықтар да туғызды. Бұл өз кезегінде жаңа қоныстанушыларды орналастыратын жаңа жерлер мен Израиль экономикасын кеңейтуді талап етті. Қалыптасқан жағдай қайтарымсыз көмектерді қоспағанда, Израильдің американдық несиелерге, сонымен қатар еуропалық елдердің нарығына еркін енуіне деген сұранысын арттыра түсті. Бұл қажеттіліктер Израильдің бейбіт реттестіруге қатысты ұстанымына тікелей тәуелді екендігін жақсы түсінді.

1980-ші жылдардың аяғы мен 1990-шы жылдардың басындағы қалыптасқан жағдай әлемдік геосаяси картаның түбегейлі өзгеруімен түсіндіріледі. Екі держава арасындағы «қырғи-қабақ соғыс» жағдайындағы бақталастық осыған дейін араб-израиль қақтығыстарын қалқан қылса, енді Таяу Шығыс аймағында, жалпы әлемдік саясатта тың шиеленістер қалыптасып, АҚШ гегемондыққа ұмтылып, КСРО позициясы әлсіреді. Сыртқы саясатта КСРО беделінің ойсырай түсуіне оның араб-израиль шиеленісін реттестіруде шеттетіліп қалуына басты себеп АҚШ-тың

басымдылығы емес, КСРО-ның аймақтағы саясатын жүргізуде сенім артқан басты араб одақтасы Египеттің сыртқы саяси ұстанымы болуында. Таяу Шығыстағы екі қарсылықты әлемдік жүйенің бейбіт үдеріске тигізер әсері тоқтады. Бейбіт үдерісті үзуге осы екі жүйенің біріне арқа сүйеген қарсыласушы жақтың бірінің артындағы қолдаушысының қаржылай, техникалық көмегі, қажет болса қақтығысқа тікелей әскери түрде араласуға даярлығы түрткі болып келген.

Египеттің 1980 жылдардағы сыртқы саясатын, сонымен қатар араб-израиль шиеленісін реттестіру мәселесіндегі ұстанымын бағалай отырып төмендегідей ерекшеліктеріне тоқтала кету керек. Бұл ерекшеліктер Ануар ас-Садат саясатының кезінен бастау алған. 1980-ші жылдардан кейінгі Египеттің дамуы оның араб әлеміндегі және әлемдік орындағы рөлінің айрықша екендігін тағы дәлелдей түседі. Египет біріншіден, АҚШ-қа күшті қаржылық-экономикалық, кейіннен саяси тәуелділікте бола отырып, сыртқы саяси аренада өзінің қадамдарын мемлекеттік департамент реакциясына қарайлай отырып жасады. Екіншіден, Египеттің негізгі сыртқы саяси бағыты - араб әлеміне қайта кіру, онымен ынтымақтасу болды. Бұл қадам Египет-Израиль қатынастарына тікелей әсер етті. Египет Тель-Авивпен қарым-қатынас жасауда өте сақ болды, өйткені Египетке берілетін американдық экономикалық және әскери көмектің мөлшері тікелей Египеттің Израильмен қатынасына байланысты еді. Египет пен Израиль қатынасын “салқын бейбітшілік” деп қарастыруға болады. Египеттің мұндай саясаты өз нәтижесін берді де. 1989 ж. Египеттің АЕЛ-ға мүшелігі қайта орнады. Арабтар Каирмен қарым-қатынасты қайта орнатуды Израиль басқыншыларының алдында өздерінің ұстанымының нығаюы ретінде қарастырды. Үшіншіден, Таяу Шығысты реттестіруде Египет басшылығы өзінің араб әлеміндегі Израильмен дипломатиялық қатынас ұстаушы жалғыз мемлекет екендігін пайдалана отырып арабтар мен Израиль арасындағы келіссөздерді қалыптастыруда дәнекер болуға ұмтылды.

Айта кететін бір жәйт, Египет үшін Ануар ас-Садат кезінен-ақ Таяу Шығыстық жанжалды реттестірудің шешімі палестиндіктер мәселесіне байланысты болды. Сондықтан оған бейбіт реттестіруде шектеулі қадамдар жасау тән болды. Осы кезде көшбасшылық орынды Сирия мен Ирақ иеленіп тұрды. Бұл мемлекеттер кейінгі үлгідегі ракеталар мен қондырғылар, танктер мен тікұшақтар саны жағынан Египетті артта қалдырды және олардың химиялық және

бактериологиялық қару қорлары да көбірек болды. Қаржылай күштілігі жағынан тағы бір “орталық күш” – Сауд Арабиясы болды. ПАЕҰ көбірек Иракқа арқа сүйей бастады. Олардың пікірінше Египет өзінің Израильмен бейбіт бітіміне, АҚШ-пен достық қатынастарына байланысты тәуелсіз Палестина мемлекетін құруда еркін әрекет ете алмайды деп санады. Осы себептерге байланысты да Египет мемлекеті аймақтағы сататусын көтеру, экономикалық жағдайын жақсарту, әскерді жаңа қару-жарақпен қамтамасыз ету мақсатында АҚШ-пен байланысын арттыра түсті. Мұндай қалыптасқан жағдай Египет басшылығының Ирактың Кувейтке басып кіру кезіндегі ұстанымына да аз есер еткен жоқ. Ағайынаралық әрекетінен еш нәтиже шықпаған соң Египет үкіметі АҚШ бастаған антиирақтық коалицияға қосылды. Египет басшылығы Парсы бұғазы аймағына американдықтардан кейінгі екінші орында 35 мың адамнан жасақталған әскери контингент жіберді, Сирия 20 мың әскер жіберді. Соғыс кезінде араб елдерінің ішінде құрамында Египет, Сирия және Сауд Арабиясы бар альянс құрылды. Египет мұнда басты рөлді атқарды.

Парсы шығанағындағы дағдарыс Египеттің аймақтағы және әлемдегі беделінің артуына ықпал етті. Ол ЕАР-дың араб әлемі ішіндегі беделді, жетекші ел екенін тағы көрсетті. ЕАР араб мемлекеттерінің қауымдастығына Ануар ас-Садат салып кеткен сыртқы саясатының басты ұстанымдарын өзгертпестен келіп қосылды. Осылайша 1980-ші жылдардағы Египеттің сыртқы саясатының бағыттары Кэмп-Дэвид келісімін сақтай отырып, араб әлемімен байланысты қайта орнату болды.



## ҚОРЫТЫНДЫ

1947-1981 жж. аралығындағы Таяу Шығыс шиеленісі мен Египеттің саясатын жан-жақты талдап, сараптау және зерделеу негізінде төмендегідей тұжырымдар жасалынды:

1. 1947-1981 жж. аралығындағы Таяу Шығыс шиеленісі және Египеттің саясаты өзара тығыз байланысты бірнеше тарихи даму кезеңдерімен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысында орын алған әрбір кезеңдік бөлініс Таяу Шығыс шиеленісінің пайда болуы мен өрбуі тарихына және шиеленісті реттестірудегі Египет саясатының бағыттарына негізделген. Жұмыстың хронологиялық шеңбері аталмыш аралықта Таяу Шығыс шиеленісі тарихында ең ірі төрт араб-израиль соғысының өтуімен түсіндіріледі. Сонымен қатар шиеленістегі Египеттің орны мен рөлін бағамдауды Египет тарихындағы екі президенттік кезең – Жамал Абд Насыр мен Ануар ас-Садат тұсындағы мемлекеттік саясаттың ерекшеліктері тұрғысынан қарастырдық.

2. Үш кұрлықтың мүйісінде орналасқан Таяу Шығысқа иелік етіп, өз ықпалында ұстауға тырысқан ұлы державалар бақталастығы XIX ғасырдан бастау алды. Палестина үшін отарлаушы державалардың бақталастығы «сионистік саясаттың» аяғынан тік тұрып кетуіне, одан кейін еврейлік иммиграцияның өсуіне жол ашқаны айқындалды.

Таяу Шығыс картасында Израиль мемлекетінің пайда болуы араб елдеріндегі сияқты ұлт-азаттық көтерілістің немесе қайта отарлау саясатының жемісі емес, Ұлыбритания, АҚШ және басқа батыс державаларының қолдауына сүйенген Палестинаны сионистік отарлаудың арқасында жүзеге асқаны дәлелденді.

Таяу Шығыс аймағының маңызды стратегиялық орны осы аймаққа ықпал етуге тырысқан державалар саясатында ерекше орын алды. Өз кезегінде Таяу Шығыстағы арабтық отарларынан айрылғысы келмеген Англия, мұнай көзіне ие болуды көздеген АҚШ, коммунистік лагерьге жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттерді тарту және ең бастысы АҚШ-пен арадағы қауіпсіздік шекара сызығын айқындауда оған қарсы тұрар күшті аймақ елдерінің есебінен шешуді көздеген КСРО-ның қитұрқы саясаты аймақта әлі күнге жалғасып отырған Таяу Шығыс шиеленісін туындатып, аймақтағы жағдайды ушықтырды деп тұжырымдаймыз.

3. «Қырғи-қабақ соғыс» рухындағы бәсекелестікте Таяу Шығыс аймағын өз ықпалды аймағына айналдыруға тырысқан екі жүйе аймақтағы араб елдері мен Израильді саяси тәуелділікке түсірді. Кеңес Одағы мен АҚШ-тың өзара бәсекелестік күресі осы аймақта одақтастарды, достарды іріктеп таңдау бағытында жүргізілді. Сол себепті де Таяу Шығыс шиеленісі тарихын зерттеуді 50-ші жылдарда қалыптасқан халықаралық тәртіптердің қалыптасу ерекшелігі тұрғысынан қарастырдық.

«Қырғи-қабақ соғыс» жағдайында Таяу Шығыс аймағын өз ықпалында ұстап, осы байлық көзінен айрылып қалмау үшін тырысқан державалар тартысы араб-израиль қолымен қарулы қақтығыстар жүргізіп, аймақ елдерінің тұрақты саяси-экономикалық дамуына кедергі келтірді. Аймақтағы халықтардың діни сенімдерін, әрбір дін өкілдерінің жер, діни наным-сенімі мен ұстанымдарына әсер ететін факторларды есепке ала отырып, бақталас державалар аймақта бітіспес жанжалдың негізін қалағаны дәйектелді.

4. Таяу Шығыс тарихында орын алған 4 ірі араб-израиль қақтығыстарының ішінде 1967 ж. «алты күндік» соғыс пен 1973 ж. Қазан соғысының алатын орны ерекше.

1967 ж. маусым соғысының салдарларының зардабы әлі күнге дейін жалғасып келеді. Осы «алты күндік» соғысты тоқтатуға бағытталған және Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру үдерісінің басты заңнамалық көрінісі болып отырған БҰҰ ҚК-нің 242-ші қарары қазіргі уақытқа дейін толық жүзеге асырылмай отыр. Атап айтқанда, «алты күндік» араб-израиль соғысы барысында Израиль жаулап алған Сирияның Голан қыраттарының қайтарылмауы, Иерусалим мәртебесінің айқындалмауы, Палестина босқындары мәселелерінің шешілмеуі Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру үдерісіндегі басты кедергілер екендігі анықталды.

1973 ж. Қазан соғысының ерекшелігі араб елдерінің Израильмен қақтығыста жеңіске жетуінде. Оған басты себеп, Египеттің шабуылды бірінші болып бастауында және араб елдерінің мұнайды саяси қару ретінде пайдалануы болды. Қазан соғысының нәтижесінде Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруде мұнай маңызды ықпал етуші факторға айналды. Аталмыш соғыс тарихын зерттеп, талдаудың нәтижесінде Батыс елдерінің таяушығыстық саясаты мен ұстанымдарын өзгертуге мұнайдың «саяси қару» ретіндегі ықпалы зор екендігі дәлелденді.

5. 1970-ші жылдардағы Египеттің ішкі, сыртқы саясатындағы «батыстық бағыт» мемлекеттің жаңа саяси-экономикалық даму стратегиясын қалыптастырды. Египетте жүргізілген “инфитах” - ашық есік саясаты нарықтық экономика талаптарына негізделіп құрылды. Египеттің насырлық социализм бағытынан ауытқуы Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру ұстанымын да өзгертті. Египет сыртқы саясатта КСРО ықпалынан алшақтап, АҚШ-пен ынтымақтастыққа көп көңіл қойды. Оған басты себеп, Египет президенті Ануар ас-Садаттың Таяу Шығыс шиеленісін реттестірудің кілті – АҚШ қолында деген ұйғарымға келуі болды. Ануар ас-Садаттың жүргізген «батыстық бетбұрыс» саясаты Египеттің Израильмен бейбіт бітімге келуіне бағытталғандығы айқындалды.

6. Таяу Шығыс мәселесін күшпен шешу мүмкін еместігін тәжірибе көрсетті. Араб әлемі ішінде алғаш рет Таяу Шығыс шиеленісін бейбіт жолмен шешуге ұмтылған Египет президенті Ануар ас-Садат болды. 1978 ж. Кэмп-Дэвид келіссөздері нәтижесінде Египет пен Израильдің арасында бейбіт бітімге қол қойылды. Кэмп-Дэвид келіссөздері Таяу Шығыс шиеленісін реттестірудегі бейбіт үдерістің негізін қалады деп тұжырымдаймыз. Себебі, бұл үдеріс 1990-шы жылдардағы Таяу Шығыс шиеленісін бейбіт жолмен реттестіруге бағытталған Осло, Мадрид конференцияларында жалғасын тапты. Ал, Египет пен Израильдің бейбіт бітімінің уақыт сынынан өткендігіне және дұрыстығына 1993 ж. ПАЕҰ мен Израиль келісімі және 1994 ж. Иордан-Израиль бейбіт бітімі дәлел бола алды.

Өкінішке орай бұл бейбіт үдерістер ХХІ ғасыр басында қайта тұйыққа тірелді. Оның астарында Таяу Шығыс аймағындағы қақтығыстардың тоқтауына мүдделі емес жекелеген мемлекеттер мен саяси басшылардың, діни-лаңкестік ұйымдардың мүдделері мен әрекеттері жатқаны мәлім.

7. 1970-1980-ші жылдардағы Таяу Шығыс аймағындағы халықаралық жағдайдың қалыптасуына Египеттің таяушығыстық ұстанымы мен сыртқы саясатың ықпалы үлкен болды деп тұжырымдаймыз. Бұлай деуге толық негіз бар. Біріншіден, Египеттің таяушығыстық ұстанымына байланысты АҚШ-пен жақындастығы оны КСРО-мен достық және ынтымақтастық келісімін бұзуға апарды. Ал, бұл өз кезегінде аймақтағы КСРО беделінің түсуіне және оның таяушығыстық реттестіру ісінен ығыстырылуына себеп болды.

Екіншіден, Израильмен бейбіт бітімге келуінің нәтижесінде Египеттің араб әлемінен оқшаулатылуы аймақтағы күштер балансын

өзгертті. Аймақтағы араб жетекшілері Араб әлеміндегі көшбасшылыққа ұмтылысы күресін күшейтті. Араб әлемінің бұл жіктелісін пайдаланған державалар аймақтағы түрлі араб тәртіптерін қолдау арқылы өз мүдделерін жүзеге асыруға тырысты. Бұл 1980-ші жылдардағы Таяу Шығыс аймағында орын алған жаңа шиеленістердің пайда болуының себеп-салдарларын саралау арқылы дәйектелді.

XXI ғасыр бастауында Таяу Шығыс аймағында орын алып отырған қантөгіс пен зорлық-зомбылық әрекеттердің екпіні мен кеңістігі араб-израиль қақтығысы аумағынан асып, жаһандық деңгейге жетіп отыр. Бұл құбылыс қазіргі қоғамның жалпы жүйесінің дағдарысын көрсетеді. Халықаралық қатынастар мен әлемдік дамудың дағдарыстық кезеңін кездейсоқ оқиғалар мен жағдайлардың тоғысынан туындады деп тұжырымдау қисынсыз. Таяу және Орта Шығыстағы «лаңкестіктің» белең алуына сыртқы күштердің ықпалын байқамау мүмкін емес. Таяу Шығыстағы мұсылман мемлекеттерінің өркениеті мен ұлттық болмысының кепілі бола ма деп үміттенген осы аймаққа біткен ен байлықтың көзі – мұнай қоры керісінше алпауыт мемлекеттердің аранын аштырып, өзара алауыздығын өршітті.

Таяу Шығыс аймағында қайта тұтанған азаматтық соғыстар, «ядролық қарудың» қаупі мен «жаһандық лаңкестікке» қарсы күрестің жүргізілуі халықаралық қатынастардағы Таяу Шығыс шиеленісінің тарихын қайта қарап, екшелеуді талап етеді.

Біздің шығарар қорытындымыз – Таяу Шығыс аймағындағы саяси тұрақтылық пен бейбітшіліктің орнығуының кілті халықаралық қатынастардың дамуы мен өркениеттердің ұштастық табуында.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Қазақстан халқына ел Президентінің Жолдауы. – Алматы: Юрист, 2003. – 131 б.
- 2 Речь министра иностранных дел РК Касымжомарта Токаева на 59-ой сессии Генеральной Ассамблеи ООН. 24 сентября 2004 г. // Дипломатический курьер. III-IV квартал 2004. – С. 129-133.
- 3 Қасымжомарт Тоқаев. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы: ГӨ Пбк “Gauhar”, 2002. – 568 б.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 б.
- 5 Proclamation of the Independence by the Higher Arab Committee and the Representatives of Palestine Meeting in Congress. October 1, 1948 // The Arab States and The Arab League: A Documentary Record. Vol. 2: International Affairs. – Beirut, 1962. – 580 p.
- 6 Устав Лиги Арабских Государств. – Москва, 1997. – 45 с.
- 7 محمد حافظ. مخادرات عن جامعة الدولة العربية. القاهرة, 1966. 450 – ص.
- 8 عممت عبد المجيد. زمن الانكسار والانتصار مذكرات دبلوماسي عن احداث مصرية وعربية ودولية نصف قرن من التحولات الكبرى النشر: دار الشروق دار النهار بيروت. 1996م. 400 – ص.
- 9 خايط محمد فتح آله. جامية الدولة العربية و دوره فى المجتمعة. القاهرة, 1997. 565 – ص.
- 10 عبد الناصر. يناير 1962- ديسمبر 1963، مركز الدراسات السياسية و الاستراتيجية بالأهرام
- 11 أنوار السادات. قصة الثورة الكاملة بقلم الرئيس انوار السادات. بيروت, 1968. 376 – ص.
- 12 Sadat Anwar. Speeches and Interviews of President Anwar El-Sadat. – Cairo, 1979. – 186 p.
- 13 الاسكندرية. LES GRANDES CONVENTIONS ARABES - الاتفاقية العربية الكبرى. 1999, 400 - ص.
- 14 Sadat Anwar. Speech to the Knesset. – Cairo, 1979. – 36 p.
- 15 Foreign Relations of the United States, 1942 (Washington D.C.U.S. Government Printing Office) Vol. I. p. 530
- 16 The Search for Peace in the Middle East. Documents and Statements. 1967-1979. Report Subcommittee on Europe and the Middle East of the Committee on foreign affairs. US House of Representatives. GPO. Washington, 1979. – P. 292-300.
- 17 Congressional Record. Proceedings and Debates of the 93d Congress. 1 st Session. Vol. 119. – P. 33818. Wash., 1973. – 34850 p.
- 18 Congressional Record. Proceedings and Debates of the 93d Congress. 1 st Session. Vol. 119. – P.33736. Wash., 1973. – 34850 p.
- 19 Congressional Record. Proceedings and Debates of the 93d Congress. 1 st Session. Vol. 119. – P.33819. Wash., 1973. – 34850 p.
- 20 Архив президентов. Часть четвертая. Джеральд Форд, ближневосточное урегулирование. <http://www.svoboda.org/programs/ep//2004/ep.020404.asp>

- 21 Ближневосточный конфликт: Из документов архива внешней политики РФ. В 2-х т. Т.1: 1947-1956/Отв. ред. В.В.Наумкин, Ред. А.З.Егорин, И.Д.Звягельская, Г.К. Прозорова. – М.: МФД, 2003. – 608 с.
- 22 Ближневосточный конфликт: Из документов архива внешней политики РФ. В 2-х т. Том 2: 1957-1967/Отв.ред. В.В.Наумкин, Ред. А.З.Егорин, И.Д.Звягельская, Г.К. Прозорова. – М.: МФД, 2003. – 704 с.
- 23 СССР и ближневосточное урегулирование 1967-1988. Документы и материалы /МИД СССР/. – М.: Политиздат, 1989. – 512 с.
- 24 Внешняя политика Советского Союза и международные отношения. Сб. Документов. 1979-1980 гг. – М.: Международные отношения, 1981. – 264 с.
- 25 За мир и безопасность народов. Документы внешней политики СССР. М.:Политиздат, 1985. – 348 с.
- 26 ООН. История и истоки палестинской проблемы. – Ч. I (1917-1948). – Нью-Йорк, 1978. – 144 с.
- 27 ООН. История и истоки палестинской проблемы. – Ч. II (1947-1977). – Нью-Йорк, 1979. – 150 с.
- 28 Палестинская проблема: Документы ООН, международных организации и конференции. – М.: Наука, 1988. – 240 с.
- 29 Колобов О.А. Документальная история арабо-израильского конфликта. – Н.Новгород, Издательство ННГУ, 1991. – 178 с.
- 30 The Question of Palestine. – N.Y.,1979. – 215 p.
- 31 Hassan Hussein A. The League of Arab States and Regional disputes & a study of Middle East conflicts. – New York, 1965. – 352 p.
- 32 Macdonald R.W. The League of Arab States. A Study in The Dynamics of Regional Organization. – Princeton, 1965. – 178 p.
- 33 The Middle East. – Washington, D.C.: Congressional Quarterly, Inc., 1990. Р. 301 Резолюция Хартумской конференции (1 сентября 1967 г.). PP.115-116
- 34 عبد الستار الطويلة. من السادات الي عرفات في اصطبل داود! الهيئة المصرية العامة للكتاب 1994م
- 35 أحمد الشقيري. ذكريات عن مؤتمر القمة في الخرطوم. في المجلة شؤون فلسطينية – اصدار مركز الأبحاث بمنظمة التحرير الفلسطينية، بيروت، العدد، 4. 1967م.
- 36 عبد المنعم، محمد فيصل. سر للغاية من سجلات الحرب المانية و البريطانية السرية. اسرار لم تنشر عن فطرة خاصمة من تاريخ مصر السياسى والعسكرى. القاهرة، 1974. 368 – ص.
- 37 دستور جمهورية مصر العربية و القوانين الأساسية للمملكة له. القاهرة 1191. 246 – ص
- 38 محمود رياض. مذكرات محمود رياض 1948 - 1978، مؤسسة العربية للدراسات و النشر، بيروت 1981م .
- 39 عبد العظيم رمضان. مصر من عصر السادات . النشر شركة المطبوعات للتوزيع والنش 1982م .
- 40 ناسر Г.А. Проблемы египетской революции 1952-1970. Сборник речей. – М.,1979. – 254 с.
- 41 أنوار السادات. البحث عن الذات. قصة حياتى. القاهرة، 1978 م. 340 – ص
- 42 Хусейн. Моя профессия – король. – М.: Международные отношения, 1995. – 198 с.
- 43 Dayan M. Moshe Dayan: Story of My Life. – N.Y.,1977. – 320 p.
- 44 Даян Моше, Табет Шабатай. Арабо-израильские войны (1956, 1967). – М.: ЭКСМО, 2003. – 496 с.

- 45 Меир Г. Моя жизнь. /Пер. с иврита Р. Зернова. – Алматы: Соц. инвест. – М.: Горизонт. 1993. – 415 с.
- 46 Nixon R. The Memoirs of Richard Nixon. – New York, 1978. – 416 p.
- 47 Никсон Р.М. На арене: Воспоминания о победах, поражениях и возрождение. – М.: Новости, 1992. – 437 с.
- 48 Kissinger G. Years of Upheaval. – London, 1982. – 390 p.
- 49 Киссинджер Г. Дипломатия. Пер. с англ. В.В. Львова /Послесл. Г.А. Арбатова. – М., Ладомир, 1997. – 848 с.
- 50 Добрынин А. Сугубо доверительно. Посол в Вашингтоне при шести президентах США (1962-1986 гг.) – М.: **Междун. отношения**, 1998. – 620 с.
- 51 Виноградов В.М. Дипломатия: Люди и события (из записок посла). – М.: Рос.полит.энциклопедия, 1998. – 496 с.
- 52 Кирпиченко В. В ожидании войны // Азия и Африка сегодня. 1993. № 1. – С. 29-34.
- 53 General Shazly S. The Crossing of Suez. – New York, 1985. – 380 p.
- 54 فاروق الشاذلي، سعد الدين. حرب أكتوبر، منشورات الوطن العربي للطباعة، بارس، 1980م.
- 55 محمد حسنين هيكل. خريف الغضب مركز الاهرام للترجمة والنشر الطبعة الاولى، القاهرة 1988م
- 56 محمد حسنين هيكل حديث المبادرة النشر شركة المطبوعات للتوزيع والنشر القاهرة، 1978 م
- 57 محمد حسنين هيكل. حرب اكتوبر. بيروت، 1978. ص. 294
- 58 Heykal M. The Road to Ramadan. – New York, 1975. – 368 p.
- 59 Kerr Malcolm. The Arab Cold War 1958-1964. – London, 1965. – 274 p.
- 60 Бзежинский Зб. Глобальное господство или глобальное лидерство / Пер. с англ. – М.: Международные отношения, 2005. – 288 с.
- 61 Корниенко Г.М. – Холодная война: Свидетельство ее участника. – М., 1995. – 276 с.
- 62 Брутенц К.Н. Тридцать лет на Старой площади. Мемуары. – М.: **Междунар. отношения**, 1998. – 568 с.: ил.
- 63 الاهرام. 20. 06. 1974 م.
- 64 الشرق الاوسط. 1966 م. العدد 3. 15 – 21 صص.
- 65 التشرين. 10. 09. 1981 م.
- 66 الدبلوماسية 2002 م. العدد 8. 45 – 48 صص .
- 67 الجمهورية. 19. 12. 1977 م.
- 68 المجاهد. 11. 09. 1981 م.
- 69 The Middle East and North Africa. – November, 1994. No.10. – P. 268-270
- 70 The New York Times. 01.02.1978.
- 71 Rami Ginat. British Concoction or Bilateral Decision? Revisiting the Genesis of Soviet – Egyptian Diplomatic Relations. // International Journal of Middle East Studies. Vol. 31. February 1999. No.1. – P. 39-61.
- 72 David Tal. Israel's Road to the 1956 War. // International Journal of Middle East Studies. Vol. 28. February. 1996. No.1. – P. 59-81.
- 73 Известия. 10-25.10.1973.
- 74 Документы из архивов // Международная жизнь. 1998. – С. 83-97.
- 75 Stein, L.J., The Balfour Declaration. – London, 1961. – 681 p.
- 76 S. Flapan. The birth of Israel myths and realities. – N.Y., 1987. – 350 p.

- 77 John R. Gee. Unequal Conflict: The Palestinians and Israel. – New York: Olive Branch Press, 1999. – 146 p.
- 78 Dawisha I. Egypt in the Arab World: the elements of foreign policy. – London, 1976. – 360 p.
- 79 Alpher J. Israel: the Challenges of Peace // Foreign Policy. – New York, 2003. – 380 p.
- 80 Антонио Рубби. Палестинский марафон. 30 лет борьбы за мир на Ближнем Востоке/ Пер. Г.П. Смирнов. – М., 2001. – 360 с.
- 81 Герхард Концельмен. Ясир Арафат: От террориста к человеку мира. – Ростов-на-Дону: «Феникс» 1997. – 480 с.
- 82 Abdel Magid Farid. Nasser: The Final Years. – U.K.: Ithaca Press, 1994. – 231 p.
- 83 Abdel Safty. From Camp David to the Gulf: Negotiations, Language and Propaganda, and War. – New York: Black Rose Books, 1992. – 281 p.
- 84 Khasan Hilal. Arabs at the Crossroads: Political Identity and Nationalism. University Press of Florida, 2000. – 450 с.
- 85 حسين شريف. الحرب و السلام 1981م الجزء الثالث الهيئة المصرية العامة للكتاب 1997م.
- 86 Беляев И.П., Примаков Е.М. Египет: время президента Насера/ 2-е, исправл. и доп. изд.– М.: Мысль, 1981. – 368 с.
- 87 Князев А.Г. Египет после Насера (1970-1981 гг.). – М.: Наука, 1986. – 278 с.
- 88 Примаков Е.М. Конфиденциально: Ближний Восток на сцене и за кулисами. – М.: ИИК “Российская газета”, 2006. – 384 с.
- 89 Примаков Е. История одного сговора. – М.: Политиздат, 1985. – 320 с.
- 90 Примаков Е.М. Анатомия ближневосточного конфликта. – М.: Мысль, 1978. – 374 с.
- 91 Медведко Л.И. Мины под оливами: американо-израильский разбой на Ближнем Востоке. – М.: Воен.издат., 1984. – 176 с.
- 92 Медведко Л.И. К востоку и западу от Суэца. – М.: Политиздат, 1980. – 368 с.
- 93 Медведко Л.И. Этот ближний бурлящий Восток. – М.: Политиздат, 1985. – 335 с.
- 94 Кудрявцев А.В. Исламский мир и палестинская проблема. – М.: Наука, 1985. – 374 с.
- 95 Киселев В.И. Палестинская проблема в международных отношениях: Региональный аспект. – М.: Наука, 1988. – 241 с.
- 96 Левин З.И. Развитие арабской общественной мысли (1917-1945). М.: Наука, 1979. (Пер. на арабский – Дар аль-Алям аль-Джадид, Каир, 1989); Развитие арабской общественной мысли (О некоторых немарксистских течениях после Второй мировой войны). Наука, М., 1984 (Пер. на арабский - Дар аль-Алям алб Джадид, Каир, 1989)
- 97 Борисов А.Б. Роль ислама во внутренней и внешней политике Египта (XX в.). – М.:Наука, 1991. – 270 с.
- 98 Малашенко А.В. В поисках альтернативы: Арабские концепции путей развития. /АН СССР/. Институт востоковедения. – М.: Наука, 1991. – 206 с.



- 99 Осипов А.И. США и арабские страны 70-е начало 80-х годов. – М.: Наука, 1983. – 230 с.
- 100 Звягельская И.Д. Конфликтная политика США на Ближнем и Среднем Востоке. – М.: Наука, 1990. – 376 с.
- 101 Овинников Р.С. Зигзаги внешней политики США. От Никсона до Рейгана. – М.: Политическая литература, 1986. – 398 с.
- 102 Халилов В.Х. «От плана Роджерса» к Кэмп-Дэвиду: Американско-египетские отношения 1970-1979 гг. – Ташкент, 1983. – 166 с.
- 103 Захаров А.М., Фомин О.И. Кэмп-Дэвид: политика обреченная на провал. – М.: Межд.отношения, 1982. – 272 с.
- 104 Хазанов М.Е. ООН и ближневосточный кризис. – М.: Международные отношения, 1983. – 174 с.
- 105 Васильев А. Россия на Ближнем и Среднем Востоке (от мессианства к прагматизму). – М.: Наука, 1993. – 400 с.
- 106 Егорин З. Египет нашего времени. М.: Институт востоковедения РАН, 1998. – 378 с.
- 107 Пырлин Е.Д. 100 лет противоборства (1897-1997): Генезис, эволюция современное состояние и перспективы решения палестинской проблемы. – М.: Росс. полит. энциклопедия, 2001. – 480 с. Пырлин Е.Д. Трудный и долгий путь к миру: Взгляд из Москвы на проблему ближневосточного урегулирования. – М.: "Российская политическая энциклопедия" (РОССПЭН), 2002. – 512 с.
- 108 Млечин Л.И. Особая папка. Зачем Сталин создал Израиль? – М.: Эксмо, Яуза, 2005. – 480 с.
- 109 Млечин Л.И. Моссад. Тайная война. – 2-е изд., перераб. И доп. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2004. – 511 с.
- 110 Олимпиев А. Ю. Ближний и Средний Восток: актуальные проблемы международных отношений. – М.: Юнити-Дана, 2004. – 240 с.
- 111 Гриневский О.А. Тайны советской дипломатии. – М.: Вагриус, 2000. – с. 334. Гриневский О.А. Сценарий для третьей мировой войны. – М.: ОЛМА-ПРЕСС Образование, 2002. – 383 с.
- 112 Тарик Али. Столкновение цивилизации: крестовые походы, джихад и современность. – М.: Издательство: Астрель, 2006. – 528 с.
- 113 Кожухметов К.К. Движение солидарности и борьба арабских народов за свободу и независимость (сер. 50-х – начало 80-х гг). – Алматы: Оралман, 1999. – 200 с.
- 114 Кожухметов К.К. Страны Ближнего и Среднего Востока в современных международных отношениях // Вестник КазНУ 2005. 12 декабрь. – С. 183-186.
- 115 Кожухметов К.К. Движение афро-азиатской солидарности и алжирская революция.// Тезисы докл. III. Всес. Конф. Африканистов «Африка в современном мире». Вып.2. – М.: Инст-т Африки, 1979. – 184 с.
- 116 Жүніс Қ.Ә. Мұнайды экспортқа шығаратын елдер ұйымы (МЭШЕҰ) және араб елдерінің мұнай саясаты. – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2006. – 198 б.

- 117 Шынгысбаев А.М. Историческая роль АРЕ в решении проблем на Среднем Востоке.// Международная научно-практическая конференция «Казахстан в начале XXI века: проблемы образование, науки и культуры ». 18 мая 2005 г. – Алматы: Печатный Дом «МерСал», 2005. – С. 44-47.
- 118 Ден Кон Шербок, Дауд эль-Алами. Палестино-израильский конфликт. Две точки зрения. – М.: Фаир-Пресс, 2002. – 320 с.
- 119 Сатановский Е. Большая игра – XXI век // Международная жизнь. 2006 №3 с. 13. – С. 68-74.
- 120 Алек Эпштейн и Михаил Урицкий. Шестидневная война и современная политическая динамика на Ближнем Востоке // Восток. 2003. № 2. – С. 72-84.
- 121 Волкова Д.М. Кэмп-Дэвид 60 лет в строю // Подписная научно-популярная серия “Международная” 1985. № 5. – С. 7-12.
- 122 Сурков Н. За кулисами Кэмп-Дэвида. Неизвестные страницы арабо-израильского диалога // Азия и Африка сегодня. 2005. №3. – С. 65-69.
- 123 Рабаджинов М. От аль-Джихада до аль-Каиды // Азия и Африка сегодня. 2003. № 5. – С. 27-35.
- 124 Марака Рами Абдель Хамид Рабаи. Резолюция замедленного действия. Было ли возможным создание двух государств в Палестине в конце 1940-х гг? //Азия и Африка сегодня. 2007. № 10. – С. 75-77.
- 125 Ури Дэвис. Апартеид в Израиле. Критическая трактовка проекта постоянного соглашения, известного как «Женевские соглашения» //Международная жизнь. №6. 2004. – С. 12-18.
- 126 Международная солидарность с борьбой арабских народов: за справедливый мир на Ближнем Востоке 1967 – 1988 гг. /Авт.: Несук Н.Д., Полюк С.П., Ксендзык Н.Н. и др./ АН УССР, Ин. соц-экон. проб.заруб.стран. – Киев, 1989. – 210 с.
- 127 Динамика арабо-израильского конфликта. Dynamics of the arab-israeli conflict. Материалы научн. Конференции / Ред. кол. Колобов О.А./. – Нижний Новгород, 1991. – 240 с.
- 128 Арабский мир: Три десятилетия независимого развития. (А.Г. Вирабов, И.Д. Звягельская, Н.А. Иванов). Институт востоковедения – М.: Наука, 1990. – 372 с.
- 129 Макдермотт А. Египет от Насера до Мубарака. Неудавшаяся революция: реферат / ИНИОН АН СССР. – М., 1990. – 20 с.
- 130 Мировая политика (1945-2000) В 2 кн. Кн. 2/ Питер Кальвокоресси. – М.: Международные отношения, 2003. – 436 с.: ил.
- 131 Советская внешняя политика в годы «холодной войны» (1945-1985). Новое прочтение. – М.: Наука, 1991. – 360 с.
- 132 Советская внешняя политика в ретроспективе. 1917-1991 / Отв. Ред. А.О. Чубарян. – М.: Наука, 1993. – 208 с.
- 133 Лев Баусин. Спецслужбы мира на Ближнем Востоке. – М.: «Информейшн групп» и «Олме-Пресс», 2001. – 415 с.:ил.
- 134 Rubin Barry. The Modern Middle East. – Cambridge University Press, 2002. – 320 p.

- 135 Горелик М. Восемь дней и полвека. Взгляд на Суэцкий кризис из наших дней // Новое время № 4. 2006. – С. 32-35.
- 136 Григорян Г.М. Позиция Сирии в ближневосточном конфликте. – Ереван.: Издательство АН Армянской ССР, 1989. – 192 с.
- 137 Shoukri G. Egypt: Portrait of a president 1971-1981. – N.Y., 1985. – 400 p.
- 138 فينكليستون. السادات النشر: الدار العامة للكتب و النشر (ترجمة عبدالصبور) م 1998 .
- 139 مدحت فؤاد. النيل و الضباب الوجه الاخر من تاريخ السادات النشر: مدبولي الصغير 2001 م .
- 140 Эрвин Рети. Смерть на трибуне. – М.: Изд.: АПН, 1983. – 143 с.
- 141 Агарышев А. А. Ближний Восток: терроризм и его покровители. – М.: Наука, 1986. – 208 с.
- 142 Лосев С.А. Тыссовский Ю.К. Ближневосточный кризис: нефть и политика. – М.: Политиздат, 1980. – 380 с.
- 143 Барышев А.П. СССР в борьбе за справедливое ближневосточное урегулирования. – М.:Знание, 1985. – 264 с.
- 144 Раковский Н.С. Иностранный капитал в экономике Египта. – М.: Наука, 1983. – 224 с.
- 145 Мирский Г.И. Ближний Восток: три десятилетия-четыре войны. МЭИМО, 1978. №7. – С.150-155.
- 146 Левин З.И. Ислам и национализм в странах зарубежного Востока. – М.:Наука, 1988. – 222 с.
- 147 Наумкин В.В. Исламский радикализм в зеркале новых концепции и подходов. – М.: Международные отношения, 2005. – 368 с.
- 148 Восток / Запад. Региональные политсистемы и региональные проблемы международных отношений. – М., 2002. – 360 с.
- 149 Abba Eban. The New Diplomacy, International Affairs in the Modern age, Weidenfeld and Nieolson. – London, 1983. – 360 p.
- 150 Bonds J. and others. Our Roots are Still Alive. The Story of the Palestine People. – San-Francisco, 1977. – P. 250
- 151 Черчилль Р. и У. Шестидневная война. – М.: Мосты культуры, 1989. – 508 с.
- 152 بطرس بطرس غالي. سياسة مصر الخارجية بعد السادات. السيادة الدولية، العدد 29 يوليو 1983م.
- 153 The Arab Peace Initiative. Official translation of the full of a Saudi-inspired peace plan adopted by the Arab Summit in Beirut. – London, 2002. – 56 p.
- 154 John Quigley. Flight into the Maelstrom: Soviet Immigration to Israel and Middle East Peace. – United Kingdom: Garnet Publishing Company, 1997. – 265 p.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                             |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР                                                                                    | 3   |
| КІРІСПЕ                                                                                                     | 4   |
| 1 Таяу Шығыс аймағындағы халықаралық жағдай және Египеттің аймақтағы орны (1947-1970 жж.)                   | 17  |
| 1.1 Таяу Шығыс жанжалының пайда болу тарихы                                                                 | 17  |
| 1.2 Таяу Шығыста “қырғи-қабақ соғыстың” басталуы және Суэц дағдарысы                                        | 30  |
| 1.3 Аймақтағы араб бірлігі мәселесі және Палестина қарсыласу қозғалысына қатысты араб елдерінің ұстанымдары | 40  |
| 1.4 1967 ж. «алты күндік соғыс». Шиеленісті реттестіру жолындағы халықаралық күрес                          | 49  |
| 2 1970-1976 жж. Египеттің ішкі, сыртқы саясатындағы батыстық бағыт                                          | 67  |
| 2.1 1970-1973 жж. Египетте Ануар Садаттың билікке келуі және ішкі, сыртқы саясаттағы өзгерістер             | 67  |
| 2.2 1973 ж. Қазан соғысы және аймақтағы халықаралық жағдайдың өзгеруі                                       | 77  |
| 2.3 1973-1976 жж. Таяу Шығыс мәселесін реттестірудегі Египеттің батысқа бетбұрыс саясаты                    | 92  |
| 3 1977-1981 жж. Таяу Шығыс шиеленісін реттестірудегі Египеттің ролі                                         | 108 |
| 3.1 Египет-Израиль қарым-қатынастарының қалыптасуы                                                          | 108 |
| 3.2 Таяу Шығыс шиеленісін реттестіру саясатындағы Кэмп-Дэвид келісімінің алатын орны                        | 116 |
| 3.3 1970-ші жылдардың аяғы – 1980-ші жылдардың басындағы Таяу Шығыс аймағындағы халықаралық жағдай          | 128 |
| ҚОРЫТЫНДЫ                                                                                                   | 141 |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ                                                                             | 144 |

АКТАУЛОВА БАҚЫТ ЖҰМАЖАНОВНА

**Таяу Шығыс шиеленісі және Египеттің саясаты (1947-1981 жж.)**

Пішімі 60x80/16. Қағазы офсеттік.  
Баспа табағы 12,38. Көлемі 198 бет.  
Таралымы 500 дана

*ЖК «АҚНҰР баспасы», 100017  
ҚР, Қарағанды қаласы, Мұстафин к-сі 1/2*

